В статье говорится об истории создания Казахского ханства. Автор останавливается на письменных документальных материалах, раскрывающих политические процессы, которые происходили в ходе становления Казахского ханства. Эти письменные источники, написанные на различных языках соседних стран, в истории хранятся разбросанно, встречаются фрагментарно, информационно кратко. Создание Казахского ханства фиксируется с начала второй половины XV века. К первым политическим предпосылкам XIV-XV вв. и к первым этническим проявлениям XIII-XV вв. относятся исторические процессы, которые отражаются не только в письменных памятниках, но и в произведениях устного творчества. Поэтому автор все имеющиеся документальные материалы делит на две группы: первая- это письменные документы по общим вопросам, вторая группа охватывает источники устной литературы. Также, автор называет в числе документальных источников, материалы непосредственно связанные с созданием Казахского ханства. К ним входят материалы, раскрывающие государственную внешнюю и внутреннюю политику, которая велась в период становления Казахского ханства.Таким образом, автор в число основных документальных источников, содержащих достоверные сведения о создании Казахского ханства, относит памятник «Тарих-и Рашиди». К числу новейших автор относит документальные материалы, повествующие внутреннюю и

внешнюю политику государств, расположенных на территории Дешти Кыпчак, Моголистана, Мауереннахра, и труд Муйн ад-дин Натанзи «Муктахаб ат-тауарихи-и Муйни». Автор подчеркивает большую роль документальных источников в исследовании истории образования Казахского ханства.

Ключевые слова: Казахское ханство, политический процесс, этнические проявления.

Annotation

The article says about the history of the Kazakh Khanate. The author dwells on written documentary materials, revealing the political processes that occurred in the course of the Kazakh Khanate formation. These written records are written in various languages of neighboring countries and stored occasionally, in fragments in the history. Creation of the Kazakh Khanate is fixed from the beginning of the second half of the fifteenth century. The first political premises of the XIV-XV centuries and the first ethnic manifestations of XIII-XV centuries are historical processes that are reflected not only in the literary scripts, but also in the storytelling. So all the documentary materials are classified into two groups: the first are the written documents on general issues, the second group covers the sources of oral literature. Also, the author refers to the source documents materials that are directly related to the creation of the Kazakh Khanate. They include materials that reveal the state's domestic and foreign policy, which was conducted in the period of the Kazakh khanate. So, the author relates the monument "Tarikh-i-Rashidi" as one of the main documentary sources that contain accurate information about the Kazakh Khanate. Among the new materials, the author refers documentaries, narrating the inner and foreign policies of the states located in the territory of Deshti Kipchak, Mogolistan, Mauerennahra and the work of Mui Ne Natanzi al-Din "al-tauarihi Muktahab-and Mui Ne." The author emphasizes the major role of documentary sources in studying the history of the Kazakh Khanate formation .

Key words: Kazakh Khanate, the political process and ethnic manifestations.

Қандай да болмасын нақты бір тарихи тақырыпты зерттеу барысында әрбір зерттеушінің ерекше назар аударатын мәселелердің біріне – тақырыптың деректік мәселелері жатады. Өйткені деректің қай түрі болмасын, ол кез келген тарихи тақырыптың негізі болып саналатыны белгілі. Кез келген ғылыми тұжырымдардың, пікірлердің мықтылығы оның деректік негіздеріне тікелей байланысты. Ал дерек мәліметтеріне сүйенбей айтылған ойлар мен тұжырымдардың бар болғаны болжам күйінде ғана қалатыны және белгілі.

Бүгінгі күндері еліміздің Отан тарихы ғылымында ең бір өзекті тақырыптардың біріне айналып отырған Қазақ хандығының тарихы, оның ішінде Қазақ хандығының құрылу тарихы мәселесінде оның деректік мәселесі ерекше орын алып отыр. Осыған орай, біз осы жұмысымызда Қазақ хандығының құрылуындағы деректер мәселесін қарастырмыз.

Қазақ хандығының құрылуы – Қазақстан аумағында ежелден бері үздіксіз жалғасып келе жатқан этникалық, саяси, рухани, мәдени, мемлекеттік даму үдерістерінің заңды қорытындысы екендігі айқындалған тұжырым. Ол үдерістердің бәрі антикалық авторлардың еңбектеріндегі мәліметтерден бастап, XV-XVI ғасырлардағы шығыс жазба деректеріне дейінгі мәліметтерде көрініс береді. Олардың бәрін бір жұмыстың ауқымына сыймайды. Сол себепті де біз, бұл жұмысымызда Қазақ хандығы құрылуының саяси үдерістері мәселелерін көрсететін жазба дерек мәліметтеріне тоқталамыз.

XV ғасырдың ортасында тарих мінберіне шығып, XVIII ғасырдың 20-шы жылдарына дейін бір орталықтан басқарылған Қазақ хандығы өзінің үш жарым ғасырлық тарихында өз тарихын баяндайтын жазба ескерткіш қалдырмады. Жазба ескерткіш болған деп есептегеннің өзінде ол бізге дейін жеткен жоқ не болмаса әлі күнге дейін тарих ғылымына белгісіз болып отыр. Бұл дегеніміз жалпы алғанда, XV-XVIII ғғ. Қазақ

хандығының тарихы жөнінде деректер мүлде жоқ дегенді білдірмейді. Деректер мен оның түрлері баршылық. Олардың бәрі әртүрлі тілдерде жазылған көршілес елдердің жазба тарихында шашыраңқы күйде, үзік-үзік мәліметтер күйінде кездеседі. Дәл сол сияқты Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты деректер де шашыраңқы күйде.

Егерде Қазақ хандығының құрылу тарихы мен оның XV-XVIII ғасырлардағы тарихына қатысты деректерді салыстырар болсақ, онда құрылу тарихына қатысты дерек мәліметтері ауқымды келеді. Өйткені хандықтың құрылу тарихына оның XIII-XV ғғ. этникалық, саяси алғышарттары, сондай-ақ XV ғасырдың бірінші жартысындағы Шығыс Дешті Қыпшақ, Моғолстан, Мауреннахр аумақтарындағы мемлекеттік құрылымдарының ішкі-сыртқы саяси жағдайларын көрсететін көптеген жазба деректер мәліметтері жатады.

Жалпы, Қазақ хандығының құрылуы XV ғасырдың орта шенінде жүзеге асқан қазақ тарихындағы аса маңызды оқиға болса, оның саяси алғышарттарына XIV-XV ғасырлардағы, ал этникалық алғышарттарына XIII-XV ғасырлардағы тарихи дамулар мен процестер жатады. Осы аралықтағы тарихи дамулар барысы тек жазба ескерткіштерде ғана емес, сонымен бірге ауыз әдебиетінде де көрініс тауып, бейнеленген. Сол себепті де біз қарастырып отырған мәселемізге қатысты дерек мәліметтерінің барлығын екі үлкен топқа бөлеміз. Бірінші топқа – мәселеге қатысы бар барлық жазба деректердегі мәліметтер енсе, ал екінші топқа ауыз әдебиетіндегі мәліметтер жатады.

Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты жазба дерек мәліметтерін олардың мәселеге қатыстылығына байланысты шартты түрде мәселеге тікелей қатысты және жанама қатысты деп екі топқа бөлуге болады.

Мәселеге тікелей қатысты дерек мәліметтері деп Қазақ хандығының құрылу барысын нақты баяндайтын мәліметтер аталса, жанама дерек мәліметтері деп, хандықтың құрылу барысын баяндамаса да, хандықтың құрылу кезеңінде Дешті Қыпшақ аумағындағы, Моғолстандағы, Мауереннахрдағы мемлекеттердің ішкі-сыртқы саяси жағдайларын баяндайтын мәліметтерді атаймыз. Мәселеге жанама қатысты деректер хандықтың құрылу барысын тереңірек түсінуге мүмкіндіктер береді. Төменде осы деректерге тоқталалық. Алдымен мәселеге тікелей қатысты дерек мәліметтерін қарастырсақ.

А)Қазақ хандығының құрылу барысын тікелей баяндайтын жазба деректер ішінде ең алдыңғы қатарда - Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» атты еңбегіндегі мәліметтер тұр.

Мұхаммед Хайдар Дулатидың ата-бабалары Шағатай Ұлысының шығыс бөлігінде, кейіннен Моғолстан мемлекетінде жоғарғы мемлекеттік қызмет атқарып, мемлекеттің қоғамдық-саяси тарихында ерекше орын алған тұлғалар болған. Ұлысбегі қызметі автордың ата-бабаларына мұрагерлік жолмен беріліп отырған. Мұхаммед Хайдар 1499/1500 жылы Ташкентте дүниеге келеді. Шешесі жағынан ол моғол хандарына туған жиен, Темірлік Захир ад-дин Бабырға туған бөле болып келеді. Оның жастық шағы XVI ғасыр басындағы Мауереннахрдағы болған аумалы-төкпелі жылдарға сәйкес келіп, 1508 жылы әкесінен айырылады. 3-4 жыл Ауғанстандағы Бабырдың қолында болып, 1513-1533 жылдары шағатайлық Сайд ханмен бірге жүреді. Одан кейін Солтүстік Үнді жеріндегі Бабырдың ұлдарына келеді де, 1540-1551 жылдары Кашмир өлкесін өзі бағындырып, 11 жыл билейді. 1551 жылы қастандықтың құрбаны болған.

Мұхаммед Хайдар қолбасшы, мемлекет басшысы ғана емес, сонымен бірге дастан жазған ақын, тарихи шығарма жазған тарихшы да. Оның қаламынан «Жахан-наме» атты поэма, «Тарих-и Рашиди» атты тарихи туынды дүниеге келген. Жалпы алғанда, Мұхаммед Хайдар Дулатидың өмірі мен оның «Тарих-и Рашиди» еңбегі тарих ғылымына XIX ғасырдың 20-шы жылдарынан бері жақсы таныс [1, 14-27 бб.; 2, 131-133 бб.; 3, 598-599 бб.; 4, 91-100 бб.; 5, 78-87 бб.; 6, 22-23 бб.; 7, 829 б.; 8, 185-231 бб.; 9, 190-203 бб.; 10; 11, 176-197 бб.; 12; 13.; 14.]. Қазіргі күнде Мұхаммед Хайдар Дулатидың есімі мен оның «Тарих-и Рашиди» еңбегі Отан тарихында өзіне лайықты баға алды деуге болады.

Енді «Тарих-и Рашиди» және ондағы Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты

мәліметтерге тоқталалық.

«Тарих-и Рашидидің» екі бөлімнен немесе екі кітаптан тұратыны белгілі. 1541/42 жылы мемуарлық сипаттағы екінші кітап, ал тарихи сипаттағы бірінші кітап - 1546 жылы 3 наурызда жазылған [15, 529-530 бб.]. Еңбек Орталық Азия, Қашғар, Ауғанстан, Үнді, Қазақстан тарихы бойынша құнды дерек болып табылады. Біз бұл жерде өзіміздің қарастырып отырған мәселенің деректеріне ғана тоқталып, оларға қысқаша шолу жасаумен шектелеміз.

1) XV ғасырдың 30-50-шы жылдарындағы Моғолстанның ішкі саяси өміріндегі жағдайлар туралы мәліметтер [15, 104-108 бб.]. Бұл мәліметтер Қазақ хандығының құрылу қарсаңындағы Моғолстанның саяси жағдайынан хабардар етіп, оның хандықтың құрылу барысына қаншалықты дәрежеде қолайлы жағдайлар жасағанын көрсетеді;

2) Есенбұға ханның билігі тұсындағы Моғолстанның жағдайы, оның әлсіздігі, әмірлердің оған көрсеткен қарсылықтары туралы мәліметтер.

3) Есенбұға ханның Мауереннахрдағы саяси дағдарысты пайдаланып, ол жаққа жасаған жорықтары туралы, Әбу Сайд мырзаның Есенбұғаны Иангы (Тараз) түбінде жеңіліске ұшыратуы туралы мәліметтер [15, 108-110 бб.].

4) XV ғасырдың орта тұсындағы Шығыс Дешті Қыпшақта билік құрған Әбілқайыр хан және одан бөлініп Моғолстан аумағына қоныс аударған Керей мен Жәнібек хандар туралы, оларды Есенбұғаның қуана қарсы алып, Моғолстанның батыс жағындағы Шу мен Қозыбасы өңірінен жер беруі туралы, олардың «қазақ» атануы, қазақ сұлтандарының билік жүргізуінің басы 870 (1465-66) жылдан басталады деген мәліметтері – Қазақ хандығының құрылу тарихындағы ең басты, ең негізгі жазба дерек мәліметтері болып саналады [15, 305-306 бб.]. Қазіргі кезде Қазақ хандығының құрылуына қатысты ой-пікір айтып, тұжырымдар білдіретін тарихшылар Мұхаммед Хайдар Дулатидың осы мәліметтеріне сүйенеді.

Бұл мәліметтер - әдеби-тарихи сыннан өтіп, түпкілікті мойындалған деректер. Белгілі шығыстанушы-ғалым В.П. Юдиннің «Тарих-и Рашидидегі» жүйелі түрдегі баяндау, хронологиялық дәлдік, ұсақ оқиғалардың дәлдігі «Бабыр-намамен» салыстыруға келмейді, егерде «Тарих-и Рашиди» бізге дейін жетпей, ал «Бабыр-наме» жеткен күннің өзінде Орталық Азияның деректануы көп нәрсе жоғалтқан болар еді»,- деген пікірі – еңбектің маңызын бір көрсетсе, екіншіден онда кейбір дәлсіздіктің бар екенін көрсетеді [8, 190 б.].

Осындай дәлсіздікті біз автордың Қазақ хандығының құрылған жылы туралы мәліметінен көреміз. Біз ол жөнінде өз ойымызды басқа жұмыстарымыздың бірінде дәлелдеп көрсетуге тырыстық [16, 70-74 бб.].

5) Әбу Сайд мырзаның Жүністі Шираз қаласынан шақыртуының себептері мен екі билеуші арасындағы жасасқан келісім-шарттары туралы [10, 111-112 бб.].

6) Жүніс ханның Моғолстанға алғаш келуі, оған Ыстық көл маңындағы моғол тайпаларының бет бұруы туралы.

7) Жүніс ханның Есенбұға ханмен алғашқы ұрысы және жеңіліс табуы туралы.

8) Жүніс ханның жеке өміріндегі оқиғалар туралы [10, 112-113 бб.]. Мысалы, «Тарих-и Рашиди» авторы «Әбу Сайд мырза Жүністі Шираздан алдыртып, Моғолстанға жіберген кезде ханның жасы 41-де, ол 820 (1455/56) жыл болатын», - деп жазады [10, 115 б.]. Бұл мәліметті Жүніс хан мен Әбу Сайд мырзаға қатысты басқа да деректегі мәліметтермен салыстыру арқылы Керей мен Жәнібектің Моғолстанға келу уақытын білуге болады.

9) Есенбұғаның 1461/62 жылы, дулат тайпасының әмірі Сайд Әлінің 1457/58 жылы қайтыс болуы, Есенбұғаның мұрагері Досмұхаммедтің 1461/62-1468/69 жж. билік етуі және сол тұстағы Моғолстанның жағдайы туралы мәліметтер [10, 112-117 бб.].

10) Моғолстан мен Шығыс Дешті Қыпшақ тайпалары арасындағы байланыстар туралы мәліметтер [10, 404].

Егерде осы жоғарыда аталған мәліметтер болмаса, онда біз Қазақ хандығының

қалай, кімдердің басшылығымен, қашан және қай жылы құрылған деген негізгі сұрақтарға жауап таба алмаған болар едік. Міне, осындай сауалдарға жауап беретін Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашидиінің» мәліметтерін біз тағы да Қазақ хандығының құрылуына тікелей қатысты дерек мәліметтері тобына жатқыза отыра, олардың ішіндегі ең негізгі, ең басты деректер деп санаймыз.

Ә) Қазақ хандығының құрылуына тікелей қатысы бар дерек мәліметтерінің келесісіне Мауереннахрдағы Аштраханилық әулеттің билігі тұсында шамамен 1634-1640/41 жылдары жазылған жазылған Махмуд ибн Уәлидің «Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахиар» (Море тайн относительно доблестей благородных) атты еңбегі жатады.

XVI ғасырдың ортасында Астрахань немесе Хажытархан хандығын Орыс мемлекеті жаулап алғаннан кейін, билеуші әулеттің екі өкілі Жармухаммед пен оның ұлы Жан Мауереннахрға келіп, шайбанилық Ескендір ханды паналайды. Ескендір қызын Жанға ұзатып, одан Бақымұхаммед атты ұл дүниеге келеді. XVI ғасырдың соңында II Абдаллах хан мен оның ұлы Абд ал-Мумин өлтірілгеннен кейін билікке 1599 жылы Бақымұхаммед отырғызылады. Тарихта бұл жаңа әулет – Жанилықтар немесе Аштраханилықтар (астрахандық) әулеті деп аталады. Әулет билігі 1785 жылға дейін созылған [17, 232-233 бб.]. Әулеттің билігі тұсында Орта Азияда көптеген тарихи жазба туындылар жазылып, олар аштраханилық деректер қатарына жатқызылады. Аштраханилық деректердегі Қазақстан тарихына қатысты мәліметтер жөнінде шығыстанушы ғалым Ж.М. Төлебаева жақсы ғылыми сипаттама береді. [18, 133-153 бб.]. Біз бұл жерде тарихи шығармадағы Қазақ хандығының құрылу тарихын баяндайтын дерек мәліметтеріне ғана тоқталамыз.

Еңбек алғысөз бен кіріспеден, жеті томнан, әр бір том төрт бөлімшеден тұрады [19, 1136-1137 бб.]. Шығарманың алтыншы томы XIII ғасырдан XVII ғасырға дейінгі Шығыс Дешті Қыпшақтағы, Мауереннахрдағы әулеттер тарихы мен саяси оқиғаларды баяндауға арналған [20, 70-71 бб; 18, 136-141 бб.]. В.П. Юдиннің жазуынша Махмуд ибн Уәлидің мәліметтері көп жағдайда компиялтивті, соған қарамастан онда ол тың мәліметтерді жиі пайдаланған [21, 323 б.]. Біз өзімізге қатысты материалдарды К.А. Пищулинаның орыс тіліне аударып, Материалы по истории казахского ханства (МИКХ) атты жинаққа енгізген үзінділерінен алдық [22, 346-351 бб.].

Енді осы үзіндідегі Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты мәліметтерге тоқталалық.

1) Шығыс Дешті Қыпшақтағы XIII- XV ғасырлардағы Шибан әулетінің (деректе Шайбан деп жазылады – Б.К.) қысқаша тарихы туралы мәліметтер. Әулеттің кейбір өкілдеріне сипаттамалар беріліп, оларға қатысты оқиғалар баян етіледі [22, 346-351 бб.].

2) Әбілқайырдың билікке келуі туралы мәліметтер.

3) Керей мен Жәнібек бастаған шығысдештілік тайпалар тобының Моғолстанға көшіп келуі туралы мәліметтер [22, 352 б.]. Бұл мәліметтердің «Тарих-и Рашидиден» алынғаны белгілі. Махмуд ибн Уәли ол мәліметтерді жай ғана көшіріп қоймай, оны өзінше түсіндіріп, толықтырып береді. Мысалы, «Тарих-и Рашидиде» Керей мен Жәнібекке Есенбұға ханның Моғолстанның батысындағы Шу мен Қозыбасы өңірі берілді десе, Махмуд ибн Уәли оның себептерін түсіндіреді. Осы жағынан алғанда бұл мәліметтің құндылығы өте жоғары болып саналады.

4) Әбілқайыр хан қайтыс болғаннан кейінгі оның мемлекетінде қалыптасқан жағдайлар туралы мәліметтер.

5) Керей мен Жәнібектің қарамағындағы тайпалар тобының «қазақ» деп аталуының себептері туралы мәліметтер.

6) Алғашқы қазақ ханы боп Керейдің тағайындалуы туралы мәлімет.

7) Әбілқайыр ханның ұрпақтарының шежіресі туралы мәліметтер.

8) Әбілқайыр ханның Моғолстан жаққа ең соңғы жорығы, оның бағыттары, жорық барысында ханның қайтыс болуы туралы мәліметтер [22, 358-361 бб.].

Жорыққа қатысты мәліметтер оған дейінгі ешбір деректе айтылмағандықтан, біз оны

оригиналды мәлімет дей отыра, Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты өте құнды деректер қатарына жатқызамыз. Жорық барысындағы географиялық атауларға деректанулық тұрғыда талдау жасау арқылы біз, Әбілқайыр ханның соңғы жорығының Моғолстанның батысындағы Қазақ хандығына бағытталғандығын анықтадық.

9) Әбілқайыр хан қайтыс болғаннан кейінгі Шығыс Дешті Қыпшақтағы саяси жағдайлар туралы, Шибанилық әулеттің билігіне қарсы саяси күштердің күресі туралы, олардың ішінде тек Жәнібек хан есімінің аталуы туралы, Шайх-Ханның өлтірілуі туралы мәліметтер [22, 361-363 бб.].

Махмуд ибн Уәлидің бұл мәліметтері Қазақ хандығының құрылуына тікелей қатысты деректер қатарына жатады. Біз олардың құндылығын «Тарих-и Рашидидің» мәліметтерімен ғана теңесе алады дейміз.

Б) Қазақ хандығының құрылуына тікелей қатысты деректердің келесісіне шибанилық деректер тобының бірнешеуі жатады. Олардың алғашқысы - «Тауарих-и гузида-йи нусрат-наме» еңбегінің мәліметтері.

Шығарма авторы толық анықталмаған. Еңбек 1502 жылы басталып, 1505 жылға дейін аяқталған. Ол жөнінде пікір айтқан мамандардың көбі шығарманың жазылуына Мұхаммед Шейбан ханның қатысы болған деп есептейді [23, 126 б; 24, 113 б.; 25, 10-12 бб.]. Жалпы бұл еңбек Мауереннахрда Шайбанилық әулеттің билігін идеологиялық жағынан негіздеу, әулетті дәріптеу үшін жазылғанын аңғару қиын емес. Шығарма өткен ғасырдың 60-шы жылдары орыс тіліне аударылған [26.; 25, 9-43 бб.; 493-504 бб.]. Еңбекте Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты мынадай сипаттағы мәліметтер кездеседі:

1) XV ғасырдың бірінші ширегінде Әбілқайырды қолдаған ру-тайпа көсемдері туралы;

2) 1457 жылғы Сығанақ түбіндегі жеңілістен соң Әбілқайыр ханның 3 жасар немересі Махмуд бахадур-сұлтанның Өз Темір тайшыға тұтқынға түсуі туралы;

3) Әбілқайыр хан қайтыс болғаннан кейін Шығыс Дешті Қыпшақтағы Шибан әулетінің жағдайы туралы;

4) Әбілқайыр ханның мұрагерлеріне қарсы күрескен саяси күштердің жетекшілері туралы [22, 16-20 бб.]. Осы күштер қатарында қазақтар жағынан Барақ ханның ұлдары деп Жәнібек пен Керейдің есімдері айтылады.

5) Еңбектің соңғы жағында «Жошы ұрпақтарының шежіресі» атты бөлімде Қазақ хандарының шежіресі беріледі [22, 33-44 бб.]. Бұл мәліметтер Қазақ хандығының құрылуының алғышарттары мен барысын зерттеуде көп жәрдем береді.

В) Қазақ хандығының құрылуына тікелей қатысты деректердің келесісі - шибанилық деректер тобындағы Шәді молданың дастан түрінде жазылған «Фатх-нама» атты еңбегі. Автордың толық аты-жөні – Мулла Мұхаммед Шади, ол Мауереннахрда Мұхаммед Шейбани ханның інісі Махмұд бахадур-сұлтанның қызметінде болып, оның тапсыруымен «Фатх-намені» шамамен 1505 жылы («Жеңіс кітабы») жазған. [27, 44-53 бб.; 20, 15-17 бб.; 18, 89-90 бб.]. Ж.М.Төлебаеваның көрсетуі бойынша дастан Шибани хан дүниеге келген 1451 жылдан оның 1501 жылы Самарқан тағын иемденгенге дейінгі Дешті Қыпшақ, Хорезм және Мауереннахрдағы жағдайларды баяндайды [18, 89 б.]. «Фатх-наменің» біздің тақырыбымызға қатысты мәліметтері «Таварих-и гузида-йи нусрат-наме» мәліметтерімен ұқсас, дегенмен де ол деректе тек өзіне ғана тән құнды мәліметтер айтылады.

1) Әбілқайыр ханның қайтыс болуынан кейін шибанилық әулеттің өкілі Йадгар ханның таққа отырғандығы туралы;

2) Буреке сұлтанның Сыр бойында Жүніс ханмен шайқасы туралы;

3) Сол кездерде Мұхаммед Шейбани ханның 16 жаста болып, Иадгар ханнан сыйлық алғаны туралы;

4) Иадгар ханнан кейін билікке Әбілқайыр ханның ұлы Шейх Хайдардың келуі туралы;

5) Қарсы күштердің Иадгар ханды өлтіруі туралы;

6) Қарсы күштер арасында Қазақ хандығы жағынан тек Жәнібек хан есімінің айтылуы туралы және т.б. [22, 53-57 бб.].

Бұл деректер арқылы біз Қазақ хандығының құрылу барысындағы Шығыс Дешті Қыпшақ пен оған іргелес аймақтарда болған тарихи оқиғаларды және хандықтың құрылуының соңғы кезеңіндегі тарихи тұлғалар туралы біле аламыз. Дерек мәліметтерінің құндылығы осыдан байқалады.

Г) Қарастырып отырған мәселемізге қатысты шибанилық топтағы келесі дерекке Бинаидың «Шайбани-наме» және «Футухат-и хани» («Ханның жаулаушылықтары») атты еңбектері жатады. Автордың толық аты-жөні – Маулен Камал ад-дин Али ибн Мұхаммед Бенаи Харави Хали, бірақ ол көпшілікке жай ғана Камал ад-дин Бинаи есімімен кең танымал. Ол 1453 жылы Гератта дүниеге келіп, өмірінің бірталай бөлігін Хорасан қалаларында, соңғы кезеңін Мауереннахрда өткізеді. 1512 жылы Қарши қаласын қорғау кезінде қаза табады [22, 91-96 бб.; 20, 17-26 бб.; 18, 91-94 бб.].

Бинаидың екі шығармасының мазмұны да, оқиғалардың хронологиялары да ұқсас. Соған байланысты Б.А. Ахмедов былай деп жазады: «... Футухат-и хани»- «Шайбани-наменің» алғашқы нұсқасы «Көшпелі өзбектер» басшысы мен оның айналасындағыларға бірінші нұсқаның тілі мен жазылу стилі ұнамай, оны өте қарапайым, түсінікті ету үшін екінші нұсқа «Шайбани-наме» деген атаумен жазылған» [20, 21 б.]. Шығарма Мұхаммед Шайбани ханның 1451 жылы дүниеге келуімен оның 1505 жылы Хорезмді бағындыруына дейінгі Қазақстан мен Орта Азияда болған оқиғаларды қамтиды [20, 19-20 бб.]. Ондағы көптеген оқиғалар бұған дейін айтылған шайбанилық деректерде қайталанады. Сол себепті де біз ол деректерді бұл жерде қайталап жатпаймыз.

Ғ) Қазақ хандығының құрылуына тікелей қатысты деректердің келесісіне – Ходжамқұлы – бек Балхидың «Тарих-и Кыпчаки» атты еңбегінің мәліметтері жатады.

Автор Балх қаласында туылып, 1695/96 жылы Лахорға келеді. 1713 жылдан бастап Пенджаб билеушісі Сайн ад-Даула Абд ас-Самад-хан Бахадұрмен жақындасады. «Тарих-и Кипчаки» толығымен 1724/25 жылы жазылып бітеді [28, 72 б.; 20, 95-101 бб.; 18, 118-130 бб.].

«Тарих-и Кипчаки» - "дүние жаратылғаннан" XVIII ғасырдың 20-шы жылдарының ортасына дейінгі тарихи оқиғаларды қамтыған жалпы тарих сипатындағы еңбек. Ондағы деректердің көпшілігі компилятивті [20, 97 б.; 22, 387 б .]. XV ғасырдағы Шығыс Дешті Қыпшақтағы тарихи жағдайлар шайбанилық деректерден алынса да, ондағы кейбір мәліметтер бізге дейін жетпеген деректердің мәліметтері болуы керек, олар ешбір жерде кездеспейді. Енді төменде сол және басқа да мәліметтерге тоқталалық.

1) Әбілқайырдың билікке келуі, оның Шығыс Дешті Қыпшақтағы күрестері [22, 390-392 бб.];

2) Әбілқайыр ханның Мауереннахрдағы темірлік әулеттің істеріне араласуы [22, 392 б.];

3) 1457 жылы Сығанақ түбіндегі қалмақтармен ұрыс және қалмақтардың әскер саны туралы [22, 392-393 бб.];

4) Әбілқайыр ханның қайтыс болған жылы және нақты жерленген жері туралы [22, 393 б.];

5) Әбілқайыр ханның мұрагері Шейх-Хайдар ханға сипаттамалар;

6) Жәнібек ханның ұлдарының бірі Бұрындық ханның (деректе дәл осылай деп беріледі – Б.К.) Әбілқайыр ұлдарына қарсы жорығы, оларды жеңіліске ұшыратуы [22, 393 б.];

7) Шах-Бұтақ сұлтанның билікке келуі туралы, оның тұсында парсы тіліндегі еңбектерді түрік тіліне аударудың болғандығы туралы мәліметтер.

«Тарих-и Кипчакидың» осы мәліметтері Қазақ хандығының құрылу тарихын зерттеуде «Тарих-и Рашиди» мәліметтері секілді аса маңызды дерек болмаса да, хандықтың құрылуының соңғы кезеңдерін көрсетуде өзіндік рөлге ие.

Осылайша, Қазақ хандығының құрылуына тікелей қатысты деректер тобындағы

мәліметтерге қысқаша тоқтала келе, оларды, әсіресе «Тарих-и Рашиди» мәліметтерін ең басты, ең негізгі деректер қатарына жатқызамыз.

Енді мәселеге жанама қатысты дерек мәліметтеріне тоқталалық.

Бұған дейін айтып өткеніміздей, Қазақ хандығының құрылуына жанама қатысты дерек мәліметтері деп, хандықтың құрылу барысын тікелей баяндамаса да, хандықтың құрылу кезеңінде Дешті Қыпшақ аумағындағы, Моғолстандағы, Мауереннахрдағы мемлекеттердің ішкі-сыртқы саяси жағдайларын баяндайтын дерек мәліметтерін атаймыз. Бұл топқа жататын деректер көптеп саналады.

А) Қазақ хандығының құрылу тарихына жанама қатысы бар темірлік дерекке – Муин ад-дин Натанзидың «Мунтахаб ат-тауарих-и Муйни» («Муйнидың таңдамалы туындылары») атты шығармасы жатады. Шығарма – 1409-1414 жылдары Иранның Фарс және Исфахан аймақтарын билеп, 1415 жылы өлтірілген Темірдің немересі, Омар Шайхтың ұлы Ескендір мырзаға арналған жалпы тарих сипатындағы еңбек. Алғашқы кезде В.В. Бартольд бұл шығарманы шартты түрде «Ескендірдің анонимі» деп атағандықтан, кейбір тарихи зерттеулерде осы атау қолданысқа түседі. Кейіннен В.В. Бартольдтің өзі шығарма авторының Муин ад-дин Натанзи екендігін дәлелдеп береді [29, 481-482 бб.]. Муин ад-дин Натанзи Исфхан аймағындағы Натанзи қаласында дүниеге келген және Темір ұрпағы Ескендірдің сарайында қызмет атқарған [30, 126-127 бб.; 118, 44 б.]. Шығарма хронологиялық тұрғыдан алғанда «дүниенің жаратылғанынан» Әмір Темір қайтыс болған 1405 жылға дейінгі уақытты қамтиды [18, 44 б.]. Деректе XIII-XV ғасырлар аралығындағы Қазақстан тарихына қатысты құнды мәліметтер өте көп. Біз олардың ішінен өзіміздің мәселемізге қатысты мынадай мәліметтерді атап көрсетеміз:

1) Деректе Жошы Ұлысының екіге бөлініп, сол қанатқа жататын бөлік Ақ Орда деп, ал оң қанатқа жататын биліктің Көк Орда деп аталатындығы туралы айтылады [30, 127 б.]. Натанзидың осы мәліметіне байланысты мамандар арасында талас-тартысты пікірлер бар [31, 189-195 бб.; 32, 214-215 бб.; 33, 105-116 бб.]. Натанзи сол қанатты тек Ақ Орда деп атап қана қоймай, сол жақтағы Ұлытау, Женд, Баршкенд, Қаратал, Сегізағаш (Сенгірағаш) деген географиялық атауларды нақты көрсетіп береді [30, 127 б.]. Бұл атаулардың бәрінің қазіргі кездегі Қазақстан аумағында кездесетіндігіне және болғандығына ешкім қарсы келмейді. Сондай-ақ Жошы Ұлысының сол қанатқа бөлінгендігін, онда Жошының үлкен ұлы Орда Ежен және оның ұрпақтары билік құрғандығын Натанзидан бір ғасыр бұрын Рашид ад-Дин айтып кеткен болатын. Олай болса, Натанзи жазып отырған Жошы Ұлысының сол қанаты Ақ Орда деп аталады деген мәліметтің ешқандай қателігі жоқ. Ал сол қанат Ноғай ұрпақтарына қарады деген Натанзи мәліметі шынында да күмән туғызады.

2) Жошы Ұлысының оң қанатының, яғни Алтын Орданың XIV ғасырдың ортасына дейінгі саяси тарихына қатысты мәліметтері өте құнды. Біз ол мәліметтер арқылы Алтын Орданың ыдырау дәуірінің алғашқы кезеңдерін біле аламыз.

3) Ақ Орда хандарының Сасы Бұқадан Тоқтамысқа дейінгі билеушілері туралы мәліметтер оған дейінгі басқа ешбір жазба деректе айтылмайды. Сол себепті де біз оның бұл мәліметтерін өте құнды мәліметтер қатарына жатқызамыз. Сасыбұқа, Ерзан, Мүбарак-қожа, Шымтай және Орыс хандар – Қазақ хандарының арғы аталары болып келеді.

4) Алтын Ордадағы XIV ғасырдың соңы - XV ғасырдың алғашқы жылдарында болған күрестер жөніндегі мәліметтер де құнды боп есептеледі. Бұл деректер Алтын Ордадағы дағдарыстың тереңдеп, ыдыраудың күшейгенін көрсетеді.

Осылайша біз, Муйн ад-дин Натанзидің «Мунтахаб ат-тауарих-и Муйни» атты еңбегіндегі мәліметтерге қысқаша тоқтала келе, олардың Қазақ хандығының құрылуының тарихи алғышарттарын түсінуде маңызы жоғары деп есептейміз.

Ә) Қазақ хандарының шығу-тегін анықтауда парсы тіліндегі 1426-27 жылы Хорасандағы Темір әулетінің өкілі Шахрухтың тапсырмасымен жазылған және одан кейінгі жылдары жалғастырылған «Муизз ал-ансаб» («Книга прославляющая генеологии») атты еңбектің ролі ерекше. Шежіре еңбектің нақты авторы белгісіз. Б.А.

Ахмедовтың пікірінше шежірені жазған Хафиз-и Абру болуы мүмкін [34, 16 б.].

Т.И. Сұлтанов шығарманың жазылуы мен аталуы туралы былай дейді: «Кітаптың алғы сөзінде белгісіз автордың мынадай сөздері бар» Хижра бойынша 830 жылдың осы күндері (1426/27) Шахрух-Бахадур-хан... Шаджара-йи ансаб-и салатин-и могул» атты оның ата-бабаларының есімдері бар шежіре тарихты қайта тексеріп, оны кейінгі туылған ұрпақтарымен толықтырып, құрастыруға бұйырады. Өзінің мазмұнына сәйкес қолжазба «Муизз ал-ансаб» («Книга прославляющая генеологии») деген атауға ие болды [35, 111 б.]. Дерек мәліметтерімен арнайы танысып, зерттеген Т.И. Сұлтанов шежіреде мыңнан аса Шыңғысхан ұрпақтары мен Темір ұрпақтары туралы мәліметтердің жинақталғандығын айтады [35, 112 б.].

Біз үшін бұл еңбектегі Жошы хан ұрпақтарының тарқатылуы мен соған қатысты мәліметтердің маңызы ерекше болып саналады. Әсіресе, Орыс хан ұрпақтары шежіресінің біздің қарастырып отырған мәселемізге тікелей қатысы бар. Онда Керей мен Жәнібекке дейінгі шежіре тарқатылып беріледі [30, 62-63 бб.]. Т.И. Сұлтанов СМИЗО жинағындағы (2-том) қазақ хандарының шежіресіне қатысты мәселелерде қателер мен кемшіліктердің бар екенін ескертіп, оны өзі аударып, оқырманға ұсынады [35, 120-121 бб.].

Б) Темірлік деректер ішінде Қазақ хандығының құрылу тарихына ең көп фактологиялық материалдар беретін шығармаға Абд ар-Раззак Самаркандидің «Матла ас-садайн ва маджама ал-бахрайн» («Екі бақытты жұлдыздың шыққан және екі теңіздің қосылған жері») атты еңбегі жатады. Еңбек авторының толық аты-жөні – Камал ад-Дин Абд ар-Раззак Самарканди. 1413 жылы Гератта дүниеге келіп, 1482 жылы туған қаласында қайтыс болған. Автордың әкесі Самарқандық болғандықтан, ол Самарканди деп аталған [30, 190 б.; 36, 212 б.; 18, 77-78 бб.]. Самаркандидің еңбегі екі томнан тұрады, бірінші том -1466 жылы, ал екінші том 1470-71 жылы жазылған. Ж.М. Төлебаеваның жазуынша Абд-ар-Раззак Самарканди еңбегінде көптеген жазба деректерде кездеспейтін құнды мәліметтер айтылады [18, 78 б.]

Қазақ хандығы құрылуының алғышарттарына қатысты ол шығармада мынандай деректер бар.

1) Темірдің Темір-Мәлік оғланға қарсы (Орыс ханның ұлы – Б.К.) Тоқтамысты қолдануы туралы;

2) Темірдің 1390-91 жылы Дешті Қыпшаққа жасаған жорығы туралы;

3) XV ғасырдың бірінші ширегіндегі Алтын Ордадағы ішкі саяси жағдайлар туралы;

4) 1419/1420 жылы Барақ оғланның (Жәнібек ханның әкесі – Б.К.) Ұлығбекке келіп, паналауы туралы;

5) 1422/23 жылы Барақтың Кіші Мұхаммед ханды жеңіп, Алтын Орда тағына ие болғандығы туралы [30, 62-63 бб.];

6) Барақ ханның Сығанақ аймағы үшін Ұлығбекпен күресі туралы [30, 196-198 бб.];

7) 1428/29 жылғы Барақ ханның қаза табуы туралы;

8) XV ғасырдың екінші ширегінде Әбілқайыр ханның Темір әулетімен қарым-қатынастары туралы [30, 199-200 бб.];

9) Дешті Қыпшақ тұрғындарының «өзбектер» деп аталуы туралы [30, 191-200 бб.].

Самарканди еңбегінің орыс тіліндегі аудармасының үзінділері СМИЗО-ның екінші томында шоғырландырылған [124]. Сонымен бірге оның дерегіндегі кейбір мәліметтерді шығыстанушы ғалымдардың зерттеулерінен кездестіруге болады. Оған мысалы, Б.А. Ахмедовтың еңбектеріндегі Самаркандидан алынған материалдар жатады.

Енді сол материалдарға көңіл аударалық. Өйткені олар Қазақ хандығының құрылған жылын анықтауда көп жәрдем береді:

1) Хорасан билеушісі Әбіл Қасым Бабырдың 1457 жылы 21 ақпанда қайтыс болуы және Ала ад-Дауланың ұлы Ибрагим мырзаның 1457 жылы қыркүйекте Хорасан астанасы Гератты иеленуі туралы мәліметтер [38, 133-134 бб.];

2) Самархан билеушісі Әбу Сайд мырзаның Ибрагим мырзаны жеңіп, 1457 жылдың 2 қазанында салтанатты түрде Гераттың солтүстігіндегі Қыпшақ қақпасы арқылы қалаға

енуі туралы [38, 134 б.];

3) Абд ал-Латиф мырзаның ұлдары – Мұхаммед Жөкі мен Ахмет мырзалардың Балх аймағындағы көтерілістерін басу үшін Әбу Сайд мырза Гераттан Балхқа аттанады да, оларды жеңіп, Гератқа қайтып оралмай, Балх аймағында қыстап қалады [38, 134 б.];

4) Ибрагим мырза осыны пайдаланып, Герат қаласынан Әбу Сайд мырза Балхқа аттанып кеткенде Хорасан астанасын қайта басып алады [38, 134 б.];

5) Әбілқайыр ханнан әскери көмек ала-алмаған Ала-ад-Даула Хорасанға қайтып оралады да, 1458 жылдың 23 сәуірінде баласы Ибрагимнің қолдауымен Герат тағына отырады [38, 134 б.];

6) 1458 жылдың қазанының ортасында ол Қара Қойлы әулетінің билеушісі Жахан-шахтан жеңіліс табады. Жахан-шах сол жылы 1 қарашада Гератты иеленеді [38, 136 б.];

7) Азербайжанда Жахан-шахтың ұлы Хұсайн-Али әкесіне қарсы бас көтерді және Әбу Сайд мырза Мұргабтен өтіп, Жахан-шах әскерін жеңіліске ұшыратады [38, 136 б.];

8) Осындай қысылтаяң шақта Жахан-шах Әбу Сайд мырзамен бейбіт келісімге келіп, Хорасанды темірлік әулеттің өкіліне қайта береді. Сөйтіп, Әбу Сайд мырза 1458 жылдың 16 желтоқсанында екінші рет, бұл жолы түпкілікті түрде Гератқа ие болады [38, 136 б.].

Міне, Самаркандидің осы мәліметтері Қазақ хандығының құрылған жылын анықтауда бізге көп көмек бере алады. Әбу Сайд мырза Мауереннахрдың шығыстағы шекарасын моғол билеушісі Есенбұға ханнан қорғау үшін Шираздан оның ағасы Жүністі шақыртып, Моғолстанға осы кезде жібереді. Керей мен Жәнібек хандардың Жетісуға келуі мен Жүністің Моғолстанға келуі бір мезгілде болғандықтан, жоғарыдағы мәліметтердің маңызы өте жоғары. Т.И. Сұлтанов Әбу Сайд мырзаның Жүністі Шираздан шақыртуы оның Гератты екінші рет иеленуінен кейін болған деп есептейді де, соған сүйеніп, Керей мен Жәнібек Шу өңіріне 1459-60-шы жылдары көшіп келген деп есептейді [35, 133 б.]. Ал біз, Жүніс ханды Әбу Сайд мырза Гератты алғаш иеленген бойда, яғни 1457 жылы күзде Шираздан алдыртып, Моғолстанға жіберген деп санаймыз. Осындай деректер бар Абд ар-Раззак Самаркандидің мәліметтері Қазақ хандығының құрылу тарихын зерттеуде ерекше маңызға ие деген қорытынды жасаймыз.

В) Темірлік деректер тобындағы келесі туындыға Хафиз Абрудың еңбектері жатады. Мамандардың пікірінше Хафиз Абру - темірлік әулет тұсындағы тарихшылардың ең көрнектісі болып саналады [36, 215 б.]. Оның толық аты-жөні – Шихаб ад-дин Абдаллах ибн Лутфуллах ибн абд ар-Рашид ал-Харави. Хафиз Абру 1361/62 жылы Гератта дүниеге келіп, алдымен Әмір Темірдің, одан кейін оның ұлы – Шахрухтың қызметінде болған. Шығармаларының бәрін Гератта жазған және 1430 жылы дүние салған [30, 139 б.; 36, 212 б.; 18, 69 б.]. Хафиз Абру «Зайл-и Джами ат-таварих» («Жылнамалар жинағының жалғасы»), «Зайл-и Зафар-наме-и Шами» («Шамидың Жеңіс туралы кітабының жалғасы»), «Маджма ат-таварих-и султанийа» («Сұлтандарға [арналған] Жылнамалар жинағы»), «Зубдат ат-таварих-и Байсунгури» («Байсұңқардың таңдамалы жылнамасы») «Тарих-и Хафиз-и Абру» («Хафих Абрудың тарихы») атты туындылардың авторы [18, 69-74 бб.]. Оның шығармалары ішінде біздің тақырыбымыз үшін маңыздысы – «Жылнамалар жинағының жалғасы» атты еңбегі. Бұл еңбек – Шахруктың тапсырмасымен Рашид ад-диннің еңбегін Олджайту хан мен Әбу Сайд ханға дейінгі оқиғаларды баяндау үшін жазылған. Шығарманың Алтын Орда тарихына қатысты жерлері орыс тіліне аударылған [30, 139-143 бб.]. Онда біздің мәселемізге қатысты мынадай мәліметтерді табамыз:

1) XIV ғасырдың бірінші ширегіндегі Алтын Орда мен Хұлагу әулеті билеген Иран арасындағы саяси қарым-қатынастар туралы;

2) Алтын Орданың ішкі саяси жағдайы туралы;

3) Өзбек ханның билікке келуі туралы;

4) Өзбек ханның жеке басына сипаттама және саясаты туралы.

Бізге бұл мәліметтер Қазақ хандығының құрылуының тарихи алғышарттары жөнінде жалпы ақпараттар береді.

Г) Мирхондтың «Раузат ас-сафа» («Сад чистоты») атты еңбегі де темірлік деректер

ішіндегі біз үшін маңызды шығармалар қатарына жатады. Автордың толық аты-жөні – Мухаммед ибн Сайд Мухаммед ибн Амир Бурхан ад-Дин Хавенд-шах ибн Камал ад-дин Махмуд Балхи. Тарихта ол Мирхонд есімімен белгілі. Мирхонд 1433/34 жылы туылып, өмірінің көп бөлігін Гератта өткізеді. 1488 жылы Гератта қайтыс болады [36, 213 б.; 18, 82 б.]. Мирхондтың көлемді бұл еңбегі 7 томнан тұрып, соңғы екі томының мәліметтері оригиналды, ал қалған томдарының мәліметтері компилятивті болып келеді [36, 213 б.]. Алтыншы том - Әмір Темірдің, оның ұрпақтарының 1447 жылға дейінгі, ал жетінші том – Сұлтан Хұсайн мырза Байқараның билігіне және 1523 жылға дейінгі оның ұрпақтарының тарихына арналған [18, 83 б.]. Соңғы томды Мирхондтың немересі Хондамир (1474/75-1535/36) аяқтап шыққан. «Раузат ас-сафа» еңбегіндегі мынадай сипаттағы материалдар біздің тақырыбымыз бойынша өте құнды болып саналады:

1) XV ғасырдың бірінші ширегіндегі Барақ хан мен Ұлығбек мырза арасындағы қарым-қатынастар туралы мәліметтер;

2) Әмір Темір мен Орыс хан арасындағы қарым-қатынастарды көрсететін мәліметтер;

3) 1427 жылғы Ұлығбек мырзаның Дешті Қыпшаққа жорығы жөніндегі мәліметтер;

4) XV ғасырдың ортасындағы Мауереннахрдың ішкі саяси өміріне қатысты мәліметтер.

Бұл материалдар арқылы Қазақ хандығының құрылу қарсаңындағы Шығыс Дешті Қыпшақ пен Мауереннахрдың ішкі саяси жағдайларын, олардың бір-бірімен саяси қарым-қатынастарын терең түсінуге мүмкіндіктер аламыз.

Ғ) Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты жанама деректер «Хабиб ас-сияр» атты еңбекте кездеседі. Шығарма авторы - Мирхондтың немересі Хондамир 1474/75 жылы Гератта дүниеге келіп, Хорасандағы Темірлік әулетке қызмет етеді. 1428 жылы Бабырға (1526-1530) кетіп, одан кейін оның ұлы Хұмайынға жұмыс істейді. Ол 1535/36 жылы Делиде қайтыс болады [36, 214 б.; 18, 86-87 бб.]. Хондамирдің қаламынан 13 шығарма туған [18, 87 б.]. Біз үшін олардың ішінде 1523/24 жылы жазылған «Хабиб ас-сиар фи ахбар-и афрад ал-башар» («Друг жизнеописаний в известиях об отдельных людях») атты еңбегінің мәліметтері ерекше.

Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты «Хабиб ас-сиярда» мынадай сипаттағы мәліметтер кездеседі:

1) XV ғасырдың екінші ширегіндегі Әбілқайыр ханның Шығыс Дешті Қыпшақтағы билігі туралы;

2) Әбілқайыр ханның қайтыс болуынан кейінгі Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында қалыптасқан саяси жағдайлар туралы;

3) Шибан әулетіне қарсы күрескен саяси топтар туралы.

Бұл мәліметтер Қазақ хандығының құрылу барысындағы және оған қатысты оқиғаларды баяндайтындықтан, олардың маңызы өте жоғары болып саналады.

Д) Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты жанама деректері бар келесі туындыға «Михман-наме-йи Бұхара» («Бұхара қонағының жазбалары») атты еңбек жатады [39]. Еңбектің авторы Фазлаллах ал-Амин ибн Рузбихан ал-Хунджи аш-Ширази ал-Исфахани. Ол 1457-1458 жылы Иранның Фарс аймағындағы Хунджи елді-мекенінде ірі дінтанушы- ғалымының отбасында дүниеге келеді. Жас кезінде жақсы білім алып, білімін одан ары қарай Араб елінде жетілдірген. Жан-жақты, әрі терең білімінің арқасында ол Қойлы әулетінің билеушісі Сұлтан Жақып Байандуридың, Темірлік Сұлтан Хұсайн Байқараның, одан кейін шибанилық Шайбани хан мен Убайдуллах-ханның сарайында қызметтер атқарады. Дерек авторы 1521 жылы Бұхара қаласында қайтыс болаған.

Ибн Рузбиханның діни, философиялық, әдеби, этико-дидактикалық және тарихи тақырыптарға арнап жазған 9 еңбегі бар. Солардың бірі – «Михман-наме-и Бухара». Шығарма 1509 жылы Мұхаммед Шейбани ханның қазақтарға қарсы жасаған үшінші жорығы кезінде жазылған. Ибн Рузбехан осы жорық барысында Самарқан билеушілерінің

жанына еріп жүреді.

Жалпы алғанда, бұл дерек - XV-XVI ғасырлардағы қазақ халқы туралы баяндайтын ең құнды деректердің бірі, онда Шығыс Дешті Қыпшақтың географиялық сипаттамасы, ауа-райы, табиғаты, Қазақстан қалалары, қазақ халқының әдет-ғұрыптары, наным-сенімдері, діні, қолөнері мен үй кәсіпшілігі, сауда-саттық пен айырбасы, мал шаруашылығы, қысқы, жазғы жайылымдары, көші-қоны, оның бағыттары туралы көптеген мәліметтер кездеседі. Біз өзімізге қатысты мәселе үшін Рузбихан мәліметтерінің бір-екеуін ерекше атап өткенді жөн көріп отырмыз. Біріншісі – XV ғасырдағы Шығыс Дешті Қыпшақтағы этникалық ахуал мен процесті көрсететін дерек. Онда былай делінеді: «Шыңғысхан иеліктеріндегі өзбектерге үш тайпаны жатқызады. Қазіргі кездегі [Олардың бірі] – шибандықтар, мәртебелі хан бірнеше атасынан кейін олардың билеушісі болып отыр. Екіншісі – қазақтар, олар өздерінің күшімен және ержүректілігімен барша әлемге аян, үшіншісі – маңғыттар, астрахандық хандар осылардан болады» [39, 62 б.]. Қазақ халқының шығу-тегі мәселесімен айналысқан мамандар бұл мәліметтен айналып өтпейді. Кейбір зерттеушілер бұл мәліметті тек атап қана өтсе, ал кейбір зерттеушілер оны терең талдайды. Біздің ойымызша, бұл мәлімет қазақ халқының қалыптасуының соңғы кезеңіндегі этнопроцесті көрсетеді. Қысқаша түрде айтсақ, монғол жаулаушылығынан кейін Қазақстан аумағындағы этнопроцес біршама тежеледі де, XIII-XV ғасырларда Қазақстан аумағына келген әртүрлі тайпалардың қыпшақтануы процесі өтеді. Шамамен XIV ғасырдың ортасына таман бұл процес өз мәресіне жетіп, жаңа этноқауымдастық «өзбектер» деп аталады. Әбілқайыр хандығы тұсында «көшпелі өзбектер» этноқауымдастығы үш үлкен тайпалар бірлестігінен тұрып, олардың бірі қазақ этносына ұйытқы болады.

Ибн Рузбихан еңбегіндегі екінші мәліметке – оның билікті мұралану жөніндегі мәліметі жатады [39, 59-61 бб.]. Бұл мәліметке зерттеушілер көп назар аудара бермейді, себебі, оны олар діни мәселе деп түсінетін болуы керек. Біздің ойымызша, ол мәлімет сырттай діни мәселе боп көрінгенімен, терең зерделесек, ол XIV-XVI ғасырлардағы қоғамдық-саяси өмірде үлкен маңызға ие болған күрделі сұрақтың қатарына жатады. Оның түбі мынада: егер атасы хан боп тұрғанда мұрагер болып бекітілген ұл қайтыс болса, онда атасынан соң билікке қайтыс болған ұлдың, яғни мұрагердің баласы келе ме, әлде мұрагердің бауырларының бірі келе ме деген сұрақ жатыр. Бұл жағдай Мұхаммед Шайбани ханның тікелей өз басына қатысты болғандықтан, сол жылдары өте өзекті мәселеге айналды. Оның әкесі Шах-Бұтақ Әбілқайыр ханнан бұрын қайтыс болған еді және Шах-Бұтақтың бауырлары өте көп болатын. Бұл жерде билікті мұралану жөнінде ескі дәстүр – монғолдық және жергілікті түркілік (қыпшақтық) дәстүрлер бір-біріне қайшы келіп тұр. Мұхаммед Шайбани хан монғолдық дәстүрді сақтап қалуды талап етсе, жергілікті дін басылары Құран мен хадистерге сүйеніп, биліктің әкеден балаға, одан бауырларға бөлінетіндігін дәлелдеп береді.

Бұл мәселе Қазақ хандығы үшін де өте маңызды еді. Басқа дерек мәліметтері алғашқы қазақ ханы Барақ ханның ұлы Жәнібек емес, оның шөбере туысы, жолы үлкен Керейдің хан болғандығын дәлелдейді [22, 353 б.].

Ибн Рузбиханның келесі бір өте маңызды дерегіне оның Шығыс Дешті Қыпшақ тайпаларының ислам дінін қабылдағаны жөніндегі мәліметі жатады. Онда былай делінеді: «Аса мәртебелі ханның ата-бабаларының ұлылығы туралы (Мұхаммед Шайбани ханды айтып отыр - Б.К.) мәртебелі хан былай деген екен: «Шыңғысханнан кейінгі біздің бесінші атамыз исламды қабылдаған». Сол күні әр түрлі рулардан тұратын өзбектер бүкіл Жошы ұлысы исламды қабылдап, мұсылман болған» [39, 104 б.]. Бұл мәлімет бізге XIV ғасырдың басында-ақ Шығыс Дешті Қыпшақ тайпаларының ортақ рухани кеңістікте өмір сүргендігін дәлелдейді.

Жалпы, «Михман-наме-йи Бұхара» еңбегінің мәліметтері туралы ойымызды түйіндей келе, ол тек қазақ халқы жөніндегі мәліметтермен ғана шектелмей, Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты да өте көп құнды жалпылама және нақты сипатта

деректер береді деп есептейміз.

Ж) Қазақ хандығының құрылу тарихы үшін аса маңызды деректердің біріне – «Тарих-и Абулхайр-хани» («Әбілқайыр ханның тарихы») атты еңбек жатады. Еңбектің авторы – Масуд ибн Осман Кухистани, оның туған, өлген жылдары белгісіз. Автор еңбекті Әбілқайыр ханның немересі, Сүйініш Қожа ханның ұлы, Самарқанның билеушісі Абд ал-Латифтің (1540-1552) билігінің алғашқы жылдары оның тапсырмасымен жазған [22, 135-140 бб.; 20, 37-39 бб.; 18, 101-104 бб.]. Еңбек жалпы тарихи баяндау сипатында «дүниенің жаратылғанынан» XV ғасырдың 60-шы жылдарының аяғына дейінгі оқиғаларды қамтиды [18, 121 б.]. Біздің қарастырып отырған тақырыбымыз бойынша Кухистани еңбегінің мәліметтері негізгі деректер қатарына жатады. Ондағы мәліметтерді былайша топтастырып көрсетеміз:

1) Әбілқайырдың дүниеге келген жылы туралы;

2) XV ғасырдың 20-шы жылдарындағы Маңғыт Ұлысы мен Шибан Ұлысындағы саяси жағдайлар туралы;

3) Шибан Ұлысындағы талас-тартыстарға 16-17 жасар Әбілқайырдың араласуы туралы;

4) Әбілқайырдың билікке келуі және оны қолдаған жергілікті ру-тайпалар, олардың көсемдері туралы;

5) Әбілқайырдың Шибан Ұлысын біріктіру жолындағы күрестері, жорықтары, соғыстары туралы;

6) Әбілқайыр ханның Сыр бойындағы қалаларды бағындыруы туралы;

7) Әбілқайыр ханның Мауереннахрдағы темірлік әулеттің істеріне араласуы туралы;

8) 1457 жылғы Сығанақ түбіндегі Әбілқайыр ханның қалмақ тайшысы Үзтемірмен шайқаста жеңілісі және оның салдары туралы;

9) Әбілқайыр ханның нақты қайтыс болған жылы туралы [22, 140-171 бб.].

Еңбекте Әбілқайырдың жеке басы мен оның билігінен басқа этникалық сипаттағы деректер өте көп кездеседі. Мысалы, 1428/1429 жылы Әбілқайырды хан көтерген ру-тайпалар атауларының берілуі, сондай-ақ оның әрбір жорығына қатынасқан тұлғалардың өз ру-тайпа атауларымен көрсетілуі – XV ғасырдағы Шығыс Дешті Қыпшақтың саяси жағдайымен қатар, этникалық жағдайын да көрсетеді. Сол себепті де Кухистанидың бұл еңбегіндегі мәліметтерді біз, Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты негізгі деректер қатарына жатқызып, олардың маңызы өте жоғары деп бағалаймыз.

З) Мауереннахрдағы Шайбанилық әулет билігінің соңғы жылдары жазылған «Маджму ат-тауарих» атты еңбектің мәліметтері де біздің тақырыбымыз үшін маңызды болып саналады. Шығарманың негізгі бөлігі Ферғана өңірінің молдасы Сайф ад-дин Ахсикенди жазып, ол қайтыс болғаннан кейін ұлы Нұрмұхаммед (Наурыз Мұхаммед) 1591/92 жылы аяқтап бітірген [40, 200 б.]. Еңбектің мазмұнымен алғаш рет танысқан В.В. Бартольд: «Кітап негізінен Касан (Ферғана аймағы) қаласындағы шейхтардың тарихын баяндайды, шейхтардың өмірі фантастикалық тұрғыда көрсетілген, сол себепті кітаптың ешқандай тарихи маңызы жоқ»,- деп жазған болатын. [41, 308 б.]. В.В. Бартольдтың осындай пікірінен кейін бірнеше ондаған жылдар бойы бұл шығарма мамандардың назарынан тыс қалып келді. Тек А.Б. Тагирджановтың зерттеуінен кейін ғана «Маджму ат-тауарихқа» зерттеушілер көңіл аудара бастады [28.]. Т.И. Сұлтанов бұл еңбектегі этникалық материалдарды өз зерттеуінде жақсы пайдаланады [43, 26-51 бб.].

Бұл шығармадағы біз үшін ең құнды мәліметке – «92 көшпелі өзбек» тайпалары атауының кездесуі жатады [22, 210-213 бб.].

Т.И. Сұлтановтың пікірінше «Маджму ат-тауарихтағы» 92 тайпаның атауы осы күнге дейінгі белгілі 92 тайпа атауының нұсқалары ішіндегі ең көнесі болып саналады [43, 45 б.]. «Маджму ат-тауарих» және басқа да кейінгі кезеңдерде жазылған 92 тайпа атауы кездесетін деректерді терең зерттеген Т.И. Сұлтанов тізімде тайпалар атауын мынадай принциптерге сай берілгендігін аңғарған:

1) Бір саяси құрылымда немесе шығуы жағынан туыс келетін тайпалар тізімде

топтасып берілген;

2) Тізімдегі ру-тайпалардың номерлік реттік саны олардың сол аймақтағы әскери-саяси өмірде алатын орнын көрсетеді;

3) Тізімде ру-тайпалар атауы аталуының ұқсастығына қарай берілген [43, 51 б.].

Шығарманың жазылған уақыты XVI ғасырдың соңы болса да, ол XIV ғасырдың соңы – XVI ғасырдың басындағы тарихи оқиғаларды баяндаған [43, 45 б.]. Соған қарағанда, 92 тайпа атауы да осы ғасырлардағы, әсіресе Шығыс Дешті Қыпшақтағы этникалық жағдайды көрсетеді. Біз бұл деректегі мәліметтен Қазақ хандығының құрылу қарсаңы мен құрылу барысындағы Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында қандай тайпалардың жетекші рольдер атқаратындығын, қандай тайпалардың Қазақ хандығының этникалық негізін құрағандығын біле аламыз. «Маджму ат-тауарихтың» мәліметтері бізге осы жағынан аса құнды болып саналады.

Е) Хорезмде немесе Хиуада XVI ғасырдың басында (1512) Шибан әулетінің басқа бір тармағы билікке келіп, XVII ғасырдың соңына дейін билікте болады [44, 435-457 бб.]. Осы әулеттің өкілі, 1644-1663/64 жылдары билік құрған Әбілғазы Бахадур хан (1603-1664) «Шаджара-йи тюрк» («Түрік шежіресі») атты еңбек қалдырған. Еңбек XVIII ғасырдың бірінші ширегінде ғылымға белгіл болып, көп ұзамай Европаның бірнеше тілдеріне аударылды. Еңбектің ғылыми құндылығының күштілігі сондай, ол бірнеше рет қайта басылады [20, 72-73 бб.]. Қазақ тілінде бұл еңбек 1992 жылы филология ғылымдарының докторы Б.Әбілқасымовтың аударуымен Алматы қаласында жарық көреді [45]. Біз қарастырып отырған мәселеге қатысты Әбілғазы еңбегінде өте құнды мәліметтер кездеседі. XV ғасырға дейінгі мәліметтердің бір бөлігі компилятивті сипатта болса, ал кейбір мәліметтер оған дейінгі ешбір деректерде ұшыраспайды. Сол себепті де біз компилятивті деректерге назар аудармай, деректің сирек кездесетін мәліметтеріне шолу жасаймыз.

1) Жошының бесінші ұлы Шибан әулетінің Тұранда, Қырымда, Мауереннахрда, Дешті Қыпшақта билік құрғаны туралы мәліметтер жүйеленіп беріледі. Қазақ хандарының шежіресі осы жерде айтылады [45, 116-121 бб.].

2) Иадгар хан мен оның ұлы Бүрге (Бүреке) сұлтанға қатысты деректерден XV ғасырдың ортасындағы Шығыс Дешті Қыпшақтағы саяси жағдайларды түсінуге мүмкіндіктер аламыз.

3) Мұса би, Қожа мырза және Ғази би арасындағы талас-тартыстар, Ғазидың Әбілқайыр хан жағында, Мұсаның Иадгар хан жағында болуы туралы мәліметтер XV ғасырдың орта тұсындағы, яғни Қазақ хандығының құрылу қарсаңындағы Шығыс Дешті Қыпшақтың саяси өмірін көрсетеді.

4) Деректе XV ғасырдың 50-60 жж. Мауереннахр мен Хорасанда билік құрып отырған Темір әулеті арасындағы талас-тартыстар туралы мәліметтер өте жақсы баяндалады.

5) Орыс хан мен Тоқтамыс хандар арасындағы күрестер туралы.

Бұл мәліметтер Қазақ хандығының құрылу қарсаңындағы Дешті Қыпшақтың ішкі және сыртқы саяси жағдайларын түсінуге көп жәрдемін тигізеді.

И) Хорезмдегі шайбанилық әулеттің билігі тұсында жазылған «Шыңғыс-наме» атты шығармада Қазақ хандығының құрылу тарихын түсінуге жәрдем беретін мәліметтер кездеседі. Шығарма авторы Өтеміс қажы ибн Маулен Мұхаммед Дости, ол – шибанилық Илбарыс ханның сарайында хатшы қызметін атқарған. Шығарма XVI ғасырдың ортасында тарихи аңыз-әңгімелер негізінде жазылған [46]. Дерек XIII-XIV ғасырдың соңына дейінгі Алтын Орда тарихындағы оқиғаларды қамтиды. Біз одан қарастырып отырған мәселемізге қатысты мынадай сипаттағы мәселелерді кездестіреміз:

1) Жошы Ұлысы құрамындағы кіші ұлыстардың пайда болу тарихы (деректе Ақ Орда, Көк Орда және Боз Ордалардың шығуы жөнінде тарихи аңыз айтылады) [46, 92 б.];

2) Берке ханның мұсылмандығы туралы [46, 76 б.];

3) Өзбек хан және оның исламды қалай қабылдағаны туралы [46, 105-107 бб.];

4) Алтын Ордадағы XIV ғасырдың ортасында басталған «дүрбелең кезеңнің» алғашқы жылдары және сол кезде болған оқиғалар туралы.

Жалпы бұл мәліметтер Қазақ хандығының құрылуын нақты көрсетпесе де, оның алғышарттарын ашуға көп жәрдем береді.

З) Қазақ хандығының құрылу тарихын зерттеуде Захир ад-дин Мухаммед Бабырдың тарихи-әдеби, мемуарлық сипатта жазған «Бабыр-нама» еңбегінің ролі зор. Онда 1493/94-1528/29 жылдары Орта Азияда, Ауғанстанда және Солтүстік Үнді жерінде болған саяси оқиғалар әр жылдар бойынша баяндалады. «Бабыр-нама» ғылыми ортаға XIX ғасырдың басынан бері белгілі болып, ол ағылшын, неміс, француз, орыс тілдеріне аударылған [20, 150-155 бб.]. Қазақ тілінде «Бабыр-нама» екі рет басылып шығады [47-48]. Мұның өзі «Бабыр-наменың» қазақ тарихындағы алатын орнын көрсетсе керек.

Ал енді өзіміз қарастырып отырған мәселе бойынша біз «Бабыр-наманың» мынадай мәліметтеріне ерекше назар аударамыз.

1) XV ғасырдағы Әмір Темірдің Мауереннахрда билік құрған ұрпақтарының шежіресі туралы мәліметтеріне;

2) Қазақ хандығының құрылуы барысында белгілі бір дәрежеде роль атқарған моғол ханы Уәйістің ұлдары: Есенбұға хан мен Жүніс хандар туралы мәліметтерге;

3) XV ғасырдың 30-50 жылдарындағы Мауереннахр мен Моғолстан билеушілері арасында болған қарым-қатынастар туралы, әсіресе Есенбұға ханның Мауереннахрға жасаған жорықтары мен Әбу Сайд мырзаның оған қарсы жасаған әрекеттер туралы мәліметтерге;

4) Әбу Сайдтың Жүністі Ирак жақтан шақыртып, інісіне қарсы жіберуі;

5) Жүніс ханның Моғолстандағы билікті алу үшін жүргізген күрестері туралы мәліметтердің Қазақ хандығының құрылу барысын зерттеуде тигізер нақты және жанама маңыздары бар [48, 26-31 бб.; 39 б; 47 б.].

Ж) Хорезмдегі қоңырат әулетінің билігі тұсында (1804-1920) жазылған тарихи шығармалар ішінде біздің мәселемізге қатысты «Фирдаус ал-икбал» («Райский сад благоденствия») атты еңбектің мәліметтері негізгі роль атқармаса да, өзіндік орын алады. Еңбекте Хорезмнің тарихы ежелгі замандардан қоңыраттық әулеттің үшінші өкілі – Аллақұлы ханның (1825/26-1842) билігінің басына дейінгі аралықты қамтиды. Шығарманы екі автор – Шермухаммед Мунис (1778-1828/29) пен Мухаммед Риза Агахи (1809-1864) жазған. Бірінші автор 1812 жылға дейінгі тарихты жазса, екінші автор Аллақұлы ханның тапсырмасымен 1839 жылы аяқтап шыққан [20, 120 б.; 22, 431-435 бб.]. В.П. Юдин еңбектің бірінші бөлімінің компилятивті екендігін, авторлар өздеріне дейінгі деректердің, әсіресе Әбілғазының мәліметтерін пайдаланғандығын атап өтеді де, XVIII ғасырдағы тарихты баяндаудың оригиналды сипатта екендігіне ерекше назар аударады [22, 433 б.].

Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты мәліметтер де Әбілғазының «Түрік шежіресінен» алынған [44, 436 б.]. Бірақ онда кейбір оқиғалардың болған уақыты нақты көрсетіледі. Біз сол анықталған оқиғалар арқылы жалпы Қазақ хандығының құрылу қарсаңындағы оқиғалар тізбегін анықтай аламыз. Мысалы, «Фирдаус ал-икбалдағы» «862 (19. XI. 1457- 10.X. 1958) жылы Мұса би мен Буреке сұлтанның қолдауымен Иадгар хан өзбектердің көп бөлігінің билеушісі болды»,- деген мәлімет көп жағдайлардың бетін ашуға көмектеседі [44, 436 б.]. Сол кездегі оқиғалар тізбегіне назар салсақ, 1457 жылғы Сығанақ түбіндегі Әбілқайырдың қалмақтардан жеңілісінен кейін «көшпелі өзбектерден» тек Керей мен Жәнібек бастаған тайпалар ғана емес, шибанилық әулеттің өкілі Иадгар да Әбілқайыр ханның билігіне бағынбай, өз ұлысында дербес хан болып сайланған. Міне, осындай мәліметтері бар «Фирдаус ал-икбал» дерегін біз, Қазақ хандығының құрылуын зерттеуде өзіндік маңызы бар деректер қатарына жатқызамыз.

К) Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты жанама мәліметтері бар келесі шығарма авторы - Қадырғали Қосымұлы Жалайыр. Ол XVII ғасырдың алғашқы он жылдығында орыс еліндегі Қасым хандығында хан болған қазақ сұлтаны

Оразмұхаммедтің кеңесшісі қызметін атқарған. 1600 жылы Оразмұхаммедті орыс патшасы Борис Годунов Қасым хандығына хан етіп тағайындағаннан кейін, Қадырғали Жалайыр аталмыш еңбегін жазуға кірісіп, оны 1602 жылы аяқтап шығады.

Шығарманы зерттеген ғалымдар мен олардың еңбектері өте көп. Біз олардың бәріне тоқталып жатпай, тек бірнешеуін ғана атап өтеміз. Олардың қатарына И.Н. Березин, М.А. Усманов, Р. Сыздықова, М. Қойгелдиев, Б.Көмеков, Н. Мингулов, С. Өтениязов, Ә. Дербісәлиев және т.б. жатады. Біз бұл жерде шығарма көне қазақ, ескі татар, шағатай тілдерінде жазылған деген пікірлерді талдауға бармай, бәріне ортақ түрік тілі деген атауды қолданып отырмыз. Біз үшін бұл жерде ең бастысы – шығармадағы Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты мәліметтерге қысқаша шолу жасап, сипаттама беру жатады. Төменде сол мәселеге назар аударалық.

«Жылнамалар жинағының» Орыс хан туралы дастанына дейінгі көп бөлігі Рашид ад-динның «Жамих ат-тауарих» атты кітабының түрікше қысқартылған түрі. Сол себепті де ол мәліметтер-компилятивті сипатта. Біз үшін ең маңыздысы соңғы тоғыз дастанның мәліметтері болып саналады. Біз ол дастандардан Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты мынадай мәліметтерді кездестіреміз.

1) Орыс хан, Құйыршақ хан, Барақ хандар туралы, Жәнібек ханның "кіші Жәнібек хан" деп аталатындығы туралы және XIV -XV ғасырларда Дешті Қыпшақта болған оқиғалар туралы жалпы мәліметтер [49, 112-114 бб.];

2) Едіге және оның ұрпақтары: Мансур, Қази, Наурыз, Нұраддин; Афас, Оқас, Хорезми, Мұса, Жаңбыршы билерге қатысты мәліметтер [49, 117-1119 бб.];

3) Сібір хандарына қатысты мәліметтер [49, 119 б.];

4) Шайбанилық Әбілқайыр хан мен Иадгар ханға қатысты мәліметтер [49, 120-121 бб.];

5) Жәнібек хан және оның ұрпақтарына қатысты мәліметтер [49, 121-123 бб.].

Қадырғали Жалайыр еңбегінде Қазақ хандығының құрылуы туралы нақты деректер айтылмаса да, жоғарыда атап өткен мәліметтер тобы жалпылама немесе жанама сипаттағы деректерге жатады. Ол мәліметтер арқылы біз Алтын Орданың ыдырау процесін, одан бөлініп шыққан хандықтардың бір-бірімен күресін, әр аймақтағы әулеттердің шығу-тегін, бір-біріне туыстығын біле аламыз. Бұлардың бәрі Қазақ хандығының құрылуының саяси алғышарттарын терең түсінуге және зерттеуге мол мүмкіндіктер береді.

Осылайша, Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты жазба деректер тобындағы мәліметтерге шолу жасай келе, мынадай ортақ тұжырымға келеміз.

Жалпы алғанда, Қазақ хандығының құрылу тарихын зерттеуде жазба дерек мәліметтерінің маңызы ерекше зор және олар бұл мәселеде негізгі роль атқарады. Олардағы мәселеге тікелей қатысты және жанама қатысты мәліметтер бір-бірін толықтырып, байытып, тақырыпты терең зерттеуге, сол тұстағы тарихи үдерістерді кең тұрғыда қарастыруға мол мүмкіндіктер береді.

Әдебиеттер:

1. Валиханов Ч.Ч. Из «-Тарих-и Рашиди». Собрание сочинаний. –Алма-Ата, 1985. -Т.4.

2. Вельяминов-Зернов В.В. Исследование о Касымовских царях и царевичах.– СПб., 1864 . -Ч.2.

3.Бартольд В.В. Хайдер-мирза. Сочинения. – Москва, 1973.-Т.8.

4.Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сборник 1. (V в. до.н.э. -XVIII в.н.э.) –Л-М., 1935.

5. Марғұлан Ә. Мұхаммед Хайдар Дулати - қазақтың тұңғыш тарихшысы. // Әдебиет және исскуство. –Алматы,1941.-№4.

6. Марғұлан Ә. Мұхаммед Хайдар (Дулати). // Білім және еңбек. -1963. -№ 7.

7. Масанов Э.А. Мухаммед Хайдар, Доглат Мырза Хайдар. // Советская историческая энциклопедия. – Москва, 1966.-Т.3.-С.829.

8. Тарих-и Рашиди. Мына жинақта: Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений) Сост.: С.К.Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А.Пищулина, В.П. Юдин. – Алма-Ата, 1969. – 652 с.(Одан әрі МИКХ.)

9.Мингулов Н. Мухаммед Хайдар Дулати. // Великие ученые Средней Азии и Казахстана. (VIII- XIXвв.) – Алма-Ата, 1965.

10.Мырза Мухаммед Хайдар. Тарих-и Рашиди /Введ. перевод с персидского. А. Урунбаева, Р.П. Джалиловой, Л.М. Епифановой. – Ташкент, 1996. - 728 с

11.Дербісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары (тарихи-филологиялық зерттеу) /Арнаулы редакторы және кіріспе сөзін жазған Ө. Жәнібеков. – Алматы, 1995.

12.Мырза Мұхаммед Хайдар. Тарих-и Рашиди /Введ. перевод с персидского. А. Урунбаева, Р.П. Джалиловой, Л.М. Епифановой. Примечание и указат. Р.П. Джалиловой, Л.М. Епифановой. Предисовие ко второму изданию М.К. Козыбаева, К.А. Пищулиной. – Алматы, 1999.

13. Дербісәлиев Ә. Мұхаммед Хайдар Дулати: өмірбаяндық-библиографиялық анықтамалық. –Алматы, 1999. – 160 б.

14.Мұхаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди. (Хақ жолындағылар тарихы). – Алматы, 2003. -616 б.

15. Бабыр Захир ад-дин Мухаммед. Бабырнама /Қазақша сөйлеткен Байұзақ Қожабекұлы. – Алматы: Ататек, 1993. - 448 б.

16. Кәрібаев Б. Қазақ хандығының құрылу тарихына кейбір деректердегі ақаулар және оларды дұрыс түсіндіру мәселесі // Вестник АГИ. -1998.-№1.

17. Стэнли Лень-Пуль. Мусульманские династии. – СПб., 1889. -С.181-183.

18. Тулебаева Ж.М. Персоязычные источники по истории казахов и Казахстана XIII-XIXвв. –Астана, 2006. –С.10.

19.Стори Ч.А. Персидская литература. Библиографический обзор в 3-х частях / Перевод, переработка и дополнения Брегеля Ю.Э. – Москва, 1972.- Ч. II.

20.Ахмедов Б.А. Историко-географическая литература Средней Азии XVI -XVIII вв. (Письменные памятники) –Ташкент, 1985.- С.4.

21. Бахр ал –асрар фи манакиб ал-ахйар. Мына жинақта:МИКХ.

22. Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений) Сост.: С.К.Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А.Пищулина, В.П. Юдин. – Алма-Ата, 1969. – 652 с.

23.Мукминова Р.Г. О некоторых источниках по истории Узбекистана начала XYI в. // Труды института Востоковедения АН УзССР.–Ташкент, 1954.-Вып 3.

24.Семенов А.А. Первые шайбаниды и борьба за Мауереннахр. //МИТУСА. Вып. I. ТИИАЭ АН Тадж.ССР. – Столинабад, 1954. –Т.12.- С. 109-150.

25.Таварих-и гузида-йи нусрат-наме // МИКХ.

26. Таварих-и гузида-йи нусрат-наме / Исследование, критический текст, анотированные оглавление и таблица сводных оглавлений к филолог. наук А.М.Акрамова. – Ташкент, 1967.

27. Фатх –наме. МИКХ.

28.Тагирджанов А.Б. Описание таджикских и персидских рукописей Восточного отдела библотеки АГУ. т.I.История, биография, география. – Ленинград,1962.

29.Бартольд В.В. Определенные «Анонима Искандера». – Москва, 1973.-Т.8.- С.481-482.

30. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. - Т.II. Извлечения из персидских сочинений. Собранные В. Тизенгаузеном и обработанные А.А.Ромаскевичем и С.Л.Волиным. – М.-Л., 1941. –308 с. (Одан әрі - СМИЗО).

31.Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: Летопись трехтысячилетий. – Алматы, 1992.

32. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Государство и народы Евразийских степей. Древность и сердневековье. Второе издание, исправленное и дополненное. – СПб., 2004.

33.История Казахстана с древнейших времен до наших дней. В 5-ти томах. – -Алматы, 1997.-Т.2.

34.Ахмедов Б.А. , Мукминова Р.Г., Пугащенкова Г.А. Амир Темур. Жизнь и общественно-политическая деятельность. –Ташкент, 1999. –С.16.

35. Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. – Алматы, 2001.

36.Пигулевская Н.В., Якубовский А.Ю., Петрушевский И.П., Строева Л.В., Беленицкий А.М. Истории Ирана с древнейших времен до конца XVIII века. – Л., 1958.

37.Абд-ар-Раззак Самарканди. Места восхода двух счастливых звезд и места слияния двух морей. // СМИЗО. – Т.2.

38. Ахмедов Б.А. Государство кочевых узбеков. – М., 1965.

39. Фазлаллах ибн Рузбихан Исфахани. Михман-наме-йи Бұхара. (Записки Бухарского гостя) Перевод, предисловие и примичания Р.П. Джалиловой. Под редакцией А.К. Арендса. – Москва, 1976.

40. Маджму ат –таварих. Мына жинақта: Материалы по истории киргизов и Киргизии. М., - 1973.-Вып.1.

41.Бартольд В.В. Соч. IV. –Москва, 1966.

42.Султанов Т.М. Кочевые племена Приаралья в XV-XVII вв. –М., 1982.

43. Фирдаус ал –икбал. Мына жинақта: МИКХ.

ӘОЖ 950 (574.54)

ҚАЗАҚ ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕКНАМАЛАРЫ

(Зафарнама, Бабырнама және Тарих-и Рашиди сынды үш жазба дерек бойынша)

А.И.ЖЕМЕНЕЙ, филология ғылымдарының докторы
Сүлеймен Демирель атындағы Университет, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Қазіргі таңда қазақ тарихын жаңаша көзқарас тұрғысынан зерттеу – күн тәртібіндегі ең өзекті мәселенің бірі. Ұлт тарихы жайлы сөз еткенде нақты деректің, тарихи оқиғаның маңызы зор. Сондықтан да ғалым мақаласында қазақ тарихының дерекнамаларына байланысты дәйекті ойлар айтады.

Ғалым ортағасырлық парсы, түркі тіліндегі жазба деректерде қазақ сөзінің қай мерзімнен, қандай мағынада қолданғандығына байланысты сұрақтарға жауап іздейді. Қолда бар жазбаларға қарағанда әзірше алғаш рет қазақ сөзі тарихшы Шараф ад-дин Әлі Йәзди (туған жылы белгісіз - 1454 жылы қайтыс болған) 1424-1425 жылдары парсы тілінде жазған «Зафарнаме» кітабында кездеседі.

Осылайша «Зафарнаме» кітабындағы қазақ тарихына байланысты деректерге, Зәһир ад-дин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнаме» кітабындағы тарихи оқиғаларына шолу жасайды. Кітаптың тілі жеңіл, түсінікті әрі қарапайым болуымен қатар мазмұны маңызды тарихи оқиғаларға, философиялық-дидактикалық ойға, көркем бейнелеу сөздерге өте бай. Бабыр қарапайым сөздер мен терең ойлар арқылы түркі тілінің құдіретін көрсетіп әрі тілдің беделін асырып отырады. Сондықтан ойы бар, жаңалығы бар құнды туындыларды әрбір халық өз тіліне аударып алуға мүдделі болатынын көрсетті.

Бабыр аталған кітабында «қазақ» сөзін көп рет түрлендіріп, түрлі мағынада қолданғандығы туралы нақты деректер келтіреді.

Автор Мұхаммед Хайдар Дулаттың «Тарих-и Рашиди» еңбегіндегі алты әңгімені талдай отырып, ондағы қазақ тарихына қатысты деректерді оқырман назарына ұсынады.

Мақаладағы ғылыми тұжырымдар қазақ тарихын жаңаша көзқарас тұрғысынан қарастыруға негіз бола алады.

Кілт сөздер: қазақ, Зафарнаме, Бабырнаме, Тарихи-и Рашиди.

Аннотация

В настоящее время исследование казахской истории с новых позиций является самым актуальным вопросом, стоящим на повестке дня. В ходе обсуждения вопроса о национальной истории большое значение играет историческая правда. Поэтому, в своей статье автор приводит достоверные размышления, связанные с фактами казахской истории.

Автор ищет ответы на вопросы, касающиеся употребления и значения казахского слова в письменных памятниках, написанных на персидском и тюркском языках. По имеющимся летописям впервые слово «казах» было написано в 1424-1425 годы в книге «Зафарнаме», написанной на персидском языке историком Шарафаддином Али Йазди (год рождения неизвестен, год смерти – 1454 год).

В статье дается обзор фактов казахской истории, представленных в книге «Зафарнаме», а также исторических событий, написанных в книге Захираддина Мухаммеда Бабура «Бабурнаме». Книга легко читаема и понимаема, однако богата художественно-изобразительными средствами, содержательными историческими событиями, философско-дидактическими размышлениями. Бабур с помощью простых слов и глубоких мыслей показал священность тюркского языка и уникальность каждого языка. Не случайно, автор показал возможность использования и перевода на свой родной язык ценных произведений, отличающихся новизной и глубоким смыслом.

Автор статьи приводит достоверные сведения о том, что Бабур в своей книге употребляет слово «казах» в различных видах и значениях.

Также, исследователь, выбрав из труда Мухамедда Хайдара Дулата «Тарих-и Рашиди» шесть рассказов, предлагает читателю соответствующие факты, связанные с казахской историей.

Научные концепции, представленные в статье, можно считать основой для нового взгляда на казахскую историю.

Ключевые слова: казах, Зафарнаме, Бабурнаме, Тарихи-и Рашиди.

Annotation

Current research Kazakh history from new positions is the most pressing issue on the agenda. During the debate on national history historical truth is of great importance. Therefore, in his article, the author gives reliable reflections related to the facts of Kazakh history.

The author is looking for answers to questions regarding the use and importance of the Kazakh speech in written records, written in the Persian and Turkic languages. According to the chronicles for the first time the word "Kazakh" was written in the years 1424-1425 in the book "Zafarname", written in Persian by historian Sharafeddin Ali Yazdi (the year of birth is not known, the year of death - in 1454).

The article provides an overview of the facts of the Kazakh history presented in the book "Zafarname", as well as historical events written in the book of Muhammad Babur Nama "Baburname." The book is easy to read and understood, but it is rich in artistic and graphic means, meaningful historical events, philosophical and didactic reflections. Using simple words and deep thoughts Babur revealed the sacredness of the Turkic language and the uniqueness of each language. Not coincidentally, the author has shown the possibility of translation into the native language and usage of valuable works excelled with their novelty and deep meaning.

The author brings reliable information that in his book Babur uses the word "Kazakh" in various types and senses.

Also, the researcher, choosing from Muhamedd Haidar Dulati "Tarikh-i Rashidi" works six stories, invites the reader to relevant facts related to the Kazakh history.

Scientific concepts presented in this article can be considered as the basis for a new view of the Kazakh history.

Key words: Kazakh, Zafarname, Baburname, Tarikhi-i Rashidi

Ортағасырлық парсы және түркі тілінде жазылған жазба дерек тарихнамаларда Қазақ сөзі бірде этникалық, бірде лексикалық мағынада көрініс тапқан[1,2].

Әуелі «Қазақ» сөзі ортағасырлық парсы,түркі тіліндегі жазба деректерде қай уақыттан, қандай мағынада қолданып келген деген сұрақтарға жауап іздегенде, қолда бар жазбаларға қарағанда әзірше алғаш рет қазақ сөзін тарихшы Шараф ад-дин Әлі Йәзди (туған жылы белгісіз- 1454 жылы қайтыс болған) 1424-1425 жылдары парсы тілінде жазған «Зафарнаме» кітабынан кездестіреміз[3].

Қазақ сөзі Зафарнамада «hәзаре» сөзімен бірге қолданылған: «Сарбұға мен Әділшah Қамареддинге қосылған соң Қамареддиннің бұрыннан ішінде сақталып келе жатқан кек оты одан әрі лаулай түскендіктен оны адастырып, пасықтық іске итермеледі. Содан Қамареддин Әндіжанға жорыққа шықты. Осы оқиғадан кейін қазақ hәзарелері әмірзада Омар Шейхтан бас тартып, Қамареддинге қосылды.» (Зафарнаме: 329-б.) осы мәтіндегі қазақ пен hәзаре сөздерінің тіркесі қандай мағынада болған? Hәзаре парсы тілінде мыңдық деген мағынаны білдіреді. Осыған орай бұл тіркестің қандай жағдайда айтылғаны ойландырады. Қамареддин мен Әмір Темір арасындағы ұрыс-керіс шамамен 1363-1375 жылдары болған. Осыған қарап қазақ сөзі сол кездері қолданыста болғанын білдіреді.

Зафарнаме кітабында екінші рет қазақ сөзі Әмір Темір Тәшкентке барып, кейін қазақ уәлаятына қарай шабуыл жасағанын жазады. Ол оқиға былай баяндалған:«Ол яғни Әмір Темір Тәшкентке қарай бет алды. Ол уәлаятты әділет пен игілік нұрына және кешірімділік пен алғысқа бөледі. Ол аймақтың тұрғындары Әмір Темір жорық жасамай жатып, оның алдына келіп бас иді. Олар Әмірді мойындағаны үшін, Әмір оларға сый-сияпат беріп, өзінің шапағат мейіріне бөледі. Осылайша тұрғындар Әмірдің рақым шашқан назарына ілігіп, қан мен үрейден аман қалған болатын. Тағдыр үкімінің ағысы іске асып Әмір Темір былай деген: «әскерлер оларға мүлдем тиіспесін, тіпті тұрғындарға титтейде зиян келтірмесін. Содан әлем жұртшылығы әркім өздерінің жақсы не жаман істерінің жазасын тартатынын білетін болады. Мына аятқа сай: «Кім ізгі іс істесе, өзі үшін. Жамандық істесе де өзі үшін...» (41 сүре, 46 аят),-деп бұйрық берді. Саhиб қыран ол жерден өтіп, Қазақ жұтұр уәлаятына жорық жасады. Жеңімпаз мұжаhид әскерлері биік тауларда мекендеген адасқандардың барлығын жамандықты өртеуші семсердің жеміне айналдырды. Қазақ жұтұр елін тонады. Мал-мүлік пен олжалар қолға түсті.» (Зафарнаме-551б.). Бұнда “қазақ жұтұр” деген тіркес бар. Бұл мәтіндегі «жұтұр» сөзінің қандай мағынаны беретінін түсіне алмадық. Сөздіктерден де таба алмадық. Сосын аталған сөз «жұрт» сөзінің өзгертіліп айтылған түрі ме деп ойладық. Өйткені автор түркі тілін білмеген, әрі араб әліппесінің таңбалары тілдердің дауысты дыбыстарын таңбалауға жеткіліксіз болып келеді. «жұтұр» сөзі «жұрт» сөзінің баламасы болса қазақтың территориясы болған жұрт. Бұл оқиғалар XIV ғасыр аясында болып жатқанын ескерсек қазақ жұртының тарихы, әлде ерте заманда қалыптасу процессін бастан өткізіп жатқанын байқатады. Өйткені Ел болып, жерге қожалық ету ұзақ уақытқа созылатын процес.

Автор еңбегінің тағы бір тұсында: «Олардың аттарын олжалап, мың кісіні қос аттан тездетіп жүріп, Хожәнд өзенінен өтіп, Қазақ жолы арқылы Самарқанға бет алды.» (Зафарнаме- 975 б.). Бұл сөйлем Қазақтың өз атауымен территориясы бар болғанын анық байқатады.

Түйіндеп айтқанда: тарихтың осындай аласапыран кезеңде жазылған Зафарнаме кітабы негізінде Әмір Темір салтанат құрған (1370-1405) жылдардағы оқиғаларды қамтиды. Ал, кітаптың кіріспе бөлімінде түрік тайпаларының пайда болу тарихы, Шыңғыс ханның төрт ұлының билігінің тарихы, Орта Азия мен көршілес елдердің XIV ғасырдың бірінші жартысындағы саяси ахуалы және сол кездегі ру-тайпалар аймақтарды әмірліктер

мен сұлтандықтарға бөлшектеп билегендері және солардың таққа таласқан талас-тартыстары сипатталады. Сондай аласапыран кезде Әмір Темір саяси сахнаға шығып, түркі тайпаларын бір орталықтан басқару жүйесіне енгізіп, ұлы мемлекет құрғанын айқын сездіреді.

Сонымен қатар, Қазақ халқының да топтасу барысының жүріп жатқанын байқауға болады. Сондықтан Әмір Темір Орталық Азияда ру-тайпалық шашыраңқы биліктерді қалай бір тудың астына жинап, ұлы мемлекет құрған болса, дәл солай әр тұста шашырап жүрген қазақ топтарын кейін Керей хан мен Жәнібек хан бір ту астында жинап, Қазақ хандығын құрғанының куәсі боламыз. Әмір Темір Самарқан қаласын астана етіп, жаулап алған елдерден құрылыс, өнер мен әдебиеттің озық мамандарын жинап, Самарқан қаласының көрінісін де, руханиятын да көркейтіп, дамытты. Көшпенді Қазақ хандығы бұндай табысқа қол жеткізуі мүмкін болмады. Бірақ көшіп-қонып тіршілік ету оларға жаулардың тегеурінді шабуылдарынан аман қалып, өмір сүрулеріне мүмкіндік туғызып отырғандай көрінген тәрізді. Сонымен бірге қазақтың көшпенді салты ежелден мұра болып келе жатқан түркінің бай ауыз әдебиеті мен күйіне ие болу мүмкіндігін берді. Бұл өте маңызды құбылысқа «Әдебиет және өнер институтынан» жарық көрген қазақтың 100 томдық «Бабалар сөзі» және этнограф ғалым Ақселеу Сейдімбектің « Қазақтың күй өнері» атты зерттеу еңбегі дәлел бола алады.

Сондай-ақ Әмір Темір отырықшы қоғамның көсемі ретінде Самарқан шаһарын әлемнің ең көрікті қаласы етуді армандады. Екіншіден бүкіл әлемге өз билігін жүргізуді мақсат етті. Сол себептен көздеген екі мұрат-мақсатына жеткен деп тарих куәлік етеді. Оған айғақ Самарқан қаласының көркі және ғажайып ғимараттары күні бүгінге дейін әлем жұртшылығының көз айдыны болып келеді. Жыл сайын мыңдаған саяхатшы Самарқан шаһарын тамашалауға дүниенің түкпір-түкпірінен сонда ағылып жатады. Екінші арманына орай Әмір Темір және оның ұрпақтары жүздеген жыл Орталық Азия, Иран, Ауғанистан, Үндістанға дейінгі кеңістікті биледі.

Зафарнамеде Әмір Темірдің Жайық бойындағы Сарай мен Сарайшық қалаларын ойрандап, күл-талқанын шығаруын да сипаттап берген. Зафарнамеде Сарай туралы мәлімет бірнеше рет беріледі. Соның бірі:«Батыйды Қыпшақ даласына Үгедей қағанның бұйрығы бойынша таққа отырғызып, қайта оралды. Сарай шаһарын Батый тұрғызды» (Зафарнаме-151б.). Бұнда қаланың кім салғанын жазса, ендігісінде ойран болғанын хабарлайды. Онда:«Саһиб қыран Қажы Тархан маңына жеткенде әмірзада Пір Мұхаммед Жаһангер, әмір Жаһаншаһ, әмір Шейх Нұреддин, Темір қожа Ақбұғаны әскермен бірге Сарай жаққа жөнелтті. Өзі таңсәріде арнаулы шағын атты адамдармен Қажы Тарханға жорыққа шығып, ондағы жанды-жансыздың барлығын тонап, талан-таражға салды. Сол жердің әкімі Мұхаммедиді мұз астына жіберіп, балықтарға жем қылды. Жеңімпаз әскер мұз қатқан Еділ өзенінен өтіп, Сарайды жаулап алып, отқа өртеп, жақты. Сол төңіректің мал қорасын, дала тұрғындарын түгелдей тонап, айдап, алып келді. Сарайды ойрандау себебі, олардың әскері саһиб қыран Фарс пен Ирактыжаулап алумен әлек болып жүрген кезде, олар Мауәраннаһрдың бос қалғанын пайдаланып, шабуыл жасап, Қазансұлтан ханның Шынжыр сарай атты әйгілі сарайын талқандаған болатын. Міне сол үшін Сарай осылайша астан-кестені шықты (Зафарнаме-582 б.).

Қазақ сөзін қолданған тағы бір шығарма «Бабырнаме» кітабы[4]. Бұл кітаптың авторы адамзат тарихында ерекше орны бар Зәһир ад-дин Мұхаммед Бабыр (1483-1530). Бабыр өз шығармасын түркі тілінде жазған. Аталған еңбегін көріп, естіген, оқыған тарихи оқиғаларды жылнама түрінде 1493-1529 жылдар аралығындағы тарихи оқиғаларды қамтитын кітап етіп түркі тілінде жазған. Еңбек өте құнды болғаны үшін түркі тілінде жазылғанымен парсы һәм әлем елдерінің өзге тілдеріне аударылып келеді. Бұл кітаптың тілі жеңіл, түсінікті әрі қарапайым болуымен қатар, мазмұны маңызды тарихи оқиғаларға, философиялық –дидактикалық ойға, көркем бейнелеу сөздерге өте бай. Бабыр қарапайым сөздер мен терең ойлар арқылы түркі тілінің құдіретін көрсетіп әрі тілдің беделін асырып отырады. Сондықтан ойы бар, жаңалығы бар құнды туындыларды әрбір халық өз тіліне

аударып алуға мүдделі болатынын көрсетті. Бабыр аталған кітабында «қазақ» сөзін көп рет түрлендіріп, түрлі мағынада қолданған.Мәселен: «Екінші қызы-менің анам Құтлық Нигар ханым еді. Көбінесе қазақлықтар да әлсіреп, күйзеліске түскенде менімен бірге еді» (Бабырнаме-13 б.). Бабырнамадағы бұл сөйлемде анасы Құтлық Нигар ханым Бабырмен қазақылықтарда бірге болғанын ескерсек, Бабыр анасын қарақшылық пен барымта жасауға өзімен бірге алып жүрмесі анық. Сондықтан қазақылықтың аталған мәтінде: орталық биліктен шеттеп, еркін жүрісті меңзейді. Бұл жайт үш себепті орын алуы мүмкін: Бірі-билікке таласқанда қарсылас өте қуатты болған жағдайда, екінші жақ кең даладан панажай іздеп, саяси қуғын ретінде қазақы, яғни еркін өмірге көшеді. Екіншісі- орталық билікке бағынғысы келмейтін тұлғалар мен топтар, далада аң аулап, сәтті уақытын күтіп, тіршілік ете тұрады. Үшіншісі- өзінің болмыс табиғаты қалалық тіршілікті сүймейтін жандар. Сондықтан қазақылық өмір салтын ұстанады, олар даладағы еркін өмірге құмартқан адамдар дей аламыз. Осыған орай «қазақ» сөзі еркін, еркіндікті сүйетін жан деген мағынада қолданылған.

Бабыр «Алашы» атауының шығу себебін де өз еңбегінде жазғанын атап кеткен жөн. Ол Сұлтан Әбусаид мырза әулеттері туралы жазғанда:«Сұлтан Mahмұд ханның кіші баласы Сұлтан Ahмет хан еді, ол Алшы ханға мәшhүр дүр, Алшының аталуына былай делінген: Қалмақ пен моғол тілінде Алашы деген. Калмақты неше қайта басып, қалың жұртын қырған үшін Алашы депті, бұл сөз көп қолданып келе Алшы болып тұр.» (Бабырнаме-14 б.). Алаш атауын осы түбірге байланысты болжайтын болсақ Бабыр алғаш зерттеуші ретінде бұл атауды айналымға салып отырған ғалым.

Бабыр Қазақ хандары Әдік сұлтан мен Қасым ханды былай еске алады: «Өзгеден кіші бір қыздың үлкені Сұлтан Нигар ханым еді. Оны Сұлтан Mahмұд мырзаға ұзатқанды. Мырзадан Сұлтан Уайыс атты бір ұл болған. Оның әңгімесі осы тарихта келтіріледі. Сұлтан Mahмұд мырза өлгеннен соң ұлын алып ешкімге хабар айтпай, Тәшкентке ағаларына барып еді. Бірнеше жылдан соң Әдік сұлтанға тиді. Әдік сұлтан Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы нәсілі Қазақ сұлтандарының бірі болған.Нигар ханым хандарын Шейбани хан басып, Тәшкент пен Шahрохиені алғанда он, он екі моғол нөкерімен қашып Әдік сұлтанға барды. Әдік сұлтаннан екі қызы болды. Бірін Шейбан сұлтандарына және бірін Сұлтан Саид ханның ұлы Рашид сұлтанға берді. Әдік сұлтаннан соң, Қазақ ұлысының ханы Қасым хан болды. Әңгімелерге қарағанда: Қазақтың хан мен сұлтандарының арасында ешкім ол ұлысты Қасым хандай берік қолға алып билеген емес. Ерікті әскері үш жүз мыңға жуық жиналған еді. Қасым хан өлген соң, ханым Кашғарға Сұлтан Саид ханның қасына келді» (2-14 бб.). Бабырнаме кітабының түпнұсқасын түркі тіліндегі бұл мәтіннің сөзі мен сөйлем құрылымын қаз-қалпында беруге тырыстық. Байқасақ мәтіннің жалпы сөздері қазақшаға бейім келеді. Сондықтан өз заманында Бабыр тілі түркілерге түсінікті ортақ тіл болғанға ұқсайды. Бүгіндері Бабыр тілінен алыстап кеткен себебіміз бұрын араб жазуы қолданыста болған, ал қәзір криллица жазуы болғандықтан оқылуы екі түрлі дыбысқа айналып, бұрынғы айтылуынан ажырап қалған. Екіншіден Бабыр, Қазақ хандығына Қасым хан арқылы өзге хандықтардың хандары арасында өзіндік орынға ие екенін көрсетіп, биік баға беріп отырғаны үшін біздің тарапымыздан ұлықтауға әбден лайық тұлға. Өйткені Бабыр патшаның Қасым ханға берген бағасы аса маңызды һәм шындықтың тарихи мәйегі. Себебі, біріншіден- Бабыр патша Қасым ханның замандасы, екіншіден-Бабыр адамзат тарихына теңдесі жоқ ұлы империясы жүздеген жылға жалғасып, адамзат мәдениеті мен руханиятына баға жетпес жәдігерлер қалдырдыған тұлға ретінде Қасым ханға берген бағасының айрықша екенін айтып, Қазақ хандығына мақтан көңілмен қарай аламыз.

Бабыр әкесінің әмірлерін таныстырып баға берген тағы бір тұсында қазақ сөзінің тіркесін былай қолданған: « Тағы бірі Қасымбек еді. Қаушын еді. Бұрынғы Әндіжан қосынының бектерінің бірі еді. Асанбектен соң менің жанымда билік иесі ол болған. Өмірінің ақырына дейін билік пен беделі артты және өксімеді, мәрт кісі еді. Бір мәрте Касан өңірін шапқан өзбектің артынан барып оны жәйпап тастаған. Омар Шейх мырза

қасында қылыш сермеп жүргенді. Иасы кешіті (өткел, кешу) ұрысында да жақсы шабысты. Қазақлықтарда Мәсша тауынан Сұлтан Mahмұд ханның қасына бармақ ниетін қылғанда Қасымбектен бөлініп, Хұсрау shah қасына кетті» (Бабырнаме- 17 б.). Бұл мәтінде қазақ+лық сөз тіркесі «далалық еркін өмір салты»,-деген ұғымды білдіреді. Бұл адамдар өмірден шаршап, шалдыққанда жайлауға барып дем алып, бой жазғандай жағдайды меңзейді. Екінші жағынан түркілер қаншалықты қалада тұрса да далаға, оның еркін өміріне сағыныштары жоғалмаған. Өйткені, кейде қазақылық пен барымташылық балама сөздер болып көрінеді. Бірақ Бабыр патша барымтаға барып жүрген болса, оның аты ұлы патша орнына ұлы барымташы атпен де танылар еді.

«Тағы бірі Уәйіс Лағәри еді. Самарқандық Тоқшы елінен еді. Омар Шейх мырза қасында соңғы кездерде өте жақын жүрген еді. Менімен бірге қазақлықтарда жүретін. Ақыл-парасаты жақсы еді. Бір шама бүлікшіл еді (Бабырнаме- 18 б.). Бұл мәтінде де қазақ+лық даланың еркін өмірін меңзейді. Ал қазақылықты барымташылыққа телісек, Бабыр барымтаға шыққан болса қай жерге барымта жасап, қандай мал-мүлікті олжалағанын бір рет болса да айтар еді.

Бабыр Сұлтан Ahметтің балалары жайында жазғанда қазақылық сөзін тағыда қолданады. Онда:«Үшінші қызы Айша Сұлтан бегім еді. Бес жасында Самарқанға келгенде маған атастырған еді. Соңғы жорықтарда Хожәндыға келді, онымен үйленген едім. Самарқанды екінші рет алғанда бір ғана қызы болып еді, неше күн соң тәңірі рахметіне барды. Тәшкент бүлігінен бұрынырақ әпкесінің азғыруымен менен ажырасты. » (Бабырнаме- 24 б.). Бұл мәтінде қазақ+лық сөзі жорықтар дегенді меңзейді. Бәлкім партизандық тұтқиылдан жасалатын жорықтарды айтатын шығар.

Бабыр Сұлтан Әбусаид мырзаның балалары жайында айтқанда:«үшінші Қазақ бегім еді»(Бабырнаме -35 б.),-деп жазды. Бұнда Сұлтан Әбусаид Қазақ деп қызының есімін қойғанға қарап, Қазақ атауының бір киесі болған шығар дейсің.

Бабыр еңбегінің 1496 жылғы оқиғаларын баяндағанда «қазақ жігіттері» деген тіркесті қолданған: «Төлен қожа моғолды екі-үш жүз қазақ жігіттермен жорыққа аттандырдық.» (Бабырнаме – 52 б.). Бұл мәтіндегі «қазақ жігіттер» сөз тіркесіне зер салғанда мұнда «қазақ» сөзі -партизандық іс-қимылға шыңдалған ерікті жауынгер дегенге саяды.

Бабыр кітаптың тағы бір тұсында көреміз:«Төлен қожа атты бәрі ер, бетке ұстар, қазақ жігіттерінен еді. Әкем Омар Шейх мырза жанашырлық жасады. Қазірде жанашыр болып жүр. Мен өзім тәрбиелеп, бек қылып едім. Ғажап ер және қазақ жігіт еді. Жанашырлыққа лайықты еді.» (Бабырнаме – 70 б.). Осы мәтіндегі қазақ сөзі мәрттік пен ерлікке баланып, бағаланған.

Бабыр кітабының 86-шы және 88-ші беттерінде де қазақ+лық тіркесті қолданған. Сонымен бірге моғол ұлысы туралы өз көзқарасын білдірген. Онда:«Менің анамның қасында мың бес жүз, екі мыңға жуық моғол ұлысынан бар еді. Тағы Ыисардан Әмзе сұлтан, Мәhди сұлтан және Мұхаммед дұғлат. Олармен бірге де соншалық моғол келіп еді. Қашанда жамандық пен бұзақылық моғол ұлысынан болатұғын.»,-делінген (Бабырнаме - 86 б.). Осы тұста «моғол» ұлысына қатысты Бабырдың әңгімесіне қарағанда: Бабыр моғол, қазақ тағы басқа ұлыстарды бір-бірінен ажыратып, оларға өз көзқарасын анық білдіріп отырған. Бұнда Бабыр өзін моғол еместігін нақтылап тұрса да, европалық ғалымдар Бабырдың Үндістанда құрған империясын Моғол империясы деп атағанының жөні жоқ екенін көрсетеді. Бабыр империясын моғол империясы деулерінің не қажеті болған? Екінші мәселе парсы және түркі тарихшылар Шыңғыс хан мен оның ұрпақтарын бірақ “моғол” деген сөзбен жазған. Ал қазақ ғалымдары оны моғол, монғұл, моңғұл тағы басқа түрде түрлендіріп жазып жатады. Оны қалай түсіне аламыз? Тарихта бір шындық бар. Ол жаулаушы ел ұдайы жауланған жеркілікті күшті елдің құрамына еніп, ассимиляциясына ұшырап, сол елдің болмысының бір бөлшегіне айналып отырған. Европалықтар, арабтар, парсылар hәм түркілер осындай тарихи процестерді басынан өткізіп, талай рет өзге ұлыстарды өз құрамына енгізіп, бойына сіңіріп отырды. Сондай

заңдылық негізінде Түмен Балтабасұлы(1884-1957): «Бұл жерден кімдер кетіп, кім қалмаған? Кара жер қаза жетсе кімді алмаған? Қызылбас, Қытай, Қыпшақ, Қырым, Қырғыз, Айладыр алтау болса, Қалмақ жетеу-Ерлерден ертедегі қалынған жер»,-деп жырлағандай, Қазақ халқы да жеті жұртты өз бойына сіңіріп келді.

Бабыр тағы бір әңгімесінде:«Сол қыстауда болғанда Құдайберді Тоқшыға мейір-шапағат көрсетіп, бек қылып едім. Ол екі-үш рет қайта барып Тәнбәлдің қарсылығын басып, бастарын кесіп алып келген. Әндіжан мен Ош өңірінде де қазақ жігіттер әииарлықпен тынбай шабуылдап жылқыларын айдап, кісілерін өлтіріп қатты әлсіреткен болатын (Бабырнаме- 95 б.). Бабыр жоғарыдағы үзінділерде қазақ сөзін әииар сөзімен балама сөз етіп қолданған. Әииар сөзіне парсы түсіндірме сөздіктер былай анықтама берген: әииар \a\ шапшаң, батыр, зерек,епті, жасампаз және сиқыршы адам. IX ғасырда керуен жолын кесіп, алған олжаларын халық игілігіне жаратып жүретін мәрт, жауанмәрт, жауынгер, батырларға қаратып айтқан сөз. Хорасан өлкесінді Жақып ибн Лейс Саффар есімді әииар болған. Ол 868-878 жылдары әииарлар топтарының қолдауымен Бағдаттағы халифаға қарсы шығып, Иран мен Ауғанстан аймақтарындағы Кабул, Һерат, Керман және Фарс территорияны халифатқа бағынбайтын дербес ел деп жариялады. Сөйтіп Иранның шығыс өңірінде орналасқан Систанда Зәрәнж қаласын астана етіп, алғаш рет халифаттан тәуелсіз саффари үкіметін құрды. Аталған Жақып ибн Лейс Саффар тарихта әииарлықпен аты шыққан.

Бабыр еңбегінде түрік халықтары Үндістан мемлекетін құрудағы үлесін де сөз қылған:«Әзіреті рәсул заманынан бұл тарихқа дейін жүз деген патшалардан үш кісі Үндістан уәлаятын жаулап, салтанат құрып тұрған. Бірі-Сұлтан Mahмұд Ғази және әулеттері Үндістан мемлекетінде ұзақ уақыт салтанат құрып, патшалық тағына отырған. Екіншісі- Сұлтан Шahабеддин ғури және қолдары мен айналасындағылар көп жылдар бұл мемлекетте патшалық құрды. Үшіншісі- мен едім.» (Бабырнаме – 388 б.),-дейді. Әрі қарай ол:«Бірақ менің ісім ол патшалардікіне ұқсамайтын, не үшін десек Сұлтан Mahмұд Үндістанды жаулап алды, Хорасан тағы оның билігінде еді және Харезм шекаралас сұлтандар оған бағынышты болған. Самарқан патшалығы оның қол астында еді. Ерікті әскері екі жүз мың болмаса да өзі бір жүз мыңды құрайтын еді. Әрі жаулары Раджалар еді. Бүкіл Үндістан бір патшалық еместі. Әр бір раджа бір уәлаятта өз басына патшалық құрған еді» (Бабырнаме – 388 б.). Бабырдың әңгімесіне мұқият зер салғанда бүгінгі бір тұтас Үндістан атты ірі мемлекеті түркі патшаларының сол елге жасаған жорықтары әрі өктем саяси билігінің арқасында раджаларын біріктіріп құрған бір ел.

Қорытып айтқанда: Шарафеддин Әлі Йәздидің «Зафарнаме»кітабында “қазақ” сөзін 1365-1370 жылдардағы оқиғаларда қолданған. Бұл XIV ғасыр аясында немесе әлде ерте заманда қазақ жұртының қалыптасу процесінің жүріп жатқанын көрсетеді. Екіншіден Батый ханның (1208-1255) Қыпшақ даласында Үгедей қағанның бұйрығы бойынша таққа отырғанын жазады. Бұндағы қыпшақ даласы ғасыр асып, түгелдей қазақ хандығы құрылған соң Қасым ханның билігіне өткенін Мұхаммед Бабыр да Мұхаммед Қайдар да өз еңбектерінде жазады. Мәселен “Тарих-и Рашиди” еңбегінде:«Қасым хан түгелдей Қыпшақ даласын билігіне алғаны соншалық Жошы ханнан кейін ол сияқты ешкім билемеген еді.»,- делінген. Сол Қыпшақ даласы бүгін Қазақстан Республикасы болып, көк туын желбіретіп, әлем елдері арасында өз орнын тапқан. Бұл тарихи үрдістің заңды сабақтастығы болып табылады.

1542 -1546 жылдары Кашмирде парсы тілінде Мұхаммед Қайдар Дулат тарапынан жазылған Тарих-и Рашиди кітабы өзге жазба деректерге қарағанда бірнеше артықшылыққа ие. Біріншіден: Қазақ елінің хандық саяси жүйесі 1465 жылы құрылғандығы, екіншіден: Қазақ елінің территориясын «Қыпшақ даласы»екендігін нақтылап жазғандығы, Үшіншіден:Қазақ елінің мәдениеті мен тілінің негіздері жайын сөз еткендігі аса маңызды болып табылады. Сондай-ақ, Мұхаммед Қайдар Дулат “Тарих-и Рашиди” еңбегінің алты әңгімесінде қазақты арнайы сөз етеді[1].

Әдебиеттер:
1. Мұхамед Хайдар Дулат. Тарих-и Рашиди.- Алматы: ҚАЗақпарат, 2015.-698 б.
2. Кәрібаев Б.Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы.-Алматы: Сардар, 2014.-520 б.
3. Шараф ад-дин Әли Иазди. Зафар наме.-Шираз,1425.
4. Бабыр Захир ад-дин Мұхаммед. Бабырнаме.-Алматы: Жалын, 1990.-328 б.

ӘОЖ 950 (574)

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ БАСТАУЛАРЫ

О.Б.БЕРМАХАНОВ, философия ғылымдарының кандидаты
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Қазақ халқы хандық формасындағы мемлекеттік басқару жүйесі бар дербес ел ретінде мыңдаған жылдар тарих қойнауында пісіп-жетілді. Сақ, Ғұн, Көк түріктер, Дешті-қыпшақ, Алтын орда, Ақ орда дәуірлері қазақ халқы және мемлекеттілігінің тарихи пісіп-жетілу процесінің метаморфозалары, тарихи ішкі мүмкіндіктері, бастаулары. Қазақ халқының мемлекеттілігі аталған тарихи мүмкіндік сатыларынан өтіп, толық кемеліне келген пішінде Президентіміз Н.Ә.Назарбаев нұсқаған XV ғасырдың орта шенінен бастап адамзат кеңістігі мен уақытында қазақ болмысының нағыз шындығы ретінде өмір сүре бастады.

Кілт сөздер: Қазақ хандығы, мемлекеттік басқару, дәуірлер, процесс, метаморфоза, адамзат кеңістігі, қазақ болмысы.

Аннотация

Ханская форма государственности казахского народа как система правления независимой страны назревала в лоне истории тысячелетиями. Эпохи Саков, Гуннов, Дешт-Кипчак, Алтын орда и Ак орда и есть внутренние исторические возможности, истоки, исторические метаморфозы процесса созревания казахского народа и его государственности. Как сказал наш Президент Н.А.Назарбаев, что государственность казахского народа успешно преодолев данные этапы исторических возможностей, действительно начал существовать с середины XV века в пространстве и времени человечества как реальность казахского бытия.

Ключевые слова: Казахское ханство, государственное правление, век, процесс, метаморфоза, человеческое пространство, казахское бытие.

Annotation

The Kazakh people Khanate as the independent country which has its own governing system had been originated in the heart of the history for thousands years. The Saks, the Ghunns, the Kok Turks, the Desht-i-Kipchaks, the Altyn Orda, the AkOrda periods are the metamorphosers, inner historical possibilities and the beginning of the historical process of the Kazakh people and Statehood.

The Kazakh people statehood passed those periods of historical possibility and from the middle of 15th century in the form of full flourishing, as it was menthioned by the President N.A.Nazarbaev, began to survive as the real truth of the Kazakh being in the space of humanity and time.

Key words: Kazakh khanate, state rule, century, process, metamorphosis, human space, Kazakh life.

Қазақ жеріндегі мемлекеттіліктің қалыптасуы мен дамуы бірнеше мыңжылдықтарға созылып, XV ғасыр ортасында ұлттық сипатқа ие болған Қазақ хандығын дүниеге әкелгенін бәріміз білеміз. Осы кезден ба- стап төл тарихымызда Қазақ хандығы өмір сүрген дәуірді тарихшыларымыз хандық дәуір деп атайды. Керей мен Жәнібек хандар билік құрған кезден Тәуке хан қайтыс болған кезеңге дейінгі үш ғасырға жуық тарихи уақыт осы хандық дәуірдің алғашқы кезеңі немесе бір орталықтан басқарылатын хандық кезең болып саналады. Ал одан кейінгі кезеңнің саяси және мемлекеттік тұрғыдан алып қарағанда бытыраңқылық кезең екені белгілі. Жүздердегі хандық биліктер мен Ресейдің оларды өзіне бағындыра бастауы мен біржолата жойып жіберуі XVIII ғасырдың 30-шы жылдарынан басталып, XIX ғасырдың 20-шы жылдары аралығында өтеді. Бұқарбай батыр дүниеге келген жылы әлі де болса әр жүзде хан лауазымы қолданылып тұрса, ол 20-дан асқан шағында Ресей империясы арнайы заңдарымен алды- мен Орта жүзде (1822 ж.), кейіннен Кіші жүзде (1824 ж.) хандық басқару жүйесін біржолата жойып, қазақ елінде империялық басқару жүйесін енгізе бастайды. Осылайша Ресейдің бір ғасырға жуық қазақ жерінде жүргізген саясаты қазақ мемлекеттілігін құлатумен аяқталады. Кейіннен XIX ғасырдың 30-40 жылдары Бұқарбай батырдың Кенесары ханды қолдап, оның қазақ мемлекетін қайта қалпына келтіру жолындағы күресіне белсене араласуы оның сол кездің өзінде мемлекеттіктің маңызын жете түсінгендіктен деп білеміз [1, 8-б].

Қазақ мемлекетінің тарихы, яғни қазақ мемлекеттілігі қай дәуірден бастау алады деген ғылыми талас мәселеде Президентіміздің Ұлытаудағы ұлағатты пікірлерінен кейін тарихшылар пісіп-жетілген ортақ мәмілеге келе бастады. Дегенмен қазіргі жаһандану дәуірінде қайсыбір мәселелер сияқты тарих мәселесі де саналуан қитұрқы саясаттың қосалқы құралына айналып, онымен мұхият шұғылдануды күн тәртібіне қойып отырғандай. Мысалы жаңа Ресей шовинизімінің өкілдері-Жириновский, Проханов, Лимоновтар бастаған компанияның жат қылықтары, Украйна-Ресей жанжалы осыған дәлел. Яғни төл тарихымызды түгендеу, тұшыну ел мәңгілігінің асыл мұраты ғана емес, сонымен бірге ішкі және сыртқы қауіпсіздігіміздің сенімді қалқаны екенін ұғына бастағандаймыз. Қазақ тарихы жай тарих емес, ауыр тарих. Әйтседе, зерттеулерде қазақ тарихын одан сайын ауырлататын екі кемшін тұсты естен шығармау керек сияқты. Біріншісі, қазақтың жазбаша тарихының жұтаңдығы, болған деген азғантай мұралардың өзі жойылып кетуі. Екіншісі, 300 жылдық Ресей отаршылығы. Отар деген ұғымның өзі айтып тұрғандай басып алған халықты отау, жою, оның жерін, байлығын иемдену. Олай болса оның тарихы, демек рухы жоққа шығарылуы тиіс. Осылайша тарихты тұшынудың еуропалық моделіне негізделген Ресей империясының идеологиясы бізді-қазақтарды Гегель айтқандай «тарихи емес» халық деп есептеді. «Бұртаналар», «түземдіктер», «қайсақтар» деп кемсітушілік, мойындамаушылықтың себебі осы жерде жатыр. Еуроцентристік менмендіктің жеңіс шапанын киген «жаңа Ресей империясын» аңсаушылардың қазақ мемлекеттілігі туралы тұжырымдамасы осы пікірлерге жақын. Алайда мемлекеттіліктің бұрын болмауы, болған кездерде жаугершіліктен құлауы, оның қайта жандануы жалғыз қазақ халқының тағдыры емес, бүкіл әлем халқы, бірі ерте, бірі кеш осы «тарихи тозақтан» өткен.

Қазақтарда мемлекет болмаған деген қитұрқы уәждер логикалық мазмұнсыз, әлбетте ғылыми аргументтер ретінде есепке алынбайды, ғылыми қауымдастық оны назар аударуға тұратын пікір екен деп қарамауға тиіс. Дегенмен, осыған ұқсас теориялар тұрпайы да дұшпан саяси пікірлерге негіз болып, ішкі және сыртқы мүдделі топтардың идеологиялық құралына айналып отырғаны жасырын емес. Сондықтан зерттеулерде аталған пікірлердің метафизикалық қателігін дәлелдеу де бүгінгі күннің өзекті мәселесі болмақ.

Тарих философиясында халық деген категория әр түрлі этностардың (ру, тайпа) ортақ тіл кеңістігінде, шартты географиялық территорияда белгілі бір шаруашылық тәсілімен өмір сүретін, тарихи қауымдасқан тұтастығын білдіреді. Басқа атрибуттарын қоспағанның өзінде қазақ халқы Қытай, Парсы, Араб, Шағатай-түркі, Еуропа жазба дерек

көздері көрсеткендей, осы атауменен, осы тарихи формада, яғни қазақ халқы болып соңғы стадиядағы Орта ғасырлардан бастап басқа сырт мемлекеттермен танылған. Танылған деген түсінік саяси философияда қазақ халқы басқа мемлекеттермен сауда-саттық, экономикалық-саяси, әскери-соғыс қатынастарында болған деген синкретикалық анықтама, дефиниция. Демек қазақ халқы атынан белгілі бір билік жүйесі, немесе институт аталған қарекеттерді атқарып отырған. Аталып отырған атқарушы билік жүйесі-мемлекет деген әлеуметтік институт, басқаша емес, басқаша болуы мүмкін емес. Этностың белгілі бір дәуірде халық болып танылуы, сол дәуірге сай тарихи формада басқару жүйесі-мемлекеттілігі болған деген сөз. Демек мемлекет халық ұғымының ішкі, имманентті анықтамасы, дәлірек айтқанда бірін-бірі өзара анықтаушы ұғымдар. Адамзат конгломератының халықтық деңгейге көтерілгенінің басты белгісі мемлекет болмақ. Халық деген ұғым адамдардың рулық, қандас, туыстық қатынастардан азаматтық қатынастарға өткенін білдіреді. Яғни халықтық сатыда адамдар бір-біріне «Туыс» деген қатынастың алдында «Адам» атты қатынас жасағанды дұрыс деп санайды, әлеуметтік өмірде реттеушілік моральдық нормалардан құқықтық нормаларға-заңға ауысады, оның кепілі тек мемлекет бола алады. Бұл жағдайда адамдар өзіне туыс еместің барлығымен шапқыншылық жағдайда болатын варварлар емес, туыс еместердің барлығымен өзара келісім арқылы бірігіп өмір сүре алатын өркениеттік социумға, яғни халықтық деңгейге көтеріледі, немесе соған қарай тарихи бағыт алады. Жазба деректер дәлелдеп отырғандай қазақтар осы тарихи кезеңдердің барлығынан өткен, сондықтанда олар халық ретінде танылған, демек қазақ халқының мемлекеттілігін жоққа шығару мүмкін емес. Мұндай тұжырымдар әлемдік дәрежедегі көрнекті ғалымдар Г.Шварц, И.С.Брагинский және басқалардың еңбектерінде ішін-ара көрсетілген.

Тарихты тұшынудың батыстық моделі көшпенділік пен мемлекеттілік бірімен бірі сиыспайтын ұғым деп есептейді. Олардың ойынша халық, демек мемлекет ұғымдары тек отырықшылыққа, ары қарай жерге жекеменшік қатынастарына байланысты қолданылады. Жерге жекеменшік қатынастар айырбастау процесі, яғни сауда-саттықпен сипаттала отырып, көшпенділерде мұндай процестер болмаған деп тұжырымдайды. Демек, оларда еңбектің құрылымдық бөліністері-дене, ой, басқару жүйесі қалыптаса алмаған. Артық өнім, еңбек бөлінісі болмаса, оларды асырайтын классикалық салық жүйесі қалыптаса алмайды. Демек, көшпенділерде мемлекеттің болуы мүмкін емес.

Батыстың мемлекет теорияларына ортақ нәрсе олар көшпенділікті тар шеңберде түсіндіреді. Шығыстың сан алуандығын, оның ішіндегі көшпенділік өмір сүру әдісін аталған батыстық модель қисынында түсіндірудің мүмкін еместігі қазіргі кезде мойындала бастады. «Аттылы номадтар» ұғымының авторы Д.Синор көшпенді халықтың, мысалы қазақ халқының билік құрылымының ерекшеліктерін батыстың отырықшы-егіншілік билік құрылымы моделімен түсіндіру мүмкін еместігін жақтайды. Шынында да көрсетіліп отырған батыстық тұжырымдарға қай аспектіден талдау жасалғанмен олардың көшпенділер социумының шындығына сәйкес келмейтінін көреміз. Шындығында адамзат тарихы да табиғат сияқты, онда таза нәрсе кездеспейді. Абсолют ұғымындағы таза ол ештеңе, яғни жоқ. Дүние, әлем қоспадан тұрады. Бұған ешкімнің таласы болмаса керек. Сол сияқты таза көшпенділік деген болмайды. Егер біз көшпенділік туралы айтсақ, онда көшпенділік белгілі бір халықтың өмір сүру тәсілдерінің ішіндегі доминант, яғни басым түрі деп түсіну керек. Көшпенділерде отырықшылық болған. Көшпенділер отырықшылықпен мыңдаған жылдар бойы ықпалдасып, әлеуметтік симбиоз түрінде өмір сүрген. Сақ, ғұн дәуірлері, бертін келе көк түріктер кезеңінде көшпенділердің ішкі қатынастарынан туындаған қалалар пайда болды. Қытайдың «Ханьшу» жылнамасында осылай көрсетіледі. Сондықтан да қазіргі қытай зерттеушілері қазақтарды ертедегі сақтардың мұрагері санайды. Мемлекеттілікті қазақ жерінен табылған алтын адамдар да дәлелдейді. Президентіміз айтқандай қазақтардың арғы тегі сақтардың, ғұндардың өз патшалары болған. Патшаны тайпалардың көсемдері, ақсақалдары сайлаған, яғни қазіргі тілмен айтқанда өкілеттілікке негізделген билік жүйесі-мемлекет болған. Зерттеушілік

әдебиеттерде мұны көшпенділер немесе дала демократиясы деп те атап жүр. Көптеген белгілі зерттеушілер-О.Прицак, М.Дромп, В.Рабатский, Р.Груссен, П.Голден т.б. ғалымдар жазба зерттеулерінде Түрік қағанаттығындағы мемлекеттік басқару жүйесі, оның функционалдық құрылымының ерекшеліктері туралы, мемлекеттік лауазымдар иерархиясы, күрделі формадағы әлеуметтік институттар, әскери, дипломатиялық құрылымдар, сыртқы дұшпан халыққа қарсы қоятын өзіне тән идеологиялық дүниетанымы, тіпті ішкі істермен шұғылданатын билік болғанын, оның жаулап алған елдерден салық жинаумен айналысқанын нақты дәлелдейді.Түрік қағанаты өзінің қуаты жағынан әлемдік мемлекеттер-қытай, парсы, батыс мемлекеттерінен кем түспеген, олар барлық жағынан түркілермен санасып отырған. Бұл туралы да жазба деректер-дипломатиялық хаттамалар болғандығын зерттушілер Э.Шаван, Г.Моравчик т.б. ғалымдар дәлелдеп көрсетті. Данышпан Фирдоусидің «Шахнамасын» еске алсақ та жеткілікті. Иран мен Тұран соғысындағы тұрандар қазақтардың арғы ата тегі. Егер тұрандардың мемлекеті болмаса мемлекеті бар ірандармен қалай соғысады?

Мемлекеттіліктің Дешті Қыпшақ кезеңіне назар аударайық. Бұл кезең туралы көшпенділер мемлекеттілігінің болғандығына ара-кідік күман келтіретін П.Голденнің өзі «Кодекс Куманикусты» зерттеу барысында қыпшақтардың мемлекеттілігі болғандығын мойындайды. Алтын орда және Ақ орда тұсындағы моңғол империясының мемлекеттілік сипатын тарихты батыстық моделдеу жоққа шығара алмайды. Шыңғысхан империясы, Жошы ұлысы тек династиялық, әулеттік тұрғыдан ғана моңғолдар болды, ал өзінің әлеуметтік құрылымы мен этногенетикалық құрамы, шаруашылығы мен мәдениеті жағынан түркі мемлекеті болып қайта қалыптасты. Олар түркілік ортаға ассимиляцияланып, түркіленіп, қыпшақтанып, кейін қазақтанып кетті. Бұл туралы араб әл-Омари, француз Р.Груссен, орыс В.Н.Бартольдтар дәлелдеп, жазып кетті. Алтын Орданың мемлекеттілігін дәлелдейтін басты тарихи құжат «Ұлы Жасақ» Кодексіне назар аударуға тиіспіз. Ол Дешті Қыпшақтың «Кодекс Куманикусымен» үндес жалғасы, көшпенділердің сақ-ғұн заманынан басталған, түркі қыпшақ, яғни қазақ мемлекеттілігіне жалғасатын аса бай құқықтық нормалар мен саяси билік тәжірибесінің ресми жинағы деп айтуымызға болады. Аталған Кодекстер көшпенділердің құқықтық құжаты, дала заңдарының квинтэссенциясы. Мемлекет теориясында ешқандай ғалым нормативтік құқықтық құжат бар жерде мемлекеттік билік жоқ деп айтуы мүмкін емес. Құқықтық нормалар мен мемлекет бірінің –бірі кепілі, біртұтастықтың, мысалы әлеуметтік өмірдің екі жағы.

Жазба деректерде Жәнібек пен Керейге дейін Орыс хан мен Барақ ханның кезінен бастап осы мекен - қазақ айлағы, тіл - қазақ тілі болғандығы көрсетіледі.XIII-XV ғасырлардағы Орта Азияда Дешті қыпшақ тайпалары толығымен мұсылманданды. Алтын Орда мен Ақ Ордада ислам мемлекеттік дінге айналды. Бұл ұлы процесс, яғни қазақтардың ортақ тілі және ортақ мұсылмандық діні рулық, тайпалық, этностық сананың ортақ рухани кеңістікке енуіне, яғни этностық сананың халықтық санаға айналуында, қазақтардың халық, мемлекет болып қалыптасуында, демек қазақ Ренессансында шешуші рөл атқарды.Қазақ мемлекеттілігі қалыптасуының ішкі генерациялары мен катализаторлары туралы ой тарқатқанда көшпенділіктің мәнді анықтамалары-«бақташылық» (пасторализм), «салт атты көшпенділер» ұғымдарына, олардың тарихи ерекшеліктеріне батыстық моделге негізделген зерттеулерде ешбір назар аударылмаған. Мысалы, «салтатты көшпенділер» адамзатты қозғады, әлеуметтік жағынан алып қарағанда батыстың сол кезеңде орман арасында тұмшаланып, тұралап қалған өміріне континентальдық дрейф жасап, тынысын ашты. Көшпенділер дрейфі арқылы адамзат тарихында екіжақты, каузальды әлеуметтік-саяси зор өзгерістер орын алып, оның терең мәнін іздеушілік, яғни өмір мен өлім, жақсы мен жаман, әділет, теңдік, зұлымдық т.с. жалпы адам болмысына тән оның қауіпсіздігі мен тіршілігі үшін аса қажет экзистенциялық құндылықтардың дәуірлік жаңа парадигмалары мен өлшемдеріне қажеттілік туындады. Көшпенділер адамзат баласын осы мәңгілік ұлы мәселелерге оята

отырып, бұл мәселелердің шешуін іздеген пайғамбарлар мен даналардың да өмірге келуіне, яғни немістің ұлы философы К.Ясперс пайымдаған «кіндік уақыттың» басталуына әсері болды. Бұл ұлы қозғалыс, ұлы дәуір сақтар мен ғұндардың, Көк түріктердің тікелей мұрагері-қазақ халқының қазіргі мекені осы Ұлы даладан бастау алған еді.

Қорыта айтқанда, Қазақ халқы хандық формасындағы мемлекеттік басқару жүйесі бар дербес ел ретінде мыңдаған жылдар тарих қойнауында пісіп-жетілді. Сақ, Ғұн, Көк түріктер, Дешті қыпшақ, Алтын орда, Ақ орда дәуірлері қазақ халқы және мемлекеттілігінің тарихи пісіп-жетілу процесінің метаморфозалары, тарихи ішкі мүмкіндіктері, бастаулары. Қазақ халқының мемлекеттілігі аталған тарихи мүмкіндік сатыларынан өтіп, толық кемеліне келген пішінде Президентіміз Н.Ә.Назарбаев нұсқаған XV ғасырдың орта шенінен бастап адамзат кеңістігі мен уақытында қазақ болмысының нағыз шындығы ретінде өмір сүре бастады.

Әдебиеттер:

1. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ХАБАРШЫСЫ № 2 (34) 2012, -8 б.
2. Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 1991. 208 б.
3. Утемиш - хаджи. Чингис –наме. Факс., пер., транск., текст. прим., исслед. В.П.Юдина. – Алматы, 1992. -296 с.
4. Бабыр Захир ад-дин Мухаммед. Бабырнама. –Алматы: Жалын, 1990.
5. Бабыр Захир ад-дин Мухаммед. Бабырнама /Қазақша сөйлеткен Байұзақ Қожабекұлы. – Алматы: Ататек, 1993. - 448 б.
6. Қадырғали Жалайыр. Жылнамалар жинағы / Шағатай-қазақ тілінен аударып, алғы сөзін жазғандар Н. Мигулов, Б. Көмеков, С. Өтениязов. – Алматы, 1997.

ӘОЖ 1.950 (574.54)

XIX ҒАСЫРДЫҢ ОРТАСЫНДАҒЫ ЖАҢАҚОРҒАН ТАРИХЫНЫҢ ТҰЛҒАЛАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Х.ТҰРСҰН, тарих ғылымдарының докторы
Т.САБИТОВ, PhD докторанты
Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Мақалада Көкен батыр Назарұлына қатысты архивтік және ауызша деректер сараланып, оның отаршылыққа қарсы күресі баяндалады.Көкен батыр Назарұлы XIX ғасырдың ортасында Сыр бойындағы Бұхар, Қоқан хандықтарының езгісіне қарсы ұлт-азаттық қозғалысқа белсене араласқан тарихи тұлға.Батыр өз халқын қалай сыйласа, халқы да оған солай құрмет көрсеткен.Көкен батыр Назарұлымен Бұхарада қатар білім алған замандастары Керей Марал ишан Қармақшыда, Құлболды ишан Тереңөзекте, Қосым ишан Қазалыда отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық қозғалыстарға дем берген тұлғаларға айналса, Көкен батыр Назарұлы және Айқожа ишан Теміруұлы Жаңақорған-Түркістан атырабында осындай тарихи жағдайда бір-бірімен етене араласып, ел басқарған батыр тұлғалар. Әр рудың әскерін басқарған батырлардың есімдері сол рулардың жауынгерлік ұранына айналып жатты. Есімін ұран етіп алу - ол батырларға берілген халықтың марапаты, наградасы.

Сонымен қатар Жаңақорған өңіріндегі XIX ғасыр ортасындағы тарихи оқиғалармен өлкетану материалдарын ғылыми айналымға ұсынудың әдістемесі талданады.

Кілт сөздер: Көкен батыр Назарұлы, Әликен хан, Қоқан езгісі, Ресей отаршылдығы, батырлық институты.

Аннотация

В статье анализируются архивные документы и устные предания, касающиеся Кокен батыр Назарулы, повествуется его борьба против колониальной политики. Кокен батыр Назарулы – историческая личность, активно принявшая участие в национально-освободительном движении против эксплуатации со стороны Бухарского и Кокандского ханств в середине XIX века на территории Сырдарьи. Батыр проявлял к своему народу большое уважение, такое же уважение проявлял к нему и народ. Если личностями, вдохновившими национально-освободительные движения против колонизации, считаются Керей Марал ишан - в Кармакшы, Кулболды ишан - в Теренозеке, Косым ишан - в Казалы, то Кокен батыр Назарулы и Айкожа ишан Темирулы, тесно взаимодействавшие при таких исторических условиях от Жанакоргана до Туркестана, - это личности, возглавившие народ. Имена батыров-руководителей войск каждого рода стали своеобразными воинственными лозунгами. Для батыров это считалось большой наградой и похвалой со стороны народа.

Наряду с этим, в статье автор анализирует методические рекомендации по внесению в научный оборот краеведческих материалов и исторических событий середины XIX века в Жанакорганском регионе.

Ключевые слова: Кокен батыр Назарулы, Аликен хан, Кокандская эксплуатация, Российская колонизация, институт батыров.

Annotation

The article analyzes the archival documents and oral traditions relating Koken Batyr Nazaruly. it tells the story of his struggle against the colonial policy. Koken Batyr Nazaruly is a historical figure who actively took part in the national freedom movement against the exploitation from Bukhara and Kokand khanate in the middle of the XIX on the territory of the Syrdarya river. Batyr showed great respect to his people, and the same respect people showed to him. While Kerey Maral Ishan - in Karmakshy region, Kulboldy Ishan - in Terenozek, skew Ishan - in Casaly were considered to be the persons who inspired the national liberation movement against colonization , Koken Batyr Nazaruly and Aykozha ishan Temiruly closely interacted in historical conditions from Zhanakorgan to Turkestan - were the persons who headed the nation. Names of the leaders of executive troops of each kin have become a sort of bellicose slogans. For the batyrs it was a great reward and praise of their people.

Along with this, in the article the author analyzes the methodological recommendations how to introduce the materials of local history and historical events in the middle of the XIX century in Zhanakorgan region into scientific circulation.

Key words: Koken Batyr Nazaruly , Aliken Khan, Kokand exploitation, Russian colonization, institute of batyrs warriors.

Өлкетану тақырыбының ең өзекті мәселелерінің бірі – тұлғалануға тікелей байланысты. Өйткені, өлке тарихы көбіне аңыз-әңгіме, шежірелік деректерден құралатындығын ескерер болсақ, осы тарих ғылыми жүйелеуді қажет етеді. Өлке тарихы көбіне жеке тұлғаны алдыңғы орынға шығарады да, сол жеке тұлғалардың соңындағы халық таңдау түскен тұлғаның ерлігі, шешендігі немесе билігі арқылы танылады. Бұл дәстүрлі тарихи жадымыздағы бір ерекшелік. Интеллектуалды тарих осы мәселелерді жіті ескеріп отырмаған жағдайда мифологизация алдыңғы орынға шығып кетеді де, шынайы тарих тасада қалады.

XIX ғасырдың екінші жартысы Сыр бойының тарихында тағдыршешті оқиғалармен бетпе-бет келуімен ерекшеленеді. Бұл оқиғалар қазақ-қоқан, қазақ-орыс қатынастары түрінде көрініс тапты. Осы этносаяси үдерісте халық жадында тұлғаланғандардың бірі – Көкен батыр Назаруұлы. Ол қазіргі Қызылорда облысының Жаңақорған атырабында 1775 ж. туып, 1863 ж. сексен сегіз жасында қайтыс болған [1, 9-б.]. XIX ғасырдың ортасында Сыр бойындағы Бұхар, Қоқан хандықтарының езгісіне қарсы ұлт-азаттық қозғалысқа белсене араласқан тарихи тұлға. Оның осы жауынгерлік ерлігінің ең үлкен маңызы - Қоқан хандығына қарсы Қазақстанның оңтүстігінде барынша шиеленісті сипат алған 1853-1861 жылдардағы көтерілісте Түркістан төңірегіндегі ру-тайпалардың батырлары мен билерінің, рубасы ақсақалдарының ұйғарымымен Қарабас сұлтанның кіші ұлы Көшек ханның шөбересі Әликенді (Әлиакбар, Шалекен (т.-ө. ж.б.)) хан сайлауға ықпал жасауы еді. Өзі шау тартқанымен елдің бірлігіне ұйытқы болған Көкен батырдың бұл әрекеті «бас-басына би болған» сепаратистік пиғылдан туған жоқ, берекесі қашқан елге басшы іздегендік еді. Әликен 35 жыл бұрын Түркістанды билеген, кейін қоқандықтардың аймақты жаулап алуымен биліктен кетіп, Бұхарада қайтыс болған Тоғай сұлтанның інісі болатын.

Әликеннің хан сайлануы көтеріліске ұйымдық сипат берген. Оның қарамағындағы елдің және әскерінің негізін құраған ру болғандықтан Әликенді кейбір деректерде қоңыраттардың ханы деп те атайды. Туған жылы белгісіз, қайтыс болған жылы 1859 ж. кейін. Билік құрған уақыты 1858 ж. мамыр айы - шамамен 1859-1860 жж. аралығы [2, С. 95].

Әликен-Әліакбар хан Қазақ хандығының негізін қалаған Жәнібек ханның тоғызыншы ұлы Жәдіктен тарайтын әулетке жатады. Әліакбар ханның әкесі XVIII ғасырдың соңғы ширегінде қоңырат тайпаларын басқарған Қарабас Мұхаммед сұлтан. Әліакбар ханның атасы Сейіт - Семеке ханның үлкен ұлы, Тәуке ханның немересі. Сейіттің өзі хан сайланып, 1741-1745 жж. Түркістан қаласы мен оның айналасындағы аймақта билеуші болған. Арғы бабалары – атақты Салқам Жәңгір хан, «Еңсегей бойлы Ер Есім» хан. Атақты ақын Майлықожаның мәліметі бойынша «Әліакбар інісі Тоғай ханмен атасы бір, анасы басқа болған» [3, 208-б.].

Әликен басқарған әскер қоқан әскерлерімен бірнеше мәрте соғысып, 1858 ж. Түркістан қаласын қоқандықтардан азат етуге әрекет жасайды. Жаңа сайланған хан өзінің туған ағасы Тоғайдың Түркістанда хан болғанын, қаланы 35 жыл бұрын қоқандықтар басып алып оның ағасынан тартып алғанын алға тартып, Түркістан қаласын қазақтарға қайтаруды талап етеді. Алайда қаланы тіке басып алуға Түркістан ішінде қазақтың белгілі азаматтарын аманатқа алу да кедергі етті. Қоқандықтар Қожа Ахмет Ясауи басына зиярат жасауға келген қоңыраттың билері Қоныс датқа мен Ақсақ датқаны, Ұлы жүзден келген Қарақұл датқаны, қыпшақтың Тубақабыл атты жақсыларын аманат ретінде ұстап отырды. Әликен басқарған көтерілісшілер 15 мамырда қала бекіністеріне шабуыл жасады. Алайда қоқандықтар әскери тұрғыдан басым болды. Зеңбіректерден от шашып көтерілісшілерді атқылап отырды. Қазақ әскері бір айдай Түркістанды қоршап тұрды. Бірақ оны басып ала алмады. 3 маусым күні Мырза Нияз басшылығымен Түркістандағы қоқан әскері қазақтарды жарып өтуге әрекет етеді. Алайда қоқандықтар үлкен шығынға ұшырайды. Кейбір мәліметтерге қарағанда қоқандықтар жағынан 500-800-ге дейін адам шығын болады. 1858 ж. 20 маусымдағы орыс хабарламасында «хан конградский с своим ополчением и стоит еще под стенами Туркестана», яғни «қоңырат ханы» Әликен әлі де Түркістанды қоршап тұр деген хабар кездеседі [3, 209-б.].

Әликеннің Қоқан хандығы мен Ресей отаршылығына қарсы Бұхар хандығымен одақ құру мақсатында келіссөздер жүргізуі оның қайраткерлігін танытады. Ханның кейінгі тағдыры әзірге белгісіз. Мүрдесі Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне жерленген.

Көкен көшпелі қоғамда бүкіл өмірі соғыста өтіп, әскери іс ата кәсібіне айналған, мемлекеттік билікке ықпал жасаған әулеттер әскери элитаның өкілі болатын. Осы әскери элита көшпелі қоғамда соғыс ісінің тәжірибесін жинақтайтын, әскери өнерді дамытып,

қару-жарақ жасаудың құпиясын меңгеретін, оны қолданудың тәсілдерін жетілдіретін ерекше әлеуметтік топ. Осындай әлеуметтік топтың арасынан шыққан батырлардың міндеті - ел мен жерді жаудан қорғау болды. Елі үшін жанын пида еткен Көкен сияқты батырлардың есімі ұранға айналып, халқы олардың аруақтарына сыйынған.

Отарлық езгінің бұғауында рулық бөліністің әкімшілік бірлік ретіндегі маңызы жойылды. Осыған байланысты Ахмет Байтұрсыновтың «Россия қол астына кіргенше қазақтың тіршілік істері ру ыңғайынша еді... Малың рудікі еді. Құнды туысқандары ғана емес, ру болып төлеуші еді. Айыптаса ру болып айыптаушы еді. Қысқасы, ру намысы, ру пайдасы болып жоқталушы еді» [4, 291-б.] дегеніндей, Алтыата руының басиесіне айналған Көкен батыр Назаруылының осы кезеңдегі атқарған қызметі дәстүрлі қоғамның әлеуметтік талаптарына сай өрбіді. «У ішсең - руыңмен» деген қағиданы басшылыққа алған дала батырының жанкешті әрекеті отарлық биліктің өктемдігіне жұтылып бара жатқан ұлттық құндылықтарды жанын сала қорғау екендігін танимыз. Осындай әрекеттер арқылы шыңдалған қазақ рухы өзінің ұлттық болмысын отарлық езгінің өктемдігіне қарсы қоя алды.

Соңына ерген Алтыата ұрпағы ғана емес, иісі қоңыраттың, Жаңақорған-Түркістан атырабын мекендеген барлық рулардың панасы да, ағасы да болған батырдың заманы бодандықтың қамытын киген елдің отарлық дүлей күштің лықсып келген толқынының ығына ескен заман болды. Көкен батыр «қырын боп келген заманның» ағысына қарсы тұра алды.

Атадан балаға жеткен ауызша тарих – шежірелік аңыз, әңгімелердің көпшілігі түрлі өзгерістерге ұшырап, көз көргендері мен шежірешілердің өз тарапынан алып-қосқан ақпараттарын бойына жияды. Айтушысы мен жырлаушысы табылса ол аңыз-әңгімелер эпикалық сипат алып, батырлар жырына, тарихи дастандарға ұласады. Көкен батыр жөніндегі аңыз-әңгімелер жөнінде де осыны айтуға болады. Көкен батырға қатысты шежірелік аңыз-әңгімелердің осындай желілерінің мазмұнын, ондағы ақпараттық қатпарларды жазба деректердің мәліметтерімен салыстыра қарастыру батыр тұлғасын, оның өмірі мен қызметін ғылыми тұрғыда қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Мұрағат қорларында сақталған Көкен батырдың заманына қатысты деректерге сүйеніп, тұтас өңірдің тарихы туралы тың тұжырымдар жасалды. Осы өңірлік тарихтың мазмұнында Көкен батыр Назаруылының тұлғасы ерекше.

Көкен батыр Назаруылы туралы ең алғашқы тарихи дерек 1838 жылы қағазға түскен екен. Орынбор шекаралық комиссиясының мәліметтерінде Қызылқұмды мекендеген қоңыраттардың арасында Көкен Назаров дегеннің 200 шаңырақпен көшіп жүретіндігі, ол өз аумағында Бұхариядан шыққан сауда керуендерінің қауіпсіздігіне бақылау жасайды деген деректер кездеседі [5, л.35]. Ендігі бір деректерде орыс шенеуніктері онымен жолығып, байланыс орнатуға мүдделі болғандығы жазылады. Сол сияқты Көкен Назаров 1840 жылы Сырдың оң жағалауында қоқандықтардың қолына түсіп, тоналған орыс сауда керуеніне қатысты келіссөз жүргізуге көмектесіп, Түркістан бегіне өз адамдарын жұмсағандығы айтылады [4, л.741]. Орынбор облыстық мемлекеттік архивінен табылған осы аз ғана деректердің өзі Көкеннің Жаңақорған атырабында Сырдың екі жағалауына да бақылау жүргізген беделді тұлға болғандығын айғақтайды. Ал Түркістан өлкесіне қатысты құжаттардың басым бөлігі Өзбекстан мемлекеттік Орталық архивінде сақталғандығын ескерер болсақ, осы архивтен де Көкен батырдың қызметін айғақтайтын құнды деректер кездесері сөзсіз.

Батырлықтың өзі бірнеше сатыдан тұрады. Батыр осы сатылардың бәрінен де өтуі тиіс. Батыр болудың бұл үдерісі батырлар жырында әдемі айтылады. Батыр күн сайын өседі, әуелі қатар құрбыларының арасына өжеттігімен, қайраттылығымен көзге түседі. Ер қаруы – бес қаруды меңгереді. Асауды құрықтап, ер қанаты болатын тұлпарын таңдап мінеді, махаббат майданында сынға түсіп, қыз жүрегін жаулап алады. Ағайынның арасындағы дауға төрелік айтып, билікке сыналады. Жекпе-жекке шығып, жанын шүберекке түйеді. Қол бастап барып жауын жеңеді. Міне, осы сатылардың бәрінен өткен

батырды ел мойындайды, халық таниды. Батыр осылайша ханға сүйеу, биге медет, елге тұтқа мемлекет қайраткеріне айналады. Көкен де батырларға тән осы сатылардың бәрінен өткен. Оған қатысты ел жадындағы аңызға бергісіз әңгімелер осылай дейді. Әсіресе оның жекпе-жектегі найзагерлігі мен құралайды көзге атқан мергендігі ерекше аталады. «Көкжал Көкен батыр» атандыратындай «желкесінде жалы бар еді» деген деректер батырдың эпикалық тұлғалануының бір көрінісі еді. Ат жалын тартып мінгенінен Қоқанға қарсы күреске елді ұйыстыруда Әликенді хан сайлап, оның ақылманы болғанға дейінгі ұзын сонар мемлекетшілік эпопеясында Түркістан-Жаңақорған атырабында Көкен Назарұлы дәстүрлі батырлардың соңы болса, дәстүрлі биліктің соңғы ханы болу Әликенге бұйырған сыңайлы. Заманы бір тағдырлас тұлғалар тарих алдында құрбандыққа шалынған малдың тұяқ серпігеніндей деп бағалауға болатын өз миссияларын атқарып кетті.

Тұяқ серпудің мәнісі - Көкеннің заманы «Елдің басынан бақ-дәулет ұшқан заман еді». Қазақ хандығының бұрынғы күш-қуаты сарқылып, қуатты көрші мемлекеттердің саяси-экономикалық ықпал аймағына айналды. Айтқаны екі болмайтын хандардың дәурені өтті, қас дұшпанымен жекпе-жек шығып, ашық шайқасатын батырлардың мәрттігі келмеске кетті. Көкеннің заманы бұқпантайлап келген жаудың аңысын аңдып, бұқпалап соғысуға мәжбүр етті. Қарағай найза, қайың садақты от шашып, оқ құсқан зеңбірек пен мылтық ығыстыра берді. Дәстүрлі қоғамда батырлығын мәрттікке жалғаған қазақ батырын орыс отаршыларының шала мас солдаты жалғыз оқпен жайрататын күн туды. Осындай жағдайда елі мен жерін қорғап, батыр атанған Көкен сияқты батырлардың қызметін бағалауға жаңа көзқарас, тың таным қажет. Олай дейтініміз, батыр - қандай жағдайда да батыр болып қала бермек. Көкеннің батырлығы үлкен ұрыстарда қол бастап жауға шапқан батырлық емес, соғыс өнерінің тактикасы өзгеріп, соғыс құралдары жетілген кезеңдегі оңтайын тауып, орайын келтіріп, ел мен жерді қорғаған жаңа сипатты күрестегі батырлық деп бағаласақ керек.

Батырлық пен қаһармандық бір күн, бір сәтте даритын қасиет емес. Оны қалыптастыратын көшпелі қоғамның өзіндік дәстүрлер жүйесі бар. Бұндайды дана халқымыз «Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі» деп тұжырымдаған. Көкенге де батырлық ата-тегінен дарыған қасиет. Самарқанд қаласында жаужүрек ерлігімен танылған бабасы Кейден мен өз әкесі Назардың аралығында Сырғақ пен Тәукебай, Қазы мен Мәмек, Тайлақ пен Нияз сияқты батырлардың ерлік өнегесі - бір әулеттің ғана емес, тұтас елдің мақтанына айналды. Көкенді батыр еткен берісі осы өскен ортасы, батыр бабаларының өнегесі болса, әрісі қанына сіңген дұшпанға бас имеген ұлттың өршіл рухы. «Назардың тоғыз баласы тізе қосып тиіскенде жау аман қала ма» деген де сөз бар көнеден жеткен. Демек, Көкен батыр – «жауға шаптым ту байлап» дейтін батыр елдің перзенті.

Абылайдан соң хандық биліктің іргесі сөгіліп, отарлық басқыншылық күшейе түскен кезең өмірге бұрынғы батырларының сарқынындай болған Көкен батыр сияқты тұлғалы азаматтарды дүниеге әкелді. Тағы да оларды жаудың өтіне қойды. Көкен батырдың пешенесіне жазылған батырлық Бұхар мен Қоқан басқыншылығына қарсы күрес болды. Ендігі жердегі күрес елдің бірлігінен бұрын тірілігін сақтауға ұласты. Бұл жағдай әр ру, әр тайпаның өз жері, өз елі үшін отаршылармен бірде қату, бірде тату тіршілік етуі еді. Саяси биліктен айрылған елдің бытырыңқы ахуалы осылайша өңірлердің өз тіршілігін өзі қамдаған жанкешті әрекетіне ұласып, ұсақталып бара жатты.

Оңтүстіктегі көтерілістің басылмауынан қауіп ойлаған Түркістандағы Қоқан билеушісі Мырза Нияз көтерілісшілермен ымыраға келу үшін қарамағындағы қоңырат, қыпшақ, бестамғалы руларына шариғат заңына сәйкес қысым көрсетілмейтінін және оларға рақымшылық жасалатынын хабарлайды. Өгей шешесіне үйленгендігі үшін Мәдәлі ханның өзі кәпір деп жарияланып отырғанда оның өкіліне көтерілісшілер қайдан сене қойсын? Көтерілісшілер бұған жауап ретінде Түркістанды билеуге өздері хан сайлаған сұлтан Әликен Қарабасовтың толықтай құқы барын және Мырза Ниязның биліктен кетуін талап еткенімен олардың талабын Қоқан билеушісі қабылдамайды [6, 187 п.].

Көкеннің Айтөре, Жантөре, Әбді, Бекжігіт, Аманжол, Күзербай, Қылыбай атты жеті ұлы болған [1, 128-б.]. Осы балаларының арасында билікке араласып, танымал болғаны Жантөре еді. Ол Қоқан хандығынан датқа шенін алған қоңыраттың санаулы игі-жақсыларының бірі. Оның есімі орыс-қоқан қатынастарына қатысты құжаттарда жиі аталады. Сондай құжаттардың бірінде жергілікті тұрғындардың наразылығы өршіп тұрған 1859 жылы Түркістандағы Қоқанның бегі Рүстембек Перовскіге бағынышты Жантөре датқа басқарған қоңыраттың көтенші бөлімінің ауылдарына шабуыл жасап, жылқы, түйелерін барымталаған және осы жорықта бірнеше адам қаза тауып, жарақат алғандығы жазылған [7,163 п.]. Негізінен қазіргі Жаңақорған атырабындағы руларға шабуыл жасағандар орыс отаршыларына қарсы қозғалыста қоқандықтардың жағында соғысқан Қасым төренің ұрпақтары болатын. Олардың әскерінің бір бөлігі Сарықұдықта қалса, келесі бөлігі Сауран түбіндегі қоңырат руының ауылдарына шабуыл жасап, мың түйе барымталаған. Осы шабуыл барысында Жантөре бастаған қоңыраттар қуғынға түсіп, нәтижесінде 20-ға жуық адам қаза табады [8, 330 п.]. Осы шайқасқа Көкен батырдың өзі қатыспағанымен малы барымталанған оның қарамағындағы елден Көкеннің ұлдары Айтөре, Жантөре, Әбді, Бекжігіт, Аманжол, Күзербай, Қылыбай бастаған жігіттер Сыздық Кенесарыұлының қарауындағы қоқандықтар әскерімен аяусыз шайқасады.

Қоқан хандығының өз ішіндегі билік үшін ішкі таластар және хандықтың Бұхар әмірлігімен бірнеше жылдарға созылған аймаққа ықпал жасау үшін жүргізген соғыстары, Сыр бойындағы қоңырат пен бестамғалы руларының арасында орын алған қақтығыстар орыстардың аймақты күшті қарсылықсыз отарлап алуын мүмкіндік берген еді. Содан да Сырдың жоғары ағысындағылар көтерілісті жалғастырып жатқанда Жаңақорған маңындағы қоңыраттар аймақтың Ресей ықпалына өтуінен кейін қоқандықтардың немесе бұхарлықтардың ықпал аймағына көшу, көшпеу мәселесін талқылаған билер кеңесін өткізді. Олар қоңыраттың бірнеше ықпалды билерін орыстарға аттандыру арқылы, олардың ықпал аймағында кедергісіз көшу құқын алу үшін түтін салығын төлеуге міндет алады [9, 34 п.]. Осы билер кеңесіне қатысқан Көкен батыр бастаған ықпалды батырлар мен билер Қоқанның билігінен біржола құтылу үшін орыстардың көмегіне сүйену керектігіне бәтуа жасайды.

Батыр өз халқын қалай сыйласа, халқы да оған солай құрмет көрсеткен. Көкеннің өз кезінде етене араласқан тұлғаларының бірі Айқожа ишан Теміруұлы (1773-1857) еді. Ол Сыр бойындағы елдің мәдени-рухани өміріне дем берген діни элитаның көрнекті өкілі болатын. Орта Азиядағы үлкен діни орталық - Бұхарада білім алып, оқуын Ауғанстанда жалғастырған Айқожа туған топырағына оралып, Сыр бойындағы ата қонысы Жаңақорған өңірінде мешіт салып, медресе ашып, діни ағартушылықпен айналысқан. Осы төңіректегі қоңырат тайпасымен қатар Орта жүз руларының да ата піріне айналған. Айқожа өз заманында ғұлама діндарлығымен, елдің саяси-рухани өміріне белсене араласқан қайраткерлігімен танылған. Бұхарада қатар білім алған замандастары Керей Марал ишан Қармақшыда, Құлболды ишан Тереңөзекте, Қосым ишан Қазалыда отарлыққа қарсы ұлт-азаттық қозғалыстарға дем берген тұлғаларға айналса, Көкен батыр Назаруұлы мен Айқожа ишан Теміруұлы Жаңақорған-Түркістан атырабында осындай тарихи жағдайда бір-бірімен етене араласқан, тізе қосып ел басқарған.

Ел аузында айтылып жүрген Көкен батыр мен Айқожа ишанның арасында орын алған түсінбеушілікті сол қоғамдағы саяси шиеленістің көрінісі деп бағалағанымыз дұрыс. Ол түсінбеушілік аңызда айтылатындай жеке бастың өкпе-реніші емес еді, оның астарында үлкен әлеуметтік мәселелердің сорабы жатқан болатын. Елі «пірім» деп қол берген ишанмен түсініспеушілікке осындай белгілі бір саяси-әлеуметтік негіз болғаны даусыз. Батырлық тек көзжұмбай ерліктің, қара күштің ғана белгісі емес. Ол – адамгершілік пен ақыл-парасаттың да өлшемі. Мәрттік пен жомарттықтың да биігі. Көкеннің ата пірінен кешірім сұрап, бітім-батуаға келу әрекеті батырға тән мәрттік деп бағаланса керек.

Бұл жердегі түсінбеушіліктің саяси астары Айқожаның бәрін де бір Аллаға тапсырған тағаттылығы мен елжанды Көкен батырдың отаршылардың қысымы мен қорлығына төзбеген өршіл рухында жатқандығында екендігіне көз жеткіземіз. Шариғаттың үкімімен барға қанағат, жоққа сабыр етуге болар. Бірақ өңменделген дұшпанның зорлығы мен қорлығына бас иіп, қол қусырып, қарап отыруға бола ма? Көкен батырдың қас дұшпанына аяусыздығы мен «Алаш деп ұран салмаса, атаң да болса ұрып жық» деп дегеніне көнбей, ұлттың мүддесінен қия тартқан ағайынға қаталдығы Айқожаның елді имандылық пен тағаттылыққа шақырған ұстанымына қайшы келген сыңайлы. Мысал үшін айтар болсақ, Кене ханның да көтеріліске қосылмай, орыс отаршыларына бүйрегі бұрған қандастарына қатал болғаны жасырын емес қой. Тарих ол үшін Кенесарыны айыптамайды.

Көкен батырдың өршіл рухы мен Айқожа ишанның биік парасаты екі тұлғаның бітіспес қайшылығы емес, керісінше бодандық психология тудырған қарама-қайшылық бірлігінен сомдалған дүнияуи біртұтас болмыс. Содан да Көкен мен Айқожа тұлғасын бодандықтың қайыс ноқтасына маталып, екіұдай халге түскен ұлт рухының тұтас бітімі деп танимыз. Олжас Сүлейменовтің «Тауларды аласартпай даланы асқақтату» қағидасына жүгінсек Көкен батыр мен Айқожа ишан – кемшіліктерімен де, жетістіктермен де, ұлағатты өнегесімен де бірін-бірі толықтырған, бірінсіз бірі толық таныла алмайтын өз заманындағы әлеуметтік симбиоздың жарқын мысалы.

Мың жылдарға созылған қазақтың дәстүрлі қоғамы отарлық биліктің боданына түсумен аяқталды. Енді жаңа заман орнады, жаңа заң орнықты, жаңа тұрпатты адамдар тарих сахнасына шықты. Көкен мен Айқожаның заманы келмеске кеткен дәстүрлі қоғамның соңы болатын. Солай дегенмен, олар өздерінің пешенесіне жазылған тарихи миссиясын атқарып кетті: бірі тәуелсіздікке ұмтылған ұлттың өршіл рухының өнегесін қалдырса, екіншісі имандылыққа ұйыған елдің биік парасаты мен тағаттылығын бүгінгі ұрпаққа өнеге етіп қалдырыпты. Осы тұрғыда бағалар болсақ, Жаңақорған-Түркістан атырабындағы дәстүрлі батырлардың соңы – Көкен батыр болса, батырлық институттың өнегесін жаңа қоғамға ұластырған батырлардың алғашқысы да Көкен. Айқожа ишан да өз кезегінде дәстүрлі қоғамдағы діни элитаның осы атыраптағы соңғы өкілі, әрі жаңа қоғамдық-саяси қатынастарға бейімделген діни элита өкілдерінің алғашқысы болды. Бұл мәртебе – ұрпақтан-ұрпаққа, заманнан заманға ауысқан осындай дәстүр сабақтастығы Көкен батыр мен Айқожа ишан сияқты тарихи тұлғалардың пешенесіне бұйырған бақ.

Тәуелсіздік жылдары ел қорғаған батырлардың қатары толыға түскенімен есімі осы күнге дейін елеусіз қалып келе жатқандары аз емес. Батырлардың бәрін Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Шапырашты Наурызбайлардың өлшемімен бағалау бекершілік болар. Ал қазақтың қолын басқарған қолбасшылардың соңында жүздікті, мыңдықты басқарған жүздеген, мыңдаған батырлар - қазіргі ұғыммен айтсақ офицерлік корпус тұрған жоқ па еді?! Әр рудың әскерін басқарған батырлардың есімдері сол рулардың жауынгерлік ұранына айналып жатты. Осы тұрғыдан алып қарағанда XIX ғасырдың ортасында есімі рулар бірлестігінің жауынгерлік ұранына айналған батырлардың соңы Көкен Назарұлы болып шығады. Есімін ұран етіп алу – ол батырларға берілген халықтың марапаты, наградасы болатын. Демек, батырлардың танымалдығын олардың есімінің ұранға айналуына қарай бағаласақ та жазба дерегі жұтаңдау тарихымызда көп нәрсе айқындала түсер еді.

Көкен батыр Назарұлы көзсіз ерлігімен, жаужүрек батылдығымен қол бастап елін, жерін жаттан қорғады. Осы ерлігінің өнегесі оның есімін Алтыата руының жауынгерлік ұранына айналдырды. Осы бір дәйектің өзі Көкен батыр Назарұлының қалың бұқара арасынан шығып, елдің құрметіне бөленердей қызмет еткенінің айғағы. XVIII ғасырдың соңы – XIX ғасырдың ортасында туған жерін жат жерлік басқыншылардан қорғап, ерлік пен елдіктің үлгісін танытқан Көкен батыр Назарұлының өнегесі тарихи бағасын алып, бүгінгі ұрпақтың санасында тұлғалануы керек.

Әдебиеттер:
1. Шалысбайұлы Н. Ата-бабаның ауызша шежіресі. –Алматы: Жазушы, 2000. -127б.
2. Ерофеева И.В. Казахские ханы и ханские династии в XVIII - середине XIX вв. // Культура и история Центральной Азии и Казахстана: Проблемы и перспективы исследования. Материалы к Летнему Университету по истории и культуре Центральной Азии и Казахстана (4-23 августа 1997 г.). -Алматы, 1997.
3. Қазақ хандары. Энциклопедиялық анықтамалық жинақ. –Алматы: Қазығұрт, 2015. -224 б.
4. Байтұрсынов А. Ақ жол. -Алматы, 1991. -91-б.
5. ГАОО, Ф.6, Оп. 10, Д. 4903. -Л.35.
6. ӨРОММ, 715-қор, 1-тізбек, 20-іс., 187 п.
7. ҚРОММ, 382- қор,1-тізбек, 5-іс., 363 п.
8. ҚРОММ, 383-қор, 1-тізбек, 261-іс., 330 п.
9. ҚРОММ, 383-қор, 1-тізбек, 217-іс, 34 п.

ӘОЖ:323.32(049.3)(574)

М. ШОҚАЙ МҰРАСЫНДАҒЫ ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯСЫ

Ә.Қ.БӘКІР, саяси ғылымдарының докторы, профессор
Қазақ гуманитарлық заң университеті, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Мақалада тамаша тарихшы, сарабдал саясаттанушы, жалынды публицист Мұстафа Шоқайдың шығармаларындағы тәуелсіздік идеясы мен оған жетудің жолдарына талдау жасалынған.

Мұстафа Шоқайдың тәуелсіздік санасының қалыптасуы патшалық Ресейдің отарлық саясатымен тікелей байланысты. Елдегі орыс қоныс аударушыларының халықты басынған озбырлық әрекеттері бала Мұстафаның санасында терең із қалдырады. Болашақ саясаткердің Петербургте оқыған, қызмет атқарған жылдары да оның саяси университеті болды.

Мұстафа Шоқайдың тәуелсіздік идеясы 20-сыншы жылдардың аяғына қарай айқындалды. Оның тәуелсіздікке жету тактикасы да аса маңызды. Ол ұлттық жаудың тым күшті екенін білді, сондықтан азаттық пен тәуелсіздікке бастайтын ең төте және ең қысқа жол – Түркістан ұлттық майданының ішкі бірлігін барынша нығайту мен оны басқа халықтардың ұлт-азаттығы үшін күрес орталықтарымен тиімді үйлестіру деп санады.

Өзінің ішкі бірлігін нығайта алған, ұлттық рухы жоғары халықтар ғана тәуелсіздігіне қол жеткізеді және оны қорғап қала алады деп санаған Мұстафа Шоқайдың терең мағыналы өсиеті бүгінгі Қазақстан жағдайында ерекше мәнді болып отыр.

Кілт сөздер: Мұстафа Шоқай, отарлық саясат, тәуелсіздік, тәуелсіз сана, ішкі ұлттық бірлік, ұлттық рух, Қазақстан.

Аннотация

Статья посвящена анализу идеи независимости и методов ее достижения в произведениях замечательного историка, маститого политолога, пламенного публициста Мустафы Шокай.

Формирование сознания независимости у Мустафы Шокай связано с колониальной политикой царской России. В его молодом сознании действия местных царских чиновников оставили глубокий след. Годы учебы и работы будущего политика в Петербурге стали его жизненным и политическим университетом.

Концепция борьбы за независимость у Мустафы Шокай четко определилась к концу 20-годов. Поучительны методы ее достижения. Мустафа Шокай считал самым прямым и коротким путем, ведущим к свободе и независимости, – всемерное укрепление внутреннего единства Туркестанского национального фронта и его эффективную координацию с центрами национально-освободительной борьбы других народов.

Идеи Мустафа Шокай, заключающиеся в том, что только сильные своей внутренней сплоченностью и национальным духом народы смогут достичь независимости и в дальнейшем ее защитить, имеют особый смысл в условиях независимого Казахстана.

Ключевые слова: Мустафа Шокай, колониальная политика, независимость, независимое сознание, внутренняя национальная сплоченность, национальный дух, Казахстан.

Annatation

This article is devoted to the idea of independence and methods of its achieving in the works of a remarkable historian, political scientist, publicist Mustafa Shokay.

Formation of an independence consciousness of Mustafa Shokay is associated with the colonial policy of royal Russia. There was a deep trace of local royal officials` actions in his young consciousness. Years of study and work of the future politician in St. Petersburg was his vital and political institution.

The concept of the struggle for independence of Mustafa Shokay were clearly defined by the end of the 20s. Methods of its achieving are instructive. Mustafa Shokay considered a comprehensive strengthening of the internal unity of Turkestan National Front and its effective coordination with the centers of the national liberation struggle of other nations as the most direct and shortest way leading to freedom and independence.

Ideas of Mustafa Shokay that nations with only strong internal unity and national spirit will be able to achieve independence and to protect it in the future, also they play an important role in the conditions of independent Kazakhstan.

Key words: Mustafa Shokay, colonial policy, independence, independent consciousness, internal national unity, national spirit, Kazakhstan.

Биыл туғанына 125 жыл толатын, бүкіл түркі халқының азаттығын өзінің ең басты өмірлік мұраты санаған Мұстафа Шоқайдың саяси қызметі екі бағытта қарастырылып келеді. Бірі – тікелей ұйымдастырушылық жұмыс. Екіншісі –шығармашылық қызмет. Алайда бұл екі саланы шартты түрде ғана бұлай бөлуге болады, өйткені бұл екі бағыт бірін-бірі айқара аша, толымды толықтыра түседі.

Сөз басында ретті бір мәселеге тоқтай кетейін. Егер Алаштың батырлары Ресейдің отаршылдық саясатына қарумен, қылыш-найзамен қарсы шықса, ал алғашқы ағартушыларымыз қолдарына қалам алды. Осыдан бір жарым ғасыр бұрын, 1864 жылы өзінің «Сот реформасы жайындағы» жазбада азаттық пен еркіндікті халықтың табиғи атрибуты санаған қазақтың тұңғыш ұлы ғалымы Шоқан Уәлиханов: «Халықтың қалыпты түрде өсуі үшін ол дамудың қандай деңгейінде тұрса да: өзіндік дамуы, өзін-өзі қорғауы, өзін-өзі басқаруы және өзіндік соты болуы қажет» деген болатын [1,103-б.]. Алайда, ол кезде мұны «тәуелсіздік» ұғымы деп түсінетін де, оны асқақ идея деп көтеретін де ешкім бола қойған жоқ. Мұны тұңғыш рет Алаштың жетекшілері әуелі патшалық отаршылдықтан, сонан соң кеңестік қыспақтан құтылудың, азаттыққа жетудің бірден-бір жолы деп ұғынды, бостандықтың туы етіп жоғары ұстады. Бірақ олардың армандарына жете алмағаны сіздерге белгілі.

Мұстафа Шоқайдың да саяси қызметінің басты нысаны тәуелсіздік идеясы болатын. Сондықтан ұлы тұлғаның саяси болмысын «Тәуелсіздік» ұғымынсыз түсіну мүмкін емес. Біз бүгін сарабдал саясаткер мұрасындағы осы идея туралы бірер ойымызды ортаға салсақ дейміз.

Мұстафа Шоқайдың тәуелсіздік санасының қалыптасуы өз заманымен, патшалық Ресейдің отарлық саясатымен тікелей байланысты. Ойы сергек, ары таза, туасы әділетті жанның сезімінде ең алғаш өзі өсіп-өнген саяси-әлеуметтік орта, елдегі орыс қоныс аударушыларының халықты басынған озбырлық әрекеттері терең із қалдырады. Патшаның жергілікті шенеуніктері Шоқай әулетінің екі рет кірпіштен салынған үйін ақысыз-пұлсыз иеленсе, ал егістігін тіпті тартып алады. Сонан соң Мұстафа Ташкенттегі гимназияны өте жақсы бітіргенде оған тиісті алтын медальды генерал Самсоновтың орыс баласына жаздыруы «бұратана» халықтың перзентіне көрсеткен ұлы державалық шовинизмінің айқын көрінісі еді. Сондай-ақ сол кездегі қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен, қарақалпақ, орыс және басқа да ұлт өкілдері тұратын Орта Азия кіндігі, Түркістан аймағының бас қаласы – Ташкентке елден келген кісілердің түрлі өтініш-арыздарын шешуге қатыса отырып, гимназист Мұстафа жергілікті жұртшылық арасындағы саяси-әлеуметтік, құқықтық теңсіздікті көзімен көрді, жүрегімен сезді.

Болашақ саясаткердің Петербургте оқыған, қызмет атқарған жылдары да оның саяси университеті болды. Ең алдымен ол терең білім алды, сонан соң орыс зиялы қауымының Батыстан тараған либералистік пиғылдағы топтарының ықпалымен саяси еркіндік пен әлеуметтік әділдікті жақтаған демократиялық үрдістерді бойына сіңірді. Мұстафа Шоқай 1933 жылғы “Өткен туралы естелік беттері (Ресейдегі түрік студенттер өмірінен)” атты мақаласында Ресейді реакция жайлаған, жоғары оқу орындары, әсіресе, университеттер полицияның қырағы бақылауына алынған 1910-1914 жылдары Петербург университетінде курста болғанын айта келе: “Жағдайдың сондайлығына қарамастан, біз, студенттер жиындар ұйымдастырып, Үкіметке қарсы шешімдер қабылдап, көшелерде демонстрациялар жасайтынбыз” - деп өзінің студенттердің саяси қозғалыстар ортасында болғандығын жазған тұғын [2, 209-б.].

Мұстафа Шоқайдың еркін ой-пікірінің алғашқы көріністерін бір топ студенттермен бірге жазған хат пен үндеулерінен байқауға болады. 1913 жылдан шыға бастаған «Қазақ» газетіне жолданған құттықтауда жастар Орынборда шықпақшы болып жатқан басылымның «қадамы қайырлы, бауы берік, өмір жасы ұзақ болып, мақсатқа жетпегіне тілектестіктерін білдіре отырып», қазақ жұрты үшін аса маңызды екі мәселені көтереді. Оның бірі – "Қазақ"газетін «бір жағадан бас шығарып, бір ауыздан сөз шығарып», «мұңды жұртымыздың мұңдасып, бірінің хал-жайын бірі біліп тұруына да жәрдемдесу». Екіншісі - «бір нәрсе жазғанда басқа әріп, фарсы, ноғай қандастарымыздың (қандас, туыс деген мағынада – Ә.Б.) сөздерін; орысша оқығандарымыз орыс, яки басқа Еуропа жұртының тілдерін орынсыз көп кірістірмей, өзіміздің қазақтың нағыз қара тілімен жазу» [3, 15-16-бб.]. Сол сияқты Петерборда оқитын түркі халықтарының бір топ жастарының (ішінде Мұстафа Шоқай да бар – Ә.Б.) екінші бір топтың патшаға жағымды діни ұйым құрғандарына қарсы шығып, «Сиратель-Мустаким» жақтаушыларының жаңа әрекеттері туралы» үндеу қабылдаған болатын [3,16-17-бб.].

Өткен ғасырдың басында Мұстафа Шоқайлардың тіл мен діннің тазалығын мәселе етіп көтерулері бүгінгі күні мемлекеттік мәртебеге ие болғанына ширек ғасырдан асса да, ана тіліміздің тәуелсіз еліміздің төріне шыға алмай отырғаны, діни кеңістікте еркіндік алдық деп жастарымыздың түрлі діни ағымдарға бой ұрып жүргені еріксіз еске түседі.

Алаштың басқа жетекшілері сияқты Мұстафа Шоқай да тәуелсіздік идеясына тікелей даңғыл жолмен келген жоқ. Мысалы, 1917 жылғы Ақпан буржуазиялық-демократиялық революцияның нәтижесінде патшалық монархияның тақтан түсуін қызу қолдаған Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлы және М.Шоқайлардың «Алаш ұлына» атты сүйінші хатта: «Азаттық таңы атты. Тілекке құдай жеткізді. Күні кеше құл едік, енді бұл күн теңелдік. Қам көңілде қаяу арман қалған жоқ. ... Россия қол астындағы халықтардың бәріне: дін, ұлт, тіл айырмасына қарамай, азаттық әперді» деп жазған болатын [4, 297-б.]. Алайда көп ұзамай-ақ Уақытша үкіметтің саяси әрекетін Алаш көсемдері түсінді. Мұстафа Шоқай да өзінің «1917 жыл естеліктерінен үзінділер» деген еңбегінде: «Біз бұл тұста 1917 жылғы

революция ұлттық мемлекет құруымызға мүмкіндік береді деп үміттеніп, сеніп едік. Бұл үмітіміз бен сеніміміз ақталмай, алданып қалдық» деп жазғанды [5, 14-б.].

Ал 1917 жылғы 21-інші қарашада "Қазақ" газетінде басылған "Алаш" партиясы программасының жобасында "Қазақ жүрген облыстардың бәрі бір байланып, өз тізгіні өзінде болып, Россия республикасының федерациялық бір ағзасы болуы" деп жазылғаны белгілі. Сол сияқты 1917 жылғы 22-інші қарашада Ташкентте Түркістан кеңестерінің өлкелік съезінің қорытындыларына риза болмаған Мұстафа Шоқай бастаған топ, 1917 жылы 28 қарашада Қоқан қаласында өткен аймақ мұсылмандарының IVТөтенше съезінде Түркістан территориялық автономиясын жариялағанда да оны Ресей демократиялық республикасымен бірлікте қараған болатын.

Шынында да, большевиктер билік қолға тигеннен кейін "ұлттардың өзін-өзі билеуі туралы" ұрандарынан тез айнып, өз табиғатын шынайы танытқан болатын. Сөйтіп, Мұстафа Шоқай сөзімен айтқанда, «қызыл сөздерге боялған» мұндай үгіт-насихаттың нәтижесі іс жүзінде «орыстың ұлттық рухына негізделген пролетариат диктатурасынан басқа ештеңе де болмай шықты...» [6, 51-б.].

1930 жылы жазылған «Автономиядан – тәуелсіздікке» атты мақаласында Мұстафа Шоқай Түркістан (Қоқан) автономиясы туралы өзінің ойларын былай қорытындылаған еді: "Өздерінің балалық дәуірін еске алатын ересек адамдар, бірақ сол дәуірге қайта ораламын деп ойламайтыны сияқты біз де саяси өміріміздің балалық дәуірі - Түркістан автономиясын еске аламыз" [3, 24-б.]. Осыдан бес жыл кейін жазылған "Он жеті қабат жер астында қалғыр бір жарамсыз қылық жайында" деген мақаласында тағы да Мұстафа Шоқай 1917 жылғы төңкерістің бас кезінде Алаш жетекшілерінің барлығы федералист, унитарист тәрізді ағымдардың ықпалында болғандарын, оның орыс демократиясына шамадан тыс сенуден туғандығын ашық айтқан болатын [6, 442-б.].

Мұстафа Шоқайдың тәуелсіздік үшін күрес идеясы, халқының азаттық алуы туралы ой-тұжырымдары 20-сыншы жылдардың аяғына қарай айқындалды. 1929 жылы жазылған «Біздің жол» атты мақаласында ол басты мақсатты былайша алға қойды: «Біз, Түркістан тәуелсіздігін жақтаушылар, еліміздің еркі үшін және жұртымыз Түркістанның бодандықтан құтылуы үшін күресеміз. Түрістандықтарға бұдан басқа жол болмаған. Қазір де жоқ және бұдан соң да болмайды» [6, 32-б.]. Осыдан бір жыл кейін жазылған «Автономиядан – тәуелсіздікке» деп жоғарыда аталған еңбегінде Мұстафа ұлттық тәуелсіздік «Қытай қорғаны» сияқты ешкімнен оқшаулап тастамайтынын және ешкімнің құқығына қарсы қойылмайтынын ескерте келіп: «Ұлттық тәуелсіздік - өз отанымызды, өз құқығымызды қанаушылардың езгісінен қорғау...» деп жазды [7,24-б.].

Мұстафа Шоқайдың тәуелсіздік үшін күрес тактикасы да аса маңызды. Ол ұлттық жаудың тым күшті екенін, сондықтан большевиктер тепкісінде жатқан Түркістан аймағын ұлттық ұйымынсыз құтқару мүмкін еместігін түсінді. Ел ішіндегі кеңестік саясаттың «әдеттен тыс езуі мен қанауы, қатігездігіне» қарсы әртүрлі бас көтерулерден хабардар Мұстафа Шоқай 1930 жылы жазған «Көтерілістен – ұйымшылдыққа (*көтерілістен – ұйымға*)» деген мақаласында өзара байланысы жоқ жергілікті сипаттағы бой көтерулермен большевиктер тепкісінде жатқан атамекенді азат етуге болмайтынын ескерте отырып, күшті бір саяси ұйымға бірігуді алға тартты. Сондай ұйым «Түркістан ұлттық бірлігі (ТҰБ)» болды. Оның бірінші кезектегі маңдай алды міндеті және таяу арадағы ең маңызды мақсаты былай айқындалған еді: «1) Түркістанды орыс пролетариаты үстемдігінен құтқару; 2) Түркістанда орыстың кез келген үстемдігінің орнауына жол бермеу; 3) Бәрінен бұрын ұлттық, тәуелсіз Түркістан мемлекетін құру болып табылады» [6, 102-б.]. Бұл әртарапта бытырап жүрген жас түркістандықтарды тәуелсіздік мұраттар жолындағы қасиетті күрес майданына топтастырудың бірден-бір жолы болатын.

Мұстафа Шоқай азаттық пен тәуелсіздікке бастайтын ең төте және ең қысқа жол – Түркістан ұлттық майданының ішкі бірлігін барынша нығайта отырып, оны ұлт-азаттығы үшін күрес жүргізіп жатқан басқа халықтардың орталықтарымен тиімді үйлестіру, мұнсыз азаттық пен бостандық бос сөз, тығырықтан шығудың бұдан басқа жолы жоқ деп

санады. «Ұлттық еркіндік және азаттық жолы» атты еңбекте осы міндетті жүзеге асыру үшін саяси күрестің мынандай тамаша тактикасы ұсынылды: «Бәрінен бұрын өз қатарымызды, түркістандық бірлігімізді күшейтейік. Түркістанның жұдырықтай жұмылған ұлттық бірлігін Ресейден айрылу үшін күресіп жатқан басқа халықтардың ұлттық майдандарымен тығыз үйлестіре отырып, орыс империализміне қарсы қуатты күш ұйымдастырып, бірге қимылдайық. Орыс империализміне қарсы күрес майданындағылардың ұлтын, дінін, нәсілін, партиясын тергеп-тектемейік, алаламайық. Тек осындай жол ғана бізді ұлттық азаттыққа жеткізе алады"[8, 107-б.]. Мұстафа Шоқай бұдан басқа жолдардың барлығын алдамшы, тұйық санады, тек өзінің ішкі бірлігін нығайта алған халықтар ғана тәуелсіздігіне қол жеткізетінін және оны қорғап қала алатынын атап көрсетті. Мұндай тәсілді таңдап алу ұлттық талап-тілектердің толық жүзеге асырылуына көмектесетінін адамзат тарихындағы саяси күрестің талай тәжірибесі сан рет дәлелдеген болатын.

Азаттық үшін күрес жолында Мұстафа Шоқай 1928 жылы Варшавада Польшаның Бас штабы мен Сыртқы істерминистрлігінің Шығыс бөлімі эмигранттардың барлық топтарын біріктіру және КСРО-ға қарсы пайдалану туралы Ю.Пильсудскийдің алға қойған міндеттеріне байланысты құрылған "Прометей" (Ресейдің езгісіндегі халықтар лигасы) халықаралық ұйымында да қызмет атқарады. Бұл ұйымға Әзірбайжан, Дон, Карелия, Грузия, Волга бойы, Қырым, Кубань, Солтүстік Кавказ, Түркістан, Украинаның және басқалардың өкілдері кірген еді. 1934 жылы жазылған «Кавказ фактісі» атты мақалада бұл ұйымға мынандай сенім көрсетілді: «Барлығымызға да, украиндықтар сияқты түрік халықтарына да, Ресейден бөлініп және өздерінің тәуелсіз мемлекетін құруға ұмтылып, Ресей империализмінің барлық түрлеріне қарсы күресіп жатқандарға Кавказдың рөлі айқын. ...Біз «Кавказия фактісі» болашақ оқиғалары күндерінде өз рөлін толық атқарып, атамекенімізді ресей империализмінің бұғауынан құтқаруға ұлы көмек көрсетеді деп үміттенеміз» [2, 368-б.].

Ұлттық күреске бел байлап кіріскен адамдар үшін Мұстафа Шоқай аса қажетті қасиеттер қатарында ұлтшылдыққа, өз ұлттың айрықша сүйе білуге ерекше көңіл бөлген еді. Жеңіске жету үшін Түркістанда ұлттық өкіметтің үстемдігінен басқа ешбір күшті мойындамау негізіне құрылған осындай идеяға түсініктеме бере отырып ол: «Орыс тепкісіндегі Түркістанның ұлттық қозғалыстарынан жеңілмес ұлтшылдық» атты еңбегінде: «Ол (ұлтшылдық - Ә.Б.) – халқымыздың жаны мен жүрегі. Ұлтымыз өмір сүрсе, ол да бірге өмір сүреді» деп жазды [6, 62-б.]. Ал 1934 жазылған «Большевиктердің «түрік достығы» деген мақалада, большевизм өздері негізінен теріске шығаратын «ұлтшылдық» ұғымын белгілі жағдайларда күрес құрал ретінде пайдаланудан бас тартпайтынын, олар еуропалықтарға қарсы қою үшін қытай ұлтшылдығын, ал Англияға қарсы үнді ұлтшылдығын танитынын атап көрсетіледі [2,320-б.].

Мұстафа Шоқай - тар шеңбердегі ұлтшылдыққа ешуақытта бой алдырмаған, ру, ұлыстарға бөлініп халықтың ішіне іріткі салатын рушылдық психологиядан өзін әркез алшақ ұстаған қайраткер. Ол түркістандықтарды ру, ұлыстарға бөліп, иштен іріткі салатындарды аймақ тұрғындарының ұлтшылдық идеясы мен мұраттарының жаулары деп есептеді.

Ел ішіндегі бірлігіміз бен ынтымағымызды арттыра түсу, бүгінгі Қазақстан жағдайында айрықша мәнді болып отыр. Сондай-ақ үлкенді-кіші көршілерімізбен тату-тәтті өмір сүріп, екі жаққа тиімді қарым-қатынас жасау да мемлекетіміздің сыртқы саясатының маңызды саласы екеніне сөз жоқ. Мұны ең алдымен Орта Азия аймағында тұратын халықтардың барлығы тереңірек түсініп жатса, келешегіміз бұдан да жарқырай түсер еді. Бұл бағыттағы Елбасымыздың қажырлы іс-әрекеті айрықша өміршең, ерекше маңызды.

Көреген саясаткер Мұстафа Шоқайдың 1930 және 1937 жылдары жазған «Түркістан ақындарынан» және «Жауларымыз біздің қызметтеріміз туралы не айтады?» атты мақалаларында айтылған «Біз құл болып тұра алмаймыз. Біз ұлт азаттығымызды аламыз»

және «Біз, әрине, өзіміздің атамекеніміз Түркістанды кеңестік Ресейден де, басқа Ресейден де біржола бөліп алуды мақсат етеміз. Бұл - біздің ұлттық мұратымыз, ұлттық арман-мүддеміз» сипаттарындағы асыл армандар араға жарты ғасыр уақыт салып қана жүзеге асқаны белгілі. 1991 жылғы 16 желтоқсанда жарияланған «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңда «Қазақстан Республикасы - тәуелсіз, демократиялық және құқылық мемлекет. Ол өз территориясында өкімет билігін толық иеленеді, өзінің ішкі және сыртқы саясатын дербес белгілеп, жүргізеді» деген қағидалар тайға таңба басқандай айқын жазылды.

Міне, бұған да ширек ғасыр болып қалыпты. Тәуелсіздік жылдары халқымыздың қолы неге жетті дегенде, ең бірінші ойға еліміздегі әлеуметтік тұтастық пен ұлтаралық түсіністік оралады. Жаңа заманның алғашқы құжаттарының бірі – «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияда» Республикада тұратын халықтарды топтастыру мен олардың достығын нығайтуды бірінші дәрежелі міндет деп көрсетілгеніндей, халқымыздың бірлігі, көп этносты Қазақстанның ынтымағы бүгін күнделікті шындығымызға айналып, мемлекетіміздің, Елбасымыздың сара саясаты болып отыр. Сөйтіп, кезінде ел ішіндегі бірлік пен ынтымақты нағыз тәуелсіздік пен азаттыққа апаратын және оны қорғай алатын төте жол деп ұғынған Мұстафа Шоқайдың да асыл арманы орындалып келеді.

Сонымен қатар азат қоғамымыздың қазіргі даму үдерісі көрсетіп отырғанындай, елімізде түбегейлі конституциялық, саяси, демократиялық реформалар оп-оңай жүзеге асып жатқан жоқ. Жаңа қоғамдық институттар пайда болып, нарықтық қатынастар өмірге батыл ене бастағанымен, тоталитарлық жүйеден демократиялық тәртіпке өту аса күрделі екенін күнделікті өмір көрсетіп отыр. Сондықтан бүгінгі биіктен қарасақ, алдымызда шығар шыңымыз асқар, алар асуымыз асқақ.

Алаш ұлт-азаттық қозғалысының өзінен бұрын өткен осы сипаттағы қоғамдық құбылыстардан басты артықшылығы ұлттық дербес мемлекет құруды өзінің басты міндеті етіп қоя алғанында болатын. Ұлттық еркіндік пен дамудың алғышарты болуға тиісті мұндай мемлекеттің қажеттігіне Мұстафа Шоқай да кезінде қайта-қайта оралған еді. 1929 жылы-ақ «...Біздің мұратымыз Түркістанда түрі жағынан да, мазмұны жағынан да ұлттық болатын мемлекеттік құрылымға қол жеткізу болмақ. Сонда ғана халқымыз өз жерінің нағыз қожасы бола алады» деп жазған болатын [6, 33-б.].

Қазақстан Республикасының жоғарыда аталған ең алғашқы құжаттарында ұлттық мемлекеттікті сақтау, қорғау және нығайту жөнінде шаралар қолданады деген біздің бүгініміз үшін де, келешекке де қажет аса маңызды қағиданың орнына кейінгі кезде ресми құжаттарда «Қазақстан көп ұлтты мемлекет» немесе «Қазақстандық ұлт» деген сөз тіркестерін жиі қолданатын болдық. Сонда Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қазақтың үлес салмағы аздау кезде ұлттық мемлекет, ал халқымыз қазақстандықтардың басым көпшілігі болғанда көп ұлтты мемлекетке айналдық па? Мәселені бұлай айтуымыздың қағидатты мәні бар. Мемлекеттің ұлттық сипаты айқындалмай, мемлекет құрушы ұлттың мүддесі шешілмей, алдымен тәуелсіз мұраттары жүзеге аспайды, елдегі басқа халықтың мәселелері оң нәтиже бере қоймайды. Бүгінгі мемлекеттік мәртебе берілгеніне жиырма алты жыл болған қазақ тілі, ұлттық діл және дәстүрлі дін саласындағы кейбір қиындықтар осымен тікелей байланысты болып отыр.

Тіпті сан ғасыр ата-бабаларымыз күресіп, халқымыздың сан мыңдаған серкелері құрбан болып, қол жеткен «Тәуелсіздік» ұғымының мағынасына тереңдеп бара алмауымыз да, тағдырдың осы басты сыйын жеткілікті қастерлей, қадірлей білмеуіміздің негізгі себебін азат санамыздың толыққанды қалыптаспай отырғанынан, ұлттық рухымыздың төмендігінен іздеуге болар еді дегім келеді. Осы орайда Мұстафа Шоқайдың «Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болуы мүмкін бе? Тарих ондайды көрген жоқ та, білмейді де. Ұлт азаттығы – ұлттық рухтың нәтижесі. Ал ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп дамиды, жеміс береді», - деген сөзін айта кетсек артық болмас [1, 187-б.]. Шынында да, ұлттық рух тамаша қасиеттерге ие етумен бірге өз ұлтыңды

шынайы тануға, өз халқыңның алдындағы өз борышыңды жоғары сезіне түсуге көмектеседі.

Ұлттық рух сонымен қатар шынайы ұлтшылдық үдерісінде қалыптасатыны белгілі. Мұстафа Шоқайша, халқымыздың мәдени және рухани саладағы жетістіктерінің барлығы ұлтшылдық қозғалысқа тән және соның нәтижесі. Алайда біз әлі Алаш көсемдері тұтынған «ұлтшылдық» ұғымын кешегі кеңестік түсініктен азат ете алмай келеміз. Бұл кейде қайшылықты жағдайларға соқтырып жүр. Алаш көсемдері ұғынған «ұлтшылдық» ұғымын өз халқына шын берілгендіктің, өз халқын шынайы сүюдің көрінісі деп танығанымыз дұрыс болар еді.

Бір баяндамада Мұстафа Шоқайдың өз халқының тәуелсіздігі мен азаттығын, отаршылық тағдыр кешкен басқа да түрік тектес ұлттардың қамын ойлаған биік мүдделері мен өшпес идеяларын, осыған сәйкес бүгініміз бен ертеңіміз үшін мәселелерді түгел қамтып шығу мүмкін емес. Алдымызға ондай мақсат та қойып отырғанымыз жоқ. Дегенмен ол идея-ойлардың өзі мынандай тағылымдарға жетелейтінін назарға сала кеткен артық болмас:

Біріншіден, Мұстафа Шоқайдың «Тәуелсіздік» идеясы аса күрделі де сан салалы мағыналарға ие. Бұл ең бірінші тәуелсіздіктің иесі ұлттың мұддесіне қатысты. Сол себепті кешегі кеңестік кездегіден саяси мазмұны да, әлеуметтік әлеуеті де басқа құрып жатқан мемлекетіміздің ұлттық сипатының басым болуы мен осыған байланысты ұлттық мүдделерге басымырақ көңіл бөлу алда да айрықша қажет-ақ.

Екіншіден, өзінің ішкі бірлігін нығайта алған, ұлттық рухы жоғары халықтар ғана тәуелсіздікке қол жеткізеді және оны қорғап қала алады деп санаған Мұстафа Шоқайдың терең мағыналы өсиеті бүгінгі Қазақстан жағдайында ерекше мәнді болып отыр.

Үшіншіден, Мұстафа Шоқай бүкіл түркі жұртының бірлігі, азат өмірі үшін күресті. Сондықтан бұл идея бүкіл түркі әлемінің алда алар асуы, шығар биігі бола береді. Бұл бағыттағы Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тұрақты да жемісті қызметінің алда да берері мол болмақ.

Ұлттық тәуелсіздіктің бірден-бір жалынды жаршысы және тамаша ұлттық идеялардың иесі ғана емес, сол идея үшін бас тіккен тұлға Мұстафа Шоқай еліне деген сарғайған шексіз сағынышын бір сәт баса алмай, жат жерді мәңгілік мекен етті. Алайда ұлы тұлғаның асқақ арманы орындалды. Елінде тәуелсіздікке жеткен, жаңа тұрпаттағы мемлекет құрып жатқан сүйікті халқы бар. Сол халқына мәңгі өлмейтін шығармаларының 12 томдық толық жинағы араға алпыс жыл салып жетті. Бұл телегей-теңіз мол мұра Қазақстанымыздың бүгінін байытып, келешегін кемелдендіре түсері сөзсіз.

Әдебиеттер:

1.Уәлиханов Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. –Алматы: Толағай группа, 2010.-Т.4.-496 б.

2.Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. – Алматы: Дайк-Пресс, 2013. – Т.7.-572 бет+2 бет жапсырма.

3.Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. – Алматы: Дайк-Пресс, 2012. –Т.2.- 640 бет+8 бет жапсырма.

4.Дулатұлы М. Бес томдық шығармалар жинағы. Екінші том: Көсемсөз, әдеби-сын және зерттеу мақалалары. / Құраст. Дулатова Г., Иманбаева С. – Алматы: Мектеп, 2003. – 392 б.

5.Шоқай М. Таңдамалы шығармалар: Үш томдық. – Алматы:Қайнар, 2007. –Т.3. – 384 б.

6.Шоқай М. Таңдамалы.-Алматы: Қайнар, 1998.-Т.1. -512 б.

7.Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. – Алматы: Дайк-Пресс, 2013. –Т.5.– 540 бет+2 бет жапсырма.

8. Шоқай М. Таңдамалы.-Алматы: Қайнар,1998. –Т. 2. -520 б.

ӘОЖ: 94(574) (092)

МҰСТАФАТАНУДЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛІК НЕГІЗІ

К.Л.ЕСМАҒАМБЕТОВ, тарих ғылымдарының докторы, профессор
Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Мақала көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, түркі халықтары ұлт–азаттық қозғалысының идеологы, ғалым-көсемсөз шебері Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қызметін зерттеудің деректемелік негізін талдауға арналған.

Мұстафатану жөніндегі алғашқы еңбектер Түркияда жарық көрді. Өткен ғасырдың 40-50 жылдарында А.Оқтайдың, Т.Шағатайдың, Междеддин Делилдің еңбектері жарияланды. Кейінгі кезеңде мұстафатану ісі Өзбекстан, Қазақстан, Ресей, Англия, Франция т.б. елдер ғалымдарының еңбектерінде көрініс тапты.

М.Шоқайдың саяси қызметін және шығармашылық мұрасын зерттеудің негізгі деректемелік негізі - оның өз еңбектері болып табылады. Алайда қайраткердің ғылыми мұрасын жинастырып, ғылыми айналымға қосудың бірнеше қиындықтары бар. Олар: а) М. Шоқай еңбектерінің бірнеше тілде және түрліше графикада жазылуы; ә) олардың дүние жүзі елдерінің мұрағат және кітапхана қорларында шашыранды күйде ұшырасуы; б) көпшілік еңбектерінің бүркеншік есімдерімен жазылуы.

Осыған қарамастан 2012-2014 жылдары М. Шоқай шығармаларының 12 томдық толық жинағы жарық көрді. Ол түркі халықтарының рухани өміріне қосылған сүбелі үлес болып табылады.

Кілт сөздер: Мұстафа Шоқай, Мария Шоқай, мұстафатану, ұлт-азаттық қозғалыс, деректемелік негіз, мұрағат, «Яш Түркістан», «Йени Түркістан».

Аннотация

Статья посвящена анализу источниковой базы исследования жизни и деятельности Мустафы Шокая, видного государственного и общественного деятеля, идеолога национально–освободительного движения тюркских народов, ученого–публициста.

Первые работы о мустафаведении появились в Турции. В 40-50 годах прошлого столетия были опубликованы работы А.Октая, Т.Чагатая, Междеддина Делиля. В последующее время их изыскания были продолжены трудами ученых Узбекистана, Казахстана, России, Англии, Франции и др. стран.

Основной источниковой базой при исследовании политической деятельности и творческого наследия М. Шокая являются его труды. Однако поиски его работ и введение их в научный оборот сопряжены с большими затруднениями. Они: а) труды М. Шокая написаны на разных языках и разной графикой; б) разбросанность их в архивах и библиотеках многих стран мира; в) большинство его работ написаны анонимно.

Несмотря на эти и другие трудности в 2012-2014 годах было опубликовано полное собрание сочинений М. Шокая в 12 томах. Оно рассматривается как крупный вклад в духовную жизнь тюркских народов.

Ключевые слова: Мустафа Шокай, Мария Шокай, мустафаведение, национально-осовободительное движение, источниковая база, музей, «Яш Туркестан», «Йени Туркестан».

Annotation

The article is dedicated to analyse the sourcebase of researching life and activities of Mustafa Chokay, outstanding statesman and public figure, ideologist of national-liberation movement of Turkic peoples, scientist-pamphleteer.

First works connected Mustafa scholarship are appeared in Turkey. In 40-50 years of the past century there are edited some works of A. Oktay, T. Chagatay, M. Delil. Afterwards their investigations are continued in works of scientist of Ouzbekistan, Kazakhstan, Russia, England, France and other countries.

The main sourcebase of searching political activities and scientific heritage of M. Chokay of course must be his works. But searching and introduce them in scientific turnover entail great difficulties. They are: a) M. Chocay`s works have been written in various languages and scripts: b) their sparseness in archives and libraries of many countries of the world; c) majority of his works are anonymous.

In spite of these problems in 2012-2014 there is edited «Complete works» of M. Chokay in 12 volumes in Almaty.

It is regarded as an outstanding contribution to spiritual life of Turkic peoples.

Key words: Mustafa Shokay, Maria Shokay, history of Mustafa, national liberation movement, sourcies base, museum, «Yash Turkestan», «Yeni Туркестан».

Еліміздің тәуелсіздік алып, дербес даму жолына түсуіне байланысты түрлі саяси күштер мен ағымдардың, оның жетекшілері мен идеологтарының халық санасын оятып, адамзаттың ұлы көшінен қалмай алға жылжуына сіңірген еңбегін ғылыми тұрғыдан сараптап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің маңызы арта түсуде.

«Ұлы тұлғаларын білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тарихының айнасынан біз тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз.

Біздің ұлы қандастарымыз өмірлерін қиып, шыбын жандарын шүберекке түйіп, біздің тәуелсіздігімізді жақындата түскен... Сондықтан халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай қиын-қыстау жағдайда да оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім өз жұртының нағыз азаматы болып қала берген. Тарихтың қай кезеңінде болсын, олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген» [1]. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бұл сөзінде қоғамның дамуында жеке тұлғалардың феномені ерекше орын алатындығы барынша дәл көрсетіледі.

Өткен ғасырдың 20–30-жылдарында қазақ мемлекеттілігінің даму мақсатын тұжырымдап берген, халыққа қызмет етудің жарқын үлгісін көрсеткен осындай тұлғалардың бірі Мұстафа Шоқай (1890–1941 жж.) болатын. Қазақ халқының аса күрделі «соқтықпалы да соқпақты» тарихының басты мазмұнын азаттық үшін, өзін этнос ретінде және өмір сүру кеңістігін сақтап қалу үшін күрес құраса, осы күрестің алдыңғы сапында тұрған да М. Шоқай. Сол себепті оның өмірі мен жанқиярлық қызметін, шығармашылық мұрасын зерттеп, зерделеу – біздің парызымыз. Сонда ғана «бүгінгі бостандықтың, бүгінгі тәуелсіздіктің өзінен-өзі келіп, басымызға қона қалмағанын, азаттық үшін миллиондаған адамдардың қаны шашылып, жаны қиналғанын, жазықсыз зардап шеккенін» [2] ұғынамыз.

Мұстафатанудың негізі Түркияда қаланды. М. Шоқайдың мұраттас жолдастары, саяси күреске бірге қатысқан серіктері, «Яш Түркістан» журналын шығарысқан Тахир Шағатай (1902–1984), Абдулақап Оқтай (1904–1968) және олардың жұбайлары Сағадат Шағатай және Саида Оқтай ханымдар, «Түркістан Ұлттық Бірлігі» ұйымының Бас хатшысы, «Йени Түркістан», «Яш Түркістан» журналдарының жұмысын атқарысқан Междеддин Делил өз естеліктері мен еңбектерінде М. Шоқайдың дүниетанымы мен қайраткерлік болмысын қалпына келтіру жолында көп еңбек сіңірді.

М. Делил 1942 ж. «Мұстафа Шоқай альбомын» дайындап, баспадан шығарды. 1950 жылы А. Оқтай «Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Мұстафа Шоқай» атты кітабын жариялады. Өткен ғасырдың орта кезінен Т. Шағатайдың М. Шоқайдың өмірін, шығармашылық мұрасы мен саяси қызметін баяндауға да орын берілген «Түркістандағы

түрікшілдік және халықшылдық» (екі кітап), «Қызыл империализм» (жеті кітап) атты еңбектері жарық көрді [3].

Стамбулда «Түркістан – Еділ-Орал» қорының құрылуы, Сағадат Шағатайдың (1907–1989) «Яш Түркістан» журналының материалдарын жеке кітап етіп басып шығаруға бағытталған әрекеттері мұстафатанудың ілгерілеуіне көмегін тигізді.

Соңғы кезеңде Мұстафаға батыс елдерінде де назар аударыла бастады [4]. Алайда кеңес идеологтары мен олардың Шығыс Еуропа елдеріндегі пікірлестері КСРО-ның ыдырауына дейін шындыққа үш қайнаса сорпасы қосылмайтын түрлі лақаптар таратып, М. Шоқайды фашистік Германияның «тыңшысы» ретінде көрсетуге әрекеттеніп келді. 1971 жылы Варшавада жарық көрген «Голоса издалека» [5] деген поляк тіліндегі кітапта аға лейтенант Абдурахимов пен капитан Халимов деген тәжік ұшқыштарының 1942 жылы 10 қазанда немістерге тұтқынға түскені, олардан жауап алу кезінде Рейхтың қауіпсіздік басқармасы қызметкерлерімен бірге 1941 ж. қайтыс болған М. Шоқайдың да қатысқаны туралы айтылады.

Кеңес өкіметі тұсында М. Шоқайдың тарихи-публицистикалық жұмыстары да саяси және идеологиялық тұрғыдан сынға алынып, негізсіз бұрмалаушылыққа ұшырайды. Тек Қазақстанның тәуелсіздік алуымен ғана М. Шоқай туралы тарихи деректерге негізделген еңбектер жарық көре бастайды [6]. Солай бола тұрғанымен өзгенің мүддесін қазақ халқының мүддесінен басым санайтын авторлар бұрынғы үрдісті әлі де жалғастыруда. Олар М. Шоқайды «өте күрделі тұлға» ретінде сипаттап, «Түркістан легионына» жетекшілік жасады, немесе оның бастауында тұрды деген кеңес идеологиясының тұжырымдарын қайталаудан айнымауда. Отарлық, тоталитарлық жүйеге қарсы күрескен қайраткерлеріміз жөнінде сақталған мұндай психологиялық ахуалдың өміршеңдігінің басты себебі ұлттық мінез-құлқынан, әдет-ғұрпынан, тілі мен мәдениетінен, болмыс-бітімінен айыруға бағытталған Кеңес өкіметінің қитұрқы идеологиялық саясатының салдарына байланысты екендігі анық. «Планетарлық деңгейдегі ақыл-ой апатын» басынан кешірген халқымызға өзінің ұлттық құндылықтары мен мүдделерін олар туралы «интернационалистік» ұғымдардан ажыратуы үшін, өз ұлыларын танып-білуі үшін баршамыздың күш-жігеріміз, ақыл-ой парасатымыз қажет.

М.Шоқай – жалғыз туған халқы ғана емес, өзбек, қырғыз, тәжік, түркмен, әзербайжан, грузин және басқа да бодан халықтардың бостандығы үшін күрескен тұлға. Осы жолда өмірінің соңғы сәтіне дейін өзінің ой-қабілетін сарқа жұмсаған М. Шоқайдың қайраткерлік және шығармашылық болмысын жан-жақты пайымдаудың еліміздің ұлттық мұрат-мақсаттарын негіздеуге берері мол. Сондықтан оның қайраткерлік, қаламгерлік қарымын, отар халықтардың ұлт-азаттық қозғалысы тарихындағы алатын орнын анықтауға бағытталған еңбектер қатары күн санап артып келеді.

М.Шоқайдың өмірі мен қызметін зерттеудің негізгі дереккөзі оның Франциядағы жеке мұрағаттық қоры болып табылады. Онсыз Мұстафаның қайраткерлігі мен ғұламалығына, мәмілерлігі мен шешендігіне, дүниетанымы мен мақсат-мұраттарына, адамгершілік биік қасиеттеріне көз жеткізу қиынға соғады. Ол туралы еңбектердің көбінің жалаң баяндауларға, патетикаға негізделіп келе жатқандығы осы себептен.

М.Шоқайдың 1922–1941 жылдары аралығында жинақтаған жазбалары мен кітаптарын жұбайы Мария Яковлевна 1953 жылы қазіргі «Жаңа Сорбонна – Париж III» университетінің Шығыс тілдері мен өркениеттері ұлттық институтының университетаралық кітапханасына [7] тапсырады. Ол жөнінде Мария Яковлевна сол жылдың 2 тамызында Стамбулдағы А. Оқтайға былай деп хабарлайды: «Құрметті Оқтай! Өзіңе және барлық түркістандықтарға Мұстафа Шоқай-бейдің кітапханасын және мұрағатын Париждегі Шығыс тілдері университетіне сатқандығымды құлағдар етемін. Шығыс тілдерін үйренуге Парижге келгендердің барлығы Мұстафа Шоқай марқұмның кітаптары мен мұрағаттарын пайдалана алады... Маған берген уәделері бойынша барлық кітаптарына оның мөрі басылады, өзінің және әкесінің суреттері ілулі тұрады, астыңғы

жағында «Автономды Түркістанның I президенті Мұстафа Шоқай бей ұлы» деп жазылады [8].

Мұрағат қоры жөніндегі алғашқы мағлұмат кезінде «Яш Түркістан» журналының жауапты хатшысы қызметін атқарған М. Шоқайдың ең жақын серіктерінің бірі Абдулақап Оқтайдың «Түркістан» атты эмигранттық журналда жарық көрген «Мұстафа Шоқайдың мұрағаты мен кітаптары» [9] деген мақаласында беріледі.

Ширек ғасырдан кейін (1977 ж.) осы мақаланы ұшырастырған Нью-Орлеан университетінің (АҚШ) профессоры Э. Лаззерини М. Шоқайдың мұрағаттық қорын толық жүйелеп, ондағы құнды құжаттар мен деректердің ғылыми айналымға қосылуына жағдай жасайды. Бұл жөнінде ғалым «Кайэ дю монд рус э совьетик» (Париж) журналында «Мұстафа Шоқай бейдің мұрағаты» [10] деген мақала жариялайды.

2001 жылы М. Шоқайдың жеке мұрағаттық қорындағы құжаттардың көшірмелері «CD» дискілеріне түсіріліп, Қазақстанға алдырылуында белгілі мемлекет қайраткері И. Тасмағамбетов шешуші рөл атқарды. Сол жылы бұл құнды мұраны ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев ҚР Орталық Мемлекеттік мұрағаты қорына табыс етеді.

Түркияда, Польшада, Германияда, Англияда, Ресейде сақталған мұрағат материалдарымен бірге Сорбоннадағы мұрағаттық қор «мұстафатану» ғылыми бағытының деректемелік негізін қалайды.

М.Шоқайдың жеке мұрағаттық қорына жай сипаттама берудің өзі оңайға түспейді. Осыған орай профессор Э. Лаззеринидің М. Шоқайдың мұрағаттық қорын толық пайдалану үшін ғажап лингвистикалық білім керек, себебі оның құжаттары түрлі (француз, неміс, орыс, ағылшын және бірнеше түркі) тілдерде және түрлі қаріптермен жазылған [16] деуі әбден орынды. Оның еңбектерінің грузин, араб, урду, поляк, өзбек, қазақ тілдерінде де жазылғанын қоса айта кетуіміз керек.

М.Шоқайдың шығармашылық мұрасы Шығыс тілдері мен өркениеті ұлттық институтының кітапханасындағы жеке мұрағаттық қорында сақталған еңбектерімен ғана шектелмейді. Онда «Йени Түркістан» және «Яш Түркістан» журналында жарияланған мақалаларының көпшілігі жинақталмаған. Мұрағатта «Йени Түркістанға» жазған он шақты мақаласының көшірмесі ғана табылды. «Прометей» журналында М. Шоқайдың 100-ден астам мақаласы жарық көреді, бірақ олар да мұрағаттық қорға алынбайды. Сол себепті оның бұл еңбектері жөнінде Түркия, АҚШ, Франция, Германия, Польша мұрағаттары мен кітапхана қорларында қосымша іздестіру жұмыстары жүргізілді.

Соның нәтижесінде Түркия Республикасы Ұлттық мұрағатында (Анкара), «Йени Түркістанда» жарияланған мақалаларының тізімі, «Яш Түркістан», «Түркістан» журналдары жөнінде Түркияның ұстанған саясаты, Шығыс Түркістан мен Түркістан Ұлттық Бірлігі арасындағы қарым-қатынастар, басмашылар қозғалысының жетекшілері, ал Түрік Республикасы Осман мұрағатында (Стамбул) Энвер пашаның басмашылар қозғалысына жетекшілік етуі, орыс казактарының зорлық-зомбылықтары туралы сан-алуан құжаттар табылды.

Т.Шағатайдың жеке мұрағаттық қорын «Түрксой» Халықаралық ұйымының бастамасымен түрік азаматы Мұзаффар Акчора 2010 ж. шілде айында ҚР Орталық Мемлекеттік мұрағаттық қорына әкеліп тапсырды. Оның денін М. Шоқайдың эмиграциядағы украин, грузин, әзербайжан т.б. халықтардың саяси қайраткерлерімен жазысқан хаттары құрайды.

М.Шоқайдың саяси ұстанымы мен дүниетанымын анықтауда Парижге келіп орналасқаннан кейін француз үкіметінің назарын аударуды көздеген «Түркістан ұлттық қозғалысының мақсаттары мен негізгі бағыттары» деген 36 беттік памфлетінің маңызы зор. Оның француз тіліндегі нұсқасы қазіргі уақытта Франция Сыртқы істер министрлігінің дипломатиялық мұрағаты қорында сақтаулы [12].

А.Оқтай мен Т. Шағатайдың еңбектерінде сілтеме жасалатын кейбір дереккөздердің таптырмауы Түркия, Иран, Ауған елдерінің мұрағаттары мен кітапханаларында қосымша ізденістерді қажет етеді. Осыған орай Т. Шағатайдың «Түркістандағы ұлт-азаттық

қозғалысы оқиғаларынан үзінділер» деген түрік тіліндегі кітабының «Маркұм Мұстафа Шоқайдың соңғы жазғандарынан» деген тарауы осы пікірімізді растайды. Онда Мұстафаның соғыс тұтқындарымен әңгімелесулері, 1938 жылы інісінің «неміс фашистерінің тыңшысы» деген жаламен тұтқындалып, хабар-ошарсыз кеткені жайында тұтқындардан мәлімет алғаны баяндалады.

Мария Шоқай өткен ғасырдың 50-жылдары А. Оқтайдың сұратуымен Мұстафаның бірнеше хаттарын жібергенін айтады. 1953 ж. 2 тамызда жазған хатында: «Сізге оның (Мұстафаның. – *К.Е.*) неміс тіліндегі екі мақаласын жіберіп отырмын. Тапсам, басқаларын да жіберермін. Тахир екеуіңе Мұстафаның неміс тіліндегі мақалаларына ие болу ризашылық тудырады деп ойлаймын», – дейді. Ал, кейінірек (1963 жылдың 20 наурызында) Әлім Алматқа жолдаған хатында: «1918 жылғы Ташкенттегі революция жөніндегі естеліктерім жазылған дәптерлерім мен Мұстафаның маған жазған хаттарын Оқтайға да жібердім» [13], – дейді.

Э.Лаззеринидің мұрағатты жүйелеген кезінде екі-үш қорапта 329–340, 96–99-парақтардың жоқтығы жөнінде белгілер қоюы да М. Шоқай мұрағатындағы кейбір құжаттардың «қолды» болып кеткені жөніндегі ойға итермелейді.

М.Шоқай өмірінің соңғы сәттері, соғыс тұтқындарымен кездесулері туралы құнды дереккөзі оның қолжазба дәптері екендігі белгілі. Дәптердің тағдыры жөнінде түрік зерттеушісі Омар Өзжан өз пайымдауларымен баспасөз беттерінде бөліскен болатын. Алайда ол 2010 ж. жазда Анкарада сөйлескен кезімізде дәптердің қайда екендігі жөнінде нақтылы мағлұмат бере алмады.

М.Шоқайдың өміріне, саяси қызметі және шығармашылық мұрасына қатысты материалдар Франция, Түркия, Германия, Румыния, Польша, Америка Құрама Штаттары секілді елдердің мұрағаттары мен кітапханаларындағы эмиграциялық басылымдарда ұшырасады. Олардың ішінде «Яш Түркістан» (Yaş Türkistan. Berlin, 1929–1939), «Йени Түркістан» (Yeni Türkistan. Istanbul, 1927–1931), «Азери түрк» (Azeri Türk. Istanbul, 1928–1931), «Франция–Шығыс комитетінің ресми бюллетені» (Le Bulletin officie du Comite France–Orient. Paris, 1922–1940), «Милли йол» (Milli yol. Berlin, 1928–1936) журналдары Шығыс тілдері мен өркениеті ұлттық институтының кітапханасында, «Шимали Кафкасиа» (Şimali Kafkasya, 1939), «Истиклал» (Berlin, 1932–1934), «Куртулуш» (1931–1939), «Азербайжан юрт билгиси» (Istanbul, 1932–1934) Түрік зерттеулері институтында (L'Institut d'Etudes Turgues, Paris–III), «Одлу юрт» (Odlu Yurt, Paris), «Йени Кафкасиа» (Istanbul, 1926) журналдары «Азиялық қоғамның» кітапханасында сақталған.

Эмиграциялық басылымдардың кейбірі Франциядағы Халықаралық құжаттар кітапханасынан (Bibliothèque de documentation internationale contemporaine, Nanterre), осы елдің Ислам зерттеу орталығы, Ататүрік кітапханаларынан табылады.

Сонымен бірге М. Шоқай еңбектері «Қазақ» (Орынбор), «Бірлік туы», «Улуг Туркестан», «Туркестанские ведомости» (Ташкент), «Всход» (Польша), «Вольный горец», «Янги Дуния», «Слово», «Борьба», «Грузия», «Шефек», «На Рубеже» (Тбилиси), «Дни», «Последние новости», «Ориан э Оксидан», «Прометей», «Тәуелсіз Грузия» (Париж), «Эйшаттик Ревю», «Морнинг Пост» секілді газет, журналдарда жарияланады.

М.Шоқай өмірінің басты кезеңдерін танып-білуде Мұстафа Шоқайдың өзінің және зайыбы Мария Яковлевнаның естеліктерінің маңызы ерекше.

М.Шоқайдың «1917 жыл естеліктерінен үзінділер» деген шығармасы «Яш Түркістан» журналының 1936 жылғы 76-санынан бастап 1937 жылғы 90-санына дейін жарияланды. Кейін ол (1937 ж.) осы журнал жанындағы баспаханадан түрік тілінде жеке кітапша ретінде жарық көреді.

Мария Шоқайдың естеліктері түрік тілінде 1972 жылы Стамбулда «Жұбайының аузынан Мұстафа Шоқайұлы» (166 бет) деген атпен Т. Шағатайдың аудармасымен жарық көреді. Екі бөлімді бұл еңбек алғашында 1958 және 1963 ж. орыс тілінде дайындалады. Мария Шоқай естеліктерін екінші рет 2000 жылы Стамбулда «Тұран» мәдениет қоры жеке кітап етіп бастырады.

М.Шоқай еңбектерінің «Яш Түркістанда» жарық көргендері 1998, 1999 жылдары қазақ тілінде жарияланған екі томдық шығармалар жинағында топтастырылды.

М.Шоқайдың еңбектерімен оқырмандарды таныстыруға тырысушылық, сонымен бірге мұстафатанудың берік деректемелік негізін қалауға бағытталған әрекеттер – құптарлық жағдай. Алайда осы еңбектердің түрлі нұсқаларының арасындағы айырмашылықтар, олардың көпшілігінің түпнұсқадан алыстап бара жатқаны өкінішті-ақ. Мұндай ауытқушылықтар 1997 жылы Стамбулда қазақ тілінде жарық көрген Мұстафа Шоқайдың «1917 жыл естеліктерінен үзінділер» еңбегінен айқын көрінеді [14].

Соңғы уақытта мұстафатануға шүйліккен кейбір ақын-жазушылар қазақ қайраткерінің түпнұсқа еңбектерін басшылыққа алмайды, сапасыз аудармаларға жүгінеді. Олар жай зерттеу әдістерін де меңгермеген, қиялдап сезім жетегінде кете салады...

М.Шоқайдың шығармашылық мұрасының әлемнің бірде-бір елінде толық жинақталып, оқырмандарға жол таба алмауы бірнеше жағдайларға байланысты. Ең бастысы оның еңбектері Франция, Германия, Ресей Федерациясы, Түркия, Өзбекстан, Ұлыбритания, Грузия, Польша, Швейцария, АҚШ және басқа да елдердің мұрағаттары мен кітапханаларында шашыраңқы күйде ұшырасады. Мұстафаның жеке мұрағаттық қоры студенттік және түркістандық кезеңіне қатысты материалдарды қамтымайды. Ал, «Йени Түркістан» (Стамбул), «Яш Түркістан», «Түркістан» (Берлин) журналдарында, ағылшын, француз, поляк басылымдарында жарық көрген еңбектерінің түпнұсқалары Ресей мұрағаттарында ғана ұшырасады. Оның үстіне бір басылымның толық коллекциясын екі-үш жерден қарап түгендеуге болады. Мұндай жағдай Алматы қаласы кітапханаларындағы «Бірлік туы», «Улуг Туркестан», «Туркестанские ведомости», «Туркестанский вестник» газеттеріне де тән. «Прометей» (Париж) журналының қажетті сандарының бірі Франциядан, бірі Ресейден табылды.

М.Шоқай өз еңбектерінің библиографиясын жасап қалдырған емес, жеке мұрағаттық қорында оның өз қолымен құрастырған 1921–1925 жылдары «Дни», «Последние новости» (Париж) газеттерінде жарық көрген мақалаларының ғана тізімі сақталған.

М.Шоқай еңбектерін жинақтаудағы келесі қиындық авторлық атрибуцияға байланысты мәселелерден туындайды. Эмиграциялық өмір жағдайында оның біраз туындылары анонимді, не бүркеншік есімімен жарияланды. Зерттеу барысында М. Шоқайдың отыз беске тарта бүркеншік есімі анықталды. Бұл бағыттағы ізденістер түркі-шағатай, орыс, поляк, француз, ағылшын тілдерінде жарияланған еңбектерін бір-бірімен мазмұндық, стилистикалық, орфографиялық ерекшеліктері, қысқартулар жүйесі, идеялық бағыт-бағдары тұрғысынан салыстыру арқылы жүргізілді. Кейбір жағдайда, бір есімді (мысалы, «Түркістандық», «Түркістанлы») бірнеше адамның иеленуіне байланысты басқа да сараптау тәсілдеріне иек артылды (оқиғаға қатыстылығы, оны баяндау сипаты, автор көзқарасы т.с.с.).

Осыған байланысты Түркістан мәселесімен шұғылданған оның шетелдік серіктерінің, жора-жолдастары мен таныстарының да бүркеншік есімдерін ажырата білген жөн. Мысалы, Тахир Шағатай (Шакир) «Йени Түркістан», «Яш Түркістан» журналдарына Есен Тұрсын, Ташбалта, Темірғы деген; ал Абдулақап Оқтай – Абдулақап Тоқтамысоғлы; Тевеккул Бабур – Тұйғын; Ахмет Наим Октем – А.Н. деген есімдермен жазып тұрды. «Яш Түркістандағы» кейбір анонимді мақалалардың кімге тиесілігі жөнінде бір тоқтамға келуде мәтіннің Мұстафаның қолымен редакцияланғаны да шындыққа көз жеткізе бермейді, себебі ол бұл жұмысты редактор ретінде өндеген болуы мүмкін. Ресей Мемлекеттік әскери мұрағатында М. Шоқайдың бірен-саран түзетулері мен «Қозы Көрпеш және Баян Сұлуды» 1927 жылы Георгий Тверитинов деген біреу орыс тіліне аударған» деп түсіндірме берген Есен Тұрсынның орыс тіліндегі «Түркістанның ұлы ақыны Абай» атты шағын еңбегі сақталған [15]. Бірақ оны, осы белгілерге қарап, Мұстафанікі деуге негіз жоқ.

Бүркеншік есімдерді шатастыру салдарынан кейбір еңбектер М. Шоқайға, керісінше, оның туындылары басқаларға телініп кетіп жүр. Олардың қатарында Сокли Кай оғлының

француз тіліндегі «Түркістан проблемасы» [16] деген көлемді мақаласын атауға болар еді, шындығына келгенде ол – А.-З. Валидидікі. «Прометей» журналындағы Ибрагим Чуликтің «Ұжымшар саясатының дағдарысы», Әлимардан Топчибашының «Кеңестердің Түркістандағы отарлық саясаты» деген еңбектерін де М. Шоқайға телу жаңсақтық болар еді. Сол сияқты поляк тіліндегі «Түркістандағы ұлттық қозғалыстың қазіргі кездегі формалары» [17] атты көлемді еңбек те не Осман Қожанікі, не Ахмет Наимдікі болуы тиіс, себебі М. Шоқайдың «Қазақ» газетінің қашан ұйымдастырылғаны, Алаш қозғалысының тарихы жөнінде осында жіберілген қателіктерге ұрынуы мүмкін емес.

Баға жетпес рухани қазынамызды сақтап қалуда ең өкініштісі нәрсе – М. Шоқайдың шығармашылық мұрасының уақыт тезіне шыдай алмай, жоғалып бара жатқандығы. Қазірдің өзінде біраз туындыларының физикалық-химиялық факторлардың әсерінен мәтіндері өшіп кетіп жатыр. Оның жеке мұрағаттық қорындағы «Кеңес ұлттық саясатының теориясы мен практикасы», «Түркістандағы көңіл ауанынан», «Кеңес өкіметінің Түркістандағы аштық саясаты», «Иени Түркістанның оқырмандары назарына», «КСРО-да аграрлық мәселе шешілді ме?», «Жалақорлықпен шабуыл», «Мәжбүрлі түсіндірме – жауап» [18], тағы басқа еңбектері мүлдем оқылмайды.

Мұнан шығатын бір ғана қорытынды: бүкіл өмірін, қажыр-қайратын, қалам қарымын қазақ, өзбек, түркмен, тәжік, қырғыз халықтарының азаттығы жолына сарп еткен көрнекті қайраткеріміздің шығармашылық мұрасын сақтап қалып, ұрпақтар игілігіне айналдырудың бірден-бір жолы оның тарыдай шашылған туындыларын іздестіріп, жариялауда екені сөзсіз. Оның дүниетанымының, шығармашылық мұрасының бұрмалаушылыққа жол берілмеуінің өзі де осы жұмысқа тікелей байланысты.

Осыған орай 2012-2014 жылдары әлемдік тәжірибеде тұңғыш рет Мұстафа Шоқай «Шығармаларының толық жинағы» құрастырылып, оқырмандар назарына ұсынылды. «Жинаққа» қайраткердің негізінен түпнұсқа еңбектері ғана енген. Олар қай тілде, қай графикамен жазылса, сол күйінде, еш өзгеріссіз берілді, тек мәтіндерге қазіргі орфографияға сәйкес түзетулер ғана жасалды. Түпнұсқалық еңбектері табылмаған жағдайда ғана түркі-шағатай, ағылшын, француз, поляк, не басқа тілдерге аударылған нұсқалары алынды. Қолжазбасы мен баспа бетін көрген еңбектері арасында айырмашылықтар (қысқартулар, редакциялық «түзетулер») орын алған жағдайда, екі нұсқасы бірдей ұсынылды.

«Жинақтың» 1-томы М. Шоқайдың өмірі мен қызметін зерттеуге арналған, 3–11-томы шығармашылық және 12-томы эпистолярлық мұрасын құрайды. Олар жазылған, не жарияланған уақыты бойынша хронологиялық негізде орналастырылды [19].

Мұстафатанудағы кейбір қайшылықты пікірлердің орын алуы тарихи шындыққа жету үдерісінің күрделілігіне байланысты. Сол себепті кез келген, тіпті аса ыждағаттылықпен жазылған тарихи еңбектің өзіне де ақиқаттың салыстырмалы шама екендігі жөніндегі принцип тұрғысынан қарау керек.

Зерттеуші дереккөздерін барынша қамти отырып, оларды сын елегінен өткізу, жүйелеу, пайымдау арқылы ақиқатқа жақындай түсуді ғана көздейді. Шығармашылық ізденістер барысында өзінің субъективтік пікірілеріне бой алдырмауда автордың кәсіби білімі, зерттеушілік тәжірибесі, тіпті, шығармашылық интуициясы да маңызды рөл атқарады. Әділ сот болуға ұмтылысына қарамастан, тарихшының өткенге көзқарасы моральдан аулақ, мүлдем бейтарап бола алмайды. Дегенмен кәсіпқой тарихшы белгілі бір тұжырымдар жасауға сақтықпен қарап, оны көп жағдайда оқырманның өз үлесіне қалдырады. Ол тек оқиғаның орын алу себептерін, даму заңдылықтары мен ерекшеліктерін анықтаумен айналысады. Әсіресе, тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметін сараптау асқан жауапкершілікті талап етеді. Тұлғаның өмірінде адам мен дәуірдің арасындағы байланыс көрініс табады. Тарихшы ондай индивидтің ішкі дүниесіне де үңіледі, ой-пікірі мен іс-әрекеттерінің қисындылығын (не қисынсыздығын), қоғам үшін маңыздылығын анықтайды.

Отаршылдық ойраны мен қайғы-қасіретін бастарынан өткерген қазақ, өзбек, қырғыз т.б. халықтардың тағдыры өз тағдырымен біте қайнасқан, ұлт мүддесі өз өмірі мен күресінің мақсат-мұратына айналған, жиырма жыл бойы Еуропа төрінде алаш идеяларын жалғастырып, тәуелсіздік туын биік көтерген Мұстафа Шоқай туралы ізденістер географиясы кеңейе түспек.

Әдебиеттер**:**

1. Назарбаев Н.Ә. Жасай бер, тәуелсіз Қазақстан! Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты мәжілісте сөйлеген сөз // Егемен Қазақстан. – 1998. -16 желтоқсан.

2. Дүние жүзі қазақтарының құрылтайы. – Алматы, 1993. – 6-б.

3. Türkistan türklerinin büyük milliyetchi yurtseberlerinden Mustafa Çokay albümi / Dr. M. Delil. – Istanbul, 1942; Türkistan milli Hareketi ve Mustafa Çokay / Dr. A. Oktay. – Istanbul, 1950; Памяти Мустафа Чокай-бея. – Париж. 1949–1950; Çağatay T. Türkistan kurtuluş hareketi ile ilgili olaylardan sahneler. – Istanbul: «Yaş Türkistan» yayinlari, 1969.

4. Mustafa Chokay oglu (Chokaev) // The Society for Central Asian Studies. – Oxford, 1986. – №8; Khalid A. Tashkent 1917: musim politics in revolutionary Turkestan // Slavic Review. – 1996. – Vol. 55. – №2. etc.

5. Sulewski N. Glosy sdaleka. – Warzawa, 1971.

6. Қараңыз: Шарафиддинов А. Мустафа Чокаев // Шорк юлдузу. – Ташкент, 1992. – №4. – С. 85–93; Әлімжанов Ә. Мұстафа Шоқай!.. Ол кім? // Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры / Құраст. Б. Серікбайұлы Қошым – Ноғай. – Алматы, 1992. –3-48-б.; Панфилов А.М. Чокаев // Политические партии России. Конец XIX – первая треть XX века. Энциклопедия. – М., 1996; Нұрпейісов К. Мұстафа Шоқай Қазақстан мен Түркістанның 1917–1927 жылдардағы қоғамдық-саяси өмірі туралы // Қазақ тарихы. –1997. – №2. – 23-25-б.; Қойгелдиев М. Тұтас Түркістан идеясы және Мұстафа Шоқайұлы. – Алматы, 1997; Искаков С. Мустафа Чокаев о революции 1917 года в Центральной Азии // Acta Slavica Japonica. – 2001. – №18; Искаков С.М. Мустафа Чокаев: Революция в Туркестане. Февральская эпоха. // Вопросы истории. – 2001. – №2; Агзамхуджаев С. Туркистон мухторияти. – Ташкент, 1996; Бәкірұлы Ә. Мұстафа Шоқай. – Алматы, 1997; Абдурашид С. Мустафа Чокай Бей: политик, публицист, человек // Центральная Азия. – 1997. – №1; Құл-Мұхаммед М. Алаш қайраткерлері: саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы. – Алматы, 1998; Маханұлы Т.Х. Түркістан (Қоқан) автономиясы: қалыптасуы және күйреу тарихы. Тарих ғыл. қанд. дис. ...автореф. – Алматы, 2001; Есмағамбетов К.Л. Әлем таныған тұлға (Мұстафа Шоқайдың дүниетанымы мен қайраткерлік болмысы). – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 504 б.; Есмағамбетов К.Л., Таштемханова Р.М. Мұстафа Шоқайдың тарихи бейнесі. Оқу құралы. – Павлодар: Кереку, 2010. – 389 б. және т.б.

7. Universite de la Sorbonne – Nouvelle Paris III. Bibliothèque de l’lnstitiut national des langues et civilizations orientales. L’Archives de Moustafa Chokay Bey (ары қарай: INALCO, L’Arcivives de Moustafa Chokay Bey).

8. Türkistan Ilmi, içtimaî iktisadi ve kültürel aylik dergi. Yil: 1 Cilt: 1 Sayi: 6. – Eylul – 1953. – S. 22.

9. Сонда. 22-24-б.

10. Lazzerini E.J. The Archive of Mustafa Chokay Bey: An Inventory // Cahiers du Monde russe et soviétique, XXI (2). – April - Juin 1980. – PP. 235-239.

11. Ibid.

12. Tchokai-Oghly Moustafa. Les buts et les tendances du movement nationaliste eu Turkestan // L'Archives diplomatiques du ministere des affaires etrangeres de France. Fond E: Russie d'Asie. – №39. – PP. 214-252 (215-216-беттері жоқ).

13. Мария Чокай. Я пишу Вам из Ножана (воспоминания, письма, документы). – Алматы, 2001. – С. 129–130.

14. Қараңыз: Есмағамбетов К.Л. Әлем таныған тұлға (Мұстафа Шоқайдың дүниетанымы мен қайраткерлік болмысы). – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 504 б.

15. РГВА. Ф. 461к. Оп. 1. Д. 431. Л. 94-95.
16. Prométhée. Paris, 1928. №16. P. 15-21.
17. РГВА. Ф. 461к. Оп. 1. Д. 407. Л. 73-120.
18. INALCO. L'Archives de Moustafa Chokay Bey. Carton 6. Dossier 16. PP. 1-5; Dossier 5. PP. 67-82, 109-112; Carton 9. Dossier 7. PP. 7-9, 12-13, 14-18 etc.
19. Мұстафа Шоқай. Шығармаларының толық жинағы. 12 томдық. – Алматы: Дайк-Пресс. – 2012–2014.

УДК. 343.43. /574/

МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ "КЕҢЕСТЕР БИЛІГІНДЕГІ ТҮРКІСТАН" ЕҢБЕГІ ТУРАЛЫ

С.ЖҮСІПОВ, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Мақала Мұстафа Шоқайдың "Кеңестер билігіндегі Түркістан" атты еңбегі жайлы. Мұстафа Шоқай кеңестік деректерге сүйене отырып, Кеңес елінің Түркістан республикасындағы жүргізіп отырған саясатын әшкерелейді.

Ұлт тәуелсіздігінің жаршысы болған Мұстафа Шоқай - Сыр бойының ұлы перзенттерінің бірі, жалпы Түркістан өлкесіне қарасты, Сырдария округіндегі Ақмешіт қаласына жақын орналасқан, Наршоқы ауылында дүниеге келген.

Мұстафа Шоқайдың XX-ғасырдың басындағы алтынның сынығындай асылдарымыз Әлейхан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Шәкәрім Құдайбердиев және тағы басқалардан айырмашылығы Кеңестік коммунистік режимінің түр-табиғатын, зымияндық жаратылысын, қазақ халқына нәубет әкелер тажалды болмысын, олардың бәрінен бұрын ертерек сезгендігі.Сөйтіп, 1920 жылдың өзінде шетелге кетуге мәжбүр болғандығы. Уақыт көрсеткеніндей, оның шешімі дұрыс болып шықты. 1920-1930 жылдары оның көптеген идеялас қандастары кеңестік репрессияға ұшырап жатқанда, олар туралы шындықты Мұстафа Батыс Европада жүріп жазып, шетелдік қоғамдық пікірде, кеңестердің шын саяси бейнесін әшкерелеуге үлкен үлес қосады.

Халқымыздың біртуар перзенті, түркі халықтары тәуелсіздігінің жаршысы, Тұранның алыбы Мұстафа Шоқай шетелде жүріп те күресін тоқтатқан емес. Ол " Яш Түркістан" журналының редакторы болды, оның 117-ден астам санын шығарды. " Кеңестер билігіндегі Түркістан" атты еңбегінің маңыздылығы сонда ол ең алғашқы кеңестанушылық еңбектің бірі болды.

Кілт сөздері: Мұстафа Шоқай, кеңестер билігі, Түркістан Республикасы

Аннотация

В статье "Туркестан под властью советов" по труду Мустафа Шокая рассматриваются и анализируются выше названные произведения выдающегося общественного и политического деятеля первой половины двадцатого века Мустафы Шокая.

Мустафа Шокай- один из великих сынов казахского народа, ставший глашатаем независимости страны, родился вселе Наршокы Сырдаринского округа Туркестанского региона недалеко от города Акмешит.

Отличие Мустафы от других видных деятелей казахского народа начала XX века таких как Алихан Бокейханов, Ахмет Байтурсынов, Жусупбек Аймауытов, Шакарим Кудайбердиев каждый из которых равен слитку золота, в том, что Мустафа Шокай раньше

их всех понял вероломную политику коммунистического режима Советов и их пагубную роль для казахского народа. Поэтому, он, уже 1920 году вынужден был покинуть Родину и эмигрировать. Время показало, как он был прав. Когда в 1920-1930-х годах его соотечественники, разделявшие его идеи, подвергались репрессии, Мустафа Шокай писал правду о них в изданиях стран Восточный Европы и внес большой вклад в формирование стереотипа об истинный политике Советов.

Один из выдающихся деятелей тюрского народа, глашатай независимости, исполин Турана, Мустафа Шокай никогда не прекрашал борьбу за пределами страны. Он был редактором журнала "Яш Туркестан", выпустив более 117 номеров. Его фундаментальный труд "Туркестан под властью Советов" явился одним из первых исследовании в советоведении.

Ключевые слова: Мустафа Шокай, власть советов, Республика Туркестан.

Annotation

In the article "Turkestan under Soviet power" for labor Mustafa Shokai reviewed and analyzed by the mentioned works of outstanding public and political figure of the first half of the twentieth century, Mustafa Shokai.

Mustafa Shokay- one of the great sons of Kazakh people, become the herald of the country's independence, was born in Narshoky Syrdarinsky District Turkestan region near Akmeshit.

Difference of Mustafa from other prominent Kazakh people of the early twentieth century, such as Alihan Bokeyhanov, Ahmet Baytursynov, Zhusupbek Aymauytov, Shakarim Kudayberdiev each of which is gold bullion, including that Mustafa Shokai before they all realized treacherous policy of the communist regime of the Soviets and their pernicious role of the Kazakh people. Therefore, he had in 1920 was forced to leave the country and emigrate. Time has shown he was right. When in 1920-1930-ies of his countrymen who shared his ideas were subjected to repression, Mustafa Shokai wrote the truth about them in the publications of the Eastern European countries and made a great contribution to the stereotype of the true policy of the Council ..

One of the prominent figures of the Russian peopleTuran , the herald of independence, pride of a Turan , Mustafa Shokai never stopped fight from outside of the country. He was the editor of "Yash Turkestan", published more than 117 issue of magazines. His fundamental work "Turkestan under Soviet power" was one of the first studies in conduction of soviet union .

Key words: Mustafa Shokai, a Soviet government, the Republic of Turkestan.

Ұлт тәуелсіздігінің жаршысы болған Мұстафа Шоқай-Сыр бойының ұлы перзенттерінің бірі, жалпы Түркістан өлкесіне қарасты Сырдария округіндегі Ақмешіт қаласына жақын орналасқан, Наршоқы ауылында дүниеге келген. Қыпшақтың шашты руының, бошай тармағынан, оның Торғай аталығынан шыққан. Мұстафаның әкесі Шоқай орташа дәулетті, елге сыйлы адам болған. Мұстафа Петерборда оқып жүргенде жеті рулы шашты артынан қаражат жіберіп тұрған деседі. Мұстафа Шоқайдың ХХ-ғасырдың басындағы алтынның сынығындай асылдарымыз: Әлейхан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Ш.Құдайбердиев және т.б айырмашылығы Кеңестік коммунистік режимнің түр-табиғатын,зымияндық жаратылысын,қазақ халқына нәубет әкелер тажалды болмысын, олардың бәрінен бұрын ертерек сезгендігі. Сөйтіп,1920 жылдың өзінде шетелге кетуге мәжбүр болғандығы. Уақыт көрсеткеніндей,оның шешімі дұрыс болып шықты.1920-1930 жылдары оның көптеген идеялас қандастары кеңестік репрессияға ұшырап жатқанда, олар туралы шындықты Мұстафа Батыс Европада жүріп жазып, шетелдік қоғамдық пікірде, кеңестердің шын саяси бейнесін әшкерелеуге үлкен үлес қосады.

Бүгінде Мұстафа Шоқайдың шет елде жүріп, шындықты сол кездің өзінде жазып қалдырған тарихи-публицистикалық, ғылыми, философиялық еңбектері, журналистік

қолжазбалары болмаса, көп жәйттердің беті ашылмай, уақыттың өтуімен ұмтылуы мүмкін еді. Сондай іргетасты еңбектерінің бірі "Кеңестердің қол астындағы Түркістан" болып табылады.

Мұстафа Шоқай бұл еңбекті жазғанда алдына нақты мақсаттар мен міндеттерді қойды. Атап айтқанда, Батыстағы қоғамдық пікірде, КСРО-мен оның халыққа қарсы, зұлмат саясаты жайлы өте аз білетін. Көп жағдайларда кеңес елінің бейнесі жағымды жағынан алынып,қаралған. Оған себеп "тұңғыш пролетарлық диктатура орнаған ел", "езілген халықтардың сан ғасырлық арманы орындалған ел", "тұңғыш социалистік ел" деген сияқты, идеологиялық дақпырттарға негізделген үгіт-насихаттың, науқанның нәтижелері еді. Сондықтан Мұстафа Батыстағы қоғамдық пікірдегі адасушылыққа қарсы бағытталған,жоғарыда аталған еңбегін жарыққа шығарды. Еңбекке тікелей түрткі болған Мәскеуге Қазан төңкерісінің 10-жылдығына барған француз жұмысшы делегациясы мүшелерінің бір тобы Орта Азияда да болуы. Кеңестік идеологиялық ұйымдастырушылық дәстүр бойынша қайткен күнде де қонақтарға жақсы көрінуі үшін "көзбояушылық" жұмыстар қарқынды ұйымдастырылып, нәтижесінде француздардың көзқарастары шындықтан мүлде алшақ қалыптасады. Осы тұрғыда, айта кететін жәйт, Кеңес елі өз халқын 70 жылдан астам уақыт шындықтан алшақ ұстағаны мәлім. Соны ең алғашқылардың бірі болып, тани білгендердің қатарында ұлы жерлесіміз Мұстафа Шоқай болатын.

Мұстафаның алдында оңай міндет тұрған жоқ еді. Сондықтан, ол батыс оқырмандарына алдын ала өзінің тек кеңестік басылымдарға жүгінетіндігін ескертеді. Оның негізгі ескертуі: "Мүлде ойдан шығарылған"! Жалған! Ондай болған емес... Түркістандағы Кеңес өкіметі әуел бастан осындай. Түркістан кедейлердің қанына бөккен большевиктік өтірік батпағы-біздің елімізде орныққан өкіметтің негізінде, міне, не жатыр. Ол Түркістандық кедейлердің, Түркістандық әйелдер мен балалардың өлігінің үстіне орныққан.

Мұстафа Шоқайдың публицистикалық шеберлігі сонда, ол Кеңестердің Түркістандағы саясатын рет-ретімен жүйелі түрде әшкерелейді,әрбір республикаларға жеке-жеке тоқталып,өзінің дәлелдеріне айрықша пәрмен береді. Мысалы, 1919 жылғы 5-маусымда өткен Ташкенттегі Түркістан коммунистік партиясының 3-өлкелік құрылтайының мәжілісінде сөйлеген аңғал кедей мұсылманның сөзін келтіреді. Онда:- «Біздер, кедей мұсылмандар, қанды қол Николайдың кезінде мал сияқты болсақ, енді қазіргі пролетарлық үкімет кезінде де сондаймыз.Одан да жаман, тіптен Кеңес өкіметіне қарсыласпасақ та... өкімет өкілдері капиталистермен күресеміз. - деп жариялайды да,соны желеу етіп, тартып алуды және өз қалталарын қампитуды бастайды.Бір кедей пролетардың аты мен арбасы болатын,кісі тасып әулетін асырайтын.Қызыл әскер келеді де еш ақысын төлеместен, атын тартып әкетеді. Әлгі кедей әулетімен аш қалып, тағдыр тәлкегіне түседі. Байлардан (ауқаттылардан) тартып аламыз дегенді сылтауратып, жұрттың бәрін, қаланың (Наманганның) 84 мың тұрғынын тегіс тонады...» (73 бет.)

Мұстафа Шоқай одан әрі біздің Қазақстанға, оның ішінде туған қаламыз Қызылордадағы большевиктік эксперименттерге тоқталады.Түркістанда пролетариат диктатурасын орнатушы тек қана орыстар болуы тиіс дейтін көзқарас үстем екенін ескертеді.«Мысалы,Перовскіде (қазіргі Қызылорда)өзі би, өзі қожа Гержот отыр.Одан тұтастай халық-қырғыздар (қазақтар) үдере көшкен.Осы басқыншылықта бір миллионға жуық адам өлген. (бұлда сонда-75б)» Бұдан әрі Мұстафа Шоқай Кеңестік билеушілердің кадр саясатына, құқықтық жағдайына талдау жасайды.Қылмыскерлердің «жүгенсіздігі» (беспредел) айрықша зерттеу объектісіне айналады. «Кеңес өкіметі миллиондаған түркістандық бұратана кедейлердің қырылуына тікелей және қаскөй кінәлілерді жазаға тартпағаны былай тұрсын керісінше,тіпті олардың бәрі бірдей Ресейдің ішкі губернияларына «партиялық тәртіп бойынша ауыстырылғанда» жоқ.Аштықты ұйымдастыруға кінәлі адамдар әлі күнге дейін Түркістанның «ұлттық республикаларында» отыр және жауапты қызметтер атқаруда.» (77бет).

Қазақстанда жүрізілген «ұлы» эксперименттердің бірі «Кіші Қазан төңкерісі», оның бастаушысы қазақ халқының белгілі қанішері, коммунист Голошекин болатын.Мұстафа Шоқай Қазақстан басшыларының ішінде айрықша осы "қайраткерді" өткір сынға алады.Голошекиннің ойынша қазақ коммунистерінің көпшілігі сауатсыз, сондықтан партияның жоғарыдан жіберілген нұсқаулары орындалмайды дейтін пікірі шындыққа сәйкес келмейтін тұжырым. Қазақстандағы сталинизмге Мұстафа Шоқай «Голощекиншілдік» деп баға береді. Мұстафа Шоқайдың айрықша назарында болған кеңестік практиканың бірі кеңестік «индустрияландыру» .

Кеңестік ресми идеологиялық насихат құралдарында бұл тарихи жеңістер ретінде суреттелетін.М.Шоқай мұндай кеңестік аңызға да қатаң шүйлігеді.Ол қазақ елінің қақ ортасында орналасқан Риддер заводының тәжірибесін алға тартады. Заводтың барлық басқарушылары орыс ұлтынан болса, бағынушылары қазақтар болды.Оның тізгінін Кеңес Одағының орталық органдары ұстап отырғандығы жасырын емес еді.Заводтағы барлық жұмысшылар мен қызметшілердің саны 2800 адам, оның 370-і ғана қазақ.Тек қана бір жұмысшы қазақ мамандағандар қатарына жатады, қалғанының барлығы қазіргі тілмен айтқанда қара жұмыскерлер. Завод жанында мамандағанған жұмысшылар даярлайтын Фабрика – завод мектебі бар, бірақ оған қазақтардың түсуі қиындатылған немесе тіптен мүмкін емес, өйткені онда қазақ тілін білетін оқытушы жоқ. Мұстафа Шоқай барлық мәселелерге жан жақты, кешенді түрде қарады,айрықша өзіне назар аудартады.Еңбекте ол Қазақстан мен Өзбекстанда болып жатқан кеңестік тәжірибелеуге, тек саясатшы көзбен қарамайды, оған әлеуметтанушылық, мәдениеттанушылық, статистикалық талдаулар тән. Мұстафа Шоқайдың анализдерінде бұлар бірін-бірі толықтырып отырады.Бұл орайда ол «Еңбекші Қазақ» газетінің 1927 жылдың қараша айындағы материалдарына сүйенеді, ұлт-аралық қатынастарға қатысты деректерді келтіреді.Орыс большевигі Морозовтың айтуынша: «Риддер заводында жұмысшылар арасында ұлтаралық сенімсіздік орныққан. Орыс жұмысшылары ұлы державалық пиғыл танытады...Олар жұмысшы қазақтарды өздерімен бірге бір үйде тұруға жібермейді (82 бет).

Алайда келесі жылыда жағдай оңалған жоқ.Қазақ жұмысшыларының айтуынша «жұмысшылар,шахтада істейтіндер, жұмысшы қазақтарды үнемі жәбірлейді.Завод комитетінде бірде-бір қазақ жоқ. Завкомда отырған орыстар қазақ тілін білмейді де, жұмысшы қазақтар олардың алдында өз мұқтаждықтарын жеткізіп айта алмайды. Денсаулық сақтау саласындағы жағдай да дәл осының кебін киген. Дәрігер қазақ тілін білмейді, ауырған жұмысшы қазақ өз сырқатын дұрыс түсіндіре алмайды.Сондықтан да жұмысшы қазақтар медициналық жәрдем сұрап, дәрігерге бармайды (Еңбекші Қазақ №1.1928ж қаңтар).

Көріп отырғанымыздай кеңес билеушілерінің сөз бен ісінің алшақтығына,қулық-сұмдығына құрық бойламағандай. Мұстафа Шоқайдың «Кеңестердің қол астындғы Түркістан» еңбегінен, оның өзінің әріптестері А.Байтұрсынов,Ә.Бөкейхан, М.Дулатов және т.б. басқаларға деген көзқарастарын байқау қиын емес. «Ол - А.Байтұрсынов-әйгілі қазақ жазушысы. Ол қандай лагерді жақтаса да, біздер қазақ зиялылары,оның көзқарастарының мөлдір екеніне күмән келтірмейміз» (104 бет). М.Шоқай, әсіресе А.Байтұрсыновтың «Қазақтардың Ленинге хатын» айрықша жоғары бағалайды. Одан оның ойынша, А.Байтұрсыновтың қолтаңбасы мен ой-өрнегі бар екенін айқын байқайды. Сол кездегі Мәскеуде тұрған қазақ большевиктері үшін, бұл хат сауатты және мазмұнды жазылған. Және де осы хатты Мәскеуге әкелген делегацияның құрамында да А.Байтұрсыновтың да болғанына дау жоқ. М.Шоқай, сондай-ақ, А.Байтұрсыновтың кейбір еңбектерінен кеңестік цензураның белгілерін байқаған тұңғыш авторлардың бірі. Аталмыш еңбегінде, автор негізінен басқа да қазақ зиялылары туралы пікір білдіреді.

Алайда бізді қызықтарған бір жәйт, М.Шоқайдың Тұрар Рысқұловқа деген көзқарасы. Автор оның еңбектеріне «мейлінше көп сілтеме жасайды» дегенмен оның Тұрар Рысқұловты «Сталиннің фавориті» деуі шындыққа сәйкес келмейтіндігі бесенеден белгілі. Біздің ойымызша бұл Тұрар Рысқұлов туралы мәліметтердің Мұстафа Шоқай

үшін жеткіліксіздігімен түсіндірілсе керек. XX ғасырдың басындағы «Алаш» қозғалысындағы идеялық ағымдар туралы мол мәліметтер алуға болады. «Шындықты жасырмаған жөн. Студент кезімде (1910-1914) университет пен жалпы орыс зиялыларының ревалюцияшыл-демократтары арасында жүргенде Петербургты ұнататынмын. Ол заманда орыс студенттер қауымының пейлі кең еді» (109 бет).

Алайда, көп ұзамай «демократтардың да» саяси деңгейі белгілі болып қалды. Демократ Чхеидзенің, бастаған жұмысыңыздың жайы қалай деген сұрауына Мұстафа Шоқай: «Біз Түркістанның автономия алғанын қалаймыз».Сондықтан «автономияға әзірлік жасап жатырмыз» деп жауап қайтарады.Чхейдзе оның жауабынан шошып кетіп:-Құдай сақтасын, Шоқайұлы жолдас, еліңіздегі жерлестеріңіз арасында автономияны ауызға алмаңыз. Біріншіден, қазір бұл туралы сөз қозғауға ерте.Екіншіден,сіздің Түркістан сияқты елде автономия дереу дербестік алып,бөліну деген мағынаны аңғартады»-деп үрейленуі көп нәрседен хабар бергендей.Алайда,грузинЧхеидзенің де үміті ақталмаған еді.Осы оқиғалардан кейін Мұстафа Шоқай басқа қазақтың зиялыларынан ертерек қимылдап, оған шетелге кету туралы ойдың да бұрынырақ келуі де кездейсоқ емес.

Халқымыздың біртуар перзенті, түркі халықтары тәуелсіздігінің жаршысы, Тұранның алыбы Мұстафа Шоқай шетелде жүріп те күресін тоқтатқан жоқ. Ол «Яш Түркістан» журналының редакторы болды,оның 117-ден астам санын шығарды. Егемендігіміздің 24 жылдық мерекесі аталып өтілейін деп жатқан биылғы жылда Мұстафаның есімі бұрынғыдан да бетер айшықтана түспек.

Әдебиеттер:

1.Түркістанның қилы тағдыры.-Алматы,1992.
2. Шоқай М. Кеңестер билігіндегі Түркістан.- Париж,1935.
3. Ана тілі.-Алматы, 1990-10,17,27 мамыр
4. Ибрашұлы С. Мұстафа Шоқайұлы. –Тасбөгет, 1993.
5. Бәкіріұлы Ә. Түркістан Автономиясы. //Сыр бойы, 1999. -5 қаңтар.
6. Панзабекұлы К. Жаңарған жас. Түркістан.// Қазақ елі, 2001. -№5.
7. Шамшатов И. Рухани мәдениет және өнегелі құндылықтар.//ҚЖМ. -2000.

УДК 908 (574)

ИСТОРИЯ РАЗВИТИЯ КРАЕВЕДЕНИЯ КАЗАХСТАНА

Г.М.ИБРАЕВ, магистр педагогических наук
Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,
Республика Казахстан

Аннотация

В условиях развития независимого Казахстана актуальность краеведческой проблематики связана с воспитанием у молодежи любви к Родине, патриотических чувств. Президент РК Н.А.Назарбаев в своей программной статье «Социальная модернизация Казахстана: двадцать шагов к Обществу всеобщего труда» предложил ввести «Краеведение» наряду с другими дисциплинами, как обязательный учебный курс в средних, технических профессиональных и высших учебных заведениях Казахстана. Краеведение это и научная и научно - популяризаторская деятельность определенной проблематики: прошлое и настоящее какого-либо края, определенной местности. Это и метод познания от частного к общему, выявления общего и особенного, метод, опирающийся, как правило, на междисциплинарные научные связи. Краеведение - это форма общественной деятельности, причем такой, к которой причастны не только

ученые – специалисты, но и значительно более широкий круг, преимущественно местных жителей. В статье автор обращается к вопросу истории развития краеведения в Казахстане. В первоначальный период своего развития в силу своего исторического развития краеведение носило системного характера и во многом определялось интересами метрополии. Но даже, несмотря на довольно сложные условия развития, в Казахстане появились свои ученые научная деятельность которых дала как бы старт началу развития краеведения в Казахстане, в числе которых можно с гордостью назвать казахстанских краеведов – это Ч.Валиханов, С.Бабаджанов, Н.Коншин, Е.Михаэлис, М.Тынышпаев и многие другие. На современном этапе изучения истории краеведческого движения большое значение приобретает изучение архивных источников как важного элемента в патриотическом воспитании современного общества.

Как известно, в дореволюционном Казахстане, представлявшей собой колониальную окраину, наука, естественно, не была объектом и заботой государственной политики метрополии. Она развивалась благодаря деятельности небольшой группы энтузиастов, объединенных в кружки, отделы, комитеты или общества по интересам. В первые годы советской власти государственное регулирование научно - исследовательских работ осуществлялось Революционным комитетом по управлению Казахским краем, позднее эти вопросы перешли в ведение Наркомата просвещения КАССР. В 1919 году группа краеведов, в прошлом работавших в Оренбургском отделе Русского Географического Общества (РГО), организовали при историко-статическом отделе штаба Казахского военного комиссариата историческую, этнографическую и естественно-географическую секции, позднее к этим секциям присоединили и археологическую секцию.

Ключевые слова: История развития краеведения, советскии период, общество изучения Казахстана, общество охраны памятников.

Аңдатпа

Тәуелсіз Қазақстан жағдайында өлкетану проблемаларының өзектілігі жастарды отанға деген сүйіспеншілік рухында тәрбиелеумен байланысты. ҚР Президенті Н.Назарбаев «Қазақстанды әлеуметтік жаңарту: жалпыға бірдей еңбек қоғамына жиырма қадам» атты бағдарламалық мақаласында Қазақстанның орта мектептерінде,техникалық, кәсіптік және жоғарғы оқу орындарында басқа пәндермен қатар «Өлкетануды» оқытуды ұсынған болатын .Өлкетану бұл белгілі бір проблемалар бойынша ғылыми және ғылыми –насиқаттық қызмет: белгілі бір өлкенің немесе жергіліті жердің өткені мен бүгіні.Бұл әдетте пәнаралық ғылыми байланыстарға сүйенетін танымның жалқыдан жалпыға көшу және де, жалпылық пен ерекшелікті анықтау әдісі.Өлкетану бұл - ғалым мамандар айналысатын ғана емес, сондай-ақ тұрғындардың неғұрлым көпшілігі айналысатын қызмет түрі.Осы орайда, Қазақстандағы өлкетанудың дамуы тарихының мәселелеріне тоқталу қажет.Өз дамуының алғашқы уақыттарында (мен отарлық кезеңдегі біздің өлкеміздің зерттелуін айтып отырмын), тарихи себептерменен жүйелі сипат алған жоқ және метрополияның мүдделерінен туындады.Осындай мейілінше күрделі жағдайларға қарамастан Қазақстанда өз ғалымдары пайда болып, олардың ғылыми қызметі Қазақстандағы өлкетанудың бағыттарын айқындады.Олардың қатарынан ең бірінші кезекте Ш.Уалйханов, С.Бабаджанов, Н.Коншин, Е.Михаэлис, М.Тынышбаев және басқалардың есімдерін мақтанышпен атауға болады.Қазіргі таңда өлкетанушылық қозғалыс тарихын зерттеуде қазіргі қоғамдағы патриоттық тәрбие берудің маңызды элементін архив деректері құрайды.Отарлық шет аймақ болғандықтан революцияға дейінгі Қазақстанда ғылымның метрополияның мемлекеттік саясаттың обьектісі және аясы болмағаны белгілі.Өлкетану сан жағынан шағын үйірмелерге, бөлімшелерге, комитеттерге және мүдделес қоғамдарға біріккен энтузиастық топтардың қызметінің арқасында дамыды.Совет өкіметінің алғашқы жылдарында ғылыми - зерттеу жұмыстарын мемлекеттік реттеуді Қазақ өлкесін басқарудың революциялық комитеті

жүзеге асырып,кейіннен ол ҚАЗАССР халық комиссариатының құзырына өтті.1919жылы бұрын Орыс географиялық қоғамы (РГО) Орынбор бөлімшесінде жұмыс істеген өлкетанушылар тобы Қазақ әскери комиссариатының тарихи - статистикалық бөлімшесінде – тарих, этнографиялық және жаратылыстану географиялық секциялар құрды,кейіннен бұларға археологиялық секция қосылды.

Кілт сөздер: өлкетанудың дамуының тарихы, советтік кезең , коғам ескерткіштері, Қазақстанның тарихын зерттеу қоғамы, ескерткіштің корғау қоғамы.

Annotation

In the conditions of development of independent Kazakhstan the relevance of problem of local history is related to upbringing of young people for love to Motherland, in a spirit of patriotism. The article "Social modernization of Kazakhstan: twenty steps to society of universal labor" N.A.Nazarbayev suggested to study the discipline "Local history" along with other disciplines as mandatory educational courses in secondary, technical vocational and higher educational institutions of Kazakhstan . Local history is the scientific and scientific and promotional activity of a certain specific issue: the past and the present of any region, a particular place. This is a method to know from the particular to the general, to identify the general and the particular, the method based on the interdisciplinary scientific relations. Local history is a form of social activity, which involves not only scientists - specialists, but also a considerably wider range, mostly local people. Now let us consider the issue of the local history in Kazakhstan. In the early period of its development (I mean the study of our region in the colonial period) and due to its historical development the local history did not have a systemic nature and was determined by the interests of the metropolis. But despite the difficult conditions of development of Kazakhstan its own scientists appeared – the development of local history in the region started with their scientific activities, among scientists of local history were Ch.Valikhanov, S. Babadzhanov, N. Konshin, E. Michaelis, M. Tynyshpaev and many others. At the present stage of the study of the local history, the study of archival sources is of great importance in the patriotic education of modern society .

As it is known, in the pre-revolutionary Kazakhstan, which was a colonial suburb, science was not the object of state policy of the metropolis. It developed through the work of a small group of enthusiasts united in clubs, in departments, committees or according to the public interest. In the first years of Soviet government, the state regulation of scientific and research work was carried out by the Revolutionary Committee of government of Kazakh region, later these issues were considered by the People's Committee of Education of Kazakh Soviet Socialist Republic. In 1919 a group of local historians who worked in Orenburg in the department of Russian Geographical Society (RGS), organized the historical, ethnographic and natural-geographic sections under the historical and statistic department of headquarters of the Kazakh military committee, later the archaeological section was joined these sections.

Key words: The history of development of regional studies, in Soviet period, societu protection monument.

В условиях развития независимого Казахстана актуальность краеведческой проблематики связана с воспитанием у молодежи к любви к Родине, духа патриотизма. Президента страны Н.А.Назарбаев в своей программной статье «Социальная модернизация Казахстана: двадцать шагов к Обществу всеобщего труда» предложил ввести «Краеведение» наряду с другими дисциплинами, как обязательный учебный курс, в средних, технических профессиональных и высших учебных заведениях Казахстана [1]. Краеведение - это и научная и научно - популяризаторская деятельность определенной проблематики: прошлое и настоящее какого-либо края, определенной местности. Это и метод познания от частного к общему, выявления общего и особенного, метод, опирающийся, как правило, на междисциплинарные научные связи. Краеведение - это форма общественной деятельности, причем такой, к которой причастны не только

ученые – специалисты, но и значительно более широкий круг, преимущественно местных жителей. А теперь обратимся к вопросу истории развития краеведения в Казахстане. В первоначальный период своего развития, а именно в колониальный период, краеведение в силу своего исторического развития не носило системного характера и во многом определялось интересами метрополии. Но, несмотря на довольно сложные условия развития, в Казахстане появились свои ученые - научная деятельность которых дала как бы старт началу развития краеведения в регионе, в их числе можно с гордостью назвать казахстанских краеведов: это прежде всего Ч.Валиханова, С.Бабаджанова, Н.Коншина, Е.Михаэлиса, М.Тынышпаева и многих других. На современном этапе изучения истории краеведческого движения большое значение приобретает изучение архивных источников как важного элемента в патриотическом воспитании современного общества [2].

Как известно, в дореволюционном Казахстане, представлявшей собой колониальную окраину, наука, естественно, не была объектом и заботой государственной политики метрополии. Она развивалась благодаря деятельности небольшой группы энтузиастов, объединенных в кружки, в отделы, комитеты или общества по интересам. В первые годы советской власти государственное регулирование научно - исследовательских работ осуществлялось Революционным комитетом по управлению Казахским краем, позднее эти вопросы перешли в ведение Наркомата просвещения КАССР. В 1919 году группа краеведов, в прошлом работавших в Оренбургском отделе Русского Географического Общества (РГО), организовали при историко-статистическом отделе штаба Казахского военного комиссариата историческую, этнографическую и естественно-географическую секции, позднее к этим секциям присоединили и археологическую секцию. В систематическом, в научном изучении края благодаря все более накопленному опыту и гораздо все более увеличившимся по масштабам научным изысканиям сыграло образованное в г. Оренбурге 15 октября 1920 года Общество изучения киргизского (Казахского) Края [3]. В первые годы неоценимую роль в деятельности «Общества изучения киргизского (Казахского) Края» сыграл поистине ученый - энтузиаст П.А.Воронцовский, как свидетельствуют архивные материалы, ранее работавший до революции в должности Правителя дел Оренбургского отдела Русского Географического Общества (РГО), переживший гражданскую войну. П.А.Воронцовский фактически возобновил деятельность Общества. Небезынтересен с исторической точки зрения такой примечательный факт: С.Мендешев [4], понимая всю важность научной деятельности П.А. Воронцовского для научного изучения Края, освобождает его из заключения Ново-Николаевского концентрационного лагеря в 1921 году и сразу приглашает его на работу в «Общество изучения Киргизского (Казахского) Края». С 1922 года Общество под его непосредственным руководством возобновило свою отчетную деятельность, направляя документацию в Центральное бюро краеведения и в Российский отдел научных учреждений Главнауки (г.Москва), в академический центр Кирнаркомпросса, и в Кирнакомвнудел (г.Оренбург) [5].

История краеведения Казахстана впервые была обобщена в монографии С.Ш.Ахметовой. Хронологические рамки ее исследования охватывают XVII - XX века. В книге также уделяется внимание истории создания и развития вышеназванного Общества, его филиалам и музеям Казахстана. По инициативе первого председателя общества А.П. Чулошникова была образована «особая ученая архивная комиссия путем привлечения посторонних, работы которых печатались бы в газете «Известия Киргизского Края». Несколько позже и члены Общества стали использовать архивные документы в своих исследованиях, которые публиковались в его «Трудах». Благодаря деятельности Общества были открыты отделения в Костанае, Уральске, Урде. В конце 1923 года с Обществом краеведов из Семипалатинска активно сотрудничал Н.Я.Коншин, один из немногих, который продолжил свою исследовательскую деятельность.

Спустя некоторое время открылись филиалы в Кокчетаве, Акмолинске, Актюбинске, Талдыкургане, Каралкалпакии. Среди членов было немало государственных деятелей - А. Байтурсынов (в 1922 г.- почетный председатель), С.Садвакасов, Х.Нурмухамедов, А.Жангильдин и др. Надо заметить, что параллельно с Обществом в 1920-1925 годы действовало общество ревнителей казахской культуры «Талап». Заметную роль в нем играли представители интеллигенции – инженер М.Тынышпаев, писатель М.Ауэзов, поэт М. Жумабаев, врач Х. Досмухамедов, юрист Ж. Досмухамедов и др. В г. Актюбинске функционировало мусульманское культурно - просветительское общество имени Тукая[6].Общественные организации поддерживали между собой творческие связи. Казахские исследователи истории своего народа помогали в работе русскоязычным краеведам, консультировали их по вопросам национальной культуры, традиции особенностей быта и т.п.

В исторической литературе 20-ые годы прошлого столетия характеризуются как «золотое десятилетие» краеведения, основывавшееся на массовом научно-культурном движении. Большой вклад в его развитие внес Ураз Джандосов - председатель правления Общества изучения Казахстана в 1927-1931гг., одновременно заведующий Казкрайкома ВКП (б), нарком просвещения республики. По его мнению «центр тяжести работ краеведческого общества определяется не материальными вложениями, которое оно может сделать, а тем неоценимым вкладом, которые понесут Обществу его члены в виде добровольного и бескорыстного труда на пользу науки и края»[7]. В соответствии с решением СНК СССР от 13 ноября 1927 года «О состоянии научно – исследовательской работы» в Казахстане приступили к упорядочиванию краеведческой работы. В частности, было принято решение о вхождении Семипалатинского отдела Русского Географического Общества (РГО) [8], одного из наиболее мощных губернских краеведческих организаций, в качестве губернского филиала в Научно - краеведческое общество по изучению производственных сил Казахстана. Вследствие данного слияния значительно возросло количество действительных членов республиканского Общества изучения Казахстана.

В 1929 году в связи с переездом центральных учреждении республики в г.Алма-Ату краеведы проделали большую масштабную работу по отбору и изъятию из архивов, хранилищ, музеев Средней Азии, Омска и Оренбурга материалов, относящихся к истории Казахстана, и их размещению в новой столице, куда переехало и Общество минуя Кзыл-Орду. К I Всеказахстанскому научно-краеведческому съезду, положившему начало планомерной организации научных исследовании в республике (апрель 1930 г.), краеведы пришли действующей организацией с центром в Алма-Ате и сильными филиалами в городах Кустанае, Петропавловске, Семипалатинске, Уральске и др.

В апреле 1931г. по аналогии с Российской Федерацией была создано Республиканское организационное бюро краеведения из представителей Наркомпроса, Госплана и Общества изучения Казахстана. В составе 30 человек, 15 из них - члены ВКП (б), 1 – член ВЛКСМ, 14 – беспартийные. Завершилось оформление новой структуры, открывшейся 26 ноября 1932 г. В г.Алма-Ате, конференция на которой было избрано Центральное бюро краеведения Казахстана (КазЦБК), функционировавшее короткий отрезок времени, и не имевшее четкой оформленной структурой деятельности. Об этом со всей красноречивостью говорят сохранившиеся документы в фондах Наркомпроса и Общества изучения Казахстана, в которых отражена в основном организационная несостоятельность этого учреждения. Так, в докладной записке У. Токмурзина, зампреда КазЦИКа, на имя Т.Жургенова, наркома просвещения, отмечалось: «Между тем, теперешнее состояние этой организации, в часности его Краевого бюро, как руководящего центра, таково, что оно поставлено в условиях, могущих впоследствии свести всю работу на нет .... До сих пор не существуют низовые точки облбюро, райбюро, ячейки, в низах руководить работой не с кем, посылаемые бумаги поступают обратно .... Создалось положение в полном смысле, как говорится,

командир без армии» [9]. Представители из областей также дали отрицательную характеристику работе Казоргбюро: «Последний краеведческий съезд 1930 г. Был очень шумный, но, к сожалению, после него краеведческая работа совсем замерла... От Казахского оргбюро краеведения получено много указаний, отношений, материалов, программ, но все они лежат без использования»[10].В январе 1933 г. Секретно – политический отдел (СПО) Уполномоченного представительства ОГПУ в Казахстане подготовил спецсводку «О состоянии краеведческих обществ и музеев», где вышеназванные организации характеризовались оторванностью от общественно – политической жизни края.

Сотрудники СПО также отметили значительную засоренность краеведческих кадров социально – чуждым и антисоветским элементом. В сводке собран негативный материал на многих видных деятелей движения. Например, Андрианов А.А. (заведующий Семипалатинским музеем, член, краеведческого общества, бывший офицер, сын видного областника, расстрелянного в 1920 г.) в кулуарах Казахстанской краеведческой конференции «распространял провокационные слухи» о нашествии в Семипалатинск голодающих из близлежащих аулов, о том, что в Абралинском районе вместо 46 000 голов скота осталось 4 000, о работе мясосовхоза на экспортном из Китае скоте. Инженер – геолог Мишич в своем выступлении заявил: « 2-я пятилетка Казахстана построена на песке, в особенности, в части наметки использования гидроресурсов ... Она написана с потолка, нереальна». Научный сотрудник Чимкентского Музея Б.Н. Тризна (дворянин, бывший участковый пристав) вел антисоветские разговоры у себя на квартире: «Вся литературная жизнь замерла и отброшена на несколько лет назад, но это даром не пройдет. Все только пишут о колхозах, да и о посевной, а люди уже от голода умирают. Что будет дальше?». Член краеведческого общества г. Семипалатинска, бывший кадет Коншин И.П. антисоветски настроенный, и т.п. Далее отмечается, что на 1 января 1933 г. 15 музеев Казахстана в большинстве своем занимают совершенно непригодные помещения... в силу чего музейный инвентарь разбросан, частью находится на улице, где портится и расхищается. Актюбинский облмузей расположен на окраине города, в не отстроенном здании, размером 6х6 метров, никем не охраняемым. В результате дважды посредством взлома похищались экспонаты. Чимкентский музей находится на консервации; вследствие отсутствия помещения, Алма-Атинском Центральный музей помещается в бывшем соборе.

Анализируя данную ситуацию, следует отметить, что такое положение вероятнее всего сложилось из – за отстранения от краеведческой работы профессионалов – действительных любителей всего края. Государственные чиновники в тезисах к предстоящему съезду писали: «Политической задачей казахских краеведов при проведении своих работ по изучению особенностей района является борьба на два фронта. С одной стороны, против остатков великорусских теорий и течений буржуазной нации, игнорирующих национальные особенности меньшинств; с другой, против национально-шовинистических настроений местной национальной буржуазии и остатков алашордынской идеологии». «Правда, об известной части наших специалистов ходит плохая слава как о людях, не порвавших с традициями «колониального чиновника», с такими людьми мы боремся и не перестаем бороться». «Советские условия выдвигают на эту работу широкие массы – советскую общественность» [11]. Как только работу специалистов заменили деятельностью «широких масс», существующее лишь на бумаге добровольное Общество изучения края прекратило свои исследования. В ноябре 1933г.было принято постановление СНК КазАССР об организации НИИ национальной культуры в целях объединения и координирования научно – исследовательской работы в области культуры: истории, языка, литературы, материальной культуры и краеведения на базе Бюро краеведения. НИИ педагогики, Казцентрархива, Краевого музея и Государственной библиотеки [12]. Вместе с тем в г.Алма-Ате вновь продолжило действовать Общество изучения Казахстана, которое возглавила Юлия Тевосян, супруга

первого секретаря Казкрайкома ВКП (б) Л. Мирзояна. Профессиональный революционер, директор Казахского института марксизма-ленинизма в 1933-1938 гг., краеведением она занималась по совместительству. Естественно, исследования Общества в данный период концентрировались в соответствии с интересами его руководителя – сбор материалов по истории революционного движения и гражданской войны, подготовка геопохода им. 15 – летия Казахстана. Юлия Федоровна, как и ее супруг, пользуясь своим служебным положением внесли большой вклад в культурное развитие республики, но жизнь и ее, и Левона Мирзояна, как и судьбы многих других соотечественников, оборвали репрессии[13].

Последним всплеском в краеведческом движении республики были 1938-1942гг., т.к. среди руководства Общества появился человек, который внес огромный вклад в его развитие - это ученый секретарь А. М. Жиренчин. В бытность один из руководителей Общества, про деятельность Общества, писал, что оно вышло «из прорыва в шеренгу передовых учреждений» [14]. За время существования Обществом изданы 8 томов соответственных трудов общей сложности 170 печатных листов (за исключением изданий местных отделений). Члены общества на местах читали лекции, доклады, создавали библиотеки, историко - краеведческие музеи, собирали экспонаты, охраняли памятники старины и искусства. Причинами сведения «на нет» работы добровольного общества являлись сложившиеся командно - административная система управления и жесткий контроль в гуманитарной сфере исследований за соблюдением идеологических догм. И как вследствие этих негативных процессов в Казахстане практически отсутствовала единая система управления краеведческим движением, а, с другой стороны, к сожалению так и не сложились контакты между краеведами-любителями и госучреждениями. С 1948 года руководство краеведческой работой было возложено на АН КазССР, при которой была создана Комиссия содействия краеведению. В областях соотвественно Бюро содействия.

Впоследствии в Казахстане был создан ряд организаций, взявших на себя функции добровольных краеведческих обществ - это научно-исследовательские институты, заповедники. др. Краеведение стало играть вспомогательную роль в работе различного рода научных учреждений. Вместе с тем, накопленный опыт в деле подготовки краеведческих кадров способоствовал увеличению численности государственных учреждении - архивов, библиотек, музеев и т. д., имеющих прямое отношение краеведению. Учебные заведения использовали возможности местных музеев в подготовке будущих учителей к краеведческой работе. В качестве некой альтернативы Обществу изучения Казахстана появились Общества охраны памятников истории и культуры. На современном этапе музеи, архивы, библиотеки и учебные центры сохранили преемственность и вносят огромный вклад в развитие краеведческого движения, выполняя одну из важных задач - формирование гражданственности, Казахстанского патриотизма, любви и уважению к историческому прошлому своего народа.

Литература:

1. Казахстанская правда (газ).- Астана, 2012. - 10 июля.

2. Чиликов Е.В. К вопросу о вкладе архивистов суверенного Казахстана в краеведение. / Архивы. История, место и роль в сохранении культурного наследия страны. Материалы научно – практической конференции.- Алма – Ата, 2012.- С 334.

3. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах.- Редколлегия: Абылхожин Ж.Б., Алдажуманов К.С., Бурханов К.Х.и др.- Алма – Аты: Атамура, 2009.

4. Культурное строительство в Казахстане (1918-1932 гг.). Сборник документов и материалов./ Сост.: М.А. Абдулкадырова, С.С. Голубятников, А.Г.Кукушкина и др. – Алма-Ата: Казахстан, 1965. – С.300. ЦГА РК. Ф693. Оп.1. Д.1. Л.1. ЦГА РК. Ф.693. Д.8.

5. Джандосов У.: Документы и публицистика (1918-1937 гг.). В 2-х томах. Т.2. / Сост. Бухонова И.Н., Джандосов А.У., Кангужиева Р.К., Чиликова Е.В. -Алматы: ТОО «Издательский дом Қазақстан», 1999. -304 с.

6. Джандосов У.: Документы и публицистика (1918-1937 гг.). В 2-х томах. Т.2. / Сост. И.Н.Бухонова, А.У.Джандосов, Р.К.Кангужиева, Е.В.Чиликова. -Алматы: ТОО «Издательский дом» «Қазақстан», 1999. -304 с.

7. Турова Л. Архивные источники по истории краеведческого общества-Семипалатинского филиала РГО и общества изучения Казахстана; Т. Тусунбаева Семипалатинские краеведы //Қазақтан мұрағаттыры-2012. - №(21). - С.104-106, 114-119.

8. Предположительно 1993 г. Там же. Д.14. Л.12.

9. Там же. Д.14. Л.9.

10. Там же. Оп.1. Д.133. Л.28-29.

11. Там же. Д.15. Л.50

12. ЦГА РК. Ф.693.Оп.2. Д.26. Л.22. Институт истории партии при ЦК КП Казахстана (50 лет).- Алма-Ата: Наука,1973.-116 с.+ вкл. Левон Мирзоян в Казахстане. Сборник Документов и материалов (1933-1938 гг.) / АП РК. –Алматы: Қазақстан, 2001.-С.272-286.

13. ЦГА РК. Ф.1308. Оп.1. Д.319. Л.5.

ӘОЖ: 341.231:347.781.52 (574.54)

М.ШОҚАЙ БАСҚАРҒАН «БІРЛІК ТУЫ» ГАЗЕТІНДЕГІ ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҚЫРЫБЫ

А.Қ. ӘБДІРАЗАҚОВА, баспа ісінің магистрі,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Аталмыш мақалада Ташкент қаласында 1917 жылдың 24 маусымынан 1918 жылдың сәуір айының ортасына дейін М.Шоқайдың редакторлығымен шығып тұрған «Бірлік туы» атты елшіл бағыттағы газеттің көтерген негізгі мәселелері мен тақырыптары талданады. Бұл басылым Ақпан революциясынан кейін қалыптасқан елдегі қоғамдық – саяси жағдай, сондай-ақ, ел ішіндегі әлеуметтік-экономикалық ахуал туралы хабарларды жариялап, халықты бірлікке шақырып, азаттық жолындағы күрестің жаршысы бола білді. Еліміздің егемендік алуымен коммунистік идеология ықпалынан арылып, мерзімді басылымдардың гуманитарлық, демократиялық қағидалар мен жалпыазаматтық құндылықтар бағытында дамуы мәселені жаңа көзқараспен бағалауда кең мүмкіндіктерге жол ашқандығы, «Бірлік туы» газетінде бостандық, теңдік мәселесі әрбір жарық көрген санында сөз болғандығы да айтылып, нақты мәліметтер келтіреді. Әсіресе, уақытша өкіметтің өткізген сьездер, жиындар, онда қаралған мәселелер туралы толыққанды ақпараттар беріп отырғандығы да дәлеледенеді.

Кілт сөздер: тәуелсіз басылым, жанр, публицистика, бостандық, уақытша өкімет.

Аннотация

В данной статье анализируются основные проблемы и темы, поднятые в газете «Бірлік туы» («Знамя единства»), издававшейся в г. Ташкенте с 24 июня 1917 года до середины апреля 1918 года и имевшей особое направление. Это издание печатало сообщения о сформировавшемся в стране общественно-политическом состоянии, а также социально-экономическом положении после Февральской революции, призывало народ к единству, сумело стать вестником борьбы на пути независимости. В связи с получением страной независимости периодические издания освободились от влияния коммунистичекой идеологии, открыли широкие возможности для оценивания вопросов в направлении развития гуманитарных, демократических правил и общегражданских ценностей с новой точки зрения. В статье также говорится о том, что в каждом изданном номере газеты «Бірлік туы» поднимались вопросы свободы, равенства, приводятся конкретные сведения. В статье приводятся доказательства о том, что в газете представлялись полные сведения о проведенных временным правительством съездах, собраниях, о рассматривавшихся там вопросах.

Ключевые слова: независимое издание, жанр, публицистика, независимость, временное правительство.

Annotation

In this article the main problems and the subjects lifted in the newspaper under the name are analyzed «Birlik tyi»,«Znamya edinstva», published in Tashkent sine June the 24, 1917 year till middle of the April, of 1918 and having the special direction. The edition printed messages about created in the country political states, and also social and economic provisions after February revolutions, called the people for unity, managed to became the messenger of fight on an independence way/ Due to the receiving by the independence country periodicals were exempted from influence communistic ideologies, opened ample opportunities for an of

questions in the directions of development of humanitarian, democratic rules and all civil values from the new point of view. In article also it is said that in each published issue of the newspaper «Birlik tyi» questions of freedom equality were brought up, concrete data are provided. That the fall information on the congress carried out by provisional government was supplied is especially proved, meetings, about questions considered there/

Key words: independent edition, genre, journalism, independence, provisional government.

Дамыған дүниежүзілік өркениеттен өз орнын иемденіп, жаһандану жағасында тұрған еліміздің алдындағы ең басты міндеттердің бірі – өз тарихынан тағлым алып, ұлттың рухани болмысын дамыту. Қазіргі кездегі қоғамымыздағы болып жатқан оң өзгерістерге орай ұлы тұлғалардың рухани мұраларын толыққанды иегеруге кең жол ашылуы бізге жаңа міндеттер жүктеуде.

Бүгінгі қоғамымыздың басты идеологиялық құралдарының бірі – баспасөздің, нақтылап айтқанда публицистиканың рөлі күн санап арту үстінде. Публицистика қалың оқырманның ойлары мен сезіміне әсер ете отырып, миллиондаған адамдар мен бір мезгілде сөйлеседі де, оларды сендіре де біледі. Публицистика да сөз өнерінің үлкен бір саласы. Ол көркем әдебиетпен бірге туып қалыптасып, өсіп, өркендеп келе жатқан шығармашылықтың ерекше бір тармағы. «Өткеніміз бен бүгінімізге тәуелсіз ел тұғырынан қарайтын бақытты күндер туды. Тірі болсақ, алдымыз үлкен той. Алаштың баласы жақын арада өз тізгіні өзінде бөлек мемлекет болар»[1], - деп Әлихан Бөкейханов сияқты ардақтыларымыз армандаған заман келді. Күнде өзгеріске толы бүгінгі таңда халқымыздың арғы-бергі тарихы мен дәстүрін, тарихи асыл мұраларымызды біліп, қастерлеп, бүгініміз бен келешегіміздің нәрлі қайнарына айналдыру – өмір қажеттілігінен туындап отырған әрқайсысымыздың азаматтық, перзенттік парызымыз.

Қазақтың публицистикасы қазақ халқының өсіп-өркендеу жолындағы жолбасшысы, ойсерігі, бағдаршамы іспеттес. Қазақ мерзімді баспасөз тарихында ұстанған бағыттары мен мақсат-мүдделері бір арнаға тоғысумен ерекшеленетін, тарихтары мен тағдырлары ұқсас көптеген басылымдардың зерттеліп, ғылыми айналымға енуі қуанарлық жайт. Осы аталған бейресми басылымдардың ішінде М.Шоқайдың редакторлығымен жарық көрген «Бірлік туы» газетінің де өзіндік орны, көтерген мәселелерінің күрделілігі жағынан салмағының бар екендігі анық.

«Бірлік туы» Ташкент қаласында 1917 жылдың 24 маусымынан 1918 жылдың сәуір айының ортасына дейін шығып тұрған елшіл бағыттағы газет[2].

Аталмыш басылым Ақпан революциясынан кейін қалыптасқан елдегі қоғамдық – саяси жағдай, сондай-ақ, ел ішіндегі әлеуметтік-экономикалық ахуал туралы хабарларды жариялап, халықты бірлікке шақырып, азаттық жолындағы күрестің жаршысы бола білді. Газет қазақтардан басқа, қырғыз, өзбек, татар т.б. түркі халықтың арасына кеңінен тарады. 1917 жылы тамызда өткен Түркістан өлкесіндегі қазақ-қырғыз съезі осы басылым туралы «Жаңадан шыға бастаған «Бірлік туы» барша қазақ-қырғызға ортақ болсын» – деген қаулы қабылдады. «Бірлік туы» Түркістан автономиясы мен Алашорда үкіметіне барынша қолдау көрсетті. Бұл жөнінде «Түркістан автономиясы», «Бостандық һәм автономия», «Қоқан шаһарында болған жалпы мұсылман съезінің қаулылары», «Сырдария қазақ-қырғыз съезі» атты жарияланған мақалалар дәлел бола алады.

«Ел тарихының жазба деректер тобына жататын мерзімді басылымдардың, оның ішінде ғасыр басында дүниеге келіп, бірі қысқа, бірі ұзақ өмір кешкен бейресми, ұлттық бағыттағы демократиялық басылымдардың ұлт тарихына байланысты берер мәліметтері, жеткізер деректері мол»[3], - деген тарихшы, ғалым Қ.Атабаевтың тұжырымын негізге алсақ, газет бетінде бостандық туралы жарияланған материалдардың тарихи маңызы зор екендігіне көз жеткіземіз.

Мерзімді басылымдардағы материалдар қоғамдағы өмірдің өткені жайында құнды мағлұматтар беретін дерек көзі бола алады. Оның мәліметтері әр алуандылығымен

ерекшеленеді және бұл мәліметтерді әртүрлі салалардағы мамандар пайдаланып, өзінің зерттеу объектісіне қолдана алады.

Еліміздің егемендік алуымен коммунистік идеология ықпалынан арылып, мерзімді басылымдардың гуманитарлық, демократиялық қағидалар мен жалпыазаматтық құндылықтар бағытында дамуы мәселені жаңа көзқараспен бағалауда кең мүмкіндіктерге жол ашты. «Бірлік туы» газетінің 1917 жылғы 20-шы тамыздағы санында жарық көрген «Бұл заман-өзгеріс заманы» деп аталатын мақалада «Заман – өзгеріс заманы: ескінің қирап, жоғалып, оның орнына жаңаның орнап жатқан дәуірі. Қашаннан залымдық, құқықсыздықтың зарын тартып, құлдық қамытын киіп келген руссия халқы март айынан бері бостандық шуағына шықты... Қашаннан халықты қой есебінде бағып, құл есебінде тұтқан ескі қалып жоғалған соң ерік тізгіні сол халықтың өзіне тиді» деп жазады. Алайда, өзгерістің екі жағы барын, оның әрқайсысы өз орнында болса ғана біздің халқымызға зор пайда келетінін нақты мысалдар келтіре отырып баяндайды. Оның бірінші жағы халықтың ілімді болып, ғылымды игеріп, оқуға ден қою қажеттігін дер кезінде түсінулері қажет деп санайды. Себебі, білімді халықты ешқандай жау алмайтындығын, көзі ашық адамдар елді алға сүйрейтінін айтады. Өзгерген заманды өз пайдамызға жарату үшін екінші мәселе елде тәртіптің болғандығы деп көрсетеді. «Алаш азаматтары, егер жұрт болып халық қатарына қосыламын десең, тағы да баяғы құлдықты сағынбасаң, көздеріңді түріп ашатын уақыт осы. Кеудесінде саңлауы бар бұған түсінсе керек. Ілгеруден үмітің болса өткенді ұмытпа!»[4],-дейді. 1917 жылдың өзінде қол жеткізген бостандықты баянды етудің оңай еместігін, атқарар жұмыстардың қыруар екендігін көрегенділікпен жеткізеді. Тәуелсіздіктің де ғұмырының ұзақ болуы осы мақаладағы оқу, білімге құштарлық пен елдегі орнаған тәртіптің ықпалының зор екендігіне көз жеткіземіз.

Міне, халыққа болған уақиға туралы жедел ақпарат таратқан мерзімді басылым, сол оқиға туралы өз бойына қажетті мағлұматтар да жинайды, сөйтіп уақыт өте келе өзі де тарихи дерек көзі ретінде ғылымға қызмет етіп, оқиғалардың кейбір қырларын ашуға, көзқарас қалыптастыруға көмектеседі. Мысалы, «Бірлік туы» газетінің 1918 жылғы №22 санында Уфадағы медресенің 31 Ғалия шәкірттері қол қойған «Алаш азаматтарына» тақырыбында хат жарық көрген. Онда «Құрметті Алаш азаматтары! Заманның түрі келіспекке айналды. Қауіп-қатерге толы екі талай күндер туды. Береке-бірлік қылып, адамшылық ойласаң, адам болатын шағың жетті! Алтыбақан алауыз болып бөлінсең, жоқ болатын уақытың жетті! Кейінгі үрім бұтақ, қара қазан сары баланың қамын ойлайтында уақытың осы. Олардың көз жасына қалатын да уақытың осы. Егер осы күнгі күш бастап жүрген көсем, ақ жүрек азаматтардың соңына ерсеңіз, иншалла ол уақытта қатын-баланың кейінгі ұрпақтың обалына қалмайсыздар!» деп, бірліктің маңызын, ел бастаған азаматтарға қолдау көрсетудің қаншалықты қажеттілігін нақтылайды.

Газеттің №27 санында Би Махмұд Майлиннің «Не жаздым Құдайым?» өлеңі жарияланған. Онда:

Не жаздым құдай?
Неше жыл ұдай,
Көріп келдім таршылық.
Жат үшін жүдеп,
Тілеуін тілеп,
Істегенім жалшылық.
Көрмегенім жоқ еді,
Зарлаған күнім боп еді.
...Жасқанып өлдік,
Ала-алмай теңдік,
Біз-ақ сорлы болдық па?
Ел көшсе, жаз кеп,
Басқаға мәз боп,

Шыныменен жұртта қалдық па?-деп жырлау арқылы қазаққа бостандық та, теңдік те оңайлықпен келмегенін, аңсап, армандап күткен тәуелсіздіктің құнының біздер үшін қаншалықты қымбат екендігін дәлелдей түседі. Тәуелсіздік тақырыбының көкейкестілігін Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Дүниежүзі қазақтарының бірінші құрылтайының мәжілісінде былай деп баса көрсеткен еді: «Бүгінгі бостандықтың, бүгінгі тәуелсіздіктің өзінен-өзі келіп, басымызға қона қалмағанын, азаттық үшін миллиондаған адамдардың қаны шашылып, жаны қиналғанын, жазықсыз зардап шеккенін де сіздер жақсы білесіздер. Бүгінгі күн ата-бабаларымыздың талай ғасырлар бойғы арманы еді. Отаршылдықтың темір құрсауының, отызыншы жылдардағы ашаршылық пен сталиндік жаппай жазалау құрбандарының, Ұлы Отан соғысында от ортасынан оралмаған боздақтардың, кешегі желтоқсанда ұлттық намысын қолдан бермеу үшін, халықтың сағын сындырмау үшін бел буып шыққан жастарымыздың арманы еді»[5].

«Бірлік туы» газетінде бостандық, теңдік мәселесі әрбір жарық көрген санында сөз болады. Әсіресе, уақытша өкіметтің өткізген сьездер, жиындар, онда қаралған мәселелер туралы толыққанды ақпараттар беріп отырады. Сонымен бірге елдің Әулиеата, Ақмешіт, Семей елді мекендерінің жағдайына да жіті назар салып отырғанын байқаймыз. Оған «Түркістаннан», «Шиеліден», «Семейден», «Әулиеатадан» тақырыбындағы жарияланымдар куә. «Демократия» мәнісі» (БТ, 1917, №2), «Қазақ һәм қырғыз халқына» (БТ, 1917, №2), «Ұлтшыл азаматтарға» (БТ, 1917, №5), «Шақырады «Бірлік туы» бірлікке» (БТ, 1917, №3), «Ғасырда жиырмасыншы заман келді» (БТ, 1917, №5), «Қырғыз бауырларыма» (БТ, 1917, №5), «Бостандық һәм автономиялар» (БТ, 1918, №28) атты жарияланымдарда елдің хал-жағдайы, бірлік, елдік тақырыптары, оқу-ағарту мәселесі, уақытша өкіметтің ұстанған саясаты туралы айтылады.

Газет тек ақпарат жеткізудің көзі ғана емес, ол өзі жеткізіп отырған ақпаратына қалың оқырманды, көпшілікті сендіру мен сол көздеген мақсаты бағытында тәрбиелеу жүгін де қоса ала жүреді. Осы тұрғыдан келгенде «Бірлік туы» газеті ұжымдық үгітші, насихатшы және ұйымдастырушы қызметін де атқарды.

Дамыған, өркениетті елдердің қайсысында болмасын бұқаралық ақпарат құралдары, оның ішінде мерзімді баспасөз ерекше ықпалдыққа ие болып келген. Солай бола береді де. Сол себепті де «Газет өмірдің айнасы» деп тегін айтылмаса керек. Ақпараттар тасқыны арындап тұрған кезде баспасөз арқылы мемлекеттік және түрлі қоғамдық бағыттар мен мақсаттар, саяси формациялар мен экономикалық-әлеуметтік мәселелер халық таразысынан өтіп, дұрыс шешімін тауып отырады.

Қазақтың ұлт болып қалыптасу кезеңіндегі ата-бабамыз жүріп өткен жолдың әрбір қадамы - өшпес тарих, тұнған шежіре. Ел басына күн туған кездерде, батырлық пен батылдықты, ерлік пен өрлікті, қайсарлық пен адалдықты қатар ұстап, азаттықты аңсаған «Бірлік туы» сынды газеттер аз емес. Біз зерттеген басылымда бодандықтан құтқарған бостандық мәселесі туралы маңызы материалдар жарық көрген.

Жүсіпбек Аймауытовтың 1925 жылдың 5 мамырында жарияланған «Ел газетке не жазбақ?» деген мақаласындағы: «… жанына жағымды, тілі батарлық сөздер басылмаса, ондай газет бағасын жоймақ, кім көрінгенге қолжаулық, майлық, шылым орауыш, тағы бірдеңе болмақ. Бірақ газетшіге кінә қоятын да, қоймайтын да орын бар. Жұрт жазбаса, ішіндегісін тауып жазатын газетші «тәуіп» те, «пайғамбар» да емес… Ел: «Жазбасам, маған серт, баспасаң, саған серт! деген жолға түссе, сонда газет елдікі болады. Сонда жұрт газетті қызығып оқитын болады, газеттен пайдаланады» сөзі өз мағынасын жойған жоқ. Бүгінде тәуелсіздіктің қадіріне жетіп, оны көздің қарашығындай сақтау бүгінгі журналист қауымының биік міндеті, қасиетті борышы. Өйткені, Тәуелсіздік – ұлттық санамыздың шарықтау биігінде тұрған, қасиетті қара бесікке бөленген алтын бастауы.

Әдебиеттер:

1. Бөкейханұлы Ә.Шығармалар жинағы. – Алматы, 1989. – 40 б.
2. «Қазақ» газеті.−1917.-3 маусым.

3. Атабаев Қ. Қазақ баспасөзі (Қазақстан тарихының дерек көзі 1870-1917). – Алматы: Қазақ университеті, 2000.− 124 б.
4. «Бірлік туы» газеті.− 1917.-20 тамыз.
5. Назарбаев Н. Келешектің алтын кілті. – Алматы, 2002. −18 б.

ӘОЖ: 323.32:894.342(574)

М. ШОҚАЙ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ӘДЕБИ МҰРАМЫЗҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

С.Б. БАХТИЯРОВА, филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Мұстафа Шоқай – Алаш қозғалысының төл перзенті, Алаш идеялары мен мұраттары үшін күрескен қайраткер. Ол Орта Азия халықтарының ауыз және жазба әдебиеттерін терең біле отырып, оларды халыққа танытуға бар күшін салды. Халықтың рухани дамуында әдебиеттің ерекше рөл атқаратындығын ескерген М.Шоқай «Яш Түркістан» журналында елде қалған ақын, жазушылардың да, шетте жүргендердің де туындыларына үнемі орын беріп отырды. Ол Абайды қазақ жазба әдебиетінің басшысы ретінде танытты. Өзі қазақтың қисса-дастандарымен кең таныса отырып оларға жоғары баға берді. «Ұлттық бостандық – ұлттық рух желісі. Ұлттық рухтың өзі де ұлттық бостандық пен ұлттық тәуелсіздік аясында жеміс бере алады» деген тұжырымдама жасады.

М.Шоқайдың бұл идеялары бүгінгі күні де өзекті болып қала бермек.

Кілт сөздер: М.Шоқай, Алаш қозғалысы, Ұлттық рух, мұра.

Аннотация

М.Шокай – замечательный представитель движения Алаш, внесший значительный вклад в борьбу за его идеи и цели.

Он хорошо знал устную и письменную литературу народов Средней Азии и знакомил с ней народ. М.Шокай считал, что литература играет важную роль в духовном развитии людей. В журнале «Яш Туркестан» он опубликовывал произведения писателей, поэтов, живущих в стране и за ее пределами.

М. Шокай дал высокую оценку дастанам – народным высоко художественным произведениям. Он отмечал, что национальная свобода – это результат национального духа, национальной независимости.

Идеи М.Шокай не утратили актуальности и в наши дни.

Ключевые слова: М.Шокай, движение Алаш, Национальный дух, наследие.

Annotation

M.Shokay is a well-known representative of movement Alash, who contributed much in the struggle for his ideas and aims.

He knew the oral and written literature of nations of Middle Asia and introduced the nation to it. M.Skokay considers that literature plays an important role in the spiritual development of people. He published works of writers, poets, living in the country and abroad in the journal “Iash Turkestan”.

M.Shokay evaluated greatly poems- folklore, highly-artistic works. He noted that the national freedom is a result of a national spirit, national independence.

M.Shokay’s ideas didn’t lose the significance in our days too.

Key words: M. Shokay, political party Alash, national spirit, heritage.

М.Шоқайдың өмір жолы өнегеге толы болды. Бүкіл түркі әлемінің тарихи тұлғасына айналған М.Шоқай 20 ғасыр кезеңінде адамзат баласының айтулы перзенті болды. Оның бойында біз біліп үлгірмеген, тарихымен таныспаған талай рухани қазыналар жатыр [1,38б].

Мұстафа Шоқай – Алаш қозғалысының төл перзенті, Алаш идеялары мен мұраттары үшін күрескен қайраткер. Бүкіл өмірін халқының бостандығына арнаған Мұстафаға елінен кету қиынға соқты, жаны күйзелді. Әсіресе, оның жан тебіренісі 1922 жылы Берлиндегі Трокадеро этнографиялық мұражайына барғанда көзіне жас алдырды. Осы сәтті зайыбы Мария Шоқай былай деп суреттейді: «Мұражайда тұрған тамаша домбыраны көріп, ол өзін-өзі ұстай алмай, қызметкерден инструментті қолға алуға рұқсат сұрады. Сол бойда оны бабына келтіріп, ғажап қырғыз (қазақ) сазын ойнап берді. Ол домбырамен өте қамығып қоштасты, көзі жасқа толып кеткен екен».

Мұндайда Қадыр ақынның «Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деген өлең жолдары еріксіз ойға оралады. Домбыраны көргенде Сыр өңірінен бастап бүкіл қазақ даласы, туған-туыстары, сол кезде аштан қырылып жатқан қазақтар Мұстафаның көз алдынан өткен шығар…

Мұстафа – орыс, батыс, шығыс әдебиетін жақсы білген адам. Оның бір мысалы ретінде 1922 жылдың 12-мамырында Парижден Ташкентте тұратын «NN» деген аноним адамға жазған хатын айтуға болады («NN» дегені - Х.Досмұхамедов).Хатта Мұстафа Алексей Толстойдың «Хождение по мукам» деген еңбегін орыс революциясын «романға» айналдырудың сәтсіз әрекеті десе, Григорий Гребенщиковтың «Братья Чураевы» деген повесі туралы жақсы тілмен жазылған деп қана шектеледі. Түркістанда қандай газет-журналдар және қай тілдерде шығады, «қырғыз газетін» кім басқарады деп сұрайды.

Мұстафаның «қырғыз газеті» деп отырғаны «Ақ жол» газеті. Бір-екі жылдан кейін ол бұл басылымды тұрақты түрде алып тұрады. Оны «Түркістандағы Лениннің мұрасы» (1924), «Түркістандық «тамаша» (1924), «Ұлт мәселесінің зертханасында» (1924), «Қызыл Түркістанда» (1924), «РКП-ның ташкенттік мырзалары» (1925), «Ояну» (1926) деген еңбектерінде «Ақ жол» газетіндегі материалдарға сілтеме жасауынан көреміз. Мұстафа Қазақстанда жарық көрген жаңа туындыларды алдырып, олармен танысып отыруға да көп көңіл бөледі. 1927 жылдың 5-шілдесінде Ташкентте оқып жатқан туыстас інісі Байдәулет Дабыловқа хат жазып, Бейімбет Майлиннің өлеңдері мен «Ер Сайын» деген кітапты алғанын хабарлап, жақында Қызылордада «Тар жол, тайғақ кешу» атты кітаптың жарық көретінін айтып, егер мүмкіндігің болса, осы кітапты салып жіберші деп өтініш білдіреді.Сәкен Сейфуллиннің бұл кітабы сол жылы араб графикасымен Қызылордада басылып шыққан болатын.

Батыс әлемі М.Шоқайды ірі саяси қайраткер ғана емес, түркітанушы ғалым ретінде қабылдайды. Сол себепті онымен жазысқан тұлғалар қатарынан француз ғалымы Поль Пельо (1878-1945), Париж университетінің (Сорбонна) профессоры Жан Дени (1870-1945), араб және парсы тілдерінің маманы Габриэль Ферран, Париж ұлттық кітапханасы Шығыс бөлімінің меңгерушісі Э.Блоше, Орта Азия мен Қазақстанда өткен ғасырдың 20-30 жылдары орын алған, одан бұрынғы дәуірлерге де қатысты оқиғалар туралы еңбектер авторы Ж.Кастанье, ағылшын шығыстанушысы, Кембридж университетінің профессоры Эдвард Браун (1862-1925), Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и-Рашиди» еңбегін өз түсіндірмелерімен ағылшын тіліне аударған Эдвард Денисон-Росс (1871-1940), «Коман халқы туралы» атты іргелі еңбектің авторы Йозеф Марквартты (1864-1930), италиялық ғалым Э.Инсабота есімдерінің ұшырасуы заңды болатын.

М.Шоқайдың неміс ғалымдарымен ұзақ жылдар бойғы шығармашылық байланысын ерекше атаған жөн. Олардың ішінен, әсіресе, көрнекті неміс түркітанушысы Аннемари фон Габенмен (1901-1993) тығыз байланыста болып, оның қазақ тілі грамматикасын зерттеуіне көп көмек бергендігі – таңғаларлық жағдай.

А. фон Габен көнетүркі ескерткіштерін, көктүріктердің мәдениеті мен дүниетанымын зерттеуге үлкен үлес қосады. Ол – «Түркі тіліндегі турфан мәтіндері» деген бестомдық монографияның, «Көнетүркі тілінің грамматикасы» деген еңбектің авторы. Сонымен бірге А. фон Габен жаңа замандағы қазақ этнографиясы мен лингвистикасына арналған бірнеше ғылыми мақалалар жазды.

Неміс ғалымы Мұстафаны өмірден озғаннан кейін де ұстаз ретінде құрмет тұтып, үнемі еске алып отырды.Ал Берлин университетінде қызмет істеген Иоханнес Бенцингті шын мәнінде Мұстафаның шәкірті деуге болады. Ол осы университеттің түркітану факультетін Мұстафаның жан-жақты көмегі арқасында бітіріп шығады. Берлин университетінде қазақ тілінен сабақ беретін дәрежеге жетеді.И.Бенцинг М.Шоқайды ұстазы ретінде және туған ағасындай сыйлайды. 1933 жылы ол «Мұстафа Шоқайұлы туралы жаңа өзбек әдебиетінде не жазылуда» деген мақала жариялайды. Жалпы ол қазақ тарихы мен әдебиетінің білгір маманы болады. Жазушы Х.Абдуллиннің сөзіне қарағанда, ол М.Жұмабаевтың өлеңдерін жарыққа шығарған. А. фон Габен де: «И.Бенцинг Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерін алғаш алман тілінде сөйлеткен, 1929 жылы бір томдық шығармаларын тәржімелеген» дейді. Аударма Германия мұрағаттарының бірінде сақталуы мүмкін. Ә.Қашаубаев Мұстафаның үйінде болған кезінде Мағжанның «Алыстағы бауырға» деген өлеңін қазақ, неміс, француз тілінде тыңдаған. Өлеңді Бенцингтен басқа біреудің аударуы мүмкін емес.М.Шоқайдың Орталық Азия халықтарының ауыз және жазба әдебиетін терең білетіндігін оның Париждегі «Мұсылман әлеміне шолу» журналында жарық көрген аудармаларынан да байқаймыз.

Бұл пікірімізге тағы бір мысал келтіре кетейік.

1939 жылы жазылып біткенмен, 1942 жылы Лейпцигте шыққан Р.Ольцша мен Г.Кляйновтың «Түркістан»: Саяси тарихы және әлеуметтік проблемалары» деген 409 беттік кітабының соңғы 60-70 бетін М.Шоқай жазғанға ұқсайды. Ондағы «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ер Тарғын», «Қыз Жібек», «Айман – Шолпан» секілді қазақ әдебиетінің үлгілері, «Исатай – Махамбет», «Бекет», «Амангелді», «Жалбыр», «Бекболат» пьесалары, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, А.Тоқмағамбетов, Т.Жароковтың шығармашылығы жөніндегі ой түйіндеулер Мұстафаның ғана қарымды қаламынан туындады деп ойлаймыз. Халықтың рухани дамуында әдебиеттің ерекше рөл атқаратындығын ескерген М.Шоқай «Яш Түркістан» журналында Түркістанның елде қалған ақын, жазушыларының да, шетте жүргендердің де туындыларына үнемі орын беріп отырады. Журналдың бірінші санындағы бағдарламалық мақалалардың бірінде «Біз «Яш Түркістан» беттерінде Түркістан шайырларының шығармаларынан үлгі боларлық кейбір үзінділер басып тұрмақшымыз» дейді және бұл уәдесін М.Шоқай басылымның соңғы сандарына дейін берік ұстайды.Журналдың осы санын Мағжан Жұмабайұлының «Түркістан», Шолпанның «Жапырақтар» деген өлеңдерімен бастайды.Бұл екеуі Мұстафаның аса қадір тұтатын ақындары болатын.

Қазақ ақынының «Түркістан» атты әйгілі шығармасы оның 1923 жылы Ташкентте жарық көрген кітабынан алынған еді.

Қырағы Тянь-Шань мен Памир, Алтай,
Күтеді көптен сені қарай-қарай.
Кене мен Абылайдың жолын қумай,

Жаһанда жабығудың жөні қалай, – деген жолдармен аяқталатыны белгілі. Мұның өзі өлеңнің Мұстафаға қаратып жазылғанын және оны қазақ қайраткерінің жақсы түсінгенін білдіреді. Ал 1931 жылы «Яш Түркістанның» үшінші-төртінші сандарында жарық көрген Мағжанның «Алыстағы бауырға» өлеңін Мұстафа Анадолы түркілеріне арналған деп түсінеді, оның түрікшілдік идеясына назар аударады. Бұл өлеңді И.Бенцингтің неміс тіліне аударғаны жөнінде жоғарыда айтып өткенбіз. Қазақ ақынының бұл шығармаларының жазылу уақыты Мұстафаның Францияға барып күрес жолын бастау кезеңімен тұстас келеді. Мағжанға Мұстафаның «Кене мен Абылай» жолында жүргендігі, бірақ олардың арманын бейбіт, саяси күрес тәсілдері арқылы жүзеге асыруға бет алғаны

белгісіздеу еді. М.Шоқай «Яш Түркістан» журналында түркістандық ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығын дәріптеумен қатар, эмиграцияда жүрген талантты жастардың қаламынан туындаған әңгіме, өлең, әдебиеттанушылық талпыныстарына үнемі қолдау көрсетіп отырады. Соның бір мысалы – Есен Тұрсын деген лақап атпен жария болған Тахир Шағатайдың «Түркістанның ұлы ақыны (1845-1904)» деген шағын мақаласы. Тахир Шағатай «Яш Түркістан» журналының жауапты хатшысы болды. Абдуақап Оқтаймен бірге осы басылымның жүгін көтеріп, М.Шоқаймен бірі оң қанаты, бірі сол қанатындай ынтымақта жұмыс істеді.

Мақала «Яш Түркістан» журналында (1934. №58, 39-41-б.) жарық көрді, ол шағатай тілінен аударылып, «Түркістан» газетінде (2004, 15-шілде) қазақ тіліне аударылып басылды.Абай туралы Есен Тұрсынның мақаласын редакциялап, оған толықтырулар енгізумен М.Шоқай шектеліп қалмайды. «Яш Түркістан» журналына (1935, №63) «Шайыр Абайдың өмірден озғанына 30 жыл толуына орай» деген мақала жазып, онда «Абай – ұлтшыл», «Абай – феодалшыл», «Абай – алашордашыл» деп, Абай шығармаларын мектеп кітапханаларына да жіберткізбей өрекпіп жүрген большевиктер саясатын сынға алады. Бірақ халық санасынан Абайды сызып тастаудың мүмкін еместігін, «Табиғатты есіктен қуып шығарсаң, ол терезеден қайтып кіреді» деген секілді, Абайдың да халық өмірінен кең орын ала бастағаны туралы баяндайды. Кеңес газетінде Абайды – «қазақ жазба поэзиясының негізін салушы» деген баға берілуіне орай, қазақ халқының Абайға дейін-ақ бірнеше ғасырлар бұрын дүниеге келтірген «Қыз Жібек», «Айман – Шолпан», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Асан Қайғы» секілді дастандарының авторлары «жазба шайырлар» болды деген пікір білдіреді.

Мұнан бұрынғы да шығармалар мен ескертулерінде М.Шоқайдың «Қыз Жібек», «Айман – Шолпан», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», т.с.с. дастандар жөніндегі пікірі осыған ұқсас келеді.

М.Шоқайдың бұл туындысын, шағын болғанымен, Кеңес Одағында қазақ әдебиетінің ірі өкілдерін қудалау, әсіресе, Абай шығармашылығын зерттеуге түрлі тосқауылдар қою жағдайында жазылған, үлкен әлеуметтік жүк көтеріп тұрған шығарма деуге болады.

1934 жылы «Яш Түркістан» журналының Түркия аумағына ене алмауы көптеген оқырмандардан айырылып қалу қаупін тудырады. Осы жағдайды ескерген М.Шоқай мазмұны да, тілі де «Яш Түркістанмен» сабақтас, бірақ аты сәл өзгерген «Түркістан» атты журнал шығара бастайды.

М.Шоқай туыстас Түркия тарапынан жасалған бұл әрекетке өкінішін білдірсе де, серіктестерін бұл елдің ішкі және сыртқы саясаты жөнінде бірде-бір сыни пікір айтпауға, оған түсініспікпен қарауға шақырады.

Осындай қысылтаяң жағдайда Абай туралы мақаланың берілуі де түрік оқырмандарын қазақ халқының абыз ақынымен таныстыру ниетінен туындаған-ды.

М.Шоқайдың әдебиет әлеміндегі қызметінің бір арнасы шетел баспасөздерінде Түркістан халықтарының әдебиеті жөнінде жарық көрген басылымдар жөнінде орыс, шағатай тілдерінде шолулар жасап, түсіндірмелермен оқырмандарға жеткізіп отыруға байланысты болды. «Яш Түркістанның» 1930 жылдың қараша айындағы нөмірінде М.Шоқайдың «Алман қаламгерлерінің түркістандық әсерлері» деген мақаласы жарық көреді, онда В.Штайнның «Vossische Zeitung» газетінде (1930, 14-маусым) басылған көлемді мақаласы жөнінде сөз қозғалады. Осы мақаладан Мұстафа мынадай үзінді келтіреді: «Ұлтшыл шайыр Шолпанның өлеңдері зор көлемде елден-елге тарап, барлық қауым тарапынан оқылады. Шолпан өлеңдерінде орыс отаршылдары – түркістандықтардың басты жауы ретінде көрсетіледі. Шолпан өлеңдері барша түркістандықтарды кеңестік Ресей қамытынан құтылуды үгіттейді. «Қасқырлардан тек ақымақтар ғана рақым күтеді» деген сөздер сол Шолпан өлеңдерінің бірінде айтылған». Мақала соңында Мұстафа Берлинде шығып тұрған «Остойропа» журналының 1931 жылғы сәуірдегі №7 санында жарық көрген «Түркістан шайырлары мен өлеңдері» атты 19 беттік

мақала басылғаны жөнінде де хабарлайды.«Яш Түркістанның» 1931 жылы шілде айындағы санында «Түркістан ұлттық әдебиеті хақында француз журналы не дейді» деген еңбегі Париждің ең беделді басылымдары қатарынан орын алатын «Муа» («Le Mois») журналының маусым айындағы санында «Түркістан әдебиетіндегі өлеңдер» деген мақалаға орай жазылған-ды. Француз авторы Түркістан жазушылары мен әдебиетшілерінің арасынан Шолпанға ерекше тоқталады: «Шолпан – тек түрік әлемінде ғана емес, Еуропада да танымал бір шайыр. Оның өлеңдері мен тілі Түркістан түркілерінің классикалық әдебиетін еске салады. Шолпанның барлық өлең-жырлары өлкеде ел аузынан түскен емес. Оның пьесалары түрік театрына жаңа тыныс, жаңа леп әкелді».Мақала былайша аяқталады: «Түркістан поэзиясының өркен жаюы ұлттық түйсіктің оянуымен тығыз байланысты. Большевиктер бұл әрекетті тұншықтыруға тырысуда. Алайда халықтық өмір сүруге құлшынысы барған сайын артып келеді. Түркістан өз тәуелсіздігі үшін ғана емес, сонымен бірге өзіне тән рухының жеңіліс таппауы үшін күресуде». М.Шоқай Париждің атақты журналында мұндай мақаланың жарық көруіне ерекше қуанып, «Дұрыс. Түркістан өз саяси тәуелсіздігі ғана емес, сонымен бірге ұлттық түрік рухы үшін де күресуде» дейді.

М.Шоқайдың әдебиеттану саласы бойынша қызметінің келесі бағыты әдебиеттің қоғам өміріндегі орнына, ақын, жазушылардың халық санасында ұлттық рухты берік орнатудағы рөліне, Кеңес Одағында ұлттық әдебиет өкілдерін қуғындауға байланысты. Халық жүрегінен берік орын алған, оның мұң-мүддесіне қызмет істеген әдебиет өкілдерін ғайбаттап, олардың орнына «пролетарлық әдебиет» дегенді қалыптастырудың рухани қасіретке ұласатындығын М.Шоқай талай рет ескертеді. Идеологиялық қысым жалғыз қазақ әдебиетін ғана емес, өзбек, түрікмен, қырғыз, тәжік әдебиетін де қамтиды. Осы кездегі саяси науқаншылдық жөнінде ол: «Науаиды түрік әдебиетінің тарихынан шығарып тастауға ұрыну үшін шынында да шектен асқан ақымақ, қып-қызыл ақымақ болу керек… Бірдеңелерді бұтып-шатуға, Мақтымқұлының жүзіне «түкіруге», «партия бағытын» қабылдауға болатын шығар, бірақ мұндай жолмен Түркістанның рухани сұранысын қанағаттандыруға бола қоймас» деп жазды.«Қып-қызыл ақымақтар» (1931 ж.) деген еңбегінде «Күнің туды батырақ, Шапқылап қал, шапқылап» деп, «уралап» әдебиет майданына енген, «бірдеңелерді бұтып-шатып» жазушы атанғандардың Науаи, Абай секілді ұлыларды сынға алуын ерен ессіздік ретінде қабылдады, олар жөнінде жебелі сөзін аямады. Атақты орыс мысалшысы Крылов өзінің «Есек және бұлбұл» деген еңбегінде, – дейді ол, – өз әнімен бұлбұлдың есекке ұнағаны, бірақ есек әтештен біршама үйренсе, бұлбұл мұнан да тәуір ән салар еді деп ұйғарады. Сол сияқты мұндай «қызыл революциялық шөже әтештер» ұлттық түркістан әдебиетінің шын мәніндегі бұлбұлы – Науаиды онша қолдап-қолпаштамайды (Мұстафа Шоқай. Шығармаларының толық жинағы. - Алматы, 2013.-5-том.- 298-б.).

Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтың шығармаларын аса жоғары бағалап, олар – өз халқының тілі мен әдебиетінің ұлы білгірлері деп көрсетті, неліктен олар Түркістанның бір жерінде өз білімдеріне қолданыс таба алмай отыр деп өкініш білдірді (Сонда. 7-том. 270-б.).

Әдебиет саласындағы жаңалықтарды М.Шоқай «Еңбекші қазақ», «Казахстанская правда» және басқа да жаздырып алып отырған баспасөзден біліп отырды. «Казахстанская правда» газетінің 1937 жылдың 8-шілдесінде шыққан нөміріндегі «Халық жауларымен ымыраластық – партия жолына сатқындық» деген мақаламен танысып, оны Қазақстанның Жазушылар одағы мен оның бас органы – «Литературный Казахстан» журналына қарсы жасалған жорық деп түйіндеді.Мақалада «сталиндік мектептің әйгілі кеңес жазушылары Сәбит Мұқанов пен Сәкен Сейфуллин ұлтшылдық элементтермен байланысты қолдап келгендігімен де аты шықты, әрине, бұл Одақтың жұмысына және жас жазушы кадрларды өсіруге үлкен зиян келтіріп отыр» делініпті. Мақала авторы, әсіресе, мұндай «зиянкестіктің түп тамыры қазақ халқының қас жауы, жапон тыңшысы Шоқаевқа ықыластық танытқан» Смағұл Сәдуақасовқа барып тіреледі деген секілді «көрегендік»

білдіреді (Сонда. 9-том. 473-б.).Көп ұзамай осы газеттен М.Шоқай С.Сейфуллиннің де «жапон тыңшысы» ретінде «айыпталғанын» оқып біледі.

Ұлттық кадрларды қуғындаудың түп-тамыры Смағұл да, Әлихан да емес, мүлдем басқада болатын. «Түркістандағы әдебиет төңірегінде» деген айдармен «Яш Түркістан» журналында жарық көрген Тахир Шағатайдың мақалаларына жазған кіріспе сөзінде М.Шоқай автор кеңес өкіметінің жаңадан қалыптасып келе жатқан ұлттық әдебиетті Ресей мүдделеріне қызмет істеуге мәжбүрлеуі, сонымен бірге елде жалпы ұлттық мәдениет пен тілдің қалыпты дамуына кедергі жасауы жөнінде баяндайды; бұрынғы орыс классиктерін мадақтап, мәскеулік большевиктер түркістан классикалық әдебиетінің қазынасын пайдалануға, ұлы түркістандық жазушылардың есімдерін құрмет тұтуға тыйым салуда деп қорытады (Сонда. 9-том).

М.Шоқай өмір бойы елдегі әдеби процестерді қалт жібермей бақылады. Оған Мұстафаның «Әдебиет майданы» журналын алдырып, үнемі оқып тұруының өзі дәлел бола алады (Сонда. 10-т. 63-б.).Мұстафа біраз еңбектерінде әдебиеттану теориясына көңіл бөледі. Оның пікірінше, жазушы өзі көрген және өзінше пайымдаған оқиғаны жазған кезде ғана шынайы туынды бере алады. Белгілі бір схемаға, идеяға алдын-ала бейімдеп жазудан ештеңе шықпайтындығын ескертеді. Осы жағдайдың бір мысалы ретінде Александр Сытин, Николай Тихонов, Борис Пильняк және басқа да кеңес жазушыларының «партияның бас бағыты» бойынша «әлеуметтік тапсырысты» орындау үшін Түркістанға барғанын, бірақ түкке тұрғысыз макалатурадан басқа ештеңе бере алмағандығын, себебі олардың «партияның бас бағыты» талап еткен ештеңе таба алмай, еліміздің өміріндегі фактілерді соған орай «қиюластырылғанын» айтады (Сонда. 7-том. 367-б.).

Ғалымның «Ақ – Қызыл», «Ұлтшыл – зиянкестердің даурығы» секілді еңбектерінде әдебиеттің белгілі бір топтың, не таптың мүддесіне емес, бүтін ұлт мүддесіне қызмет істегенде, ұлт мүддесін білдіргенде ғана көркейіп, гүлденетіні, нағыз әдебиеттің ұлттық тәуелсіздік жағдайында ғана өсіп-өркендейтіні жөнінде жазылады.«Ақ – Қызыл» еңбегінің әрі қарайғы мазмұны осы шындықты дәлелдеуге арналған: «Міне, мынау Түркістанда халқымыз тілін байытып, дамытады және биік ұлттық құндылықтар жасайды деп үміт артқан ең ұлттық жазушыларымыз, көп болғанда, үнсіздікте қалуға мәжбүр болып отыр. Себебі олар «мәдениеттің формасы ұлттық, мазмұны социалистік» болады деген мәскеулік түсінікке сәйкес келмейді. Мысалы, біздің Ахмет Байтұрсынов пен Шолпан ұлттық әдебиетіміздің озық өкілдері болып табылады. Олардың шығармаларынан Ресей үстемдігінен де құрып кетпеген біздің тіліміздің байлығы мен жарқылын көреміз. Ахмет пен Шолпан қазір қайда? Неге олар үнсіздік құрсауында?..

Пушкин мен Тургенев, дворяндар мен «капиталистер» болса да, орыс пролетариаты үшін «қасиетті» болып есептеледі, себебі олар – орыстар. Ал, Шолпан мен Ахмет – түркістандықтардың жауы деп суреттеледі, себебі Шолпан мен Ахмет – түркістандықтар» (Сонда. 5-том. 129-131 б.). Қандай да болсын, ұлттық әдебиеттің негізі – ұлттық тіл екендігі ақиқат. Ұлттық тілсіз – әдебиеті, ұлттық әдебиетсіз – ұлттық рух, ұлттық рухсыз – ұлттық тәуелсіздік жоқ екендігі де – аксиомалық шындық. Сол себепті кеңес саясаты ұлттық тілді тұншықтыруға бағытталған деген Мұстафа тұжырымы «Кеңес галстугі» мақаласында баяндалған.Есен Тұрсынның «Түркістандағы тіл саясаты» деген «Яш Түркістан» журналында жариялана бастаған мақалалар топтамасына жазған кіріспеде М.Шоқай Кеңес өкіметінің жергілікті халықты орыстандыруға бағытталған тіл саясатын сынға алуына байланысты автор ұстанымына қолдау көрсетеді. Әдебиеттің әлеуметтік функцияларына байланысты тақырыпты барынша зерттеген М.Шоқай «Ұлттық бостандық – ұлттық рух жемісі. Ұлттық рухтың өзі де ұлттық бостандық пен ұлттық тәуелсіздік саясында жеміс бере алады» деген тұжырымдама жасайды. «Әдебиеттің бостандығы» мәселесі осыдан туындайды. М.Шоқай сондықтан әдебиеттің дамуына қажетті жағдайлардың ішінде саясаттың әдеби процеске араласпауын алдыңғы орынға қояды. «Адамзат шығармашылығының барлық түрлерінің ішінде әдебиет бәрінен бұрын

бостандыққа мұқтаж» дейді.Ақын, жазушыларға берілген «бостандық» – күнкөрістің көзі емес, халыққа қызмет істеудің, оның жан дүниесін байытып, рухын көтерудің, тәуелсіз өмір сүруінің шарты.М.Шоқайдың бұл идеялары бүгінгі күні де өте өзекті. Пендешілік құлы болмай, ұлттық мүдделерге қызмет істеу әрбір ақын, жазушының бағыт-бағдары болуы тиіс.

Әдебиет:

1. 1. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ХАБАРШЫСЫ № 2 (32) 2011, -38 б.

2. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы.-Алматы, 2013.-Т.5.-298 б.

ӘОЖ: 325.8:07-054.72 (574)

МҰСТАФА ШОҚАЙ – ҚАЗАҚ ЭМИГРАНТТЫҚ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Ғ.Ә. ТҰЯҚБАЕВ, филология ғылымдарының кандидаты
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Мақалада қазақ эмигранттық журналистикасының қалыптасуы мен тарихы туралы сөз болады. Автор саяси ғылымдардағы зерттеулерді негізге ала отырып диаспора, эмигрант, ирридент ұғымдары аясында қазақ эмигранттық журналистикасының қалыптасуы мен даму тарихын зерттеудің өзектілігіне тоқталады. Шетелдерде жарық көрген және шығатын қазақ тілді басылымдарды шығу тарихын, ұстанған бағыт-бағдарын саралай отырып, эмигранттық басылымдар және шетелдердегі қазақ тілді басылымдар деген мәртебе тұрғысынан қарауды ұсынады.

Ұлттық тарихымызда ерекше орны бар қоғам және саяси қайраткер Мұстафа Шоқайдың редакторлық, публицистік еңбектеріне талдау жасай келе, М.Шоқайды қазақ эмигранттық журналистикасының негізін қалаушы ретінде көрсетеді. Мақалада оның түркі халықтарының бірлігі мен азаттығы үшін күрес жолында ақпарат құралдарын басты саяси құрал ретінде пайдаланғандығы, өзі де бірнеше эмигранттық басылымдардың өмірге келуіне бастамашы болғандығы дерек көздерін негізге ала отырып ашылған.

Кілт сөздер: журналистика, радио, мерзімді басылымдар, эмигрант, диаспора, ирридент, тәуелсіздік, тіл, мәдениет, дәстүр, азаттық, күрескерлік.

Аннотация

В статье рассматривается история формирования казахской эмигрантской журналистики. Автор подчеркивает актуальность исследования истории формирования и развития казахской эмигрантской журналистики в рамках понятий диаспора, эмигрант, ирредент.

Анализируя историю создания, идейную направленность периодических изданий на казахском языке, выпускаемых и выпускавшихся за рубежом, автор предлагает определять их статус, исходя из понятий «эмигрантская журналистика» и «зарубежные издания на казахском языке».

В статье отмечается особая роль видного общественно-политического Мустафы Шокай в основании казахской эмигрантской журналистики, рассматривается его деятельность редактора и публициста.

Опираясь на документальные источники, автор показывает, что М.Шокай использовал информационные издания как главное средство борьбы за единство и

свободу тюркских народов. Также отмечается, что по его инициативе и при его активном участии издавался ряд эмигрантских изданий.

Ключевые слова: журналистика, радио, периодические издания, эмигрант, диаспора, ирредент, независимость, язык, культура, традиция, свобода, борьба.

Annotation

The article discusses the history of the formation of the Kazakh emigrant journalism. The author emphasizes the relevance of studying the history of the formation and development of the Kazakh emigrant journalism in the framework of concepts a diaspora, emigrant and irredenta.

Analyzing the history of creation, the ideological direction of periodicals in the Kazakh language that were manufactured and produced abroad, the author proposes to determine their status, based on the concepts of "emigrant journalism" and "foreign editions in the Kazakh language."

The article notes the special role of prominent social and political Mustafa Shokay at the base of the Kazakh emigrant journalism, his work as an editor and publicist is considered.

The author based on documentary sources shows that M.Shokay used informational publications as the main resources of struggle for the unity and freedom of the Turkic people; also by his initiative and with his active participation number of emigre publications were drawn the first breath.

Key words: Journalism, radio, periodicals, emigrant, diaspora, irredenta, independence, language, culture, tradition, freedom, struggle.

Зерттеушілердің пікірінше қазіргі кезде әлемнің 40-тан астам мемлекетінде үш жарым миллиондай қазақ өмір сүруде. Олардың тарихи Отанынан қоныс аударуының әр түрлі жолы, себептері бар. Саяси ғылым шетелдердегі қазақтарды қоныстану, тарихи отанынан көшу себептеріне байланысты диаспора, ирридент және эмигрант деп қарастырады. Диаспора – белгілі бір халық бөлігінің экономикалық, географиялық және саяси факторларға байланысты басқа елге күшпен көшірілуі [1, 239-б.]. Ал эмигрант - өз Отанынан саяси, экономикалық, діни т.б. мәселелерге байланысты еріксіз қоныс аударушы болса [2, 162-б.], ирридент – өзінің тарихи Отанында, яғни атамекенінде өмір сүріп жатқан, бірақ белгілі бір саяси жағдайларға байланысты өзге мемлекет құрамында қалып қойған халық бөлшегі. Осы анықтамаларды қазақ халқына байланысты айтар болсақ, Ресейдің Астрахань, Орынбор, Қорған, Омбы, Таулы Алтай автономиялық облысы, Қытайдың Алтай, Тарбағатай, Іле, Құлжа, Монғолияның Баян Өлгий аймағындағы, Өзбекстанның Сырдария, Шыршық, Қызылқұм, Мырзашөл аудандарында өмір сүріп жатқан қазақтарды ирриденттер деуімізге болады. Ал басқа шетелдердегі қазақтарды, сонымен бірге Қытайдан, Монғолиядан, Орта Азия мемлекеттерінен Еуропа елдеріне саяси, тарихи немесе басқа да жағдайларға байланысты қоныс аударуға мәжбүр болған қазақтарды эмигранттар деп атағанымыз дұрыс болар еді.

Ресей ғалымдары диаспора мен миграция мәртебесін де бөле қарастырып жүр. Тишков: «Диаспора – саяси ықпалдың әсерінен қоныс аударушылар болса, миграцияда – әлеуметтік жағдай басым»,-дейді [3, 42-63-бб.]. Ал А.Зеленин: «Ресейден 1917 жылға дейінгі қоныс аударғандар мигранттар болса, 1917 жылдан кейін қоныс аударғандар эмигранттар. Бұлар XX ғасыр басындағы орыс диаспорасын қалыптастырды»,-деген пікір білдіреді [4.30].

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі 20 жылдам астам уақытта тарих, мәдениеттану, этнография, философия, әдебиеттану, лигвистика ғылымдарында шетелдердегі отандастарымыздың өмір сүру салты, этнографиясы, тілі, әдебиеті т.б. зерттеле бастады. Ұлттық ғылымдағы мұндай өзекті мәселеден журналистика тарихын зерттеушілер де шет қалған жоқ. Р.Ш.Нуриденнің (Халықаралық радиожурналистика. –Алматы, 2012.), Р.Шәріпқызының (Қазақша хабар тарататын шетел радиолары. –Алматы, 1997.), Д.Баймолданың («Азаттық» радиосы. Тарихы мен тәжірибелері. -Алматы, 2009.),

Н.Омашев пен Ш.Бегімтаеваның (Қазіргі шетел журналистикасы. –Алматы, 2000.) еңбектерінде шетелдерде шығатын және жарық көрген қазақ басылымдары туралы еңбектерін жаңалығы мол зерттеулер деп атар едік. Сондай-ақ, бірнеше кандидаттық диссертациялар да қорғалды. Дей тұрғанмен, бұл шетелдерде жарық көретін қазақ басылымдары толыққанды зерттеліп болды дегенді білдірмесе керек. Журналистика тарихында әлі де жете зерттеу мен зерделеуді қажет ететін мәселелер жоқ емес. Соның бірі - қазақ эмигранттық журналистикасы. Бұл бағыттағы алғашқы және тұшымды іргелі зерттеу тарих ғылымдарының докторы, профессор К.Есмағамбетовтің «Әлем таныған тұлға» атты монографиясы (Алматы, 2008).

Саяси ғылымдар шетелдерде өмір сүріп жатқан отандастарымызды диаспора, эмигрант, ирридент мәртебесі тұрғысынан қарастырып отырған кезде, шетелдерде шыққан, шығатын қазақ тілді басылымдардың шығу тарихын, ұстаным-бағыттарын зерделей отырып, эмигранттық басылымдар және шетелдердегі қазақ тілді басылымдар тұрғысынан қарастырып, мәртебелерін анықтау бүгінгі ғылым, соның ішінде журналистика тарихы үшін қажеттіліктің бірі. Өйткені шетелдерде шығатын, бұрын жарық көрген барлық басылымдарды бірдей эмигранттық басылымдарға жатқыза алмаймыз.

Әр аймақтың, өңірдің мақтанышына, тіпті нышанына айналған тұлғаларымыз қаншама. Әл-Фараби, Яссауи бабаларымызды Отырар, Түркістанмен, Абайды, Мұхтарды Шыңғыстаумен, Шоқанды Көкшетау мен, Сүйінбай, Жамбылды Алатаумен, Қорқыт атаны, Бұқарбай батырды, Мұстафа Шоқайды Сыр бойымен, Сырым, Махамбет, Құрманғазыны толқыны таудай Каспиймен, Нарын құмдарымен бірге ауызға алатынымыз жер-жерге бөлінгенімізді емес, сан қырлы екенімізді дәйектеуден ғана шыққан құбылыс [5, 75-б.].

Қазақ эмигранттық баспасөзінің тарихы Мұстафа Шоқайдың есімімен тікелей байланысты. Ол эмиграцияға дейін-ақ саяси-күрескерлік жолда газет-журналдардың маңызын түсінді. Сондықтан ол «Бірлік туы» газетін шығаруға және оның бағытын айқындауға ат салысты. Өкінішке орай, 1917 жылы Ташкентте шыққан газет бір жылдан соң 1918 жылдың сәуір айының ортасында жабылып қалады [6, 75-б.]. Сонымен бірге М.Шоқай Түркістан өлкесі мұсылмандары Ұлттық орталығының бастамасымен 1917 жылдың сәуір айынан бастап шыққан «Улуғ Түркістан» газетінің редакция алқасында болып, газеттің жұмысына белсене араласады. Газет бетінде түркі халықтарының бірлігі, жаңадан орнаған Кеңес үкіметінің отаршылдық саясаты, жер, ұлттың азаттығы мен бостандығы мәселелеріне байланысты бірнеше мақалалары жарық көреді. Газеттің редакторы - Қазан татары Фатих Керими болғанмен, басылымның негізгі ұстанымын айқындауда М.Шоқай пікірінің басым болғанына көз жеткіземіз. Осы екі басылымның өзінен-ақ М.Шоқайдың журналистік, публицистік шеберлігін, редакторлық-ұйымдастырушылық қабілетін танимыз.

Алғаш орнаған күннен бастап Кеңес өкіметінің ешқандай демократиялық қозғалыстарға жол бермейтіндігін, жаңа мемлекеттің патшалық Ресейдің заңды жалғасы екендігін түсінген Мұстафа Шоқай амалсыз елден кетуге мәжбүр болады. Ол шетте эмиграцияда жүріп саяси күрес жолы мен публицистік-редакторлық қызметті қатар алып жүреді. Ұлт азаттығы жолындағы күресте ақпарат құралын ең басты қару ретінде пайдаланады.

1919 жылдың сәуір айында Тбилисиге келген М.Шоқай, орыс тіліндегі «На рубеже», түрік тіліндегі «Шафак» атты газеттердің шығуына ат салысады. Бірақ бұл екі басылым да кавказда Кеңес үкіметі орнағаннан кейін жабылып қалады. Бұдан әрі кавказда қалудың қауіпті екендігін сезгендіктен М.Шоқай 1921 жылдың мамыр айында Парижге қоныс аударады. Бірақ Батыс Еуропаның қай елінде тұрақтауы не болмаса Америка Құрама штаттарына қоныс аударуы жөнінде екіойлы болып жүрген тәрізді. 1922 жылы ол Италияға да барып қайтады. 1923 жылдың алты айын Германияда өткізеді. Ақырында

Мұстафа саяси эмиграцияның астанасы саналатын Парижде қалуға шешім қабылдайды [7, 225-б.].

Ол кезде Түркия мен Париж эмигранттар көп шоғырланған мемлекеттер болатын. Және Орта Азиядан келген эмигранттар мен татар, башқұрт эмигранттарының Түркиямен байланысы жақсы жолға қойылған еді. «XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында, 1917 жылғы қазан төңкерісінен кейін мыңдаған татарлар Түркияға қоныстанған болатын. Татар зиялылары – Ю.Акчуры, Г.Исхаки, С.Максуди, Г.Баттала, А.-З.Валиди, Р.Рахмати, Х.Зубайра т.б амалсыздан өзге елдерге қоныс аударды. Түркия олардың екінші отанына айналды»,-дейді татар эмигранттық журналистикасын зерттеушілердің бірі А.И.Галямутдинов [7]. Шоқайдың Парижді таңдаудағы басты мақсаты өзімен ниеттес, бағыттас саяси эмигранттармен тізе қосып күрес жолын жалғастыру және Түркиямен тығыз байланыс жасау болғаны анық.

М. Шоқай Парижге келген өзінің осы саяси мақсатына қол жеткізді деуімізге болады. Жоғарыда айтқан татар зиялыларымен, басқа да түркі халықтары эмигранттарымен байланыс орнатты. «1923 жылдың күзінде Г.Исхакидың бастамасымен С.Максуди, Г.Баттала, Г.Терегулов, Ф.Тоқтаров, И.Акчурин, А.Шафеев, З.Валиди, М.Бөкейханов тағы да басқа татар, башқұрт және қазақ эмигранттары Берлинде жиын өткізіп, жиында татар тілінде «Милли юл» журналын шығаруға шешім қабылдануы»,-осы сөзімізді дәлелдей түседі [8]. Бір айта кетерлік мәселе, мақала авторының «М.Бөкейханов» деп отырғаны М.Шоқай болуы керек. Өйткені татар, башқұрт, қазақ зиялыларының арасында М.Бөкейханов есімді саяси қайраткердің болмағаны тарихтан белгілі. Ал оның айтып отырғаны Әлихан Бөкейханов болса, оның эмиграцияда Түркияда, Берлинде, Парижде болғандығы туралы деректер жоқ. Керісінше М.Шоқайдың татар, башқұрт эмигранттарымен, оның ішінде Г.Исхаки, С.Максуди, И.Акчуриндермен пікірлес болғанына мұрағат құжаттары мен тарихи естеліктер арқылы көз жеткіземіз.

Париждегі орыс эмигранттары да Мұстафаның жан-жақты білімдарлығын, қаламгерлігі мен саяси көрегендігін мойындайды. Сондықтан да газет редакциялары оған есіктерін ашық ұстайды. 1922 жылы Мұстафа Шоқайды Берлиндегі 2-3 баспа жұмысқа шақырады. Оған М.Шоқайдың 1922 жылдың 12 мамырында Н.П.Архангельскийге жолдаған хатындағы: «орыс тілінде өзім редакциялап, өзім журнал шығарумен айналыстым, түрік тілінде екі газет шығардым, орыс тілінде шығатын тағы бір газетте редакция меңгерушісі қызметін атқардым», - деген сөздері дәлел [8, 281-б.].

Шоқай қай жерде жүрмесін, баспасөзден қол үзген жоқ. Өзінің ұлтшылдық, түркішілдік идеяларын мерзімді басылымдар арқылы жүзеге асыруға күш салды. Француз тіліндегі мақалаларын «Прометей», «Ориен е Оксидан» журналында жарияласа, ағылшын тіліндегі мақалалары «Азиятик Ревью» журналында жарыққа шығып жатты. Ал орыс тіліндегі мақалаларын, орыс эмигранты, өзімен бірге оқыған Керенскийдің «Дни», Милюковтың «Последние новости» газеттерінде жариялады. Алайда аз уақыттан соң-ақ М.Шоқай орыс демократиясының да Түркістан ұлттық қозғалысына сенімді одақтас бола алмайтынына көзі жетеді [8, 229-б.]. Сондықтан түркі халықтарының мұңын мұңдап, жоғын жоқтайтын, тұтас Түркістан идеясының шын жанашыры бола алатын дербес басылымның қажеттілігін айқын сезген Мұстафа татар зиялысы, өзінің идеялас серігі А.-З.Валидимен бірге Түркістан Ұлттық Одағы ұйымының басылымын ашу мәселесін көтереді. 1925 жылғы 12 мамырда Түркістан Ұлттық Бірлігі ұйымының жиналысында газет шығару, оның тілі, бағдарламасы туралы шешім қабылданады [8, 281-б.]. Ал сол жылдың қазанында бұл мәселе түпкілікті талқыланып, басылымды ұйымдастыру, оған қаржы табу мәселесін Түркістан Ұлттық Бірлігі ұйымы А.З.Валидиге тапсырады [9]. Осы шешімге сәйкес 1927 жылдың маусым айында Стамбулда «Йени Түркістан» журналының алғашқы саны жарыққа шығады. Журналды шығарудағы М.Шоқайдың еңбегі туралы А.-З. Валиди: «Иени Түркістан» журналын ұйымдастырудағы М. Шоқайдың рөлі ерекше болғандығын мойындап, Шоқаев бірінші болып қаржы тапты, журнал шығару жөніндегі пікір де бәрімізден бұрын Шоқаевтың басына келді» – дейді [10].

Журнал Түркістан халықтары мен Түркия халқы арасында тіл және діл бірлігін нығайтуды көздеді. Ең бастысы шетте жүрген түркістандықтардың өмірімен, олардың алға қойған арман-мүддесімен, эмигранттардың өздерін Түркістан ұлт-азаттық қозғалысымен, әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайымен, түрік мәдениетімен таныстыруды мақсат тұтты [8, 282-б.].

«Иени Түркістан» ұлт азаттық идеясы мен түркішілдік ой-пікірлерді таратуда, түркі халықтарының рухани бірлігін насихаттауда маңызды рөл атқарады. М.Шоқай журналға «Большевиктердің Түркістандағы ұлттық саясатының идеялық және практикалық қырлары», «Кеңестердің Түркістандағы аштық саясаты», «Түркістанға аштық төніп келеді», «Ұлттық мәселе жөнінде», «Тұран мемлекеті жайында» және басқа да тақырыптарда мақалалар жариялады. Бұл мақалалар сол кезде кеңестік идеологияның шынайы келбетін ашуымен құнды болды.

Түркістандықтардың саяси белсенділігінің артуы, ұлттық басылымдарға сұраныстың күшеюі Түркістан Ұлттық Бірлігі ұйымына «Иени Түркістан» журналымен бірге, қатарлас қызмет ететін жаңа басылымды қажет етеді. Оны ұйымдастыруға М.Шоқай үлкен дайындық жүргізеді, өз қаражатына Түркістанға бір өкілін жіберіп, Ауғанстан мен Ирандағы адамдармен байланыс орнатады. Қаражат жинау үшін өзі екі жұмадан астам Франциядан тыс жерлерде болып қайтады [11]. 1926 жылы 2 желтоқсанда М.Шоқай Варшавадағы пікірлестеріне жаңа басылым ашу туралы жазған хатында: «Жүзеге асырыла қалған жағдайда журналдың жарық көруі менің қолымның бос болуын талап етеді. Бұл іске мен үлкен мән беремін… Біз енді ғана ұлттық күрестің практикалық жолын іздеуге шықтық. Біз бірден нәтиже күтпейміз және ондай уәде бермейміз де… Бірақ ұзақ мерзімге арналған мемлекеттік мүдде тұрғысынан алғанда, біздің бұл жұмысымыз қазірдің өзінде пайдалы» [12] дейді. Осындай қажырлы еңбектің нәтижесінде 1929 жылдың желтоқсан айында Берлинде «Яш Түркістан» («Yas Türkistan») журналының алғашқы саны жарық көреді. Түрік-шағатай тілінде араб қарпімен шыққан журналды «Прометей» қоры қаржыландырады.

Көлемі 40 бет шамасында шыққан журналдың алғашқыда екі-үш айдары ғана болды. Бірақ әр айдар басылымның мазмұнын ашып, мәнін арттыруға қызмет еткендігі байқалады. Мысалы журналдың алғашқы санындағы «Саясат» айдарында «Біздің жол», «Яш Түркістанның» редакциялық алқасынан» тақырыбындағы редактор М. Шоқайдың бас мақалалары, «Әдебиет» айдарында Мағжан Жұмабаевтың өлеңдері, «Жаңалықтар» айдарында Түркістаннан алынған хабарлар жарияланады. М. Шоқай «Біздің жол» атты бас мақалада журналдың басты ұстанымы туралы айта келіп, большевиктердің Орта Азия мен Қазақстанда «түрі – ұлттық, мазмұны – социалистік» республикалар құруды мақсат ететіндігін, ал оның түрлі ұрандармен бүркемеленіп отырғанымен, бұрынғы патшалық отарлық жүйенің, орыстық шовинизмнің жалғасы екендігін ашық айтады. Бұл шын мәніндегі М.Шоқайдың саяси көрегендігі болатын.

«Яш Түркістанның» бес жылдығына (1934 ж.) орай жазған мақаласында М. Шоқай: «Қазір «Яш Түркістанды» оқымайтын Түркістан эмиграциясының бірде-бір ошағы жоқ. Араб елдерінен, Түркиядан, Персиядан, Үндістаннан, Ауғанстаннан, Қытайдан, Қиыр Шығыстан және басқа да елдерден түсіп жатқан хаттар «Яш Түркістанның» таралым ауқымына, оған үлкен құрметпен қарайтынына толық дәлел бола алады»,-дейді [13]. Ал мұрағат деректері Франциядағы Түркия елшісінің М. Шоқайға «Яш Түркістан» журналының Түркия астанасында зор қызығушылық туғызып отырғаны туралы пікірін, журналды елшілікке үнемі жіберіп тұруын сұрағандығын көрсетеді [14]. Біз келтіріп отырған осы екі мұрағат деректерінің өзі-ақ журналдың бірнеше мемлекеттерге тарағандығын, сан мыңдаған оқырманы болғандығын дәлелдейді.

Жалпы «Яш Түркістан» журналы М. Шоқайдың публицистік-редакторлық, ұйымдастырушылық қабілетін танытқан ең көрнекті туындысы болды.

Шоқайтанушы-ғалым К.Есмағамбетов М.Шоқайдың жоғарыда аталған журналдардан басқа «Түркістан» журналын шығарғандығын мұрағат деректерімен

негіздейді. Журналистика тарихында бұрын белгілі бола қоймаған журнал Германияда жарық көрген. Журналда шетелдерде жүрген түркі халықтары эмигранттарының өмірі, Орта Азия республикаларының әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайы, түркі халықтарының бірлігі, Кеңес билігінің отар ұлттарға деген көзқарасы мен ұстанымы туралы мақалалар жарияланды. Журналдың басты жаңалықтарының бірі Түркістан тарихы мен мәдениетінің француз, неміс әдебиетіндегі көрінісі туралы тың материалдарды жариялауы еді. «Кеңес отарлары», «Берлинде өткен Түркістан хақындағы бір конференция» сынды саяси шолулар да өзінің мән-мазмұнымен ерекшеленді.

Өкінішке орай, бұл журналдың да ғұмыры ұзаққа созылмады. 1934 жылдың қазан айынан 1935 жылдың ақпан айына дейін небары 5 нөмірін жарыққа шығарған журнал жабылып қалады. Біздің қолымызда деректер болмағандықтан аталған басылымның қандай жағдайларға байланысты жабылғандығы туралы айта алмаймыз. Бір белгілісі, Түркия мемлекеті бұл басылымды өз территориясында таратуға құлықты болмаған. Оған: «Түркістан» журналын еліміз туралы зиянды жазбаларға орын беруіне байланысты «Баспахана туралы» Заңның 51 бабына сәйкес Түркияға кіргізуге тыйым салу жөніндегі Сыртқы істер өкілдігінің 11.12.1934 ж. № 805 хатындағы ұсынысы Атқарушы өкілдер делегациясы тарапынан 20/12/1934 ж. бекітілді»,-деп Президент қол қойған құжат куә болады [15]. Бұл Түркияның КСРО-мен арадағы байланысын жолға қойып, байланысты нығайтқан кезі болатын. Сондықтан да Түркия мемлекеті эмигранттық баспасөздегі Кеңес үкіметіне қарсы айтылған пікірлерді таратудан қаймыққаны белгілі.

Өзінің журналистік-публицистік жолын «Бірлік туы», «Улуғ Түркістан» басылымдарынан бастаған М.Шоқай «Иени Түркістан», «Яш Түркістан», «Түркістан» журналдарының негізін қалап, олардың қалыптасып, дамуына барынша еңбек сіңірді. Журнал бірнеше түркі тілдес және мұсылман мемлекеттеріне тарады. Бір көңіл аударарлық мәселе, М.Шоқай негізін қалаған журналдардың барлығы Түркістан атауымен байланысып жатқандығы. Бұл шын мәнінде, оның түркішілдік арман-мұратының публицистік-редакторлық қызметіндегі көрінісі деуімізге болады. Ең бастысы Шоқай түркі халықтарына ортақ мемлекет құру, түркі халықтарының бірлігі мен одақтастығы, ұлттық, күрескерлік сананы ояту туралы мақалалары арқылы саяси публицистиканың, мұғажырлық өмірді бастан кеше жүріп қазақ эмигранттық журналистикасының негізін қалады.

М.Шоқай шығарған басылымдардың шығу тарихы мен ұстанған бағыт-бағдарларын зерделей отырып, эмигранттық журналистикаға тән төмендегідей қасиет-ерекшеліктерге көз жеткізуімізге болады: біріншіден, жоғарыда атап көрсетілген ақпарат құралдарының барлығы эмигранттардың бастамасымен, тіптен олардың өздерінің қаржыландыруымен жарыққа шықты; екіншіден, эмигранттық басылымдар қай мемлекетте шықса да ол сол мемлекеттің идеологиясын насихаттаған емес, керісінше тек қазақ ұлттық идеологиясын немесе түркішілдік идеологияны насихаттауды басты бағыт етті; үшіншіден, эмигранттық басылымдар тек қазақ тілінде шыққан жоқ, қай тілде шыққанына қарамастан ақпарат құралдарында негізінен ұлттық мәселелер: тіл, дін, әдет-ғұрып, салт-дәстүр басқа да ұлттық құндылықтар дәріптелді, ең бастысы Кеңес үкіметінің орыстан басқа ұлттарға жасап отырған отаршылдық, шовинистік ұстанымы ашық көрсетілді; төртіншіден, мұндай басылымдар ұлттық сананы оятуды, отар ұлттарды азаттық жолындағы күрескерлікке үндеуді басты мақсат тұтты.

Қорыта айтқанда, М.Шоқай негізін қалаған қазақ эмигранттық журналистикасы тәуелсіз, азат мемлекет құруға, ұлттық сананы рухтандыруға қызмет етті деп бағалауымызға болады.

Әдебиеттер:

2. Советская энциклопедия. –Москва: Издательство БСЭ,1972.-Т.8.
3. Советская энциклопедия. –Москва: Издательство БСЭ, 1972.-Т.30.
4. Тишков В.А. Исторический феномен диаспоры//ЭО.-2000.-№2.–С.42-63.

5. Зеленин А. Язык Русской эмигрантской прессы (1919-1939). -2007.
6. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ХАБАРШЫСЫ № 3 (35) 2012, -13 б.
7. Алдабергенұлым Қ., Нұсқабай Ж., Оразай Ф. Қазақ журналистикасының тарихы. –Алматы: Рауан, 1996.
8. Мұстафа Шоқай шығармаларының толық жинағы. 12 томдық.–Алматы: Дайк-Пресс, 2012.-Т.1.
9. Журнал «Милли Юл» (1928-1939гг.) в системе татарской эмигрантской прессы». Автореферат диссертаций на соискание степени кандидата филологических наук. -Казань, 2012.
10. Насыров Т. Татарская эмигрантская пресса.
11. ЦГА Республики Башкортстан. Ф.4917. Опись 1-А.44.Л.8.
12. БРОММ 4917- қор. 1- тізбе. 44- іс. 8-парақ.
13. РГВА. ф. 1358 к. оп.3.д,45 б. л.44.

ӘОЖ 82.09.512.122.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҚ ДӘУІРІ ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДА

Ұ.Н.ЖАНБЕРШИЕВА, филология ғылымдарының кандидаты,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Андатпа

Бұл мақалада хандық дәуір әдебиетінің ерекшеліктері жайында сөз болады. Сол сияқты ұлттық әдебиетіміздің даму жолдары қарастырылған. Хандық дәуірдегі жыраулық поэзия өз тыңдаушыларына философиялық, адамгершілік мазмұнымен рухани күш, жігер беріп отырған. Жыраулар поэзиясында туған жердің тұтастығын, елдің бірлігі жырланып, еркіндік пен егемендік мәселесі кеңінен көрініс тапқан. Мақалада хандық дәуір әдебиеті туралы қазақ ғылымында жасалған зерттеулерге сүйене отырып, автор өзінің көзқарасын нақты білдіреді.

Сол сияқты автор қазақтың белгілі жыраулары: Асанқайғы, Қазтуған, Доспамбет, Ақтамберді, Бұқар тағы басқа жыраулар толғауларына әдеби талдау жасап бағасын берген. Мақалада хандық дәуірдегі жыраулардың орны мен атқаратын қызметі айқындалған.

Кілт сөздер: жыр, жырау, хандық дәуір, ұлттық әдебиет, хандық мемлекет, толғау жанры, дана, көсем, аңыз, намыс, рухты жыр.

Аннотация

В данной статье рассматриваются особенности литературы ханского периода. Так же отмечается возрастание роли национальной литературы. Поэзия жырау ханского периода духовно обогащает читателей своими глубокими философским и нравучительным содержанием.

В поэзии жырау отражаются мотивы независимости родной земли и единства народа. В статье автор делает обзор фундаментальных, научных исследований поэзии жырау в казахской науке, а также высказывает свою точку зрение на данный вопрос. Кроме того автор делает художественный анализ некоторых наиболее известных жырау: Асан кайгы, Казтуган, Доспамбет, Актамберди, Бухар и дает оценку их творчеству.

В статье определено место и роль поэзии жырау ханского периода в казахской литературе.

Ключевые слова: поэзия, жырау, ханский период, национальная литература, ханское государство, жанр толгау, великий мудрец, легенда, честь, духовная поэзия.

Annotation

In this article considered fetures literature of khanate period. Also, there is ascending role of national literature.

Poetry zhyrau period of the khanate spiritually enriches reader with it's deep philosophical didactic content.

The motives of zhyrau poetry reflected the independence of the nativeland and people;s unity.

In article the author provided an overview of basic research in the Kazakh poetry zhyrau science, and also expressed their views on the matter. Furthermore the author made the artistic analysis of some of the famous zhyrau: Asan kaigy, Kaztugan, Dospambet, Akhtamberdy, Bukhar and assessed their creativity. The article defines the place and role of poetry zhyrau Khan;s period in Kazakh literature.

Key words: poetry, zhyrau, periode of khanate, national literature, hanscom state, genre tolgau, the great sage, legend, honor, spiritual poetry.

Тарих қашан да өз перзенттерінің құнды мұраларымен қымбат десек, әдебиет – қоғам өмірінің айнасы. Ұлт тағдырымен сол халықтың төл мәдениеті өзектес өріледі.

Ел тағдырын шешетін хандар мен дана көсемдер, өмір шындығын толғап жеткізетін жыраулар мұрасы, ерлік пен еркіндікке құштар ел қорғаған батырлар тарихтың жарқын бейнесі болып отыр.

XV ғасырда Керей мен Жәнібек хан қазақ хандығының негізін қалады. Бүгінгі 550 жыл толып отырған күні қазақ осы кезде тарих сахнасынан көрінді деуге болмайды. Алтын Орда дәуірінде қазақ руларының болғанын, одан бұрын түрік қағанаты қазақтардың ежелден мемлекеті болғанын білеміз. XV ғасырда қазақ дербес мемлекет құрып, ұлт болып қалыптасты. Міне, осы кезеңнің әдебиетін хандық дәуір әдебиеті дейміз. Ол жыраулар поэзиясымен басталды, негізгі жанры толғау болған.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Қазақстан ұлы өркениеттердің мұрагерлері, тарихтың сан-салалық құз қияларынан өзінің ұлттық «Мен» дегізерлік қасиеттерін алып шыға алды. Жай ғана алып шығып, жай ғана сақтай білген жоқ, сонымен бірге еселеп жаңғырта білді. Қазақы төл тумалықты сақтай білу-біліктіліктің жолы және ондай жолдың тарихы тұғыры биік», - деуі [1, 24-б.] қазақ елінің мемлекеттік тарихы мен әдебиетінің маңыздылығына тікелей байланысты.

Ұлттық әдебиетіміздің дамуында жыраулық поэзияның орны ерекше. Жыраулық поэзияда ауыз әдебиетіне тән ерекшеліктермен бірге жазба поэзияға тән өрнектер бар. Ауыз әдебиетінде көп тараған толғау жыраулар поэзиясының жанры болды. Керей мен Жәнібек құрған қазақ мемелекетінің жеріне сыртқы жаулар көз тіге бастаған тарихи сәтте хан қасында Жиренше шешен, Сыпыра мен Асан қайғы сынды сөз ұстар абыз жыраулар болып, келелі кеңесімен кесімді билігін айтып, демеу жасап отырған.

М.Әуезов: «Жырау демек, ақын деу емес. Жыраудың ақын атаулыдан, жыраушыдан бөлек өз жанры бар. Бұның сөз үлгісі – толғау. Жыраудың мақсаты, міндеті «не болса сол көңіл ашар нәрсені айту емес. Ол – заман сыны, мезгіл дәуір оқиғасының болжамын тарихи оқиғаның мазмұнын бағасын сөз қылады. Көбінесе әрі жырау, әрі би болады», - дей келе, [2, 25-б.] жыраулар заманның келелі мәселелеріне үн қосып, болжам жасап, тарихтың бағасын берген деп ой түйеді.

Ш.Уәлиханов Асан қайғының толғауларына тоқталып, елді ілгері ел етпек болған Керей мен Жәнібек хандарды қолдап, олардың ақылшысы болған дей келе, оны «көшпенділер философы» деп атаған. Бұл түйінді сөз тек бір ғана жырауға емес, бүкіл жыраулық мектепке берілген бағасы еді.

Жәнібек хан тұсында Асан қайғы қарт болса да оның құрған мемлекетінің мұңын мұңдап, халық пен хан арасын байланыстырып отырған.

Оның «Әз Жәнібекке айтқаны», «Ай, хан, мен айтпасам білмейсің», «Қырында киік жайлаған» атты толғауларында сырттан келер қауіпті сезіп, күні бұрын болжап, өз жырына арқау еткен. Жаңа құрылған мемлекетке көз тігетін жаулар көп екенін ханға ескертіп, сақтандырып отырған.

Мысалы: Аққу құстың төресі,

Ел жағалап көлде жүреді.

Аңдып жүрген көп дұшпан,

Елге жау болып келеді, - деп ескертеді. Ұсынысын қабылдамаған ханға Асан қайғыға сөзін өткізіп, мемлекеттік, елдік мәселелерге араласып отырған. Хан да жыраудың пікірімен санасып отырған.

Ай, хан, мен айтпасам білмейсің,

Айтқаныма көнбейсің.

Шабылып жатқан халқың бар,

Аймағын көздеп көрмейсің,- дейді.

Осы толғау арқылы хан назарын өзіне аударып, ел бірлігін сақтап, елді соңынан ертуге үндеген. Ел тізгінін ұстаған жыраулар бір тудың астына бірігуді көздеген. Жәнібек ханның адами қасиеттерін Асан қайғы мен халық жоғары бағалап, есіміне « әз» сөзін қосып айтқан. «Әз» араб тілінде ғазиз, ардақты, қадірлі деген мағынаны білдіреді. Әз-Жәнібек деп ерекше құрмет те жасалған.

Асан қайғы мен Әз-Жәнібек хан туралы қазақ, қырғыз, ноғай, қарақалпақ халықтарында бірнеше аңыздар сақталған. Соның бірі Жәнібек Еділ мен Жайықты билеп тұрған кезде Асан қайғы атты ақылшысы болыпты. Жәнібек Ресейден шебер алдырып сарай салдырады. Қарашаш деген күңіне үйленіп, аққуды ілдіріп, той жасайды. Хан Асан қайғыны шақыртып, бәл әрекетінің қалай екенін сұрайды. Сонда риза болмаған Асан қайғы ханға: «Тұқымың хандықтан айырылады, күңді әйел еттің, сарайды орысқа салдырдың, ол түбінде орысқа бұйырады, аққуды ілдің жеріңнен, көліңнен айырыласың», - деп болжам жасайды.

Уақыт өте келе бәрі Асан қайғы болжағандай болған екен. Тарихи деректерге сүйенсек, бұл аңызды негізсіз деуге болмайды. Аңыз негізінде ақиқат бар. XV ғасырда өмір сүрген Жәнібек ханның Асан қайғы өте ықпалды адамдарының бірі болған.

Хандық дәуірдегі жыраулар поэзиясы туған жердің тұтастығы, бүтіндігі, елдің бірлігі сияқты мәселелерді қамтуымен құнды. Ғасырдан ғасырға дейін сақталып бізге жетудің өзі ел мүддесіне бағытталуында еді. Эпостық жырлар, тарихи дастандар, аңыз-әпсаналар, мақал-мәтелдер, жоқтаулар сияқты ауыз әдебиетінің мұраларын жыраулық поэзияның алғашқы өкілдері шығарған. Аттары сақталмағандықтан ауызша жеткен.

Жәнібек пен Керей хан құрған қазақ хандығы мемлекет ретінде өмір сүрген XV ғасырдан бұрын да жыраулар болғаны тарихтан мәлім.

Жазба ескерткіштегі жоқтаулар, XI ғасырдың ескерткіші М.Қашғаридың «Диуани лұғат- ат түрік» атты сөздігінде батырлық – ерлік жырлары, Ер Тұңғаны жоқтау және жыр-жырау деген сөздер кездеседі.

Сол сияқты Шыңғыс хан тұсында өмір сүрген Кетбұға (ұлық) жырау туралы бір аңызда Шыңғыс ханның ұлы Жошы аң аулап жүріп қаза табады. Кімде-кім ханға суық хабар естіртетін болса, хан көмейіне қорғасын құйып өлтіреді екен. Сол себепті ешкімнің қаралы хабарды жеткізуге батылы жетпеген. Тек қана Кетбұға жырау «Ақсақ құлан», «Жошы хан» деген күйі мен толғауы арқылы естірткен екен.

XIV ғасырда өмір сүрген Сыпыра жырау есімі «Қырымның қырық батыры», «Ер Тарғын», «Ер Едіге» сияқты эпостық жырларда және «Құбығұл» ертегісінде аталады.

Тоқтамыс пен Едіге ханға қызмет еткен Сыпыра жыраудың толғаулары өз атымен жетсе де, эпостық жырларда, аңыз әңгімелерде сақталған. Ол ел тыныштығын ойлаған, көреген, ақылшы қария бейнесінде сипатталған. Мысалы: «Ер Тарғын» жырында тоғыз ханға қызмет жасаған Сыпыра Ханзада мен Ер Тарғын арасындағы келіспеушілікті

бітістіруші ретінде көрінеді. Ал, «Ер Едіге» жырында Тоқтамыс пен Едіге арасындағы араздықты келістіруші, ақылгөй, дана ретінде суреттелген.

Әдебиет зерттеуші ғалымдар: Ш.Уәлиханов, Ә.Марғұлан, М.Әуезов, Б.Кенжебаев, Х.Сүйіншәлиев, М.Мағауиндер жыраулардың сан ғасырлық тарихын қазақ хандықтарымен байланысты үш кезеңге бөліп қарастырады.

1. XI-XIV ғасыр (Қорқыт, Аталық , Кетбұға, Сыпыра)
2. XV-XVI ғасыр (Асан қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет)
3. XVII- XVIII ғасыр (Үмбетей, Жиембет, Тәттіқара, Ақтамберді, Бұхар жыраулар)

Жыраулар поэзиясында ата-бабамыз аңсап өткен еркіндік пен егемендік мәселесі кеңінен көрініс тапқан. Мәселен, Ақтамберді жыраудың «Күлдір-күлдір кісінетіп», «Жауға шаптым ту байлап», Доспамбеттің «Арғымаққа оқ тиді», «Дулыға кидім өкінбен», Қазтуғанның «Қазтуған сөзі», «Бұдырайған екі шекелі», Жиембеттің «Әмірің қатты Есім хан», Марғасқаның «Ей, Қатағанның хан Тұрсын» тағы сол сияқты толғаулары елдің намысын оятар қуат көзі болған.

Жыраулар хан ордасында болып, мемлекет басқару ісіне, яғни, билікке араласқан. Хан мен қолбасшы батырлардың ерліктерін мадақ етіп жырлаған, намыс пен жігер оятар рухты жырлар шығарған.

Жерін, елін қызғыштай қору – ер азаматқа тән екенін Доспамбет жырау:

Тобыршығы биік жай салып,
Дұшпан аттым өкінбен.
Туған айдай нұрланып,
Дулыға кидім өкінбен.
Ер Мамайдың алдында,
Шаһид кетсем өкінбен,- деп өзінің жүріп өткен жолдарын кейінгі ұрпаққа үлгі етеді. Азамат ердің міндеті - елін, жерін қорғау, тыныштығын, халықтың бірлігін, тұтастығын сақтау екенін ескертеді.

Жыраулар ұрыс кезінде сарбаздардың көңілін көтеріп, жігерін оятатын жырларымен ойдан шығып отырған. Мысалы, Қазтуғанның:

Балдағы алтын құрыш болат,
Ашылып шапсам дем тартар.
Сусының қанға қанар деп,
Азамат ердің баласы,
Жабыққанын білдірмес,
Жамандар мазақ қылар деп!

Хандық дәуірде жаудан кек қайтарып, туған жерінің тұтастығын қорғаған қазақ батырларына жігерлі рух беретін жырлар қажет-ақ болған.

Жорық жырауы Ақтамберді толғауларында көзсіз ерлікке жетелеу басым.

Жауға шаптым ту байлап,
Шепті бұздым айқайлап.
Дұшпаннан көрген қорлықтан,
Жалынды жүрек қан қайнап.
Ел-жұртты қорғайлап,
Өлімге жүрміз бас байлап!

Жырау бұл толғауында тыңдаушысын «Ел-жұртты қорғайлап» деген арнаға бұра келе:

Күлдір-күлдір кісінетіп,
Күреңді мінер ме екенбіз.
Қоңыраулы найза қолға алып,
Қоңыр салқын төске алып,
Жалаулы найза қолға алып,

Жау қашырар ма екенбіз, - деген жолдарда ел мен жер үшін болған қырғын ұрыс пен ерлік көрсеткен батырлардың дүбірі жатыр. Толғаудан жүрекке жігер, бойға күш беретін ұран тастап, төкпе жырды ағытқан жырау үні естіледі.

Ел шетіне жау келген кезде, ел толқыған кезде, бүліншілік шыққанда жыраулар ақыл, кеңес айтып, жұртшылықты абыржымауға шақырып отырған.

Жыраулар қазақ батырларының теңдесі жоқ образын сомдай отырып, оны кейінгі ұрпаққа үлгі етеді.

Бұхар жырау:
Қалданмен ұрысып,
Жеті күндей сүрісіп,
Қара керей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай.
Шақшақұлы Жәнібек,- десе,
Үмбетей жырау:
Қара керей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай
Қырмақ па еді жауыңды,
Қуантпап па еді қауымды, -дейді.

Жырдағы жыраулар арманы, ел мүддесінен бөлек емес. Жыраулар елдікті, ерлікті жырға қосып, мадақтады. Ғибратқа толы жыр жолдарымен халыққа ықпал етіп, іргелі ел, берекелі жұрт болуға шақырды.

Демек, жыраулар дүние сырын ашып, әр заманның тарихи оқиғаларына үн қосып, хан мен халықтың елге әділ басшылық жасауына басалқа айтып отырған.

Толғаулар арқылы жыраулардың маңызды қоғамдық, әлеуметтік-саяси көзқарастары анық аңғарылады. Қазақ әдебиетін зерттеуші ғалымдар А.Байтұрсынов, Б.Әбілқасымов, М.Мағауиндер қазақ поэзиясындағы толғау туралы тұшымды түйін жасаған.

А.Байтұрсынов: «Толғау – қысқасын айтқанда, іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл құстың сайрауы, жанның тартатын күйі»,-дейді. Демек, толғауда жыраулар әлеуметтік, елдік, ерлік мәні бар мәселелерге үн қосып отырған.

Жырау әр түрлі көңіл күй сәтінде ой қорытып, бірнеше мәселені көтереді, шешімі де бірнешеу болады. Мысалы:

- Сап толғауы – елге жау шапқанда сапқа тұрып, ерлік көрсетуге арналады;
- Марқайыс толғауында – жауды жеңіп, елдің тыныштығына марқаю, бірлікке риза болу;
- Намыс – намыс үшін күресу, жігерді ояту;
- Сұқтаныс – таңдану;
- Айнамалдау – амалын табу сияқты толғауларда айтылатын ой ұшан теңіз, толғаныс жатады.

Бүкіл адамзаттың даналық пікірі, толғамы, дүниетанымын, көзқарасын жыраулар толғаулары арқыл жеткізе білген.

Белгілі ғалым Р.Бердібай: «Жыраудың ойшылдығы мен ғибраттылығы дүние сырын кеңінен шолып, терең салыстырулар жасайтындығы толғауларынан айрықша көрініс береді. Жыраулар тек жеке адамға немесе топтарға емес, биік мінбеден бүкіл халыққа арнап сөйлегендей болады»,-дейді. Ғалымның осы пікірі жыраулардың бүкіл табиғатын ашып тұрғандай.

Фольклортанушы Е.Тұрсынов: «Жыраулар хан мен халыққа ақыл, өсиет айтқан билер кеңесінің мүшесі болған, қолбасшылардың әскери кеңесінде ханмен қатар басшылық қызметін атқарған»,-деп ой түйеді. Мысалы: Бұхардың Абылай ханның қабырғалы биі болғанын, Асан қайғының Өз Жәнібектің кеңесшісі болғаны ой үндестігі, болжал сабақтастығы бар екендігін аңғартады. Екі кезеңде ел билеген Жәнібек пен Абылайға айтылған толғаулар болғанмен, келешек ұрпақты ел мен жерді қорғауға арналған даналық ойдың жемісі екенін байқаймыз.

Бұхар Абылайға:
Құбыладан келер бір кәпір,
Жаяулап келер жұртыңа.
Ел қамын айтқан жақсыны,
Сөйлетпей ұрар ұртына,- десе,

Асан қайғы Жәнібекке:
Ай, Жәнібек, ойласаң,
Қилы-қилы заман болмай ма,
Қарағай басын шортан шалмай ма,
Заман озып, заң тозбай ма?
Мұны неге білмейсің,- дейді.

Данагөй жыраудың болжауы бірнеше жылдан кейін дәл келеді.

Қорыта келгенде, Асан қайғының «Жәнібек ханға айтқаны», Қазтуғанның «Мадақ жыры», Шалкиіздің «Би Темірге айтқаны», Жиембеттің «Еңсегей бойлы ер Есім», Бұхардың «Ей, Абылай, Абылай» , «Қазақтың ханы Абылай» тағы сол сияқты толғауларында жыраулар ханды дәріптеу емес, хан мен халық арасында байланыс жасап, қазақ хандары құрған мемлекеттің тұтастығын сақтап, заманның сыншысы, келешекті болжайтын қырағысы болған. XY ғасырда құрылған хандық мемлекет қазақтың ұлттық әдебиетінің қалыптасуына негіз болса, жыраулар поэзиясында көрініс тапқан. Қазақ хандығы тұсында жарқырай көрінген жыраулар поэзиясы ұлт тағдыры мен тарихымен өзектес. 550 жылдық тарихы бар хандық дәуір қазақ ұлтының қалыптасу, даму тарихын айқындап берді. Ғасырдан-ғасырға дейін сақталып бізге жетудің өзі ел мүддесіне бағытталуында еді. Хандық дәуірдегі жыраулар поэзиясы туған жердің тұтастығын, елдің бірлігін, еркіндігін жырлауымен құнды. Әдеби дамуды ұрпақ игілігіне айналдыруда жыраулар поэзиясының маңызды екені сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. - Алматы: Атамұра, 1999.-295б.
2. Әуезов М. 20 томдық шығармашылық жинағы . -Алматы: Жазушы, 1984.-Т.15.-258б.
3. Уәлиханов Ш.Ш. Таңдамалы жинақ. 5т. –Алматы: Жазушы, 1961.-Т.1.-196 б.
4. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003.
5. Бердібай Р. Бес томдық шығармашылық жинағы. –Алматы: Қазығұрт, 2005.Т.3.-446 б.
6. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. –Алматы: Жазушы, 1992.-176 б.
7. Тұрсынов Е. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. –Алматы: Ғылым, 1976.-158 б .
8. Бес ғасыр жырлайды . –Алматы: Жазушы, 1984.-Т.1.- 254 б.
9. Жеті ғасыр жырлайды. –Алматы: Жазушы, 2004.-400 б.

ӘОЖ 894.342:7(574)

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ М.ДУЛАТҰЛЫНЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ МЕН ӨНЕРІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

К.Т.ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА, гуманитарлық ғылымдар магистрі.
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
С.Ұ.ТӨЛЕГЕНОВ,
Қызылорда гуманитарлық, заң және техникалық колледжі

Андатпа

Міржақып Дулатұлы XX ғасырдың бас кезінде қазақ зиялыларымен бірлесіп қазақ халқының азаттығы үшін күрескен, ұлттық баспасөзіміздің ұйытқысы болған ірі саяси тұлға, көрнекті қоғам қайраткері, Алаш идеологиясын қалыптастырушылардың бірі.

Міржақып Дулатұлы қазақ жастарын қоғам ісіне тартуда, олардың ой-санасының жетілуіне қажетті мәдени-ағарту саласында жүргізген қызметтері ұшан-теңіз. Міржақып сол кезеңдегі үкіметтің жүргізіп отырған саясатын шенеп, қазақ елінің егемендігі, ел болып жерге, суға иелік ету мәселесі, қазақ шаруаларының мұң-мұқтажы, қоныс аударушылар жайлы газет бетіне мақала, сын, әңгіме, өлеңдер жазды.

Қорыта айтқанда, Міржақып Дулатұлының еңбектері, сол қоғамдағы атқарған сан-салалы қызметтері өскелең ұрпаққа үлгі боларлық құнды дүниелер. Тәуелсіздігіміздің тізгінін ұстайтын болашақ жастарымыз М.Дулатұлының шығармаларын оқи отырып, өздерінің таным-түйсігін қалыптасырады, болашаққа деген сенімін нығайта түседі.

Кілт сөздер: идеология, Алашорда, егемен, парасат, рух, роман, жанр, сын, реалист, трагедия.

Аннотация

Миржакып Дулати видный политический и общественный деятель начала XX века, внесший весомый вклад в борьбу за независимость казахского народа, один из организаторов формирования Алашординской идеологии.

Общественно-политическая деятельность М.Дулати была тесно связана с такими видными казахскими идеологами как А. Бокейханов, А.Байтурсынов, Ж.Аймауытов. Неизмерим его вклад в культурно-просветительскую деятельность с целью привлечения молодежи в общественную деятельность, развития ее самосознания. Миржакып, критикуя политику тогдашнего правительства, начал публиковать статьи, очерки, стихи, посвященные правам независимости казахского народа, права казахских крестьян, кочевого народа на владение своей землей, водными ресурсами. Его первая статья «Наша цель», критикующая политику правительства, опубликована в 1907 году в газете «Серке».

И в заключении труды, общественная деятельность Миржакыпа Дулати это - ценности, являющиеся образцом для подрастающего поколения. Без сомнения, будущие поколения, которые будут стоять у браздов правления независимостью, изучая произведения М. Дулати будут формировать свое сознание, укреплять свою веру в будущее.

Ключевое слово: идеология, Алашорда, суверенность, рассудительность, роман, жанр, критика, реалист, трагедия.

Annotation

Mirzhakyp Dulatyli prominent political and public figure of the early twentieth century, who made a significant contribution to the struggle for independence of the Kazakh people, one of the organizers of formation Alashordinskoy ideology.

Political activity M.Dulatov was closely associated with such prominent Kazakh ideology as A. Bokeyhanov, A.Baytursynov, Zh.Aymauytov.

Immeasurable contribution to its cultural and educational activities in order to attract young people in social activities, development of its identity. Mirzhakyp, criticizing the policy of the then government, began to publish articles, essays, poems dedicated to the rights of the independence of the Kazakh people, the rights of Kazakh farmers, nomadic people to own their land, water resources. His first article "Our goal," criticizing government policy, published in 1907 in the newspaper "Serke."

At the conclusion of the works, social activities Mirzhakyp Dulati is - values, which are a model for the younger generation.

Without a doubt, the future generations who will stand at the reins of independence, studying the works of M. Dulati will shape their minds, strengthen their faith in the future.

Key words: ideology, Alašorda, sovereignty, prudence, novel, genre criticism, a realist, a tragedy.

XX ғасырдағы қазақ әдебиеті дамуына әлем әдебиетіндегі классикалық үрдістер жетістіктерін дарытқан хакім Абай және оның дәстүрін ұстанған көрнекті қаламгерлер, әдебиет алыптары: Шәкәрім Құдай бердиев, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин шығармашылығы дәстүрі тәуелсіздік жылдарындағы әдеби даму желісіндегі бағдарлы ықпалын жоғалтқан жоқ. Аталған әдебиет алыптарының ұстаздық шығармашылық өнгесін дамыта жалғастырған XX ғасырдың 60-80-жылдарындағы қазақ сөз өнерінің жаңа толқын өкілдері де әдеби тек түрлері (эпос, лирика, драма) жанрларының классикалық үрдістерін өзіндік өрнектерімен дамытты [1, 32-б].

Міржақып Дулатұлы XX ғасырдың бас кезінде қазақ зиялыларымен бірлесіп қазақ халқының азаттығы үшін күрескен, ұлттық баспасөзіміздің ұйытқысы болған ірі саяси тұлға, көрнекті қоғам қайраткері, Алаш идеологиясын қалыптастырушылардың бірі.

М.Дулатұлының қоғамдық-саяси қызметі қазақ зиялылары Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытовтармен тығыз байланысты. Қазақтың зиялы қауым өкілдері сол қоғамның ең өзекті мәселесі отарлық езгіге қарсы ұлттың санасын оятып, оны қалыптастыру жолында өздерінің шығармашылық қызметтерімен де, қоғамдық-саяси қызметтерімен де алға шығып, қалың қазақ халқын соңдарына ілестіре білді. Қазақ халқының бойындағы ұлттық рухты, сана-сезімді ояту мақсатында, халықтың көзін ашу жолында аянбай күресті. Осы мақсатта «Қазақ», «Сарыарқа», «Алаш» газеттері арқылы орасан зор жұмыстар атқарды. Жастарды қоғам ісіне тартуда, олардың ой-санасының жетілуіне қажетті мәдени-ағарту саласында жүргізген қызметтері ұшан-теңіз.

Міржақып сол кезеңдегі үкіметтің жүргізіп отырған саясатын шенеп, қазақ елінің егемендігі, ел болып жерге, суға иелік ету мәселесі, қазақ шаруаларының мұң-мұқтажы, қоныс аударушылар жайлы газет бетіне мақала, сын, әңгіме, өлеңдер жариялай бастайды. Оның алғашқы үкімет саясатын сынай жазған мақаласы «біздің мақсатымыз» деген атпен 1907 жылы «Серке» газетінде басылып шығады.

Ал 1909 жылы Петербургте Міржақып Дулатұлы қазақ халқының көзін ашуға талпынып «Оян, қазақ!» деген кітабын жариялайды.

Дәл сол жылы қазақ халқының өз тілінде, оның болашақтағы бүкіл интеллектуальдық қабілетінің жаршысындай, көркемдік ойлау мүмкіндіктерінің алғашқы қарлығашындай болып «Оян, қазақ!» өлең кітабының баспа жүзінде жарық көруі – біздің рухани, мәдени өміріміздің болашағы үшін тарихи оқиға болып еді.

Шөліркеген адамның таңдайын жібіткен бір жұтым сусынның қадірі қандай болса, туған халқымыздың рухани өміріндегі бұл жинақтың да маңызы дәл сондай болды. Сондықтан алдыңғы екеуі сияқты «Оян, қазақ!» та қолдан қолға, ауыздан ауызға тарап, аз уақыттың ішінде ақынның атақ-даңқын өте алыс қияндарға алып кетті.

Ақын «Оян қазақта» патша өкіметінің қазақтардың малға жайлы шұрайлы жерлерін тартып алып, ата-баба бейітін бұзып, халықты қалай болса солай тартқылап, не тіліне, не

діліне, не жеріне иелік етуге мүмкіндік бермей, әбден езіп, жаншығаны Міржақыптың жүрегіне ауыр тиеді. Осы өлеңі арқылы халықтың ауыр тұрмысын ойлап, сынға алып жазады.

«Оян, қазақ!» кітабы патша үкіметіне ұнамағандықтан М.Дулатұлы қамауға алынады.

1913 жылы А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатұлылардың белсенділігімен «Қазақ» атты бейресми газет шығарыла бастайды. Бұл газетте негізінен қазақ халқының қоғамдық мүдделерін көксеген жер, оқу-ағарту, ұлт, дін сияқты маңызды мақалалар жарияланды. Сөйтіп «Қазақ» газеті қазақ зиялыларының басын біріктірді. «Қазақ» газеті арқылы «Алаш» партиясын дайындауда да елеулі жұмыстар атқарды. Қазақтың ұлт интеллигенттерінің алғашқы қадамы, қазақты біріктірудегі, көзін ашудағы, сана-сезімін оятудағы жұмыстар тікелей осы газет арқылы іске аса бастады. «Алаш» автономиясы мен Алашорда үкіметін құруда Міржақып Дулатұлы көп еңбек сіңірді.

Сонымен қатар М.Дулатұлы – әдебиеттің әр түрлі жанрына қалам тартқан қаламгер. «Оян қазақ!» кітабынан бөлек, екінші өлең кітабы 1913 жылы Орынборда «Азамат» деген атпен жарыққа шығады.

«Азамат» атты екінші өлең жинағы көлем жағынан шағын. «Оян, қазақтағы» анық үгіт, нақыл-насихат, тәптіштеп ұғындыру сарыны енді сыршыл сезімге, терең ойға қарай көбірек ойысып, шынайы поэзиялық өріске қарай бет алғаны байқалады. «Таза бұлақ», «Шағым», «Мұң», «Арманым», «Сырым», «Қажыған көңіл», «Қиял», «Таң» сияқты өлеңдері нәзік лирикаға толы. Осы тақырыптардың көркімдік шешімі де көңілге қонымды, автордың ақындық мәдениеті же өте жоғары.

«Азамат» жинағына негізінен нәзік лиризм тән. Мұнда ақын адамның ішкі сезім-толғаныстарын, табиғаттың әсемдігін айшықты бедерлеуге ден қойған. «Мұң», «Сырым», «Арманым» өлеңдерінің осылай аталуларында да үлкен мән жатыр. Бұл өлеңдердің лирикалық кейіпкері – ел еркіндігін аңсаған, сол үшін ғұмырын арнаған күрескер жан.

Ақын өзінің өмірлік мұратына әрдайым адал. Қай өлеңінде де ол жай ғана жеке бастың мүддесін күйттеп, сезім жетегіне ілесіп кете бермейді. Азаматтық ар үні, әлеуметтік әуен басым түсіп жатады.

Міржақыптың үшінші өлеңдер жинағы – «Терме» 1915 жылы шыққан. Кітапта ағартушылық сарындағы бірсыпыра өлеңдерімен («Шәкірт») қатар «Оян, қазақ!» рухындағы туындылар да баршылық. Солардың ең елеулісі – «Елім-ай» өлеңі. Өлең, мәңгі ұмытылмас халық трагедиясының ескерткіші, әйгілі «Елім-айды» еске түсіреді.

«Елім-ай!» сөзінің шумақ сайын қайталанып келуі жайдан-жай емес. Ол сөздің кімге арналғанын ғана білдірмейді, ең бастысы, ақынның реніші мен мұңының салмағын, оның соншалықты айыптай тұра, айнымай сүйері де, басын иері де – елі екенін аңғару.

1916-1918 жылдар М.Дулатұлының өмір белесінде қиын, сындарлы кезең екені белгілі. Алайда бұл жылдарда жазылған өлеңдерінен де («Алашқа», «Жаңа тілек», «Қайда едің?») ақынның шарқ ұрып «шындықтың ауылын» (Сұлтанмахмұт) іздегені, халық тілегінен бір сәт те ауытқымағандығы айқын танылады. Ол:

Алыстан алаш десе, аттанамын,
Қазақты қазақ десе, мақтанамын.
Болғанда әкем – қазақ, шешем-қазақ,
Мен неге қазақтықтан сақтанамын? –

деп өзінің ұлтжандылығын, қандай жағдайда да оның игілігі үшін күреске – «суға түсіп, отқа жануға» даяр екенін мақтанышпен мәлімдеуімен өтті.

Осы айтылған үш кітапта да ақын өлеңдерінің басты тақырыбы – ел, жер тағдыры болды. Кітаптың негізгі мазмұны халықты оятуға, әділетсіздікпен күресуге шақырған өлеңдерден тұрады. Сол себепті де автор көп қудаланып, қуғынға ұшыраған.

М.Дулатұлы жырлары – халықты елдікке үндеудің, ұлттық намысқа шақырып, ұлт азаттығын аңсаған өлеңдер.

Міржақып Дулатұлының төл әдебиет тарихындағы ерекше еңбегінің бірі – оның қазақ романының бастауышы болуы, әдебиетіміз үшін жаңа жанрдың негізін қалауы.

М.Дулатұлының қазақ әдебиетінде роман жанрын дүниеге келтірген құнды шығармасы – «Бақытсыз Жамал». Бұл роман бірінші рет 1910 жылы Қазан қаласында басылып шығады, екінші рет 1914 жылы, үшінші рет 1991 жылы қазақ оқырмандарымен қайта қауышады.

«Бақытсыз Жамал» романы сол кездегі тарихи-әлеуметтік шындықты шынайы да көркем бейнелеуімен, авторлық идеяның айқындылығымен өзінен кейінгі қазақ прозасының өркендеуіне үлкен жол ашты.

«Бақытсыз Жамал» шығармасы сол кезеңдегі аса маңызды әлеуметтік мәселеге арналды. Қазақ ауылының тұрмысы жайында жазылды. Әйелдердің бас еркі, қоғамдағы жағдай туралы баяндады.

«Бақытсыз Жамал» романының оқиғасына арқау болған мәселе де осы, ескі әдет-ғұрыптың қыспағына түскен қазақ қызының тағдыры. Сүйгеніне қосылып, бақытты өмір сүруді армандаған бойжеткеннің трагедиялық жолы. Шығарма сол кезеңдегі қазақ даласының шынайы тыныс-тіршілігін көрсететін эпизодтан басталады. ... Жайлауға жаңа көшіп қонған ауыл. Саумалкөл маңына жағалай тігілген киіз үйлер. Бие байлап, қымыз сапырған жайма-шуақ ауыл адамдары. Қыстай араласа алмай, сағынысқан жұрт енді бірін-бірі қонаққа шақырып мәз. Үй жағалап қымыз ішкен жастар... Осылайша жайбарақат жатқан ауылға патша ұлықтары келе жатқаны туралы хабар тарайды. Абыр-сабыр басталады. Ауыл сыртына үй тігіледі. Арнайы үйге келіп түскен екі ұлықты «ләббай, тақсыр» деп күткен ауылнайдың сөзінде де ерекше бір мақтаныш сезіледі. Міржақып Дулатов осы шағын көрініс суреттеу арқылы өз заманының тұрмыс-жағдайын, адамдардың психологиясын дәлме-дел береді. Ауыл адамдарының өзара әңгімелерінен, ауылнай бастаған белсенділердің іс-әрекет, мінез-құлықтарынан жазушы мол сыр ұқтырады. ...Дәл осындай абыр-сабыр сәтте ауыл қазағы Сәрсенбайдың әйелі босанып, дүниеге қыз бала келгені туралы қуанышты хабар жетеді. Дүниеге келген бұл сәби романның бас кейіпкері Жамал болатын. Табиғатынан зерек жаратылған Жамал молдадан ескіше, жаңаша оқып, хат таниды. Түрлі хисса-дастандарды көп оқиды. Бірқатарын жатқа да айтатын болады. Сөйтіп елдің көзіне түсіп, қыз айттырам деушілердің назарына ілігеді. Жамал он бес жасқа келді. Сұлулық, ақыл, парасат үшеуі бір-біріне сай келіп, Жамал сол елдің қызының алды болды. Бұл айтылмыш артықшылығының үстіне сөзге бек ұста болып, өз ойынан шығарып өлең де жазатын болды. Олай-бұлай қалжыңмен сөйлескен бозбаланы сөйлетпейтін еді. Ел ішінде тілді бозбалалардың көзі түсе бастап, шет елдерге де «Сәрсенбайда бек көркем бір ақын қыз бар» деген лақап жайыла бастады. Көркіне ақылы сай болып бойжеткен Жамалды Байжан деген бай баласы Жұманға айттырады. Қыз шешесінің қарсылығына қарамастан, Сәрсенбай болашақ құдасының байлығына қызығып, құдалыққа келіседі. Бірақ бай баласы топас, нашар болады. Жамал оны менсінбейді. Сөйтіп жүргенде бір тойда оқыған, мәдениетті, жаңаша киінген, сыпайы, әдепті Ғали деген жігітпен танысып, көңілдері жарасады. Арада біраз уақыт өтіп, қыздың Жұманға ұзатылар шағы туғанда, Жамал Ғалимен қол ұстасып қашып кетеді. Жастарды қудалау басталады. Сөйтіп жүргенде аяқ астынан Ғали ауырып қайтыс болады. Қайғыға батқан Жамал көп ұзамай Жұманға ұзатылады. Көрмеген қорлықты көреді. Ақыр аяғында бір боранды күні Ғалидың қабірінің басына барып, жылап жатып қайтыс болады. Романда оқиға желісі - суреттелетін ауыл өмірі, әр түрлі әлеуметтік топтар өкілдері арасындағы қарым-қатынастар мен жекелеген адамдар түсінігіндегі қайшылықтар шырмауына түскен Жамал мен Ғалидың мөлдір махаббаты, өз еркіндіктеріне жету жолындағы ұмтылысы осы арнада өрбиді. Ақыр аяғында трагедиямен аяқталады. М. Дулатов бұл оқиғаны кездейсоқ болған бірді-екілі жай ретінде қарамайды. Ғашықтар трагедиясын ол қазақ даласындағы әлеуметтік мәселе дәрежесіне көтереді. Сол арқылы қазақ қыздарының бас еркі, жастардың өз қалауымен өмір сүру қажеттігі туралы ой ұсынады.

Жазушы үшін әйелдің бас бостандығы, өзінің сүйгеніне қосылып, өмір сүруге мүмкіндік алуы ең бір түйінді мәселе болды. Ол әйелдің арын аяққа басатын ескі әдет-ғұрыпқа үзілді-кесілді қарсы шығады. Міржақып Дулатовтың романдағы Жамал бейнесін сомдаудағы жаңалығы да өзінің осы идеясына негізделеді. Романдағы Ғали — сол замандағы оқыған, мәдениетті жастарының жиынтық бейнесі. Сырт келбетіне ақылы сай жігіт Ғалидың әрбір іс-әрекетінен, сөйлеген, жазған хаттарынан бұл қасиет айқын аңғарылады. Ал шығармадағы Байжан бай, оның баласы Жұман, сондай-ақ Жамалдың әкесі Сәрсенбай, үлкен шешесі Қалампыр - ескі психологияның адамдары. Оларға адамгершіліктен гөрі байлық, шен мақтанышы қымбатырақ. Тұтастай алғанда, «Бақытсыз Жамал» романы сол кездегі тарихи-әлеуметтік шындықты шынайы да көркем бейнелеуімен, авторлық идеяның айқындығымен өзінен кейінгі қазақ прозасының өркендеуіне дәстүрлі жол көрсетті, үлгі болды.

Сонымен қатар, «Бақытсыз Жамал» романы қазақ әдебиетінде осы тақырыпта өзінен кейін пайда болған «Қалыңмал», «Шұғаның белгісі», «Қамар сұлу» сияқты бірталай сүйекті шығармаларға ізашар болып, жол салғандығымен бағалы екенін айрықша атап өткен жөн.

Шығарманың орыс, қазақ әдеби сынынан кезінде-ақ жаңа жанрдың төл басы, үздік көркем, реалистік туынды ретінде жоғары бағасын алғандығы мәлім.

Міржақып Дулатұлы 1925-28 жылдары Қызылорда қаласы астана болып тұрған кезде Селиверстов 17-үйде тұрған. Осы жерде өзінің көптеген әдеби туындыларын өмірге әкелген. М.Дулатұлының отбасында қазақтың сол заманының белгілі зиялылар тобы, небір майталман ақын-жазушылары мен жезтаңдай әншілері қонақта болып, осы үйден дәм татып, мәжіліс құрған. Атап айтсақ, Нәзипа Құлжанова, Ілияс Байменов, Әліби Жангелдин, Серке Қожамқұлов, Мұхтар Әуезов, Әміре Қашаубаев, Иса Байзақов, Мағжан Жұмабаев, Әлкей Марғұлан, Смағұл Садуақасов, Қошке Кемеңгеров, Әлібек, Әуелбек Қоңыратбаевтар және т.б. М.Дулатұлының қызы Гүлнар апай өзінің естелік кітабында: «Біздің үйде болған кісілерді сағынышпен есіме түсіріп, көз алдымнан өткізіп, тізімін жазып шыққанымда, есімде қалғандары ұзын саны – 114-тен астам екен», -деп сағынышпен сол жаймашуақ кезеңдерді еске алады [2, 172-б.]. М.Дулатұлы осылардың әрқайсысына көмек қолын ұсынып, қазақ ұлтының дамуына, әдебиеті мен мәдениетінің өркендеуіне мол үлес қосқан.

Қорыта айтқанда, Міржақып Дулатұлының еңбектері, сол қоғамдағы атқарған сан-салалы қызметтері өскелең ұрпаққа үлгі боларлық құнды дүниелер. Тәуелсіздігіміздің тізгінін ұстайтын болашақ жастарымыз М.Дулатұлының шығармаларын оқи отырып, өздерінің таным-түйсігін қалыптасырады, болашаққа деген сенімін нығайта түседі.

Әдебиеттер:

1. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ХАБАРШЫСЫ № 3 (35) 2012, -32 б.

2.Елім деп соққан ұлы жүрек. «Ұлы тұлғалар» ғылыми-ғұмырнамалық серия. - Алматы, 2002. - 362б.

3.Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: Аруна Ltd, 2010.

4. Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы: Алматыкітап, 2009.

УДК: 801(091):82(091):001.8

СОВРЕМЕННЫЙ ВЗГЛЯД НА НАУЧНУЮ ОСНОВУ КАЗАХСКОЙ ТЕКСТОЛОГИИ

Г.Ж.УБАЙДУЛЛАЕВА, кандидат филологических наук
Р.А.ДОСМАХАНОВА, кандидат филологических наук, доцент
Ф.А.ОСПАНОВА, кандидат филологических наук
Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата, Республика Казахстан

Андатпа

Мақалада текстология ғылымының қазақ филологиясындағы қалыптасу және даму тарихы сөз болады. Текстологияның практикалық жұмыстары мен теориялық мәселелерін баяндаған ғылыми мақалаларға сипаттама беріле келіп, қазақ текстологиясының ғылыми-теориялық мәселелері қарастырылған. Текстологиялық зерттеулердің жеке саласы ретіндегі лингвотекстологияның мақсаты мен міндеттері анықталған. Зерттеуге алынған мәтіннің қай дәуір әдебиетіне жататынына орай, текстолог маманның алға қояр міндеттері де ерекшеліктерге толы болатыны, авторлық нұсқаны дәлелдеуде қолданылатын әдіс-тәсілдерің алуан түрлілігі айтылады. Текстология саласында зерттеу жүргізетін маманның білімдарлығы, жан-жақтылығы, әсіресе тіл тарихынан мол хабадар болуы керектігі баса назарға алынатынын ескертеді. Текстологиялық зерттеулер жүргізілмес бұрын орындалуы тиіс алғышарттардың болатыны жайында да мағлұмат беріледі. Мақалада халық ауыз әдебиетінің текстологиясынан бастап, көне түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі қазақ әдебиеті шығармаларының нұсқаларына терең талдау жасалған. Сондай-ақ мақалада филологияның өзекті маңызды саласы ретіндегі текстологияның қазіргі мәселелері де қарастырылады. Мәтіннің түрлері: түпнұсқа, қолжазбалар, мәтін варианттары, көшірме, факсимелие, қиынды, қате жазба, таза жазба, қосынды тағы басқаларының пайда болу жолдары сөз болады. Олардың ішінен авторлық нұсқаны табу сияқты күрделі мәселеленің оң шешімін табуына байланысты өзінің орынды пікірлерін ұсынады. Мақалада жаңа инновациялық технологиялық дамумен қатар авторлық нұсқа, сыни мәтін, аторлық позиция деген сияқты мәселелерді зерттеу қажеттігі де баса айтылады. Сонымен қатар мақалада тектсология аясындағы қазіргі зерттеулерге сипаттау беріліп, қазіргі қазақ текстологиясының оқулығын жазу қажеттігі негізделеді.

Кілт сөздер: Текстология, лингвотекстология, қолжазба, нұсқа, сыни мәтін.

Аннотация

В статье рассматривается история развития и становления текстологии в казахской филологиии. Определены научно-теоретические проблемы казахской текстологии, цель и задачи лингвотекстологиии, как отдельной отрасли текстологических исследовании. В статье был сделан глубокий сравнительный анализ, начиная с текстологии устного народного творчества, древнетюрских письменных памятников до современной казахской литературы. Также в статье рассматривается вопросы современной текстологии, как важнейшяя отрасль филологической науки. Виды текста: оригинал, рукописи, варианты текстов, вырезка, черновик, чистовик, вставка и т.д., а также причины их возниконовения, из них поиск авторского варианта. Наряду с инновационным технологическим развитием, в статье также рассматривается необходимость исследования таких вопросов, как авторский вариант, канонический текст, авторская позиция. Вместе с тем в статье рассмотрены современные исследования в области текстологии и обоснована необходимость учебника современной казахской текстологии.

Ключевые слова: Текстология, лингвотекстология, рукопись, вариант, канонический текст.

Annotation

The article deals with the history of development and the becoming of textual criticism in Kazakh philology. The article identifies the scientific and theoretical problems of the Kazakh textual criticism, goal and tasks of lingua textual criticism as a separate part of textual studies. There was made a thorough comparative analysis, beginning with textual criticism of oral folk creation, ancient Turkic written monuments to modern Kazakh literature. The article also considers the issues of modern textual criticism as an important field of philological science. Types of text: original, manuscripts, text variants, cutting, draft, clean copy, insert and etc., as well as the reasons of their appearance, among them the article deals with the search for author's version. Together with innovation technological development the article also considers the necessity to study such issues as author's version, canonical text, author's position. The article also discusses the modern studies in the field of textual criticism and substantiates the necessity of textbooks on modern Kazakh textual criticism.

Key words: Textual criticism, lingvotekstologiya, manuscript, option, initial text.

Текстологическое исследование – очень сложная и ответственная творческая работа, требующая длительного времени. Если раньше текстология рассматривалась как составная часть библиографии, то с 1917 года она стала самостоятельной наукой. Это свидетельствует о том, что проблемы текстологии актуальны и в настоящее время.

Итак, текстология – наука о тексте. Она определяет, к какой исторической эпохе, какому автору принадлежат древние тексты, а также производит их анализ. Эта наука нуждается в глубоком знании филологии, литературоведения, истории, культурологи и других общественных наук.

У.Кумисбаев в словаре литературоведческих терминов относительно текстологии пишет: «В казахском литературоведении текстология – это новая наука. В современной литературе есть необходимость в определении азов данной науки. Нет учебника, поясняющего прошлое, настоящее, будущее и специфические особенности текстологии…» [1, с.93].

Для исследования текста произведения до сих приходится обращаться к трудам русских исследователей. Между тем, произведения казахской литературы имеют свои характерные особенности, которые невозможно проанализировать, опираясь на русскоязычные научные исследования. В связи с этим современная казахская текстология нуждается сегодня в специальном монографическом исследовании.

Цель текстологии – сопоставление вариантов художественного произведения и выявление канонического текста для публикации. Любое произведение имеет два способа издания: первый способ – текст адресован широкому читателю, второй – текст предназначается для научного исследования. Есть еще третий способ – адаптированное издание текста для детей. Текст, предназначенный для детского чтения, может подвергаться всевозможным сокращениям и изменениям. Однако в научной литературе бытуют мнения, противоречащие вышеприведенной точке зрения.

Известный текстолог Б.М.Эйхенбаум считает, что осовремение языковых элементов древних текстов – это насилие над историей. Ученый утверждает, что устаревшие слова должны поясняться в специальных комментариях. С.А.Рейсер замечает, что такой подход затрудняет процесс читательского восприятия: «Во-первых, неавторское, понятное широкой публике, во-вторых, авторство определено только с помощью историко-литературных исследований и неизвестно широкому кругу. В таком случае каноническим является первый вариант» [2, с.85].

Данное утверждение вполне уместно. Следовательно, варианты текстов могут различаться между собой. Комментироваться должны только те слова, которые непонятны широкому читателю. Они должны комментироваться на той же странице в форме сноски. Иногда текст может быть опубликован без текстологического анализа. Тексты,

предназначенные широкому кругу читателей, должны по возможности издаваться после текстологического исследования.

Долгое время текстология называлась «прикладной филологией» и рассматривалась как практическая дисциплина. Было время, когда текстология считалась «ремеслом», а текстологический анализ литературного произведения – «искусством». В действительности же, текстология – наука, направленная на текстологический анализ художественного текста.

Текстолог исследует не только историю создания произведения, но и выявляет разницу между рукописными вариантами и тем самым познает историческую эпоху, литературный процесс, этнический язык, политическую и культурную ситуацию, а также цель рукописи. С этой точки зрения, текстология тесно связана с другими научными отраслями. Правки текста связаны с текстологией. Следовательно, филология – не вспомогательная дисциплина, напротив основная отрасль, имеющая свою историю развития, начиная с устного народного творчества до современной литературы нынешнего времени.

Б.В.Томашевский, Б.М. Эйхенбаум являются видными представителями русской филологии, которые изучили письменные источники древнерусской литературы X-XVII веков и произведения классиков и написали ряд теоретических трудов. Такие ученые, как: Л.Д.Окульская, И.Г.Лорионова, М.В.Безрадный, В.А.Заподов написали кандидатские, докторские диссертации. Текстология – это одна из фундаментальных теоретических отраслей русской филологии со сложившейся методологической базой. Защищено множество диссертаций, в которых исследуется не только литературоведческая, но и лингвистическая специфика письменных памятников.

Текстология получила широкое развитие в филологической науке тюркских народов, а именно, узбекской, азербайджанской, туркменской филологии. В частности, древние литературные памятники были издавна объектом пристального изучения. Теоретические основы текстологии рассматриваются в следующих работах: П.Шамсиев «Научно – критический текст Хамзановой» (Ташкент, 1970); «Научно-критический текст поэмы Низами «Хосрови шырын» (Баку, 1960ж); Додалишаев Д.Ж. «Поэма «Хафт и Монзар» Хатыфы и ее научно-крити- ческий текст» (Душанбе, 1974); «Текстологические исследование Китабы-деде-Коркут» (Баку, 1985). Исследователи с особым трепетом относятся к древнему литературному наследию предков.

В ряде кандидатских, докторских диссертаций сопоставляются различные варианты древних литературных памятников. Например: Рашидова М.Х. «Текстологические исследование произведения Алишера Новаи «Назмул Джавахир» (АКД, Ташкент, 1991); Ругия Г.К. «Подготовка научного текста, текстологические исследование и комментирование труда Фридун-Бека Кочарли», (АКД, Баку, 1981); Галяутдинов И.Г. «Тарих-номе и булгар» Таджетдина Ялсыгулова /лингвотекстологический анализ списков помятника. Фонологическая интерпретация графики, морфология (АКД, Москва, 1977) и др.

В истории казахской литературы тестологические исследования берут начало с момента публикации произведений Абая. Однако доктор филологических наук, профессор Г.Анес [3, с.11] впервые высказал мнение о том, что истоки казахской текстологии кроются в трудах Ч.Валиханова. М.Ауезов, исследовавший творчество Абая, уделял внимание и текстологическому анализу произведений великого поэта. В многочисленных литературоведческих исследованиях проводилось сопоставление вариантов текстов, выявлению истории создания, выявлению авторства и в целом текстологическим исследованиям айтыса «Биржан-Сара», образцам устного народного творчества, а также произведений И.Алтынсарина, Ч.Валиханова, М.Сералина, С.Торайгырова. В 1950-годы на страницах переодической печати шла бурная полемика о текстологических исследованиях творчества Абая, образцов устного народного творчества, произведений акынов-жырау, записанных в устном исполнении или опубликованных в печати,

вариантам сказок и лиро-эпических сказаний. В этом плане можно назвать статьи: З.Ахметов, И.Дюсенбаев «Некоторые вопросы текстологического изучения произведений Абая» (Вестник АН КазССР, 1953, № 10), Б.Кенжебаев «О последней публикации произведений Абая» (Социалистік Қазақстан, 1955, 29 мая); К. Омиралиев «Еще раз о текстологии Абая» (Казахская литература, 1957, 8 марта); М.Сарсекеев «О текстологии произведений Абая» (Литература и искусство, 1956, № 10). В результате многочисленных исследований в 1963 году при институте Литературы и искусства имени М.Ауэзова АН КазССР был создан отдел «Текстология и рукописи».

В то время было написано свыше 60 статей, посвященных текстологическому анализу произведений Абая. 21 декабря 1979 года на страницах газеты «Казахская литература» была опубликована статья Т.Абдрахманова «Вечно молодое наследие», свидетельствующее об актуальности текстологического исследования творчества Абая. Текстолог инновационных исследований Турсын Журтбай высказал ценные суждения относительно текстологического анализа произведений Абая на страницах газеты «Егемен Қазақстан» в статьях «Кто сказал лучше, чем Абай?» (13 сентября 2006года), «Правильно ли мы читаем Абая?» (22 февраля 2006 года). В частности, стихотворения Абая, в которых выражено отношение поэта к творчеству Бухара жырау, Шортанбая и Дулата, только теперь верно трактуются читателем.

В статьях К.Мухаметжанова «Бухар жырау» (Қазақ әдебиеті, 1982, 30 июня); Н. Келимбетова «Если говорить о поэзии жырау» (Қазақ әдебиеті, 1982, 12 марта); К. Омиралиева «Да, необходимо глубокое изучение» (Қазақ әдебиеті, 1971, 29 декабря) затрагиваются проблемы определения канонического варианта произведения.

В казахской текстологии особое место занимают труды М.Мырзахметова, З.Ахметова, И.Дүйсенбаева, Б.Кенжебаева, Г.Мусабаева, Т.Абдрахманова, К. Омиралиева, Ш.Сарыбаева, А. Курысжанова, Р. Сыздыковой, Б. Сагындыкова, Е. Жубанова, М.Малбакова и других ученых, подготовивших к изданию древние литературные памятники и рукописное наследие классиков. Работы текстологов публиковались на страницах переодической печати, сборниках научных трудов, а также в форме отдельных монографических изданий. Это труды Х.Суюншалиева «Слова назидания Абая» (Алматы, 1956); К.Мухаметжанова «О текстологии произведений Абая» (Алматы, 1956); М.Мырзахметова «М.Ауезов и Абаеведение» (Алматы,1982); «Древние тюркские письменные памятники» (Алматы, 1983); «Казахский фольклор и текстологическое исследование литературных произведений» (Алматы, 1983); А.Курышжанова и Б.Сагындыкова «Дар истины Ахмета Иегунеки» (Алматы, 1985); Е.Жубанова и М.Малбакова «Текстология эпоса «Козы Корпеш –Баян сулу» (Алматы, 1994) и т.п.

В казахской филологии еще не изучена теоретическая основа текстологии, однако практическая текстология нашла широкое применение. Это можно увидеть на примере подготовки к изданию творчества жырау и акынов XV– XIX веков. Подавляющее большинство научных исследований древней и средневековой литературы является результатом очень ответственной работы ученых в плане текстологических сопоставлений.

В работе А.Курышжанова «Исследование по лексике старокыпчаковского письменного памятника XIII века - «Тюркского –арабского словаря», вышедшей в 1970 году, представлены результаты лингвотекстологического анализа. Курышжанов отмечает большую роль Т.Хаутсмана, корректировавшего первое издание вышеуказанного словаря. Вместе с тем, исследователь подробно останавливается и на причинах недочетов в толковании некоторых слов: 1) из-за того, что стерлись буквы, 2) неправильное чтение из-за условных знаков [4, с.7]. Исследователь Курышжанов разделил на четыре группы слова относительно проблемы транскрибирования в Словаре и определил причины затруднений. В данной работе корректируется графическое, транскрипционное, фонетическое значение слов и обосновывается с научной точки зрения. Вместе с тем в работе Е.Жубанова и М.Малбакова «Текстология эпоса «Козы Корпеш-Баян сулу» доказывается и

комментируется каждая подробность, выражающая разницу между несколькими вариантами текстов [5].

В зависимости от разновидности произведения и от специфики анализа художественного произведения различаются сферы текстологии и лингвотекстологии. Относительно объекта исследования в лингвотекстологии различают: а) лингвотекстологию образцов устного народного творчества; б) лингвотекстологию литературы древнего периода; в) лингвотекстологию современной литературы.

Цели и задачи науки «Текстология» связаны с этапами истории литературы (устное народное творчество, литература древнего периода и современная литература) и имеют свои особенности:

- если произведения современной литературы имеют свои рукописные варианты, произведения древней литературы имеют только переписанный вторичный вариант. А произведения устного народного творчества записаны только с уст исполнителей. В связи с этим ученый-текстолог обязан привести в нужную форму вариант, самый близкий к оригиналу;

- вторая отличительная черта произведений древней литературы – указание псевдонима автора. Такое встречается и в произведениях современной литературы. Однако можно всегда найти сведения об авторе. Иногда автор произведений древней литературы может оставаться неизвестным лицом. В таком случае текстолог обязан выявить автора, изучив стиль и выполнив палеграфическое исследование;

- может быть неизвестным время написания древнего литературного памятника. Текстолог обязан определить время создания художественного текста.

- если копии произведений древней литературы немногочисленны или не имеют полного текста, воссоздать оригинал невозможно. Между тем главная цель современной текстологии – формирование канонического текста.

Если рассматривать вышеприведенные труды ученых-текстологов, можно заметить, что до сих пор не уделяется достаточного внимания проблемам линвотекстологии. А в действительности, актуальность данной проблемы стала неоспоримой еще с момента возникновения текстологии как науки. Академик Д.С.Лихачев утверждает: «Верное прочтение текста – залог глубоких знаний о языке эпохи. К сожалению, ошибки, допущенные в современных изданиях и исследованиях, из-за неверного прочтения текста, во многих случаях связаны со слабыми знаниями языка эпохи» [6, с.102].

Ученый Рабига Сыздыкова, внесшая большой вклад в изучение казахского литературного языка, замечает: «...проблемами текстологии должны заниматься не только литературоведы, а в первую очередь лингвисты. Это обусловлено тем, что процесс исследования литературного языка и языка художественной литературы тесно связан с проблемами анализа текста и определения его автора. Это особенно значимо для казахской филологии. В образцах устного народного творчество есть великое множество слов арабо-персидского, тюркскго происхождения, а также монгольских слов, непонятных современному читателю. Большинство людей, в частности молодых читателей не понимают их значения. Подобные слова не всегда может комментировать и сам издатель. Значения иноязычных слов может объяснить только исследователь языковед. Настоящий текстолог должен быть во-первых, непросто литературоведом, но и историком литературы, во-вторых, знать социальную историю, а в-третьих, он должен быть хорошо осведомлен в области языкознания» [7, с.3].

На страницах переодической печати проблемы лингвотекстологии были впервые затронуты в статье Ш.Сарыбаева и А.Курышжанова «Текстология народных сказаний». Любое сказание может иметь несколько вариантов, которые могут быть записаны с уст исполнителей. Разница между такими вариантами закономерна. Некоторые отличия могут быть в ущерб содержанию сказания. Поэтому в данной статье говорится о необходимости восстановления художественного содержания сказания, сохраняя при этом особенности устаревшего языка [8, с.21].

К. Омиралиев в статье «Текстология огуз-каганских памятников» пишет о целях текстологической науки: «...текстология рассматривает сюжетно-композиционное строение текста, структуру предложений, возникновение письменных памятников, возникновение устойчивых слов (формул), сохранение или разрушение традиций, различия звуковых и грамматических форм и другое» [9, с.69]. Отличительные особенности между переписанными вариантами исследовались с точки зрения фонетики, лексики, синтаксиса. Данная статья ученого – ценный научный труд, написанный на стыке языкознания и литературоведения

Каиым Мухамадканов, исследовавший текстологию произведений Абая, замечает: «Литературное произведение, ставшее духовной сокровищницей народа и нашедшее отклик в душе читателя, должно быть лишено недостатков. Это проблема общественной значимости» [10, с.51]. Есть множество причин изменения первичного текста:

1. из-за невнимательности при наборе текста (технические опечатки);
2. ошибки корректора и редактора;
3. ошибки, допущенные автором.

Несомненно все это способствует снижению качества содержания текста. Поэтому цель литературоведеов-текстологов – определение канонического варианта литературного текста, выявление исторических корней непонятных читателю слов. Следовательно, текстология как часть литературоведения имеет свои задачи.

У нас не уделяется достаточного внимания научному исследованию текста, подготовленного к переизданию. В связи с этим в переизданных текстах не корректируются ошибки, допущенные в ранних изданиях.

Человек, анализирующий глубины текста, похож на охотника, преследующего добычу. Специалист, занимающийся проблемами текстологии, правит явные ошибки в тексте, а также решает противоречивые моменты, возникающие в ходе анализа.

Одна из теоретических проблем современной казахской текстологии – виды текста, варианты текста, разновидности рукописей и др. Безусловно, они отличаются друг от друга. Несмотря на количество отличительных черт, для текстологии важно их наличие. Доктор филологических наук, профессор Б.Азибаева относительно этой теоретической проблемы пишет: «текст произведения, записанный из уст исполнителя через определенное время, варианты текстов произведения, записанные из уст нескольких исполнителей, тексты известного произведения, записанные в разных уголках страны, видоизмененные тексты известного произведения, записанные из уст учеников автора-сказителя и др. считаются вариантами данного произведения» [12, с.26].

